

**«ТЕРМИНЖАСАМ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

Республикалық ғылыми – теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2018

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті
«Шайсұлтан Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық
үйлестіру-әдістемелік орталығы» АҚ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Қ.Борашев (бас редактор), Б.Ысқақова (жауапты редактор), Ғ.Мелдешов,
Г.Құбашева, Е.Тілешов, С.Итеғұлова, С.Кәрімов, С.Жайлауова.

«Терминжасам қағидаттары және ұлттық терминология мәселелері».
– Астана, 2018. – 138 бет.

Жинақта «Терминжасам қағидаттары және ұлттық терминология мәселелері» республикалық ғылыми-теориялық конференциясының баяндамалары топтастырылған. Бұл еңбектерде терминжасам қағидаттарын жүйелеу, салалық терминдерді біріздендіру мәселелері көтеріліп, Алаш зиялыларынан бастап қазіргі терминолог ғалымдардың көзқарастары, пікірлері зерделенді. Сонымен бірге терминжасам қағидаттарының халықаралық тәжірибесі мен терминқорды жүйелеудің теориялық және ғылыми-практикалық мәселелері де айтылды.

Еңбек тіл саласының мамандарына, докторанттар мен магистранттарға, студенттерге арналады.

АЛҒЫ СӨЗ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді», - деп елдің алдында тұрған таяу жылдардағы міндеттерді көрсете келіп, аса маңызды жоба ретінде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіруді ұсынған болатын.

Осынау тарихи кезең туған тілімізді қоғамның барлық сұранысына жауап беретін қуатты қатынас құралы ретінде дамытуды талап етеді. Сондықтан тіл жанашырлары мен ғалымдардың алдында қазақ тілін әлемдік ғылым мен білімнің жоғары интеграциялық деңгейіне сай жетілдіру, ғылыми-техникалық ақпараттар алуға қабілетті тіл ретінде дамыту, жаңа технологиялардың жемісін пайдалана отырып насихаттау міндеттері қойылады.

Тіліміздің бәсекелік қабілетін арттыру барысында ұлттық терминологиямыздың алатын орны ерекше. Қазақ терминологиясының жай-күйіне алаңдайтын Елбасы терминдердің баламалары, терминжасам принциптері туралы бұған дейін де бірнеше мәрте тұшымды тұжырымдар айтып, ғалымдар мен сала мамандарының алдына ұлттық терминқорды дамыту және терминологиялық лексиканы қалыптастыру, терминдерді біріздендіру жөніндегі бірқатар міндеттерді айқындап бергені белгілі. Ал «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында «егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет» екендігін баса көрсеткен болатын.

Қазақ терминологиясының ұлттық қағидаттарына қатысты сан алуан ғылыми тұжырымдар, түрлі қоғамдық пікірлер болғаны белгілі және әлі де айтылу үстінде. Ғылыми ұғымдарды тілдік тұрғыдан жүйелеу барысын оңтайландыру үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі кешенді шаралар атқарып келеді. Соның бір көрсеткіші ретінде материалдары алдарыңызға жинақ түрінде ұсынылып отырған «Терминжасам қағидаттары және ұлттық терминология мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияны келтіруге болады.

Отандық терминолог ғалымдар мен жетекші сала мамандары бас қосқан жиында әртүрлі кезеңдегі терминжасам қағидаттарын зерделеу, сараптау арқылы қазіргі терминжасам қағидаттарын айқындау, ғылым салаларындағы терминдерді толықтыру және оларды біріздендіру мәселелері басты назарда болды. Латын графикасына негізделген қазақ тілінің әліпбиіне көшу барысында терминжасамның кей ескірген тәсілдерінен бас тартып, терминдерді қабылдауда қазақ тілінің фонемологиялық ерекшелігін ескеру керектігі ғылыми тұрғыда тұжырымдалды. Осы мәселеге орай, терминжасамның халықаралық тәжірибесі талқыланды. Француз, испан, итальян тілдеріндегі терминжасам, терминалма-

сым жайы баяндалып, туыстас түркі тілдеріне ортақ терминжасам тәжірибесін ескеру ұсынылды.

Сондай-ақ, жинаққа енгізілген материалдарда Алаш зиялыларының ұстанған қағидаттары мен терминжасам тәжірибесі, салалық терминдерді аудару мәселесі, терминологиялық дефиницияның логикалық-когнитивтік сипаты қарастырылған.

Конференция аясында оқылған баяндамалардағы ұлттық терминологияның өзекті мәселелерін шешуге, аудармаларды негіздеу тәсілдерін қайта қарастырып, қазақ тілін халықаралық деңгейге терминология тұрғысынан жақындатудың ұстанымдарын айқындауға бағытталған өзекті пікірлер сұрыптала келіп, жарыссөздерден кейін Қарар ретінде қабылданды. Бұл құжатпен де Сіз осы жинақта таныса аласыз. Ғылыми жиында терминжасам қағидаттары мен ұлттық терминология мәселелері бойынша айтылған тұжырымдар, ұсыныстар және тың пікірлер терминологияның сапалық деңгейін арттыруға себін тигізеді деген үміттеміз.

Жалпы қазақ терминологиясындағы ғылыми сараптамалар, термин шығармашылығындағы жетістіктер мен кемшіліктерді зерделеу нәтижелері, конференциядағы көтерілген ғылыми-теориялық мәселелер тәжірибеде жүзеге асып, ұлттық терминжасамның өміршеңдігін арттыратынына сеніміміз мол.

Редакция алқасы

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Қуат Бораш

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс

комитетінің төрағасы

Құрметті әріптестер, конференцияға қатысушылар!

Елбасы биылғы жылғы 10 қаңтардағы дәстүрлі **Жолдауында терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату жөнінде** нақты тапсырма бергені өздеріңізге белгілі.

Осы тапсырманы орындау мақсатында бүгінгі таңда министрлік тарапынан бірқатар жүйелі шаралар жүзеге асырылып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдерді қайта қарау, оларды насихаттау сияқты жұмыстар қолға алынды.

Бүгінгі ұйымдастырылып отырған **«Терминжасам қағидаттары және ұлттық терминология мәселелері»** тақырыбындағы республикалық ғылыми – теориялық конференция Жолдауда көтерілген осы келелі мәселелерді жан-жақты талқылауға арналып отыр.

Қазіргі қазақ терминологиясы – ғасырлық тарихы бар, ғылыми негізі, қағидаттары мен ұстанымдары, зерттеу әдістері мен тәсілдері қалыптасқан, басқа да ғылым салаларымен тығыз байланыс үстінде дамып келе жатқан үлкен сала.

Жаңа ұлттық әліпбиге көшу кезеңінде терминжасам қағидаттарын мейлінше зерделеп алудың, ұлттық терминологияның қордаланған мәселелерін лайықты шешудің маңыздылығы айтпаса да түсінікті.

Әлемдік лингвистикалық жүйеде терминжасам мәселесі елдің саяси-әлеуметтік, экономикалық деңгейінің, білімі мен ғылыми жүйесінің, ғылыми-техникалық өрісінің, ең бастысы ұлттық тілінің көрсеткіші саналады.

Бүгінгі терминология мәселелері ұлттық тіл саясаты бағыттарының бірі ғана емес, қоғамдық-саяси маңызы бар елеулі үрдіс ретінде қаралуы керек.

Ұйымдастырылып отырған ғылыми-теориялық конференцияның ұлттық терминологияның алдында тұрған басым мақсат-міндеттерді айқындауға ықпал ететіндігіне сеніміміз мол.

Конференцияның нәтижелі болуына және сәтті өтуіне тілектестік білдіремін!

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУЫ ҚАҒИДАТТАРЫ

Шерубай Құрманбайұлы

*ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Терминология қағидаттарын талқылау барысында оны бұлжымас заң, нақты ереже, қағида ретінде түсінетіндер де бар екені анықталды. Соған байланысты біз нені «терминология қағидаттары» деп түсініп жүргенімізді нақтылап айта кету қажеттілігі туындап отыр. «Қағидат» (принцип) сөзі «белгілі бір теорияның, ілімнің, ғылымның және тағы басқаның негізгі, шығу көзі» және «бір нәрсеге қатысты көзқарас, сенім» деген мағыналарды білдіреді. Қағидат – ғылыми теориялар мен заңдар, заң құжаттарын, ережелер мен қағидаттар жасауға негіз болатын тірек. Терминология қағидаттарына осы екі мағынаның да бірдей қатысы бар. Қазақ тіл білімінің даму тарихында **ұлттық терминдер қорын жасау мен қалыптастыру, ішкі және сыртқы көздерді пайдалана отырып оны жетілдіру, дамыту кезінде басшылыққа алынатын жалпы бағыт-бағдар беруші негізгі ұстанымдарды – терминология қағидаттары** деп тану ғылыми ұғым ретінде орныққан. Сондықтан біз қағидат белгілеу мәселесін талқылау кезінде бұл ұғымды осылай түсіне отырып сөз өрбітсек, сындарлы сұхбат құруға мүмкіндік аламыз деген пікірдеміз.

Қазақ терминологиясының кейінгі бір ғасырдағы даму тарихын ой сарабынан өткізер болсақ, терминология қағидаттарын белгілеу елдің, ұлттың саяси-экономикалық, рухани-мәдени өмірінде елеулі өзгерістер болған кезеңдерде күн тәртібіне шыққанын көруге болады. Оған ХХ ғасырда жасалып, қолданыста болған, ұсынылған төмендегі үш кезеңнің қағидаттары нақты дәлел бола алды.

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ білімпаздарының 1-съезі» болып, онда қазақ терминологиясын қалыптастырудың алғашқы қағидаттары бекітілді. Съезде терминологияны қалыптастырудың басты қағидаттарын белгілеу жөніндегі баяндаманы Елдес Омарұлы жасады. «Қазақша пән сөздер тақырыпты Елдестің баяндамасы» негізінде сиез қаулысы қабылданды. Ол қағидаттар мыналар:

1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын. Қазақша сөздерден түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, – жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс.

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, – ондай сөздер жатырқамай алынсын.

3. Иауропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын, – жалпы Иауропа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі қатар жазылып отыратын болсын;

4. Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын.

5. Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатын орыс, қазақша ілім кеңесі, – жалпы қазақ халқы үшін жалғыз болсын; пән сөздер әуелі ілім кеңесінің жанында өз пәнінің мамандарынан сайланған, өз пәнінің өзіне дербес кемесиелерде тексерілетін болсын; Кемесиенің қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің сынына түскеннен кейін, ілім кемесиесінің қарауына тапсырылып, сонда бекіп шығатын болсын;

6. Қазақша сөздер әліпби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын.

Бұл қаулыға қосымша есебінде, Әлиқанның: қағаз бетіне кісінің аты-жөнін жазғанда, орысшаға еліктеп, әкесінің атына «оп» деп қосып жазу қалсын – деген ұсынысы тіркелді.

Е.Омарұлының баяндамасында ұсынылған жобаға Нәзір Төреқұлұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ишанғали Арабайұлы сияқты сиез делегаттары өз тараптарынан пікір білдіріп, ұсыныстарын енгізген. Қабылданған қаулыда сол ұсыныс-пікірлердің де ескерілді.

Бакуде өткен Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда А.Байтұрсынұлының жасағанын ескерсек, оның бұл іске тікелей қатысы болғанын, қосқан үлесінің үлкен екенін көруге болады. Ондағы Ахаңның ұсынған қағидаттары мыналар:

«А) Ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу. Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек. Қай жерде және кім бастырып шығарса да баспа өнімдері, газет-журналдар, кітапшалар пайда әкелуі үшін, тіл қалың көпшілікке түсінікті болуға тиіс. Сонда аз ғана пайызды құрайтын сауаттылар көптеген сауаты жоқтарға қызмет көрсете алады.

Б) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу. Олай етуіміздің себебі: 1) туыстас тілдердің көптеген сөздерінің тұлғалары бірдей болмаса да олар ортақ түбірден тараған, сол себепті туыстас емес тілдердің сөздеріне қарағанда оларды түсіну жеңіл және естігенде де, айтқанда да бөтен болып сезілмейді; 2) түркі халықтары қашанда өзара қарым-қатынаста болған және бола да береді, сондықтан да бір тілдің көптеген сөздері ортақ түбірден өрбімесе де өзге тілдің тұтынушыларына таныс болуы мүмкін.

В) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек. Оларды алмастыруға болатын қазақ сөздері болған жағдайда таңдауды қоғамның өзі жасауы үшін, екеуі де қатар алынуға тиіс. Жаппай қолданылатын деп біз араб сөздерін емес, қазіргі кең тараған еуропа сөздерін айтып отырмыз. Араб сөздеріне қарағанда оларға басымдық беріп отыруымыздың себебі біз қазір араб емес еуропа мәдениетінен қойып отырмыз. Еуропа мәдениетінің барлық жетістіктері тұтастай еуропа

тілдерінде атала алады. Алайда кірме терминдер біздің қазақ тілінің айтылуына бағынуға тиіс, яғни оларға тілдің қалыпты артикуляциясынан бастау алатын біздің тіліміздің дыбыстық заңдылықтары үстемдік етуі (таратылуы) керек. Шет тілдерінің сөздерін өзіміздікі ету үшін, бұл міндетті түрде солай болуы қажет.

Г) **Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек.** Бұл дегеніміз, біріншіден, құрамында қазақ тіліне жат дыбыстары бар барлық сөздердің тиісті төл дыбыстарымызбен алмастырылады, екіншіден, кірме сөздердің жұрнақтары қазақ жұрнақтарымен алмастырылады, үшіншіден, қосарлы дыбыстардың біреуі ғана қабылданады, төртіншіден, қазақ тіліне жат қосымшалар Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау т.б. сияқты тілге қажетті талап шеңберінде өзгертілуге тиіс»².

Осылайша Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы қазақ білімпаздарының сиезінде қаулымен бекітілген терминологияны дамыту қағидаттарын өзгелерге үлгі ретінде ұсынды. Оның бұл ұсынысы құрылтайға қатысушы түркітілдес елдерден келген ғалымдар тарапынан да қолдау тапты.

Мемлекеттік терминология комиссиясы қолданатын қазақ әдеби тілі терминологиясының қағидаттары (*Мәдени қызметкерлер съезінде мақұлданған*):

1. Әдеби тілдер практикасында ұлт тілдеріне аударылмайтын, халықаралық біртұтас белгілері бар революция, совет, теория, практика, тенденция, медицина, хирургия, климат, абсолютный, конкретный, т.б. сияқты терминдер қазақ тіліне аударылмай, сол халықаралық біртұтас белгіленуінде қабылдансын.

2. Әдеби тілдер практикасында ұлт тілдеріне аударылатын производство, труд, деньги, корень, стебель, мышцы, деление, умножение және т.б. сияқты халықаралық терминдер қазақ тіліне аударылсын. Егер де аударылуға тиісті терминнің қазақ тілінде баламасы болмаса немесе оның қазақ тіліндегі аудармасы оны түсініксіз ететін болса (кей жағдайларда терминнің мағынасын бұрмаласа), онда тиісті орыс сөзі қабылдансын: сословие, состав, клетка, слет және т.б.

3. Түрлі пәндерде белгілі бір мағынада немесе бір-біріне жақын мағыналарда қолданылатын терминдер бірдей белгіленсін: форма – *porma* (философияда және физикада), материя – *materija* (философияда және физикада), корень – *tybir* (математикада, ботаникада және лингвистикада), морфология – *morpologija* (ботаникада және лингвистикада), реакция – *reaksija* (химияда, биологияда, саясатта), экскурсия – *ekiskursija* (білім беру саласында және физиологияда).

3. Түрлі жағдайларда әртүрлі мағына беретін мануфактура (тарихи-экономикалық және тауарлық мағынада), продукт (өндіріс өнімі және азық-түлік мағынасында), легенда (фольклорлық жанр ретінде және аннотация ретінде) және т.б. осы сынды терминдер бір пән үшін термин ретінде қабылдансын, қалған жағдайларда аударылсын. Мысалы, мануфактура экономикалық дамудың кезеңі ретінде термин де (аударылмайды), ал тауар түрі ретінде термин емес (аударылады).

4. Халықаралық терминдер орыс әдебиетінде қалай жазылса, сол түрінде қабылданады. Егер қазақ тілінде кей дыбыстар болмаған жағдайда (бұл терминдерді беру үшін), олар қазақ әліпбиі шегіндегі әріптермен бейнеленеді (форма – *porma*, химия – *gijmija*, революция – *rebolutsija* және т.б.).

5. Қазақ тіліне аударылған терминдер (2-тармақты қара) өзінің ғылыми мазмұнын сақтаулары қажет. Оларды аудару кезінде қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін қатаң ескеріп, терминдерді түсініксіз қылып жіберетін жасанды сөз жасау амалдарын қолданбау керек. Мәселен, *berilis* – передача, *kөpkil* – многоугольник, *toqьma* – текстиль, *tәçirijbe* – практика, т.б.

6. Есім және етістік-есім формасында берілген терминдер сол күйінде қабылданын (изация, ификация, ация формальдық элементтері арқылы жасалған «машинизация», «электрификация», «объективация» сынды каузативтік формасы бар сөздерді ескермегенде; олар қазақтың *macijnalandьruv*, *elektirlendiryuv*, *objektiptenyuv* формаларына сәйкес келеді).

-ский, -ный жұрнақтарымен аяқталатын сын есімдерден жасалған анықтауыш халықаралық терминдер қазақ тілінде қысқа түрінде, яғни –ский, -ный-сыз қабылданын: популярная книга – *popular kitap*; абсолютная величина – *absolut cama*; буржуазная идеология – *burçuas ijdeologija*; экстенсивное хозяйство – *ekstensijp caruvacьььq*, дифференциальное уравнение – *dijperensijal теңgerme*.

Негіздегі *к* әрпін *ч* әрпіне айналдыру арқылы –ский жұрнағымен жасалған сын есімдер ешқандай қосымшасыз зат есім сияқты қалдырылсын: электрическая лампа – *elektir cam*; физическая география – *pijzijka çaғrapija* және т.б. Зат есім және сын есім негізінде жасалған етістік формалары тиісті қазақ суффикстері арқылы жасалсын: изолировать – *ijzolatsijalav*, механизировать – *macijnalandьruv* және т.б. Орыс тілінде есім формалары жоқ, тек етістік формалары ғана бар немесе есім мағынасынан алшақтап кеткен терминдер контекске қарай аударылсын: игнорировать, регулировать, реагировать (соңғысы «реакция» деген есім формасынан өте алшақтап кеткен).

7. Терминдермен бірге қазақ тіліне халықаралық терминологиялық практикада қолданылатын, қазақ суффикстерімен алмастырылмайтын бірқатар аффикстер енгізілсін, мысалы, *ист*, *изм* (суффикстер); *ре*, *син*, *анти*, *контр* (префикстер).

Терминдерде кездесетін көптеген басқа аффикстер қазақ тілінде сақталсын, бірақ формальдық элемент ретінде атап көрсетілмей, негіздің құрамдас бөлігі саналсын.

8. Басқа сөздерге қосылатын терминдердің қысқарған түрлері (авто, аэро, авиа, т.т.) қазақ сөздеріне қосылып жазылсын: *aptoçol*, *aptoqatьnas*, *abiasana* және т.б.

Диктатура, *революция*, *совет*, *теория*, *практика*, *контрреволюция*, *милитаризм* және басқа да қазақ тілінде аударылып қана қолданылып жүрген терминдер аударылмай, интернационалдық формада қабылданын.

9. Қазақ сөзжасамы практикасына Қазан революциясынан бастап қазіргі орыс тілінде кеңінен қолданылып жүрген қысқарған күрделі сөздер енгізілсін, сөзжа-

самның бұл тәсілі революция енгізген жетістік деп саналсын (политэкономия – *polijtekonomija*, райисполком – *avatkom* және т.б.). Дегенмен бұндай қысқартулар жасаған кезде оларды қазақ әдеби тілінің заңдарымен байланыстыра отырып, практикада Мемлекеттік терминология комиссиясы қабылдаған сөздерді ғана пайдалану керек.

10. Бұл қағидаттарда негізінен халықаралық терминдер мен орыс тіліндегі атауларды, қосымшаларды тілімізге қабылдаудың жолдары, тәртібі көрсетіледі.

Профессор Құдайберген Жұбанов ұсынып, 1935 жылы Мәдени қызметкерлер съезі бекіткен бұл қағидаттар 90-жылдарға дейін басшылыққа алынып келді.

1959 жылы Мәскеуде өткен мәжілісте **айырмашылықтарды мейілінше азайту қағидатын** (*принцип минимальных расхождений*) белгілеп, ендігі жерде терминологиялық жұмыстарды осы бағытта жүргізу қажеттігіне тоқталды.

Онсыз да термин шығармашылығы тұралап тұрған тілге ортақ терминқорды қалыптастыруға атсалысу міндетін жүктеу – ұлт тілінде термин жасауды бұрынғыдан бетер шектеп, терминологияны ортақтандыру ісін батылырақ, жеделірек жүргізу керек дегенді білдіретін еді. Қағидаттың туындауының негізгі мақсаты – бұрыннан басталған ісіміздің, таңдаған жолымыздың дұрыстығын кеңес халқының есіне тағы бір рет салып, ендігі жерде осы бағыттағы жұмыстарымыздың қарқындылығын арттыра түсу керектігін жұртқа жеткізу еді. Бұл қағидат та ұстанған бағытымыздың дұрыстығын атап көрсетіп, ортақ терминқорымызды одан да арттыру міндетін жүктеді.

Академик Ә.Т.Қайдар ұсынған қағидаттар:

1-принцип: Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің (атрибутарының) бірі – мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек.

2-принцип: Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талап-талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану.

3-принцип: Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану.

4-принцип: (қазақ терминологиясы үшін жаңа бағыт): Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.

5-принцип: (бұрынғы принциптің жаңаша баяндалуы): Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

6-принцип: Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин-атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін

бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

7-принцип: (қысқартылған терминдер мен атаулар жайында): Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (сөз араластырылып та) кеңестік-интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартып қолдануды заңдастыру.

8-принцип: Күн санап толассыз туындап жатқан терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминдерге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

9-принцип: Тілімізге қабылданатын терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.

10-принцип: Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және сапалық ара салмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру.

11-принцип: Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу.

Әбекең ұсынған 3,4,5 қағидаттарды негізгі қағидаттарының қатарына қосуға болады. Ал қалғандарын (1,2,6,7,8,9,10,11) сол қағидаттарды толықтыратын тармақтар деген орынды. Оларды терминологиялық қызметке (*терминологическая деятельность*) басшылық жасаудың тиімді жолдары, терминологиялық жұмыстарды республика көлемінде үйлестіру мен ұйымдастырудың тетігі ретінде тану керек те, енді бірқатарын термин шығармашылығын дамытудың әдіс-тәсілдері деп танығанды жөн санаймыз.

Түптеп келгенде, терминология дамуының қағидаттары «ұлттық терминқор қалыптастыруда қандай бағыт-бағдар ұстанамыз?» және «терминологиялық лексиканы қалыптастырудың ішкі және сыртқы көздерін қалай пайдалануымыз керек?» деген бір-бірімен тығыз байланысты негізгі екі сұраққа жауап беруге тиіс деп ойлаймыз.

Бірінші қағидат: Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану.

Ешбір талассыз қазақ терминологиясы дамуының ең басты, ең бірінші қағидаты осы болуы керек. Оның ең негізгі себебі - ұлттық терминқорымызды ұлт тілінде қалыптастырамыз десек, ең алдымен, сол тілдің өзінің лексикалық байлығы мен сөзжасам, терминжасам тәсілдерін ұтымды пайдаланып, ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытуға міндеттіміз. Терминдерді өзіміз жасамай өзге тілдерден дайын қалпында алып әбден дағдыланып қалғандықтан, соңғы жылдары жасалған азын-аулақ терминдерді көп көріп «жасандылыққа ұрынып жатырмыз», «термин жасаумен көп әуестеніп кеттік», «пуризм етек алып барады» деп дабыл қағушылар да бар. Терминқор тізуде орын алып жатқан кемшіліктерді уақтылы түзетіп, термин шығармашылығын үздіксіз дамытып, жетілдіріп, терминологиялық жұмыстарды бір орталықтан үйлестіріп, кәсіптік деңгейде жүр-

гізгенде ғана жүйеленген ұлттық терминологиялық қор қалыптастыра аламыз. Жалпы ұлт болашағы, тіл мүддесі тұрғысынан келгенде, қазақ тілінің өз лексикалық байлығы мен сөзжасам мүмкіндіктерін барынша ұтымды пайдалана отырып ұлттық терминологиялық қор қалыптастыру – бет алған негізгі бағыт-бағдарымыз, ұстанатын басым бағытымыз, терминологиядағы басты қағидатымыз болуы керек деп санаймыз. Бұл қағидат қазақ терминологиясы дамуының бұған дейінгі жасалған қағидаттарының да негізі болған. 1924 жылы Е.Омарұлы ұсынған қағидаттың бірінші тармағында «Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын» делінсе, 1926 жылғы Ахаңның баяндамасында «Ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу» қазақ терминологиясын дамытудың басты қағидаты ретінде көрсетілген. 1993 жылы Ә.Қайдар ұсынған 11 қағидаттың үшіншісі «қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану» деп белгіленген.

Терминге және терминологияға қойылатын талаптарға жауап беретіндей атауларды сұрыптап алып, барынша ұтымды пайдаланылуға тиісті қазақ тілінің ішкі лексикалық қоры – жалпы қолданыстағы сөздер, көнерген сөздер, кәсіби сөздер мен диалектизмдер сияқты лексикалық қабаттар мен өзге де өнімсіз көздер болуға тиіс.

Түрлі лексикалық қабаттардан сұрыпталып алынатын атаулар есебінен терминқорды толықтырумен бірге лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік және калька, терминдену сияқты сөзжасам, терминжасам тәсілдерін ұтымды пайдалану арқылы да ұлт тілінің термин шығармашылығы үздіксіз дамып отыруы керек.

Екінші қағидат: Терминқор қалыптастырудың сыртқы көздерінен (өзге тілдерден) термин қабылдау.

Өзге тілдердің барлығы да біз үшін терминологиялық лексикамызды толықтырудың сыртқы көзі болып табылатыны рас. Алайда оларды пайдалану мәселесіне келгенде түрлі пікірлер бар. Біріншісі – ғылымы мен экономикасы жақсы дамыған ықпалды еуропа мемлекеттерінің тілдерінен термин сөздерді көптеп қабылдау арқылы терминологияны халықаралықтандыру, батыс ғалымдарымен кәсіби қарым-қатынасты жеңілдету мүмкіндігіне ие боламыз дейтін көзқарас та, екіншісі – генетикалық таралуы жағынан жақын, туыстас тілдер арасындағы терминалмасуды бірінші кезекке қою қажет дейтін көзқарас. Сондай-ақ әлем тілдерінің бәрін де терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде бірдей пайдаланайық дейтін пікір айтушылар да бар. Тілдік дыбыстық-құрылымдық, ұлттық-танымдық, генетикалық және типологиялық жіктелісі тұрғысынан қарағанда терминқор қалыптастырудың сыртқы көзін кәдемізге жаратуда туыстас тілдерге басымдық беру дұрыс деп санаймыз. Оның кейбір артықшылығын кезінде Ахаң да атап көрсеткен болатын. Сондай-ақ мұндай бағыт ұстану туыстас тілдер тобын құрайтын өзге тілдер тәжірибесінде де бар. Сондықтан сыртқы көзді пайдалануда алдымен түбі бір туыстас тілдерге жүгініп, содан кейін барып

өзге тілдерден терминалмасу осы қағидатты басшылыққа алудың реті болуға тиіс. Қазақ тіліне қай тілден сөз (термин) қабылданса да, олар тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдарына бағындырылып алынуы қажет.

а) Туыстас түркі тілдерінен термин қабылдау. Е.Омарұлында «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрікхалықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, - ондай сөздер жатырқамай алынсын» делінсе, Аханда «Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу» деп, екеуінде де екінші қағидат ретінде ұсынылған. Ә.Қайдар ұсынған қағидаттардың төртіншісі «Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану» белгіленеді.

Алдымен туыстас тілдерден термин іздеу қажеттігіміздің себептерін А.Байтұрсынұлы былай түсіндірген болатын. «Олай етуіміздің себебі: 1) туыстас тілдердің көптеген сөздерінің тұлғалары бірдей болмаса да олар ортақ түбірден тараған, сол себепті туыстас емес тілдердің сөздеріне қарағанда оларды түсіну жеңіл және естігенде де, айтқанда да бөтен болып сезілмейді; 2) түркі халықтары қашанда өзара қарым-қатынаста болған және бола да береді, сондықтан да бір тілдің көптеген сөздері ортақ түбірден өрбімесе де өзге тілдің тұтынушыларына таныс болуы мүмкін».

Бізде туыстас тілдер арасындағы өзара терминалмасу – осы уақытқа дейін іс жүзінде жүзеге асып, қалыптасып дәстүрге айналмаған қағидат. Түркі халықтары КСРО құрамындағы өзге де көптеген ұлттар мен ұлыстар сынды ғылыми-техникалық терминдер қорының орыс тілімен ортақтығын молайта беру бағытын ұстанды. Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі, термин қабылдайтын бірден-бір тіл, орыс тілі болды. Біз еуропа тілдерінің сөздерін де тек орыс тілі арқылы, олардың өз тілдеріне бейімдеп, тиісті дыбыстық-құрылымдық өзгерістер жасап алған қалпында айна-қатесіз қабылдадық.

Бүкіл кеңес халқының ғылым мен техника, басқа да арнаулы салалардағы кәсіби қарым-қатынасын қамтамасыз етуге тиіс **жалпыкеңестік терминқорын** (общесоветский терминологический фонд) да орыс тілін үлгі ете отырып қалыптастыру көзделді. Нәтижесінде терминалмасу ісінде біржақтылық орын алып, бұрын терминқор қалыптастырудың сыртқы көздерінің қатарында пайдаланылып келген араб, иран т.б. шығыс тілдерін былай қойғанда тегі, түбі бір туыстас түркі халықтарының бір-бірінен сөз алуы ерсі құбылыс ретінде қабылдана бастады. Бірақ біз сөздік қоры мен сөздік құрамында онсыз да ортақтығы мол түбі бір туысқан тілдердің қажетіне қарай сөзалмасу, терминалмасу арқылы қаншама ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан өзара сабақтастық пен тіларалық байланысты сақтап, дыбыстық-құрылымдық болмыс-бітімі ұқсас тілдердің өзіндік табиғатын жоғалтуына да әр халық мүдделі болуы керек деп есептейміз.

Сондықтан да түркі халықтарының бұл тұрғыда кеңестік тіл саясаты белгілеп берген терминалмасу қағидаттарының шырмауынан шығып, жаңаша тілдік қатынастар қалыптастырудың маңызы зор.

ә) туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау. Әрине, әлем халықтарының бәрінен бірдей сөз ала бермейтіміз белгілі. Африка халықтарының тілдерінен, урду, пушту немесе Америка үндістерінің тілі мен еуропаның неміс, француз, ағылшын тілдерін сыртқы көз ретінде осы уақытқа дейін бірдей пайдаланған емеспіз және алдағы уақыттарда да олардың бәрін өнімді көз ретінде қажетімізге жарата қоймасымыз анық. Саяси-экономикалық, ғылыми-мәдени байланыстарымыз бен мемлекеттердің ықпалдылығы тұрғысынан қарағанда осыған дейін еуропа халықтарының тілдерінен терминдерді көптеп қабылдап келгенбіз, әлемдік өркениеттің даму деңгейінде басқаша бетбұрыс болмаса, әзірге сол тілдер терминқорымызды толықтырудың сыртқы көзінің өнімді бөлігі ретінде қала берсе керек. Өркениеттің бұл талабына өзгеріс енгізу оңай бола қоймас.

Е.Омарұлы өзі ұсынған қағидатта «Иауропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын, - жалпы Иауропа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі қатар жазылып отыратын болсын» десе, А.Байтұрсынұлы: «Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек.» деген болатын. Академик Ә.Қайдар да «интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау» (5-қағидат) қажет деп атап көрсетеді.

Ғалымдардың бұл мәселедегі көзқарастарының бір жерден шығып жатуы кездейсоқтық емес. Ахаңның «кірме терминдер біздің қазақ тілінің айтылуына бағынуға тиіс, яғни оларға тілдің қалыпты артикуляциясынан бастау алатын біздің тіліміздің дыбыстық заңдылықтары үстемдік етуі (таратылуы) керек. Шет тілдерінің сөздерін өзіміздікі ету үшін, бұл міндетті түрде солай болуы қажет» деген пікірі термин қабылдаудың қай кезеңінде де құнын жоймаса керек. Кезінде А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, Н.Төрекұлұлы сияқты алаш зиялылары ұстанған бұл қағидат бүгін де көптеген тілші-ғалымдар тарапынан қолдау тауып отыр. Сондықтан өзге тілдегі терминдердің дәл баламасын табудың мүмкіндігі табылмаған немесе балама табуды қажет етпейтін немесе әлемнің көптеген тілдерінде қолданылып кең тарап кеткен терминдерді өз тіліміздің дыбыстық-құрылымдық табиғатына сәйкестендіріп қабылдау – екінші қағидатты жүзеге асырудың негізгі шарты болуға тиіс.

Екі-үш ұрпақтың санасына сіңіп, сонау 30-жылдардан бастап осы уақытқа дейін жарық көрген кітап қорымыздың барлығында (оқулықтар мен оқу құралдарында, сөздіктер мен анықтамалықтарда, энциклопедияларда, танымдық, ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиеттерде т.б.) орыс тіліндегі нұсқасымен бірдей қолданылып келген мыңдаған кірме терминдерді жаңаша жазып, оған көз үйретіп, құлаққа сіңісті ету де оп-оңай орындала салатын іс емес екендігі де

белгілі. Мәселенің тек лингвистикалық жағын ғана емес, әлеуметтік қырларын да ескерген дұрыс. Әліпбиді жиі өзгерту, орфография ережелерін құбылта беру терминдер қолданысын бірізге түсіруде белгілі дәрежеде қиындықтар туғызады. Соған қарамастан тіліміздің төл табиғатына негізделген жазу, емле ережелерін орнықтыру маңызды. Қазір жаңа әліпбиге көшу кезеңі басталды. Кірме терминдерді жазу да – осы әліпби, орфография ережелерімен бірлікте, кешенді түрде шешуді қажет ететін мәселе.

XX ғасырдың 20-жылдарынан қазірге дейінгі аралықта Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлы, Құдайберген Жұбанов, Нығмет Сауранбаев, Сақтаған Бәйішев, Әбдуәли Қайдар сынды ғалымдар жасаған, ұсынған қағидаттарды қарастырумен қатар осы мәселеге қатысты тікелей немесе жанама айтылған ой-пікірлерді ескеріп, оларды сараптау нәтижесінде жоғарыдағы қорытындыға келдік.

Ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытып, әлемдік ғылымның жетістігін бейнелейтін термин сөздерімізді тіліміздің өз заңдылықтарына сәйкес жазып, ғылым мен арнаулы салалардың барлығындағы қарым-қатынастарымызды қамтамасыз ететін ұлттық терминқор қалыптастыратын жасампаз ұлт боламыз десек, терминологияны дамытудың осы бағытын таңдаған дұрыс деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ білімпаздарының тұғыш сіезі. – Алматы, 2005. – 144 бет. Екінші басылымы. Араб графикасынан кириллицаға түсіріп, баспаға дайындаған, алғы сөзін жазған Ш.Құрманбайұлы.

2. Байтұрсынов А. Шығармалар. –Алматы, 1989. –141-б.

Ескерту: Жоғарыдағы қағидаттар А.Байтұрсынұлының 1926 жылы Бакуде сиезде жасаған орысша баяндамасындағы орысша нұсқасынан аударылып беріліп отыр.

3. Жұбанов Қ. Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией//Исследование по казахасому языку. – Алматы, 1966.

4. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 42 б.

5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004. 208 б.

ТЕРМИНЖАСАМ ҚАҒИДАТТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КЕЙБІР ЖАҢА МІНДЕТТЕР

Сарқыт Әлісжан

*Назарбаев Университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Терминология бойынша өзекті мәселенің бірі – олардың жасалу, қабылдану қағидаттарына қатысты. Қазақ терминжасам тарихында қандай ғылыми қағидаттар тірек болды дегенде, ең алдымен еске түсетіні – Ахмет Байтұрсынұлының үлгі-өнегесі. Мұны қазіргі зерттеушілердің барлығы мойындайды.

1924 жылы Орынбор қаласында өткен ғылыми қызметкерлер сиезі қаулысы А.Байтұрсынұлы ұстанған қағидаттарға негізделген. Онда былай деп көрсетілген:

1) Термин жасауда ең тиімді жол ретінде ұғымдар мен мағынаны дәлірек білдіретін қазақ сөздері көбірек тартылсын;

2) Егер қазақ тілінде мұндай сөздер табылмаған жағдайда туыс тілдерден сөз алу;

3) Жалпыға бірдей халықаралық терминдерді де қабылдауға болады. Алайда мұндай термин қазақ тілінің табиғатына тән заңдылықтарды бойына сіңіріп, өзгере енуі тиіс. Ал қазақ тілінде оған сәл де болса сәйкес келетіндей үлгі табылса, оларды қатарластыра беріп, оқырманға таңдау мүмкіндігін қалдыру қажет. Шетел сөздерін өздік ету үшін олар тіліміздің дыбысталу ерекшелігін қабылдауы керек;

4) Қазақ сөздерінің табиғатына сәйкес келмейтін шет сөздер, біріншіден, олардың бойында біздің тілге жат дыбыстар керекті дыбыстармен ауыстырылады; екіншіден, олардың суффикстері қазақшасымен алмастырылады; үшіншіден, қосарлы дыбыстардың бірі алынып тасталады; төртіншіден, қазақ тіліне тән емес қосымшалар қазақша айтылу ыңғайына көшеді. Мысалы: *Оренбург – Орынбор, Стамара – Саиар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау* т.т. [1, 25].

Қазақ тіліне термин қабылдаудың ғылыми қағидаттарын өз кезеңінде нақты қарастырған ғалым – Қ. Жұбанов. Ол 1935 жылы 20 мамырда Алматыда өткен мәдениет қайраткерлерінің бірінші сиезінде 11 принцип ұсынды:

1. Көптеген әдеби тілдерде аударылмай қалыптасқан халықаралық терминдерді қазақ тіліне аудармай сол қалпында алу (*революция, совет, теория, практика, тенденция, хирургия, климат, абсолютный, конкретный* т.т.);

2. Көптеген әдеби тілдер тәжірибесінде аударылып алынған халықаралық терминдер (*производство, труд, деньги, корень, стебель, мышцы, деление, умножение* т.т.) қазақ тіліне де аударылады, егер аударма термин мағынасын дәл бере алмай, бұзатын болса, онда оларды (*сословие, состав, клетка, слет* т.т.) орыс тіліндегі қалпынша алу;

3. Әр қилы пәнде бір мағынада қолданылатын терминдерді бірегейлетіп алу; мысалы, *форма – форма* (философия, физика), *материя – материя* (физика – филоосфия), *корень – түбір* (математика, ботаника, лингвистика), *реакция – реакция* (химия, биология, политика) т.т.;

4. Білімнің әр саласында әр қилы мағына білдіретін терминдер (*мануфактура, продукт, легенда*) бір салада термин ретінде, басқасында жай сөз ретінде қолданылады. Мысалы: мануфактура экономикалық даму кезінде термин болады, бірақ тауар түріне жата алмайды;

5. Халықаралық сөздер түрінде қалыптасқан терминдер орыс тіліндегі үлгімен қабылданады (*пролетариат, физика, биология*);

6. Терминдерді түсініксіз етіп жіберетін жасанды сөзжасамға бармай ақ, қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін де, атаудың ғылыми мәнін де толық қамти алатын терминдердің (Мысалы: *беріліс-передача, көпкіл-многоугольник, тоқыма-текстиль, тәжірибе-практика* т.б.) баламасын табу;

7. *-изация, -ификация, -ация* тәрізді формалды элементтермен (*машинизация, электрофикация, объективация*) келетін сөздерді қазақ тіліндегі *материалдан-дыру, электрлендіру, объективтендірулер* түрінде қалыптастыру келеді. Сол сияқты *популярная книга – популяр кітап, абсолютная величина – абсолют шама, буржуазная идеология – буржуаз идеология, дифференциальное уравнение – дифференциал теңгерме* түрінде қысқартып алу;

8. Қазақ тіліне халықаралық терминдермен ілесіп *-ист, -изм* қосымшалары және *ре, син, де, суп, анти, контр*, тәрізді префикстер енгізіледі;

9. *-авто, -аэро, -авиа* сияқты қысқартылған формаларға қазақ сөздері бірігіп (*автожол, аэрошана, авиашана, автоқатынас*) жазылады;

10. Қаркөмір (Қарағанда уголь), Халкомжер (Наркомзем) т.т. сияқтыларды қысқартып қолдану;

11. Бұрын терминологиялық қолданыстан шығып қалған *диктатура, революция, совет, теория, практика, контрреволюция, милитаризм* сияқты терминдерді қазақ тіліне қайта енгізу.

Профессор Қ. Жұбанов ұсынған бұл принциптер сиезде 10 пунктке шақталып, негізінен қабылданды [2, 64].

Қазіргі кезде бұл принциптерге қатысты сын пікірлер де жоқ емес. Ол әсіресе бұрынғы кеңестік тіл саясатынан өрбиді. Ө. Айтбаев былай деп жазады: “... кезінде қазақ терминологиясын жасау ісінде орыс үлгісінің ықпалы, яғни “орыстандыру” саясатының әсері айрықша болғанын аса сауатты лингвист Қ.Жұбановтың еңбектерінің өзінен байқамай өте алмайсыз. Соның салқыны мына принциптерден де аңғарылады. Қазақ тілінің даму, қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктерін мейлінше терең білетін тіл білімпазының өзі ұлттық терминологияны ұлттық негізде жасауға кесірін тигізетін ұстанымдарды басшылыққа алуға мәжбүр болған сынайлы. Әйтпесе, интернационалдық терминдер мен орыс тілінде қалыптасқан үлгілерді олардың қазақ тілінде баламасының бар-жоқтығына қарамастан, бұлжытпай қапысыз қабылдай берейік деудің қисынға келе бермейтінін өмірдің өзі дәлелдеді” [2, 64].

Келесі бір зерттеуші Ш.Біләлов принциптерді талдай келе, оның кемшілігін орыс тіліндегі атау жасау негізін басшылыққа алғандығынан көреді [3, 19].

Зерттеушілердің айтуында, терминжасамның ғылыми принциптерін заман талабына және мемлекеттік тілдің өскелең сұранысына қарай қарастыру сипаты Ә.Қайдардың тұжырымдамасынан көрінеді. «Ә. Қайдар ұсынған принциптерден қазақ тілінде термин жасаудың А. Байтұрсынұлынан бастау алған ұлттық тіл негізіне бет түзеген ғылыми көзқарасты байқаймыз. Екіншіден, осы үрдіске сүйенген нақты ұсыныс-тұжырымдарды қолға ұстап отырмыз. Үшіншіден, тұңғыш рет орыс тілінен енген интертерминдер тағдыры не болмақ деген жалған көпшілдіктен арылар түріміз бар» [2, 27].

Ә.Қайдардың қазақ тілі терминологиясын жаңаша бағдарлау, реттеу және ілгері дамыту тұжырымдамасының 11 принципі төмендегідей:

1. Егеменді ел, тәуелсіз мемлекет аталып отырған Қазақстанның бүгінгі жағдайында мемлекеттік тілдің негізгі тірегінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытудың, реттеудің, қалыптастырудың алғы шарттарының бірі – оған деген мемлекеттік қамқорлық.

2. Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің ұлттық тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын орынды пайдалану.

3. Салалық (ғылыми-техникалық, табиғаттық, қоғамдық, саяси әлеуметтік) терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану.

4. Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, термин жасаудың өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.

5. Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

6. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

7. Салалық күрделі терминдер мен атаулар қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (жекелей де, сөз араластырып та) кеңес-интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартылып пайдалануды заңдастыру.

8. Күн сайын толассыз туындап жатқан жаңа терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

9. Тілімізге қабылданған терминдер мен атауларды мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.

10. Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық, сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаудың жолдарын іздестіру.

Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу; бұл, әдетте, алфавит пен емле қағидаларын өзгертуге байланысты қаралатын күрделі мәселе, бірақ оған қоғам санасын қазірден-ақ дайындау, бейімдеу қажет [4, 5].

Көрсетілген принциптерді талдай келе, оны кейбір пайымдаулармен толықтыра отырып, Ө.Айтбайұлы төмендегідей ұстанымдар арқылы өз көзқарасын білдіреді:

Біріншіден, қазақ тілінде терминжасам барысында ұстанатын ең басты принцип ана тіліміздің өз сөз байлығын барынша сарқа пайдалану, яғни байырғы сөздерге терминдік сипат беріп, оларды терминдендіру;

Екіншіден, қазақ тіліндегі бейім сөздер сарқыла бастаған тұста түбірі бір түркі тілдер сөз қазынасына иек арту;

Үшіншіден, интертерминдерді негізінен қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу; ал орыс және славян тілдерінен енген терминдерді мүмкіндігінше аудару, аударуға келмейтінін қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіру;

Төртіншіден, салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру;

Бесіншіден, көп жылғы тәжірибе негізінде қалыптаса бастаған шарттылықты мойындау;

Алтыншыдан, тіліміздегі лексикалық байлығымызды сала бойынша саралап, ұлттық және интернационалдық терминдердің сандық сапалық салмағын табиғи қалыптастыру;

Жетіншіден, терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу [2, 27-28].

Қазақ тіліндегі терминдерді қалыптастыру қағидаттарын ұсынудағы Ш.Құрманбайұлының пікірлері атап өтерлік. Ғалым «Түптеп келгенде, терминология дамуының қағидаттары «ұлттық терминқор қалыптастыруда қандай бағыт-бағдар ұстанамыз?» және «терминологиялық лексиканы қалыптастырудың ішкі және сыртқы көздерін қалай пайдалануымыз керек?» деген бір-бірімен тығыз байланысты екі сұраққа жауап беруге тиіс деп ойлаймыз» деп жаза отырып, қазақ терминологиясын дамыту мен жетілдіруде негізгі екі қағидатты басшылыққа алады. Олар: 1) Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану; 2) Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі болып табылатын өзге тілдерден термин қабылдау [5, 250-258].

Соңғы қағидатты өз ішінен а) туыстас түркі тілдерінен термин қабылдау және ә) туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау деп саралап көрсетеді.

Біздің ойымызша, осы көрсетілген принциптер заңдастырылса (мүмкін кейбір толықтырулармен), мемлекеттік тілдің ғылымға қызмет етер түйінді саласы

– терминология бойынша көп мәселе шешімін табар еді. Бұл принциптер сала терминдерінің бәріне ортақ. Қандай да бір сала терминдері аталған қағидаларға сүйене, негізделе отырып жасалуы керек.

Осы қағидаларды ескермеуден, білмеуден кетіп жатқан кем-кетіктер салалық терминологияда әлі де аз емес. Тәжірибесіздік пен кәсіби шеберліктің жетіспеуі сала терминдерін түзуде кездесіп отырады. Бұлар салалық терминологияда жүйесіздік тудырады. Ш. Құрманбайұлы сала терминдерін жасау барысындағы кейбір тілдік кемшіліктерді былай көрсетеді: 1) Тіліміздегі сөз тудырушы жұрнақтар терминжасам барысында орнымен жұмсалмайды; 2) Түрлі лексикалық қабаттарға жататын сөздер термин шығармашылдығында ұтымды пайдаланылмайды; 3) Аудару барысында сөз мағынасын түсініп, ұғымның мазмұны мен көлемін ажырата білмеуден туындайтын кемшіліктер; 4) Бір ғана ұғымның әр түрлі ғылым салаларында түрліше аталуына жол беру; 5) Керісінше бір ғана арнаулы саланың терминологиялық жүйесін құрайтын әр түрлі ұғымдардың ортақ атаумен берілуі де терминжасам барысында кездесетін кемшіліктің бірі; 6) Бір ғылыми ұғымды бірнеше нұсқамен атайтын жарыспалылық; 7) Бір-бірімен тығыз байланысты ұғым атауларын терминологиядағы жүйелілікті сақтамай аудару; 8) Туыстас түркі тілдеріне ортақ терминжасам тәжірибесін ескермеу; 9) Қытай, Монғолия қазақтарының тілдерінде бар сөздерді сұрыптап пайдалану жетіспейді; 10) Аударуды қажет етпейтін терминдерді қазақшалаймыз деп қателіктерге ұрыну [6, 32-39].

Сала терминдерін бірізге түсіру, жүйелеу сияқты мәселелер басқа да мамандар тарапынан сөз болып жүр. Айталық, Қ. Қайым биологиялық атауларды, Ш.Әбдіраман кен ісі атауларын, М. Ахметов медицина терминдерін, С.Тоқсанбай экономикалық терминдердің қазіргі сипатын кәсіби тұрғыдан қарастырады [7]. Олар бұрын-соңды шыққан және 31 томдық сөздікке, оқулықтар мен оқу құралдарына иек арта отырып, салалық терминдердің тұрақтануын, кәсіби ұғымның сөз арқылы дұрыс жеткізілуін, ұғымның сөз мағынасында толық қамтылуын, ондағы кемшіліктерді нақты көрсетуге ұмтылады. Бұл авторлардың өз мамандықтарымен күнделікті араласып жүргенін, сондай-ақ әр жылдары сөздік шығарумен айналысқан мамандар екенін ескерсек, олардың ескертпелері мен ұсыныстарын дер кезінде қабылдап отыру керек.

Сөз болған мәселелерді жинақтай келе, сала терминдерін біріздендіруге қатысты практикалық маңызы бар кейбір ұсыныстарды айтуға болады. Олар:

Сала терминдерін қалыптастыруда қазақ терминжасамындағы соңғы көзқарастар (Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы) ескерілуі қажет. Қай сала маманы болмасын, осы принциптерге сүйене, соларды негізге ала отырып қана термин жасау ісіне кіріскені мақұл.

- Әр түрлі сала мамандарының жиі-жиі бас қосып, кеңесіп отыруын дәстүрге айналдырған жөн. Сала мамандарынан жұмыс тобы құрылып, оның нәтижелері “Терминологиялық хабаршыда”, баспасөз беттерінде жарияланып тұрса құба-құп.

- Бұрын-соңды шыққан терминологиялық сөздіктер түзудің тәжірибесін жан-жақты талдау қажет. Бұл олардың жетістіктерімен бірге кемшіліктерін де байқауға мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе терминді дұрыс түзудің кілті бола алады.

- Терминді дұрыс қолдану мәдениетін, кезінде зерттеушілеріміз (М.Серғалиев) айтқан үш ұстанымды (жүйелілік, нормаға сәйкестік, эстетикалық) әрқашан естен шығармауымыз керек. Тіл мәдениеті терминге де тікелей қатысты екенін жоққа шығару қиын.

Қорыта келгенде, салалық терминдерді бірізге келтіріп, жүйелеу күн тәртібінен түспек емес. Бұл іске тілші ғалымдар да, мамандар да әрдайым ат салысып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтбайұлы Ө. Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. Астана, 2002.

2. Айтбайұлы Ө. Профессор Қ.Жұбанов және қазақ терминологиясының кейбір мәселелері // Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. Астана, 1999.

3. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру. ДДА., Алматы, 1997.

4. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1993, №1.

5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы, 2014, 281-468 бб.

6. Құрманбайұлы Ш. Салалық терминологияны қалыптастыруда орын алып жүрген кемшіліктер // Салалық терминология: бүгінгі мен болашағы. Астана, 2003.

7. Салалық терминология: бүгінгі мен болашағы (Республикалық ғылыми-практикалық семинардың материалдары). Астана, 2003.

ӘЛЕМ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТЕРМИН ЖАСАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Юлай Шамилоглы

Назарбаев Университетінің профессоры, Phd доктор

Франциядағы төңкерістен (1789-1799) кейін термин мәселесіне байланысты жаңа пікірлер мен тұжырымдамалар (концепциялар) пайда болды. Осы кезеңнен бастап, **ұлтшылдық арқылы терминдер** пайда болып, франциялықтар мемлекет, туған жер, ұлт және тағы да басқа ұғымдарға көзқарастарын өзгерте бастады. Осыған орай, терминдердің мағыналары да жаңаша сипат алды. Мысалы, ұлт терминінің әртүрлі тілдегі қолданысын қарастырайық:

- Ағылшынша *nation*
- французша *nation*
- алманша *Nation, Volk*
- орысша *natsiya*
- венгерше мажар *nemzet*
- араб-парсы-түрік *millät*
- түрік *millet* (various meanings), *ulus*
- қазақ *ult*

Көп ғалымдардың пікірінше, Франциядағы революциядан бастап, сол заманда ұлт концепциясы пайда болып, осы концепцияға сәйкес адам енді дініне емес, патшасына қарап өз-өзін тани бастады. Бір ұлтқа байланысты (мысалы: францаис ‘француз’) азаматтар арасында ортақ ұлттың бір аты шықты, француздар деген ұлттың ортақ тарихы пайда болып, бәрі түбі бір туыстар сияқты жақсы мемлекеттік жер қалыптастырылды, мемлекеттің тууына орай патриоттық сезім т.б. өмірге келді.

Сол жаңа концепция арқылы *nation* сөзінің мағынасы да өзгерді. Ағылшын және француз тілінде бір сөз қолданылса, неміс тілінде латын тілінен алынған *Nation* сөзін де, немісше *Volk* сөзін де пайдалануға болады. Орыс тілінде латын тіліндегі *нацияны* пайдаланады да, венгер тілінде соны *немзет* сөзі арқылы білдіреді.

Түркі тілдердегі *millat* сөзі парсы тілі арқылы араб тілінен кірген. Ресей империясында XIX ғасырдың басындағы *millat* сөзі көбірек *мұсылмандар* мағынасына тура келетін еді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында *millat* сөзін басқаша қолдану басталды, әсіресе бірінші болып татарларды айтуға болады. Түрік тілінде де *миллет* кейде діни группа үшін (әсіресе 19 ғасырда Осман империясында), кейде түрік ұлты үшін қолданылды, кейін ұлыс сөзін қолдана бастады. Қазақ тіліндегі *ұлт* сөзі бұл концепцияны бөлек сөзбен түсіндіріп береді (Ұлыс, ұлт негізінен ескі түркі немесе монғол тілдеріне байланысты).

Екінші, *атамекен* концепциясына назар аударайық:

- Ағылшынша *homeland*
- французша *patrie*
- немісше *Vaterland*

- орысша *rodina, otechestvo*
- венгерше *haza*
- түрікше *vatan* (< *Arabic waṭan*), *anayurt*
- қазақша *otan, atameken*

«Атамекен» концепциясын ұлт концепциясынан ажыратуға болмайды, себебі ұлт тек қана бір ауылға тиесілі емес, ал атамекен – бүкіл бір ұлттың ортақ мекені. АҚШ-та ағылшын тілінде *homeland* сөзін көп қолданбайтын, бірақ 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасынан кейін «Department of Homeland Security» деген министрлік құрылып, бұл сөз жиі қолданыла бастады. Дегенмен көп американдықтарға бұл ұғым әлі де жат, олар сондай терминге үйренген жоқ. Ағылшын тіліндегі *homeland*, орыс тіліндегі *родина* және венгер тіліндегі «*haza*» бір ұғымды білдірмейді, бірақ француз тіліндегі *patrie* неміс тіліндегі *vaterland*, орыс тіліндегі *отечество* туған ел, отан мағынасын беріп, түрік тіліндегі *anayurt* *şeye*-ні білдіреді.

XIX ғасырда түрік тіліне араб тілінен енген ватан сөзін қолданғанда, ұлтшылдық сезімді толық бермеді, тек қана *туған жерді* білдірді. Мысалы Намиқ Кемал 1872 жылы жазған «Ватан язут Силистре» атты драмасында сондай ауқым жоқ еді деп айтуға болады. Тек қана Түркияда ұлтшылдық пайда болған соң *ватан* сөзіне туған топырақ мағынасы қосылды. Қазақ тіліндегі *отан* сөзі түрік тіліндегі *ватан* сөзімен бір және жанындағы *атамекен* – мүмкін орыс тіліндегі *отечество* немесе неміс тіліндегі «*Vaterland*» сөзінің калькасы.

Үшінші «*мемлекет*» концепциясын алсақ, ағылшын, француз және неміс тілдері соңғы терминді латын тілінен алған. Венгер тілі соны аударып береді. Орыс тіліндегі нұсқа *государ* яғни *патша* сөзінен алады. Түрік тіліндегі *devlet* араб тілінен кірген, бірақ ескі араб тілінде де *patrie*, көбірек үкіметті емес, байлық пен беделді түсіндіріп берген. Қазақ тіліндегі мемлекет те араб тілінен келеді, бірақ «мамлақа» көбірек бір үкімет үшін емес, бір ел үшін қолданылған.

Енді **көршілес мемлекеттер арасындағы терминдерге** тоқталайық. Ол көрші мемлекеттердің қарым-қатынасы кімдердің арасында болғанына байланысты (халықтар, мемлекеттер, ұлттар арасында тағы басқа жағдайлар).

- Ағылшынша *international*
- французша *international*
- немісше *international*
- орысша *mezhdunarodny*
- венгерше *nemzetközi*
- түрікше *beynelmilel, milletlerarası, uluslararası*
- қазақша *xalıqaralıq*

Латын тілінен алынған *international* көбірек *nation* яғни мемлекеттер арасында (бірақ кейін *nation* ұлт болып қалды!), венгер тілі сондай анық көрсетеді. Орыс тіліндегі нұсқа халықтар арасы деп көрсетеді және қазақ тіліндегі термин соның калькасы болған. Түрік тіліне келгенде ескіден *beynelmilel* термин де араб тілінен алынған (араб тілінде *bayna* ‘арасында’ + милал ‘милла [köpşilik]).

Мемлекеттер арасындағы қауіпсіздік мәселесіне байланысты қолданылатын термин:

- Ағылшынша *security*
- французша *securité*
- немісше *Sicherheit*
- орысша *bezopasnost'*
- венгерше *biztonság*
- түрікше *emniyet* (<Arabic *amnīya*), *güvenlik*
- қазақша *qauipsizdik* (< R. *bezopasnost'*)

Ағылшын және француз тілдерінде латын тілінен алынған арнайы сөз бар, ал неміс және венгер тілдерінде де сол мағынаны білдіретін балама аудармасы болса, орыс тілінде *безопасность* термині қолданылады, қазақ тіліндегі *қауіпсіздік* те соны түсіндіріп береді (*қауіп* сөзінің өзі араб тіліндегі *hawf*-тан келеді). Түрік тіліндегі *emniyet*, араб тілінен енген *güvenlik* ағылшын, француз, неміс және венгер тілдері сияқты болғандығын көрсетеді.

Демократия арқылы пайда болған терминдер туралы сөз қозғасақ, еркіндік немесе бостандықты түсіндіріп беру үшін ағылшын тілінде екі түрлі сөз бар: бірі француз тілінен ағылшын тіліне енген (*liberty*), екіншісі ағылшын тілінің өзінен (*freedom*) алынған. Әлем тарихында адам құқығының өзгерісіне байланысты соңғы 250 жылда орыс, венгер, түрік, қазақ тілдеріндегі сөздің аудармасы өзгерген:

- Ағылшынша *liberty, freedom*
- французша *liberté*
- орысша *Freiheit*
- Russian *svoboda*
- венгерше *szabadság*
- түрікше *hürriyet* (<Arabic *hurriya*)
- қазақша *erkindik, bostandıq*

Заманауи техникаға байланысты пайда болған терминдер грек тіліне сүйеніп жаңа атауларға ие болды:

- Ағылшынша *telegraph*
- французша *télégraphe*
- немісше *Telegraph*
- орысша *telegraf*
- венгерше *távíró*
- түрікше *telgraf*
- қазақша *telegraf*
- арабша *barqīya*

Көп жағдайда Еуропа тілдері *телеграф* сөзін грек тілінен алды, ал венгер тілінде аудармасы қолданылды: *távíró* 'alıs + zhazǵan'. Араб тілі телеграфты *barqīya* 'elektr + díq' арқылы түсіндіріп береді.

Телефон сөзі:

- Ағылшынша *telephone*
- французша *téléphone*
- немісше *Fernsprecher, Telefon*
- орысша *telefon*
- венгерше *távbeszélő, telefon*
- түрікше *telefon*
- қазақша *telefon (biraq: qonğırau?)*
- арабша *hātif* деп берілген.

Телефонды неміс тілі де, венгер тілі де оны «*алыс сөйлескен*» деп аударып береді. Араб әдеби тілі телефонды «*айқайлаған*» арқылы түсіндіріп береді.

Әлем тілдерінің көбінде ағылшын тіліндегі *radio* және *television* немесе соған ұқсас бір форма қолданылады (әрине қытай тілі айтарлық бәріне өз сөзін қосады). Бірақ қазақ тілінде *television* үшін *teledidar* қолданылады және ағылшын тіліндегі *video cassette* үшін *beynetaspa* сөзі қолданылады. Теледидардағы –*didar* және бейнетаспадағы *beune-* екеуі де парсы тілінен келеді.

Компьютер арқылы пайда болған терминдер барлық елдерде қолданысқа еніп жатыр. Жаңа цифрлық технологиялар бізге күн сайын жаңа сөздерді ұсынады.

- Ағылшынша *computer*
- французша *ordinateur*
- немісше *Computer*
- орысша *kompyuter*
- венгерше *számítógép*
- түрікше *bilgisayar*
- қазақша *kompyuter*

Ағылшын тіліндегі *computer* сөзі (этимологиясы латын тілінен) кейбір тілде аударылып беріледі, мысалы француз тіліндегі *ordinateur* «тізбеге салған», венгер тіліндегі тіліндегі *számítógép* «санаған + аппарат» және түрік тіліндегі *bilgisayar* «дата + санаған».

Датаны (уақытты) немесе ақпаратты жаздырып сақтау үшін бәрімізге мәлім бір құралды мысалға алайық:

- Ағылшынша *hard disk, hard drive*
- французша *disque dur*
- немісше *Festplatte*
- орысша *zhestkiy disk*
- венгерше *merevlemez*
- түрікше *hard disk, hard sürücü, sabit disk, sabit sürücü, sabit disk sürücüsü*
- қазақша *qatqıl disk*

Ағылшын тіліндегі *hard disk* француз, неміс, венгер, түрік және қазақ тілдеріне аударылған. Email, memoгу, printer сияқты сөздер де көп тілде түрліше аударылған. Internet үшін қазақ тілінде *ğalamtoғ* термині қолданылады, дегенмен ғалам сөзінің өзі араб тілінен («*ālam* ‘düniye’») алынған.

Қазақ тілін реформалау туралы сөз болғанда, **Осман империясы мен Түр-**

киядағы тілді дамыту мен реформалауға тоқталып, Түркиядағы алғашқы қадамдарды еске алу дұрыс болар еді. Бірінші болып Осман империясындағы “*Servet-i fûnun*” ағымын (1860ден кейін) еске алу керек. Басында *Tevfik Fikret* және кейін *Halit Ziya Uşaklıgil* болған осы ағым Еуропа әдебиетінің ықпалында болып, түрік әдебиетіне, тілге, оның термин саласына көп жаңалық енгізді. Сондай-ақ, көркемөнерге баса назар аударылып, көп жаңа терминдер жасалды. Бұл уақытта көп терминді араб тілінен алған сияқты, бірақ араб тілінің сөздіктерінде ол сөздер табылмады. Демек араб түбірлеріне жақын Еуропа тілдеріндегі жаңа концепцияларды аудару үшін көп неологизм жасалды. (Әрине соны неміс және венгер тілдерінде де көреміз, бірақ “*Servet-i fûnun*” ағымы қолданған тілде алу өте қиын еді.) Осы кезеңде әлде де араб графикасы қолданылатын еді.

Содан кейін, Түркия Республикасы құрылған соң Мустафа Кемал Ататүрік тіпті, басқа бір жолмен, араб графикасы орнына латын графикасын енгізу жолымен тіл мәселесін шешкісі келді. Оның ұсынысы нәтижесінде тіл бойынша бір комиссия құрылып, 1928 Түркия Парламенті осы мәселе бойынша жаңа заң қабылдады. Араб тілінде оқу, жазуды үйрену қиын деп латын графикасына көшу керектігі айтылды. Алғашында латын графикасына көшу үшін 5 жылдық мерзім беріліп, Ататүрк оны 3 айға қысқартты. Алдымен түрік тілінде араб және парсы тілінен алынған көп сөздер шығарылды. Ең басында тіл халықтың тіліне жақынырақ келді, бірақ кейін арабша-парсыша сөздердің орнына көп жаңа сөзді апта сайын, ай сайын шығарып газеттерде жариялады; кейбір сөздер қабылданды, бірақ кейбір сөздер халық арасында қабылданбады. Кейбір жұрнақты Сибириядағы түркі тілдерінен алып ескіден қалған сөздерге қосты (мысалы –*sal/ –sel* жұрнағын араб тілінен алынған *siyaset, tarih* сөздерінен жасалған сын есімдер *siyasi, tarihi* болып қалмады, *siyasal, tarihsel* формаларына өзгертілді). Сондай көп жаңа сөз енгізілген соң, түрік әдеби тілі халық сөйлескен тілден қайтадан алыс болып қалды. Тіл мәселелері саясатқа араласып кетті: 1970-ыншы жылдарда марксистер жаңа сөздерді, оларға қарсы болғандар ескі сөздерді қолданды.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі бойынша мәселені қазақ халқы өзі шешуі керек. Халықаралық терминдерді қолдану дұрыс па, орыс тілінен кірген терминдерді қолдану дұрыс па? Екеуі де мүмкін. (Ағылшын халқындағы: «Жаңа дос – күміс, ал ескі дос – алтын» дегендей, орыс тілінен келген терминдерді алып тастауға қарсы емеспін, бірақ соның да өз бағасы бар).

Мүмкін болғанша терминдерді (Алаш зиялыларының пікірінше) қазақ тіліне аудару дұрыс па? Немістер, венгерлер солай жасаған, бірақ онда олардың тілдерін үйрену тағы да қиын болады. Қазақ тіліне аударғанда да, ортақ бір түркі терминологияны жасау мүмкін бе? Грамматика бойынша терминдерге көз салсақ, түркі тілдердегі терминдер кейде бір-біріне тіпті ұқсамайды. Сондықтан бұл да ойлануды керек етеді.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтқандай, қазақ тілінде және көп басқа түркі тілдерінде араб және парсы тілдерінен алынған термин сөздер өте көп. Сол тарихи қордан пайдалану қазақ тілі үшін дұрыс болар еді.

АРНАЙЫ ФУНКЦИЯСЫ БАР ТІЛДІ ҮЙЛЕСТІРУДЕ ЕСКЕРІЛЕТІН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Ербол Әбдірәсілов

*Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Редакциялық-баспа бөлімі
меңгерушісінің орынбасары, филология ғылымдарының докторы, доцент*

Арнаулы лексика. Терминология – арнайы функцияны атқаратын тілдің бір бөлігі ғана. Ол түрлі салалардағы терминдердің қызметін жан-жақты зерттеумен айналысады. Біздің қазіргі кезде қарастырып жүрген, проблемаға айналдырып жүрген сөздеріміздің барлығы бірдей терминдер емес. Бұл мәселе соңғы 20-25 жыл ішінде басым түрде айтылып келеді. Тіл білімінде оны арнайы мақсатта қолданылатын тіл немесе сөздер немесе арнайы мақсаты бар тіл деп атайды. Оған терминдер ғана емес, жаңа сөздер де, кәсіби сөздер де, терминдер де, ресми лексика да кіреді. Бұл жалпы тіл білімінің деңгейінде қазіргі уақытта жаңалық емес.

Соған қарамастан, жаңа сөздердің айналасында, онымен байланысты проблемалар кездескен, талқыланған, көтерілген, шара ұйымдастырылған, тағы с.с. толып жатқан сәттердің барлығында жекелеген авторлар тарапынан: «Терминологтар қайда қарап отыр?» деген уәж жиі айтылады. Енді жоғарыда айтылып өткен арнаулы мақсаты бар тіл немесе арнайы функциясы бар тіл аясында ойланып көріңіздер, арнайы функциясы бар тілге де, терминге де, терминжасамға да, термин қалыптастыруға да, терминографияға да, осылардың барлығының практикалық аспектілеріне де тек терминологтар жауапты болуы керек пе? Әрине, жүйе олай емес, бұлай сын айту қисынға да, жүйелілік қағидатына да сәйкес келмейді.

Барша жаңа жасалған сөз атаулының барлығы бірдей термин емес екенін тағы да баса айтқымыз келеді. Арнайы функцияны атқаратын тілдерге құжат лексикасы, ғылым тілі, кәсіби сөздер, саяси лексика, интеграциялық атаулардың толып жатқан түрлері жатады.

Қаралып жүрген сөздерге жататындары да, жатпайтындары да бар. Сондықтан оларға тек терминологтар немесе терминмен айналысып жүрген мамандар ғана емес, баршамыз жауаптымыз, әркім өз саласы бойынша жауапты, өз тәрбиелеп отырған шәкірті, оның сол сөздерді қолдану, оралымдарды жеткізуі, жеткізе білуі арқылы жауапты. Демек, сіз бен біз жиі талдап, жиі шешімін таба алмай жататын, бұлай емес олай, олай емес бұлай болу керек деп жататын сөздер немесе терминдер қызмет атқармаса – нәтижеге қол жеткізілмегені.

Тіптен, терминдердің қалыптасуы да дайындалған мамандар мен жазылған оқулықтарда, сол сала тілінде сөйлейтін мамандардың ғылыми ұғымдарын тұрақты, сенімді түрде қолдануымен, қолданыста айналымға енгізумен де тығыз байланысты. Термин қалыптастыру дегеніміз – тек сөз жасау, терминді жасау, оның сөздіктерін шығару, тізбесін жасау, бекіту деген сөз емес. Тізілген терминдеріңіз сөйлемесе, ондай терминнен келіп-кететін пайда болмайды. Ресми

тілде немесе қағаз жүзіндегі еңбектермен ғана шектеліп қала береді. Ал қалың көпшілік немесе белгілі бір пәнді үйренемін, сол тілде сөйлеймін деушілердің алдында кездесетін қиындықтар жалғаса беретін болады.

Жоғарыда практикалық аспекті дегенді негізсіз айтқан жоқпыз. Біздің жазылып отырған ойларымыз да ғылыми мақала мақсатын көздемейді. Терминологияда да, терминографияда да, тіпті бұл салалардан тыс кез келген ғылымның саласында теориялық жағы бар да, практикалық жағы тағы бар. Оның үстіне, термин туралы дерексіз пайымдаулар айтудан гөрі практикалық қисынды ұсыныс түрінде жеткізуді жөн санадық.

Бүгінгі терминологияда теорияны талдауды, оны дерексіз түрде сөз етуді қойып, практикалық жағына қарай мән беруге, нақты жинақтаушы, жүйелеуші, қолданушы, қалыптастырушы әрекеттерді іске асыруға, қолға алуға басымдық береді. Ол – іс жүзінде терминдер мен арнаулы сөздерді қолдануға деген, олар туралы, олардың аудармасы туралы ақпараттарға деген сұраныстың нәтижесі. Өйткені қазіргі қоғам нақты практикалық шешімдерді қажет етеді. Әлемдік ғылым да, ғылым адамын дайындайтын білім беру жүйелері де осы бағытқа артықшылықты көбірек беріп отыр. Бұл – әлемдік үдеріс. Ал сан ғасырлар қараусыз болып келген немесе қарауы аз болып келген қазақтың терминдерінің қатарын бірізге, жүйеге түсіру, әсіресе, нақты қадамдарды, түсінетін жерін түсініп, жүйелі жұмыс жасауды қажет етеді.

Осы бағытта нақтырақ ойларымызды ұсынуға ұмтылып көрейік.

Негізсіз сын. Терминдерді сынауды сәнге айналдырдық. Бұл – шындық. Мәжбүрлі түрде мойынсұнуды қойып, болып жатқан процестің, шара қолданушы, шешім қабылдаушы тарапынан болып жатқан іс-қимылдың қисынын оң нәтижелерге қол жеткізу қиындау болмақ деген ойдамыз. Сын негізді болса, әрине, дұрыс. Бірақ сынаушы қауым жаңа атаулардың жасалуына өз үлестерін қоспаған мамандар болып жатады көбінесе. Бұлай сын айту негізсіз.

Екіншіден, қалыптастыра алмай жатқан сөздерімізге балама ұсынудың орнына сөздің түпкі мағынасын, тарихта берген мағынасын талдап, оның қазіргі ана мағынаны, мына мағынаны немесе қайсыбір дефиницияны (ғылыми мағынаны) білдіре алмайды деп сын айту сәнге айналды. Бұлайша шексіз талдасақ, тілдегі, соның ішіндегі қазақ тіліндегі де сөздердің барлығын жоққа шығаруға, тамтығын қалдырмауға болады. Сондағы айтпағымыз – қалыптасты ма, елдің аузы мен құлағы үйренді ме, жазуға үйреншікті сөзге айналды ма, енді өзге жағын жетістіріп алмай тұрғанда ұлт тілінде сөйлей бастаған ұғымдарды қазбалай түсудің қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз. Атыңызды шығарып, сөз арқылы ұпай мен даңқ иемденуге құмарлықты неге қоймасқа?!

Неге олай дейміз? Себебі – тілдегі шарттылық дегеннің бар екенін, оның ішінде сөз, термин жасауда да шарттылық белгілі бір дәрежеде қатысатындығын естен шығармағанымыз жөн. Көпшілік мойындауға тиісті де. Осы көпшілігіміздің сәтсіз аударма десек болды, сәтсіз жасалған термин десек болды келтіретін мысалымыз – сол *қылтима, шаптырма*. Әрине, дәрекілікті жария етпеу – барша

адамзаттың жасыра білу мәдениетіндегі түсінік. Бұл екі сөздің қазіргі ұғымдық түсініктер тұрғысынан қолайсыз жасалғаны да рас. Бірақ осындай кейбір сәтсіз аудармаларды алға тартып, сынның жөні осы екен деп өзге сөздерді кері шегерудің қажеттілігі жоқ деп ойлаймыз. Себебі тікұшақты, ұшақты, отынды, жүйені, айқұлақты, т.с.с сынға алудың негізін көріп отырған жоқпыз. Мәселе – қалыптастыра алмауымызда, қабылдай алмауымызда, қабылдауға дайын болмауымызда. Кім не десе де, тіл білімінің заңдылығы тұрғысынан, бұл – ақиқат.

Негізгі айтпағымыз – қазақ терминдерінің сәтсіздігін уәждеуде осы бір-екі сөзден басқа дүйім жұрттың өзге мысалдарды келтіре алмауы. Әрине, бұдан да басқа сөздерімізде кемшілік жетіп артылады. Осыған дейін қалыптасып үлгерген **сәйкестендіру** де *идентификацияны*, **ота** – *операцияны*, **екпе** – *вакцинаны*, тағы с.с. толып жатқан сөздер дәлме-дәл ашып бере алмайды. Термин жасауда мүмкіндігінше дефиницияны жан-жақты қамтып ашатын сөзбен беруге ұмтылу, әрине, орынды. Дегенмен, бұл тұста жоғарыда аталған шарттылықты және сонымен бірге дефиницияға тән бір белгінің ядро ретінде қызмет етіп, тұтастай терминнің тілдегі аударма баламасын беруге негіз бола алатындығын да ұмытпаған жөн. Айталық сәйкестік – «идентификацияны», «идентичности» анықтаудағы дефиницияның бір жағы, бірақ негізгі семасы. Осы негізде сәйкестендіру идентификацияға балама бола алып тұр. Бұл тұста «сәйкес келушілік», «сәйкес болушылық» – терминді ашуда ядролық сема қызметін атқара отырып, оның негізгі қызметін беруге ұмтылады.

Практикалық терминтану тұрғысынан елімізде қолданылатын тетіктердің бірі – **мемлекеттік терминком**. Терминком жұмысының кемшіліктері осыған дейін де белгілі авторлардың мақалаларында тарқатыла жазылды, ерекшелігі мен ескерілетін мәселелері көтерілді. Оны қайталап жатудың қажеті жоқ шығар. Дегенмен, айналдырған 20-30 күнде электрондық поштасына жіберілген мыңдаған терминді кез-келген кәсіби маман да, ғалым да, терминком мүшесі де сапалы талдап үлгермейтінін ескерген жөн. Бұл тұрғыдан мемтерминком жұмысы, оған ұсынылатын термин нұсқаларының негізделуі, ақпараты, талдамасы арнайы орталықтың немесе институттың жұмысының нәтижесіне сүйенуі қажеттілігі соңғы бірнеше жылдарда, тіпті онжылдықтарда айтылып келеді.

Оған қоса, мыңдаған терминдерді 2-3 сағатқа созылатын уақыттың ішінде мемтерминком отырысында қарастырып шығу да ақылға сыйымсыз. Мемтерминком мүшелері көздеріне ілігіп үлгерген терминдерге қатысты ойларын айтумен шектелетіндігі де шындық. Бұл терминдердің сапасына әсер ететіндігі түсінікті. Демек, мемтерминком жұмысының ұйымдастырылуы, үйлестіруі де қайта қарастыруды қажет етеді деген сөз.

Мемтерминком отырысы осылай аз уақыттың ішінде өткізілгеннің өзінде, оның қарауына ұсынылатын терминдер ұзақ уақыт сүзгіден өткізіліп, мониторинг жасалып, барлық мәнмәтін жүйесіндегі қызметі мен қолданысы жан-жақты қарастырылып барып ұсынылуы тиісті.

Бұл тұрғыдан **мониторинг** жасауға тиісті сала мамандары, мониторинг жасау-

дың барлық мүмкін болған тәсілдері қолданылуы тиісті. Ал мұндай ауқымды жұмыстарды бір маманның үйлестіріп отыруы орынсыз деп есептейміз. Мұндай жағдайда сапа тұрғысынан терминологиялық жұмыстардың тиісті деңгейде үйлестірілмейтіндігі анық. Бұл жұмыстар зерттеу, талдау, мониторинг, қайта сараптау, жасау, ұсыну, қалыптастыру, жинақтау, жетілдіру, қалыптасқан нұсқаны іріктеу, мәнмәтіндік қолданыстың үйлесімділігін, сөйлемдердің ішіндегі түрлену ерекшеліктерін анықтай отырып қалыптастыру әрекеттері түрінде дербес ұйымның, бірақ білікті мамандары бар ұйымның құзыретіне берілгені орынды.

Бір ғана дәйек келтірсек, бір терминнің аудармасының өзі әр салада әртүрлі қолданылуы мүмкін. Заң тілі тұрғысынан **рассмотрение сөзінің өзі қарау, қарастыру, предусмотреть сөзі көздеу, қарастыру, знак белгі, таңба** т.с.с. әртүрлі нұсқаларда келетін жағдайлар бар.

Тоқтала кететін тағы бір жайт – терминдердің жүйеленуін сөздік шығарумен өлшеуді де әдетке айналдырып алғандығымыз. Рас, сөздік шығару қажет, бірақ шығарылған сөздіктің барлығы жұмыс істемеуі, тиімділігі төмен болуы, сөздіктерден күтілетін нәтижені қамтамасыз ете алмауы мүмкін. Мәселе – сөздіктің қомақты болып шығуында емес, қамтылатын ақпаратының тиімді берілуінде. Бұл да өз – алдына қолға алынатын мәселе. Мысалы, қазіргі көп сөздіктердің құрылымынан, сөздік мақалалары мен анықтамаларынан талап етілетін сұраныс терминнің бірнеше салалардағы аударма нұсқаларының қатар берілуі, кешенді ақпараттың қамтылуы.

Сондай-ақ **терминологиялық база** мәселесі де терминтанудың айналасында өзекті болып отыр. Терминдердің дерекқоры – WORD, EXCELL, шағын дискілерге жазылып берілген тізілім түріндегі сөзтізбе емес. Өкінішке орай, біз терминологиялық базаны осылай түсініп жүрміз. Бұл – кешенді түрде жасалатын, бірнеше саланы қамтитын, ізденіс тілі бар, үнемі жетілдіріп, толықтырып отыруға болатын, онлайн режимде де көпшіліктің қолданысы үшін ұсынуға болатын күрделі бағдарламамен жасалған өнім. Қазіргі тілді үйлестіретін мемлекеттік орган мамандарының, сөздік шығарушылардың қолында бар сөздіктерінің қарапайым электрондық нұсқаларын терминдердің дерекқоры деп айта алмаймыз.

Дерекқор ізденіс арқылы оның бірнеше саладағы қолданыстарын, мысалдарын, түрлену ерекшеліктерін тұтастай қамтып көрсете алатын, екінші терминмен байланысын, қарсы сөз қолданысын, т.с.с. барынша толық қамтитын, күрделі бағдарламалық қамсыздандырумен қамтамасыз етілген жүйе болып саналады.

Бұл тұрғыдан шығарылған сөздіктердің материалдары да сараптамадан өткізіле отырып, қажетті тұстары мен деректері осы дерекқорға енгізілуі тиісті.

Қазіргідей латын қарпіне терминдерді біріздендіріп көшіру жағдайында мұндай терминдердің дерекқоры дайын өнім түрінде пайдаланылған болар еді.

Жинақтай айтқанда, практикалық терминтану тұрғысынан көрсетілген шаралар тиімді ұйымдастыруды талап етеді. Бұл бюрократиялық тәсілдермен емес, шығармашылыққа барынша жағдай жасай отырып, зерттеп-зерделене отырып шешілетін мәселелер қатарына жатады.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ЖӘНЕ ОРФОГРАФИЯСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Құралай Күдерина

*Сүлеймен Демирел университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Бүгінде «Қазақ жазуында проблема көп; қазақ орфографиясы тек қиындықтардан тұрады; жазуымыз айтылымымызды бұзып болды, үндестік заңына бағынып жазылмайтын сөздерді өзіміз «сындырып» жазбасақ, бізге кім реттеп жазып береді» деген пікірлер ара-тұра болса да айтылып жүр. Болмаса жазу тәжірибесінде кездесетін бірді-екілі қиындықтарды мыңға балап, «емлеміз ала-құла», «реформа жасау қажеттілігін тілшілер көрмейді, көрсе де көргісі келмейді» деген қоғамдық пікір қалыптастыруға тырысқан көзқарастар бар. Осыған байланысты шынында да жазуымыздың дегейі төмен бе, нақты қиындықтар қай тұста деген мәселелердің басын ашып, жұртшылықтың назарына ұсынудың қажеттілігі бар сияқты.

Әрине, қазақ графикасы мен емлесі тұрақтанып, уәжді жетілдірулер мен түзетулер енгізіліп отырса да, қазақ тілі орфографиялық сөздіктері орфограммаларды негізді заңдастырып келе жатса да, бүгінгі жазу емлемізде заңдастырылуы әлі де қиындық тудыратын проблемалар бар. Олар:

- бірге, бөлек жазылатын сөздердің емлесі;
- *ә* әрпінің екінші буында жазылуы;
- бейүндес сөздердің жазылуы
- *ы, і* әріптерінің емлесі;
- *х, һ, ф* әріптерінің берілуі;
- *и, у* әріптерінің жазылуы;
- бас әріптің таңбалануы;
- шеттілдік сөздердің қосымша қабылдау тәртібі;
- халықаралық, терминдік сөздердің жазылуы.

Қазақ жазуы деген сөз екіұшты пікір тудырып, дүдәмал ойға қалдырмас үшін, бұл ұғым қазақ әліпбиі, қазақ графикасы, орфографиясы, жазба тілі, жазба тілінің морфо-синтаксистік, лексикалық жүйесі дегенді білдіретін кең мағыналы сөз екенін ескерте кеткіміз келеді. Ал **латын жазуы, араб жазуы, арамей жазуы** деген тіркестер, керісінше, уәжсіз қолданылатын тіркестер, олар латын әліпбиі, араб әліпбиі болып қолданылуы қажет.

Енді бүгінгі қазақ жазуының келбеті қандай? Табиғаты неден шыққан? Бағыты қайда бара жатыр деген сауалдарға қысқаша тоқталып өтсек.

Әліпбиі – 28 қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарымен бірге шығыс тілдерінен енген сөздердің жазылуындағы дәстүрлілікті сақтау үшін **һ, ф** әріптерін және орыс тілі арқылы енген шеттілдік сөздерді орыс тілінің орфографиясына сай жазу үшін **в, ц, щ, ч, э, ю, я, ё, ъ, ь, х** таңбаларын үстемелеп алып, 31 әріптің орнына 42 әрпі бар, проф. Н.Уәли сөзімен айтқанда, екібасты құбыжық әліпбиі.

Орфографиясы – 1925, 1926, 1929ж. емле конференцияларында қабылданып, кейін орыс орфографиясының ережелеріне салынып жазылып кеткен, қазақ тілінің дыбыс үндестігіне негізделіп жазылады деген басты заңдылығынан айырылып келе жатқан емле.

Емле ұстанымы. Кез келген жазуды қалыптандыру үшін алдымен емленің басты ұстанымдарын (орфография принциптерін) белгілеп алудың жөні бар. Сондықтан қазақ жазуының алғашқы кезеңі емле принципін айқындап алу қиындылығымен өлшенді десек, бұл маңызды міндетті А.Байтұрсынұлы “туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қиналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін” төмендегі ұсыныстар арқылы шешкенін көреміз:

1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу.
2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.

3. Үйлестікпен дүдәмал естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу» (А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. А., 1991). Және осы айтқанын ғалым “Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады”, – деп айқындаған екен.

Бірақ қазақ жазуының даму, қалыптасу кезеңдеріне зер салсақ, емле мен әліпбиді жетілдіру сол жазу тарихымыздың алғашқы тәжірибелерінде айтылып, қабылданып, кейін ескерілмей, ұмыт қалдырылған тұстарды қалпына келтіру, қайта қарау негізінде жүргізіліп келетінін көреміз.

Біртіндеп таратсақ:

1) алғашқы латын графикасына негізделген жазуымыздың емле ережелерінде (1924, 1926, 1929жж.) және алғашқы емле сөздіктерінде (1941, 1948ж.) сөйлеуші санасында бір ұғым болып табылатын сөздер **бірге жазылады** делінді: 1941ж. емле сөздігі *атқора, ауажайылу, бейпілауыз, боссөз, ботатірсек, бұлшықет, белбайлау, қаракөк, қаракөлеңке, ашатұяқ, бақайқулық, бойұсыну, бөріойнақ, бұрнагыкүн, жіңішкеауру, кереқарыс, күретамыр, қаракөже, қасбатыр сияқты* көптеген сөздерді, 1948ж. емле сөздігі *алауыздық, алажаздай, алакөлеңке, алакөз, аласапыран, алатаң, алагоржын, алтатар, алқара, алқызыл, арампейіл, аржақ, асырасілтеу, асықжілік, атсалысу, атүсті, ашықауыз, аяқалыс, аяқасты, ақжүрек, ақжарқын, бассалу, басыбайлы, басыбүтін, беломыртқа, кішіжүз, кішіпейіл, неғылу, көкала* сөздерін бірге жазды. Бірақ кейін 1940ж. орыс графикасына негізделген қазіргі жазуымыздың әліпбиі қабылданып, 1952ж. негізгі емле ережелері түзілгенде құрама сөздердің мағынасы емес, олардың екі түбірден тұратын тұрпатына, өзара анықтағыштық қатынастағы грамматикалық белгісіне баса назар аударылды. Және ең сорақысы орыс тіліндегі дәл сол сөздің аудармасы бөлек немесе бірге жазылуына байланысты (*носовой платок – бет орамал*), (*железная дорога – темір жол*), сондай-ақ тұрақты тіркестер бөлек жазылатын орыс тілі орфографиясына сәйкес, эмоциялық-экспрессивтік, көркемдеуші сипатынан қол үзген, лексикалық атау дәрежесіндегі фразеологизмдер

ретінде бөлек жазылды. Кейін 1983ж. емле ережелеріне енгізіле бастаған түзетулер және 1988, 2000, 2006, 2007жж. орфографиялық сөздіктер енді сол, өткенге қайта оралу, жіберіп алған олқылықтарды толтыру бағытында жүріп келе жатыр.

Мысалға бүгінгі көзі ашық оқырман қазақ тіліндегі бірге жазылатын сөздердің мынадай формалды белгілерінің екшелгенін көрер еді **-лық, -қыш, -ар, -қы, -лар** ұластыруыш жұрнақтары және **хана, ара, аралық, басы, құмар, тану; хат, қап, гүл, бау, шөп, ақы, жай, жегі, тікен, жапырақ, тамыр** құрастыруыш сыңарлар арқылы біріккен сөздер жалпы бірге жазылатын сөздердің алдыңғы қатарын құрайды.

Қазақ тіліндегі сөздердің бірігуіне көбіне тіркес соңындағы қосымшалар кедергі болады екен: *алма ағашы, электр шамы, іс парағы*, т.с.с. Белгілі ғалым Н.Уәлиұлы осындағы **ы, і** езуліктерін түсіріп, бір зат, термин атауы ретінде бірге жазуды ұсынады: *электришам, іспарақ, алмаағаш*. 1929ж. Қызылордада қабылданған емле ережесінде Т.Шонанұлының ұсынуымен, калька тәсілімен аударылған тіркестердің тәуелдік жалғауынсыз жазылуы қабылданған еді. Ал 1934-1937ж. М.Кемал түрік тіліндегі мекеме аттарын тәуелдіктің III жақ жалғауынсыз қалыптастыруға күш жұмсаған екен: *Тенизбанк, Итібанк* т.б. Біздіңше, атаулардың номинативтенуі үшін, тіл экономиясы үшін, ұғымдардың танымдық сипатын күшейту үшін буын санын азайтып жазу, изафеттің 2-типіннің қолданысын шектеуде жазу қызметін пайдалану тиімді болмақ, яғни *іс қағазы* сөзін, мысалы, *ісқағаз* деп жазсақ, сөзді жинақылаймыз, екіншіден атауға ие болу процесін жеделдетеміз.

Кезінде 1929 ж. Қызылордадағы емле конференциясына қатысушылар “тілді тұтынушылар санасында біртұтас ұғым болып танылатын, екі сөзден тұратын, аралық қосымшасыз” сөздер бірігіп жазылады деген ереже шығарған. Бұл принцип 1929ж. емле ережесінде де, 1940ж. орыс графикасымен бірге түзілген емле ережесінің жобасында да, 1941ж. орфография сөздігінде де, 1948 ж. М.Балақаев құрастырған сөздікте де ұсталынды. Алайда сол сөздердің орыс тілінде бөлек жазылатын емлесінен (*народное хозяйство - халық шаруашылығы*, т.с.с.), орыс орфографиясында фразеологиялық тіркестердің бөлек таңбаланатындығынан, қазақ тіліндегі идиомалық атаулар мен лексикалық атаулардың арақатынасы сөзайналым процесі тұрғысынан дұрыс пайымдалмағандықтан, бөлек таңбаланатын сөз қатары көбейді. Бұл мәселені одан әрі ұшықтырды. Сондықтан емле ережемізге енгізілген түзетулер, емле сөздігіне енген өзгерістер, негізінен, бірге жазылатын сөздердің емлесін толықтыруға бағытталды, бір зат пен ұғым атауы болатын, қатар тұрып жұрнақтармен түрленетін тұрақты тіркестер соңғы 2007 ж. сөздікте бірге жазылды: *ақкөңіл, ақкөңілді, ақкөңілділік, ақкөңілдену, ақниет, ақниетті, ақниеттену, ақниеттілік, ержүрек, ержүректену, ақжағалдану, ақжарқындылық, ақжүректену, ақжүректену, ақжүректік, ақниетті, ақниеттену, ақниеттілік, ақпақұлақтану, ақпейілді, ақпейілділік, ақпейілдену, алакөңілдену, алакөңілдік, алақолдық, алаяқтық, атқамінерлік, атсалысушылық, атүстілік, ашкөздену, ашкөздік, ашықауыздық, ашықауыздану, басбұзарлық*,

баскесерлік, бассауғалау, бозөкпелік, бойұрушылық, боркеміктену, босбелбеулік, боссөзділік, бұлаңқұйрықтану, шаласауыттылық, бірбеткейлік, бірмінезділік, бірсөзділік, дүниеқоңыздану, дүниеқоңыздық т.б.

2) Қазіргі қазақ емлесінің бір алуан қиындығын әрпінің екінші буында жазылуы құрайды. Мысалы, *ділда-ділдә, күстана-күстәна, ділмар-ділмәр, тілмаш-тілмәш, тәкаппар-тәкәппар, кінарат-кінәрат, мұбарак-мұбәрәк, нәпақа-нәпәқа, мұшайра-мұшәйра, мінажат-мінәжат, көгершін-көгаршын, әмәнда-әманда, дүбәра-дүбара (дүбәралық), дүдәмал (дүдәмалдану, дүдәмалданбау, дүдәмалданған, дүдәмалды, дүдәмалдылық)-дүдәмал, жүдә-жүда, жүмлә-жүмла, күләпара-күлапара, күмәжнік-күмажнік, күмән (күмәні, күмәндану, күмәнданбау, күмәнданған, күмәнді, күмәнділік, күмәнсіз, күмәниіл) - күман, күнә-күна, кәмишат-кәмишәт, кәусар-кәусәр, кінә-кіна, мәмпәси-мәмпәси, мәрмәр-мәрмар, нәмәрт-нәмарт, піллә-пілла, шүбә-шүба, іңгә-іңга, бәдәуи-бәдауи, кәртеміс-қартамыс, ажуа-әжуә, азар-әзер, баз-бәз, аппақ-әппақ, лазым-ләзім, қанә-кәне, қазір-кәзір, тауба-тәуба, жәрәкімалла-жарәкімалла, уәләят-уалаят, күлмән-күлман, күстәна-күстана, мұкәммал-мұкаммал, пәруай-пәруәй, пәруана-пәруәна, пәтуа-пәтуә, тәурат-тәурәт* т.б. сөздері бірде **а**, бірде **ә** әрпімен жазылады, сондықтан қазақ емлесі бұларды босаң норма санайды. Соңғы буында **ә** әрпі жазылмайтыны туралы ереже алғашқы емле конференциясында (1924) кірме сөздерді не **а**, не **е** әрпі арқылы игеру керек деген ұстанымнан басталған еді (не *адабиат*, не *әдебиет*). Проф. Қ.Жұбанов *а/ә* дыбыстарының дүдәмалдығын анықтау алғаш қосымша жалғау әдісімен тексеруді ұсынды: “Көп буынды түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың **а-ә** екені дүдәмал болса, немесе дүдәмал болмай-ақ, анық **ә** дыбысы болса да, қосымша жуан түбірге жалғанғандағыдай жуан айтылады да, **а** мен **е**, **қ** мен **к**, **ғ** мен **г** бір келетін қосымшаларда **а**, **қ**, **ғ** жазылады. Оңайлық үшін ондай түбірдің соңғы буынына да **ә** жазылмай, **а** жазылады: *кітапқа (кітәпке емес)*” (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жайында зерттеулер. А., 1966).

Сөйтіп осы негізге орай қазақ орфографиясының алғашқы (1941 ж., 1948 ж.) емле сөздіктері бірінші буынның әсерінен екінші буында дүдәмал естілетін сөздерді **а** әрпімен таңбалады: *когаршын, кіна, күман, шүба, іңга, күна*. Ал 1963 жылдан бастап бұл сөздерге “тыныштық” болмады. Емле сөздігінің академиялық басылымы *күмән, куә, күнә, кінә, іңкәр, шүбә* сөздерін **ә** әрпімен таңбалап, қосымшаларды жуан жалғады. Осы қатардан айырмасы жоқ *ділда, ділмар, ләззат, күстана, пәтуа, рәсуа, мінажат, дүбара, дүдәмал* сөздерін **а** әрпімен заңдастырды. Тек 1988ж. III басылым *дүбәра, дүдәмал, күләпара* сөздерінің екінші буынына **ә** “түсірді”. Керісінше, алдыңғы екі басылымында жоқ *мұшәйра, әманда* сөздерін екі түрлі заңдастырды. *Мұшәйра* алдыңғы қатармен жіңішке-ру бағытында тұрса, *әманда* сөзі тілдегі *аман* түбірімен тексеріліп, жуан нұсқасымен жазылатын болды. Сөйтіп, бір позицияда тұрып, *күстана, дүбара, мұбарак, мұбада, мұттайым, мінажат, күшала, нәпақа, кінәрат, мұшайра, дүдәмал, әмәнда, пірәдар, пітуана, күлапара* сөздері әртүрлі таңбаланды.

Сөйтіп 1963ж. емле сөздігінен бері жазылуы *күмән, күмәнды, күмәнсыз, кінәга, кінәсы, кінәмшыл, кінәсыз, шүбәлы, шүбәсыз* деп ұсынылып келсе де, бұлардың күнделікті жазу тәжірибесінде *күмәні, күмәнді, кінәсі, кінәшіл, шүбәсіз* т.с.с. деп жазылуы қатеге саналмайтын болды. Кейін жазу практикасы мен сөздік арасында қайшылық туған соң, алдыңғысы ескеріліп, емле сөздігінің кейінгі ба-сылымдары ә-мен қалыптандырыла бастады. 2001ж. сөздік тек барыс жалғауын ғана жуан вариантта, басқа қосымшаларды жіңішке формада жалғауды ұсынды.

Бұл ереже осы қиындықтардан шығудың теориялық таянышын іздеген Н.Уәлиұлының негіздемесіне сүйенді: “Тегінде, жазудағы бірізділік үшін екі түрлі варианттың біріне тоқталған дұрыс. Бұл сөздерді дегенмен *шәй, жәй, жәй-лау, күнә, шүбә, күмән* деп бірізді жазып, қосымшаларды жуан вариантта жалғау орынды да деп ойлаймыз. Жуан варианттағы қосымшалар өзінің негізгі грамма-тикалық қызметімен қатар, түбір морфемадағы фонеманың <a> екендігін көрсе-тетін белгі /сигнал/ ретінде графикалық қосымша қызмет атқарады деп қарауға болады» (Қазақ орфографиядағы қиындықтар. А., 1988.).

Бүгінде жазу практикасы мен нормасы арасындағы қайшылықтан арылу үшін 2005 жылы орфографиялық сөздік атанған сөздерге тек барыс септігі мен көптік жалғауын жуан вариантта, қалған жалғауларды жіңішке вариантта жалғауды заңдастырды. Екінші буында [ә] естілетін түбірлер /ә/ - әрпімен жазылып, ба-рыс, шығыс, көптік жалғауларынан және етістік тудыратын жұрнақтан (-лан) басқа қосымшалар жіңішке жалғанатын болды. Яғни 2000 жылға дейін әртүр-лі жазылып келген осы қиындық орфографиясының фонетикалық принципіне сай дыбысталуынша жазылады, яғни [күмәндәніп], [кінәләрің], [күуәләндіру] деп айтылатын сөздердің үшінші, соңғы буында /ә/ әрпімен жазылмайтынын қазіргі кез келген тілтұтынушы біледі: *куәлік, куәлі, куәсіз, куәсі, бірақ куәсіна, куәландыру, куәга, куәлар, куәдан; күмәнді, күмәнсіз, күмәнділік, күмәні, бірақ күмәндану, күмәнға, күмәндар, күмәніна, күмәннан; кінәлі, кінәсіз, кінәсі, бірақ кінәга, кінәлар, кінәсіна, кінәсінан, кінәдан, кінәлану, шүбәлік, шүбәлілік, шүбәсіз, шүбәсі, бірақ шүбәлану, шүбәга, шүбәсіна, шүбәлар, шүбәдан.*

3) **Үндесім заңы.** Қазақ жазуына құбыжық ретінде қарайтындардың енді бір уәжі – *қазір, кітап, мектеп, қате, қадір, қайтіп, қайтсе, күнәкар, кінәрат, бірақ, қызмет, құдірет, құзірет, қабілет* сөздерінің үндесім заңына бағынбай жазы-латыны, сөйтіп, қазақ тілінің сөз сазын өзінің жазуы бұзып келе жатқаны. Ата буын өкілдері біледі: аталған сөздердің осы тұрпатта жазылуы орыс жазуына көшкенде емес, 1929ж. латын жазуы тұсында белгіленді. Латын жазуы алдыңғы қазақ жазуларына (көне түркі, араб, төте жазу) қарағанда «өте» дыбыстық жазу болды. 1924ж. Орынборда өткен конференцияда қазақ емлесінің негізі үндестік заңынан шығарылды. Жазу сөздің үндесім нормасына жақын жазылатыны бел-гіленді. Бірақ, бір таңқаларлығы, ереженің 1-бабының 1-ескертуінде-ақ «-нікі жұрнағы бар сөздерде, парсы тілінен басқа тілден енген кірме сөздерде үндестік сақталынбайды» және «үндестік заңына бағынбайтын сөздер айтылуы бойынша

жазылады (*бірақ, кітап*)» делінді (Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі, Орынбор, 1925). Таңғаларлығы деп отырғанымыз, үндесіммен айтылмаған сөздер ендеше, осылай орта үндесім болып дыбысталғаны ғой. Яғни айтылуда бұл сөздер бейүндес емес: [к'а'дір], [кіт'а'п], [к'а'те], [м'ұғ'әлім], [к'а'зір], [б'ір'әк'], [к'ізмет], [к'а'б'лет], бірыңғай жіңішке немесе бірыңғай жуан емес, тіл ортасы қалпын сақтап айтылады.

Түркі халықтарының ішінде тілдің ата заңын қағазға бекіткен жалғыз қазақ халқы десек, осы қатарды да бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке жазуға болатын еді. Бірақ олай болмаған. Ендеше алғашқы ережені қазақ тілінің үндестік заңын бұзған ереже емес, жуан үндесім мен жіңішке үндесім арасында аралық үндесім бар екенін жазу арқылы заңдастырған ереже деп танимыз.

Мәселе мынада. Сөз жеке тұрып болмаса түбір қалпында ғана жұмсалмайды. Ал сөздің түбір тұрпатын грамматикалық тұлғалары анықтайды. Мысалыға *қадір, кітап, қате, мұғалім сөздері қадырлану, қадырлары өту, қадырына жету болмаса, кәдірлену, кәдірлері өту, кәдіріне жету; қытаптар, қытапқа, қытабы болмаса, кітәптер, кітәпке, кітәбі; қатасы көп, қаталасты болмаса, кәтесі көп, кәтелесті; мұғалымға, мұғалымдар, мұғалымы немесе мұғәлімге, мұғәлімдер, мұғәлімі* болып айтылмайды, я жергілікті сөйлеу ерекшеліктерінде кездеседі.

1929ж. емле ережесі қазақ жазуы тіліміздің басты заңдылығы – үндесім заңына табан тірейтінін, оны қазіргі ережедегідей сөздің соңғы буынына ғана қатысты емес, сөздің бүкіл өн бойына (түбір, қосымша) қатысты алатынында жатыр.

4) Сол сияқты **ы, і әріптерінің** сөз мағынасына, дыбысталуына әсер етпесе, түсіріліп таңбалануы да жазу тарихымыздың алғашқы кезеңдерінде негізделген, кейін қабылданбаған емле тұстары деп ойлаймыз.

Мысалға *қорытынды, тағылым, құрылыс, ауыру, қазына, лағынет, нақұрыс, хазірет, қатынас, қазына, меңіреу, саңырау, саңылау, самұрық, жауырын, қайырыл, мәжіліс, ғылыми, жапырақ, шаңырақ, мәлімет, қабылан, жұмырық, үңірей, мейірім, құдірет, айырым, қабілет, абырой, төңірек, қайырым, қоңырау, тағылым, сұмырай, мәміле, құбылыс, тақырып* сияқты сөздер бүгінгі жазарман үшін **ы** әрпімен жазамыз ба әлде, **ы** әрпін түсіріп жазамыз ба деген қиындық тудырады.

А.Байтұрсынұлы араб жазуының дәстүріне сай **ы, і** әріптерін сөз мағынасына әсер етпесе, түсіріп жазуды ұсынды. Аталған мәселеге Қ.Жұбановтың ойы да А.Байтұрсынұлымен үндес болды. Алайда 1929ж. емле конференциясында Е.Омаров пен Қ.Кемеңгерұлы **ы, ұ** әріптерін барлық позияцияда таңбалауды дұрыс деп тапты.

Бірақ 1940ж. орыс графикасымен бірге қабылдаған орфография ережелері “ы” әрпі орыстың толық дауысты “ы”- сы есебінде және қазақтың қысаң “ы”- сы есебінде де қолданылады. Мысалы: *былтыр, қалық, орын, арық, рынок, рычаг*. Ескерту: “ы” әріптері дүдәмәл естілгенде я буын араларында алып тастағанда, сөз мағынасы бұзылмайтын болса, жазылмайды. Мысалы: *Смағұл (Ысмағұл емес),*

рет (ірет емес), Ахмет (Ахымет емес), мағна (мағына емес), жұрт (жұрыт емес), жалт-жұлт (жалыт-жұлыт емес) т.б.” деген емле қабылдады. Сөйтіп, қатардағы тілтұтынушы үшін қысаң езуліктердің мағына ажырату сипатын тану қиындық тудырды. Сөйтіп, орфографиядағы ала-құлалық басталды.

Алайда қысаң дауыстылардың барлық буында таңбалану емлесіне жұртшылық бірдей келісе қойған жоқ. Мысалы, Қ.Аманжолов “Қазақ жазу ережемінде ерекше көзге түсіп жүрген кемшіліктер **ы, і** әріптерінің таңбасын өте көп қолданып жатқандығымыз. Әліппе – миллион құралы. Сол миллиондардың ішінен “Япырай, осы **ы, і** әрпін азырақ қолдансақ қайтеді екен” дегенді үнемі естуіміз тегін емес. Шынында да, *жыйылысымызды* деген сөздің өзінде алты **ы** бар. **Ы, і**-ні неғұрлым аз жазуға тырысушылықты екінің бірінің жазуынан көруге болады. Айталық: *Дауылбай – Даулбай, Нұрпейіс – Нұрпейс, жиын, қиын... Шырақ* деудің орнына *ирақ* деп жазсақ қателесе қоймаймыз” деді. Бірақ проф. М.Балақаев бұл қиындықты шешу үшін “**ы, і** дыбысы естілген жердің бәрінде жазылады” деген ереже ұсынады.

Сонымен, ол – **ы, і** әріптерінің емлесіне қатысты бір-біріне қарама-қарсы екі бағытты көреміз. Бір бағыт жазуды нормалаудың алғашқы сатысында **ы, і**-лерді мүмкіндігінше қысқартып жазады және кейінгі кезеңдерде де, қысқартып жазуды негізгі мақсат етеді (мысалы, тәуелдік жалғауын қосқанда түбірдің соңғы буынындағы қысандарды *халық-халқы, көрік-көркі* немесе біріккен сөз жігіндегі екі дауыстының қысандарын түсіріп жазуды алыңыз: *өлі ара – өлара, алтыатар – алтатар* (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, 1988), *ешкіемер – ешкемер, алтыаяқ – алтаяқ, саптыаяқ – саптаяқ, сарыағаш – сарағаш, сарыөрік – сарөрік* (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, 2000ж.).

Екінші бағыт селбеспе (дәнекер, қыстырынды) дыбыс ретінде 2-3 дауыссыз дыбыс қатар келмейді, түбір мен қосымшаның (*фондыға, киоскіге*), сөз, буын аяғы **б, д, ғ, г** ұяндарына аяқталмайды деп *тағылым, абырой, әділет, әбілет, жағылан, жебірейіл, жұдырық, қабылан* сөздерінде **ы, і** әріптерін пайдаланды ұсынады. Сөйтіп, осындай бағыттардың үрдісінен **ы, і** әріптерін қысқартып жазудың мынадай сатылары болды:

I-саты. Соңғы буынында қысаң дауысты бар түбірге құрамында ашық дауысты бар қосымша жалғанғанда түбірдегі **ы, і** әріптерінің түсіріліп жазылуы. Мысалы, *бүйір – бүйрек, дәуір – дәурен, ерін – ернеу, бауыр – баура, бауыр – баурай, жиын – жина, қорық – қорқа, қойын – қойнау, мойын – мойнақ, қайыр – қайрақ, күйіс – күйсе, айыр – айран, үрік – үркек, қиын – қина, жалық – жалқау, жайыл – жайлау, жайла, қайыр – қайрақ, қайра, қорық – қорқақ, қорқу, қорқыт, сарын – сарна, зорық – зорға, ойын – ойнақ, ойын – ойна, жұрын – жұрнақ, түйін – түйнек, сарық – сарқы, жалық – жалқау, жайыл – жайла, көрін – көрнеу, жерік – жеркен, көрік – көркем, сары – сарғай, орын – орна, уақыт – уақтылы, қырық – қырқынышы, айыр – айрықша, ресім – ресми, алты – алтау, жеті – жетеу. Бұл саты қазақ орфографиясында дау тудырмайды.*

II-саты соңғы буында қысаң дауыстылары бар түбірге тәуелдік жалғауының III жағын жалғағанда **ы, і** әріптерінің түсірілуімен байланысты: *мойын – мойны, ауыз – аузы, дауыс – даусы, ерін – ерні, құлық – құлқы, бөрік – бөркі, көрік – көркі, мүлік – мүлкі, халық – халқы, ерік – еркі, қарын – қарны, сиық – сиқы, қайын – қайны, кеуіл – кеулі, қалып – қалпы, әліп – әліні, ғұрып – ғұрпы, қырық – қырқы, әріп – әрпі, мұрын – мұрны, сұрық – сұрқы, шырық – шырқы, қайын – қайны, нарық – нарқы, парық – парқы, ырық – ырқы, тәйір – тәйірі, тәрік – тәркі*. Бұл орфограммалар 1929ж. емле ережелерінде қабылданғанмен, 1988 ж. емле сөздігімізде ғана кодификацияланды. Бірақ қысаң дауыстыларды үнемдеп таңбалаудың осы сатысында проблема болды. Ол Н.Уәлиұлының айтуы бойынша, **ы, і** қысаңдарын редукциялап жазғанда семантикалық қарсылыққа ұшырайтын мына сияқты сөздерге қатысты: *ауыл – ауылы, көңіл – көңілі, бауыр – бауыры, жиын – жиыны, сайын – сайыны, жайын – жайыны, ақыл – ақылы*. Сондықтан емле сөздігінің 2000 ж. басылымы екі орфограмманы да норма ретінде ұсынды. Алайда *ауылы, бауыры, көңілі, ақылы, жиыны* нұсқаларын заңдастырудың негізі бар деп білеміз.

III-сатыға біріккен сөз жігінде қатар келген екі дауыстының қысаң дауыстысын түсіріп жазу үрдісі алынады. Мысалы, 1988ж. емле сөздігінде *саратан, сарауру, сарбалақ, сарбуын, сарбұға, саргідір, сарқұлақ, сарсолма, сарсу, сартабан, сартаңдақ, сартап, сартұқым, сарүйек, саршұнақ, өлара, алтатар*, 2000 ж. сөздікте *ешкемер, алтаяқ, саптаяқ, сарағаш, сарөрік, келсап, кертартпа, жақсат* (2000 ж.) сөздері **ы, і**-сіз заңдастырыла бастады. Жалпы, бұрын қазақ емлесі морфологиялық принципке құрылған, ал морфологиялық принцип сөздің түбірін сақтап жазу деген ұғым біріккен сөздердің түбірін сақтап біріктіруді (кіріктіруді емес) заңдастырды. Алайда әсіресе екі түбір жігіндегі қос дауыстының (*ала-аяқ*) немесе қысаң мен ашық дауыстының (*сарыала*) біреуін, оның ішінде ашық дауыстыны ғана таңбалау (!) үрдісі көбейді. Осыны ескеріп, емле сөздіктері қысаң дауыстыны және екі ашық дауыстының біреуін түсіріп жазуды нормалай бастады. Бұл қазақ орфографиясының түбір, не түбір мен қосымша жігінде фонетикалық принципті ұстанатынынан шықты. Алайда біріккен сөздің жазба тұрпаты сөздің этимологиясынан ақпарат беріп тұруы шарт деп санаймыз. [сармай], [сарсазан], [сарсұу] деп айтылатын сөздердің *сары* түбіріне қатысын жазу ғана сақтап, тіл қойнауына апара алады. Сондықтан *сарымай, сарысазан, жақсыат, келісап* деген орфограммалардың заңдастырылуы заңды болар еді дейміз.

IV-саты. /ы/ - әрпін үнемдеп жазудың келесі сатысы бітеу буын аралығында келген қысаңдарға байланысты: Мысалы: *қызмет, сахна, сіңлі, ресми, рақмет, құрмет, емле, мемлекет, ауру, бағлан, тарлан, жарлық, жирен, зәулім, қайрылу, құрлық, лоблу, мақлұқат, мақрұм, мәкрүк, мәслихат, саңдақ, тәурат, емеурін, саңлақ, медресе, бұйрық, құрлық, мағлұм, мағлұмат, айрық, айрықша, даурық, қайрақ, сәурік, самаурын, қайны, салбурын, наурыз, бурыл, тегеурін, мойнақ, мейлінше, арлан, гибрат, ғұрлы*. Сонда фонемалық (ақпараттық) мәні жоқ, таңбаланбауы мазмұнға нұқсан келтірмейтін әріптерді түсіріп жазу болашақ жазу

бағыттары үшін негізгі үрдіс болу керек дейміз. Енді қысандар түсірілмей жазылатын жоғарыдағыдан айырмашылығы жоқ мына сөздерге назар аударайық: *сүмірей, кекірік, құбыла, топырақ, айырыл, жымырай, әзірейіл, бекіре, қазымыр, аңызға, еңіре, ақырет, қымыран, мағына, дәрігер, қорытынды, әділет, бекіре, ақырын, атырап, әбілет, емірен, жағылан, жамыра, жебірейіл, жұдырық, заныран, кекілік, көкірек, қойылым, қаңыра, қапырық, құмыра, тоқыра, мекіре, құбыла, мәжіліс, тоқырауын, құбылыс, шақырым, ықылым, ыңыран, ысырап, ібіліс, оқыра, омырау, саңылау, тәжірибе, текірек, шатыраш, шежіре, шүңірей, ықылас, ықылық, ғылыми, бүкірей, иірім, ерітінді, басылым, көрініс, жұмырық, сауырын, жайылым.*

Қазақ тілінде тірек дауыссыз ретінде дауыссыздардың жуан езулік үндесім варианты алынатынын еске алсақ (**бы, ғы, ды, жы, зы**) және сондай шепте түсіріп жазылу қазақ жазуында бар үлгі болғандықтан, 3 буыннан артық ашық буынмен келетін, екінші буындағы дауыссыз бен үнді арасындағы **ы, і** езуліктері таңбаланатын сөздерді ықшамдап, **ы, і** әріптерінің дәнекерінсіз, бітеу буынмен таңбалауға болады деп ойлаймыз: *тағлым, мейрім, қайрым, аброй, ажрасу айрылу, ақрет, атрап, атрау, ауру, базна, баслым, қаблан, қаблет, қағлез, қазмыр, қазна, жаурын, қапрық, қасрет, қатнас, қортынды, қослыс* т.б.

Әрине, бұл – ойда жүрген, ойласуға шақырған пікірлер. Сөз соңында жоғарыда аталған емле қиындықтарына тап болған тұста Қазақ тілі орфографиялық сөздігінің Арыс баспасы, 2007 ж., 2013 ж. басылымдарын басшылыққа алуды ескертеміз.

КІРМЕ ТЕРМИНДЕРДІ ҚАБЫЛДАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Сәбира Исакова

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

Кірме сөздердің табиғатын тану үшін тіл және сол тілдің қолданысы сияқты екі әлеуметтік-лингвистикалық шындық арасындағы айырмашылықты түсінудің маңызы зор. Тіл – белгілі бір ұғымды немесе затты, түсінікті белгілейтін және ұлттық дыбысталуы бар ортақ қабылданған таңбалар жүйесі. Тіл дыбыстық, мағыналық, сөзжасамдық, синтаксистік, емле ережелерінің жүйесінен тұрады. Тіл қолданысы дегеніміз – қарым-қатынастың нақты жағдаятына адамдардың тілдік бірліктерді пайдалануы.

Кірме терминдер тілдік жүйелер арасындағы белсенді қарым-қатынастың нәтижесі болып саналады. Тілдік жүйенің кірме қабаты сол тілді қолданушылар арқылы жүзеге асып отырады. Осы тұрғыдан кірме сөздерге төмендегідей анықтама беруге болады:

Кірме сөздер деген тілаларлық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар т.б.). Бұл жердегі әңгіме – кірме сөздер дегеніміз не? - дегендікте емес, оларды қалай қабылдау керектігінде болып отыр.

Шет тілінен сөз қабылдауды Эйнар Хауген былайша сипаттайды: «Попытку говорящего воспроизвести в одном языке навыки, усвоенные им в качестве носителя другого языка» [1,345].

Көптеген авторлар шет тілінен сөз қабылдағанда ол сөздер өздері енген тілге жан-жақты бейімделуге жақын тұратындығын айтады. Мәселен, Я.П.Крысин шет тілінен сөз қабылдау процесін бір тілден екінші тілге түрлі элементтердің енуі деп түсінеді. Автордың «түрлі элементтер» деп отырғаны – тілдің басты-басты құрылымдары: фонетика, лексика, морфология, синтаксис т.б [2,19].

Біз болсақ, сөз қабылдау дегенді жаңа ұғымдар мен түсініктерді атау үшін өзге тілдің сөздік қорынан сөз алу деп түсінеміз. Кез келген тілде сөз алмасу - мейлі ол әдеби тілде болсын, терминологиялық жүйеде болсын заңды құбылыс. Жоғарыда айттық, мәселе сөз қабылдауда емес, мәселе олардың тілімізге қалай қабылдануында болып отыр. Осыған орай кірме терминдерді еуропа тілдері қалай қабылдап жүр деген мәселеге жауап іздеп көрелік.

Ең алдымен, біз «халықаралық терминдер» деп аталып кеткен ұғымға аздап тоқталайық.

Ағылшын тілінде интернационализм немесе халықаралық сөздер деп мағынасы мен шығу төркіні жағынан ұқсас болып келетін кірме сөздерді атайды. Бұл сөздер бірнеше тілдердің ұзақ уақыт өзара байланыстарының нәтижесінде пайда болады. Айтылуы мен жазылуы бірдей болғандықтан олар бірнеше тілдер арасында түсінікті болады (И.В. Арнольд).

Тілші ғалымдар арасында сөз немесе термин «халықаралық» мәртебеге ие болуы үшін неше тілде қолданылуы керек? Қандай тілдердің сөздері «халықаралық» сөздер қатарына ене алады? деген сұрақтар пікірталас тудырып жүр. Бірақ оған әлі күнге нақты жауап берілген жоқ. Орыс тілінде интернационализмдерге «әртүрлі тілдерде бірдей мағына беретін, бірақ әр тілдің заңдылығына сай рәсімделетін халықаралық лексикалық қор» [3, 131] деген анықтама берілген. Қазақ тіліндегі халықаралық терминдер деп жүрген лексикалық бірліктеріміз жоғарғы анықтамаға сәйкес келмейді.

Қазақ тіліне шеттен енген сөздерге қазақша балама іздей бастасақ, «жоқ, бұл халықаралық термин, оны қазақшаға аударуға болмайды» деп шыға келеміз. Ал шындығында, «халықаралық терминдер дегеніміз қандай сөздер»? – дегенге республикамыздағы белгілі терминолог Байынқол Қалиұлы былай дейді: «Халықаралық терминдер дегеніміз – арғы тегі латын, грек сөздері негізінде пайда болған еуропа тілдерінің сөздері. Ол сөздер орыс тіліне еніп, орыс тілінің тілдік заңдары бойынша азды-көпті өзгерістерге түсіп, қалыптасқан. Бұл сөздер қазақ тіліне (түркі тілдеріне де) енген жағдайда, «олар ешқандай өзгерістерге түспей, орыс тілінде қалай айтылса, солай айтылуы, қалай жазылса солай жазылуы керек» деген талап қойылады. Сондағы дәлелі: бұлар – дүниежүзі халықтарына ортақ сөздер».

Ал шындыққа келсек, «халықаралық терминдер» деген термин жоқ. Болса, оладың ішінде ең құрығанда қытай, жапон, араб, парсы тәрізді шығыс халықтарының немесе түркі халықтарының бір-екі сөзі жүретін еді ғой, - дей келіп, ғалым: «Термин дегеніміз бар болғаны кез келген тілдегі ғылыми ұғымдардың атаулары ғана. Әр халық ғылыми терминдерді өздерінің ұлттық тілдері негізінде өздері жасап алулары керек» деп түйіндейді [4].

Орыс ғалымы М.М. Маковский халықаралық терминдердің бар екеніне күмән келтіреді [5,168]. Француз ғалымы Марион Казула: «халықаралық терминдер деп жүргеніміз – экономикасы, ғылымы мен білімі басым елдің тілінің үстемдік етуі нәтижесінде пайда болған кірме сөздер; халықаралық термин немесе сөздер дегеніміз шартты атау,» - дейді. Гилад болса, Цукерманның «иврит тілі үшін халықаралық терминдер ағылшын, француз, неміс, орыс, поляк тілдері ғана бола алады» деген пікірін сынайды [6, 3].

Келтірілген пікірлерден шығатын қорытынды біреу ғана: ол - халықаралық терминдер деген атаудың шартты екендігі. Халықаралық терминдерге төркіні тек грек-латын тілдерінен шыққан сөздер ғана жатқызылады екен.

Енді кірме терминдерді еуропа тілдері қалай қабылдап жүр деген мәселеге нақтырақ тоқталайық. Ең алдымен, осы тақырып аясында француз тілшілерінің L.Deroy, M.Pergnier, Maurais Jacques, Touratier Christian, Marion Casula, чех ғалымдары Г. Чермак, П.Хаузер еңбектерін атап өткеніміз жөн болар.

Француз тіліндегі шет тілінен енген кірме сөздердің төменде берілген кестесіне назар салайық (Petit Robert et Larousse сөздіктері бойынша алынған мәлімет, H.Walter (1997).

Langues d'emprunts	Nombre de mots
anglais (et américain)	2613
italien (et dialectes)	1164
dialectes gallo-romans dont provençal	1012 502
germanique ancien dont ancien scandinave	694 72
arabe	442
allemand (et dialectes germaniques)	408
espagnol (et dialectes hispaniques)	362
néerlandais	312
langues d'Asie dont japonais	258 83
langues celtiques dont breton	236 40
langues amérindiennes	233
langues slaves et baltes	148
langues malayo-polynésiennes et d'Océanie	137
persan	98
sanskrit	89
langues chamito-sémitiques (sans l'arabe)	94
langues africaines	81
portugais	68
turc	58
langues scandinaves modernes	47
pré indo-européen	39
langues créoles	22
langues finno-ougriennes	21
divers (arménien, basque, etc.)	20

Кестеде француз тіліне енген кірме терминдердің саны және олардың 25-тен аса тілдерден енгені туралы мәлімет беріліп тұр. Біз бұл жерде француз тіліне енген кірме терминдердің санына емес, олардың қабылдану қағидаттарына назар салғымыз келеді. Бұл туралы Christiane Loubier «Politique de l'emprunt linguistique»

(2017) (Кірме сөздерді қабылдау саясаты, «De l’usage de l’emprunt linguistique» (Кірме сөздердің қолданысы туралы) (2011) деген еңбектерінің мәні ерекше.

Біз «Кірме сөздерді қабылдау саясаты» еңбегінің толық мазмұнымен таныстыруды мақсат етпейміз. Тек оның V және IX бөлімдеріне ғана арнайы талдау жасамақпыз.

Préambule	Алғы сөз
SECTION I	I-БӨЛІМ
Rappel du dispositif législatif	ЗАҢДЫҚ ЖҮЙЕ ТУРАЛЫ
SECTION II	II-БӨЛІМ
Objectifs de la politique	Саясаттың мақсаты
SECTION III	III-БӨЛІМ
Champ d’application	Пайдалану саласы
SECTION IV	IV -БӨЛІМ
Définition de l’emprunt linguistique	Кірме сөздердің анықтамасы
<u>SECTION V</u>	<u>V-БӨЛІМ</u>
<u>Principes d’intervention</u>	<u>Қабылдау қағидаттары</u>
SECTION VI	VI -БӨЛІМ
Typologie des critères d’analyse des emprunts	Кірме сөздерді талдау өлшемдерінің типологиясы
SECTION VII	VII-БӨЛІМ
Acceptabilité des emprunts	Кірме сөздерді бекіту
SECTION VIII	VIII-БӨЛІМ
Critères d’analyse de l’acceptabilité des emprunts	Кірме сөздерді бекітуді талдау өлшемдері
<u>SECTION IX</u>	<u>IX -БӨЛІМ</u>
<u>Adaptation des emprunts</u>	<u>Кірме сөздердің бейімделуі</u>
Entrée en vigueur	Күшіне ену
Glossaire	Сөздік

Еңбекте кірме терминдерді қабылдау қағидаттары нормативті және негізгі болып екіге бөлінеді:

1. *Нормативті қағидат*. Кірме терминдерді қабылдауда, өзгертуде француз тілінің нормасы басшылыққа алынады.

2. *Негізгі қағидаттар*.

1. **Тіл сөйлермендерінің тілдік күзiреттілігін жақсарту**. Тіл сөйлермендерінің қоғамдық өмірдің барлық саласында француз тілі сөздерін, сөз тіркестерін, терминдерін кеңінен қолдануына жағдай жасау, ол сөздер кірме сөздерге балама болуы тиіс.

2. **Француз тілінде жаңа сөз жасауға ынталандыру**. Жаңа сөз жасау тілдік жоспарлаудағы маңызды тәсіл болып саналады. Француз тілі өзінің тілдік жүйесінің өміршендігін үнемі дәлелдеп отыруы тиіс.

3. **Кірме сөздерді тілді байыту құралы ретінде мойындау.** Кірме сөздерді тиімді пайдалану тілдегі термин мәселесін шешуге ықпал етеді. Сол себепті де кірме сөздерді қабылдау саясаты жасалынған және заңдастырылған терминдерді пайдалануға мүмкіндік беретінін мойындауымыз керек. Сонымен бірге кірме терминдердің тілдік жүйені байытуға, кеңейтуге ықпал ететіндей әлеуеті болуын ескеру қажет. Мұның барлығы кірме сөз тілге енбес бұрын анықталуы шарт.

4. **Кірме сөздердің тілге бейімделуі.** Француз тіліне енген кірме сөздердің барлығы графикалық, морфологиялық, лексикалық және т.б. тілдік бейімделулерден өтуі тиіс. Мысалы:

- кірме сөздердің жазылуын француз әліпбиіне бейімдеп, шет тілінің таңбаларын алып тастап, жеңілдетіп қабылдау (*canyon, pina colada*) немесе француз тіліне тән емес дыбыс қатарларын қысқарту (*naan емес, nan...*), кірме графемаларды ауыстыру арқылы (*cheikh емес, cheik; malström, maelström емес, malstrom, banca емес banque* ...) дауысты е дыбысының ашық не жабық айтылуын білдіретін *è (accent grave), é (accent aigu)* диакритикалық таңбаларды қосу (*allégro, anthropocène, pérestroika*), екпінді өзгерту (*autographe, soprano*);

- кірме сөздердің жекеше және көпше түрлерін француз тілінің нормасына сай өзгерту (*soprani емес, sopranos*);

- француз тілінің деривациялық үлгісіне салып, кірме сөздерден туынды тіл бірліктерін жасау: кірме сөздің соңы *-er* аяқталған жағдайда, оған *-eur; -euse (footballleur, globe-trotteur, rockeur)* жалғау, кірме сөздің соңы *-ing* аяқталған жағдайда, оған *-age* немесе *er (aquaplanage, couponnage, jogger)* қосымшасын жалғау;

- шет тілінен енген сөз бөлек жазылса, оны біріктіріп жазу (*chiche taouk емес chichetaouk*) т.б.

Енді чех тілінің кірме терминдерді қабылдау тәжірибесіне көз салайық. Чех тілі де - кірме сөздер мен терминдерді қабылдауды аса сақтықпен, мұқияттылықпен іске асыратын еуропа тілдерінің бірі. Чех ғалымы П. Хаузер кірме терминдерді қабылдаудың үш тәсілін атап көрсетеді. Олар:

1. **Деривация** (чех. Дериwаце), яғни бастапқы тіл бірліктерінен басқа туынды тіл бірліктерін жасау;

2. **Аббревиация** (чех. Абрераце), кірме сөзді қысқарту арқылы жаңа сөз жасау;

3. **Композиция** (чех. Композице), сөз қосу. Мысалы, грек-латын тілінен *akademie-* греч. *Ἀκαδημία*, *katedra-* *lat. cathedra, autor*; медицинада *puls-* *лат. pulsus*, заң саласында *proces-* *лат. processus, generál-* *лат. generalis, tragédie-* *греч. τραγῳδία*, *roezie-* *греч. ποιήσις*, *drama-* *греч. δράμα*).

Француз тілінен *blûza-* *фр. Blouson, manžeta - фр. manchette, salón-* *фр. salon, bujón-* *фр. bouillon*; Испан тілінен *armáda-* *исп. armada*; Италиян тілінен *tempo-* *ит. a tempo, duet-* *ит. Duetto, soprán-* *ит. soprano*; Ағылшын тілінен *hokej-* *англ. Hockey*.

Жоғарыда берілген мысалдардан қандай тіл болмасын, кірме терминдерді

қабылдау қағидаттары ең алдымен ұлттық тілдің мүддесін көздейтіндігі анық байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тіліндегі сияқты кірме терминдердің, сол терминдер енген тілдердің мүддесін бірінші орынға қоятын тілді кездестіру мүмкін емес. Бұлай дейтін себебіміз, біз кірме терминдерді орыс тілінде қалай дыбысталса, солай дыбыстап, қалай жазылса, дәл солай етіп жазу үшін латын графикасына негізделген жаңа әліпбиімізге тілімізде жоқ дыбыстарды енгіздік. Ол аз болғандай, халықаралық терминдерді аударып, тілімізге бейімдейтін болсақ, «өркениеттен кеш қаламыз, ғылым мен техникамыз дамымайды, қазақ тілін ешкім үйренгісі келмейді» деген жаңсақ пікірлерді көлденең тартатын болдық.

Қазақ тіл білімінің білгірі, профессор Б. Қалиұлы: «Шет тілдерінен келген сөздерді ешбір өзгеріссіз солайымен ала беретін болсақ, қазақ тілі үндестік заңына негізделген жалғамалылық тілдер құрамынан шығып, флективті тілдер құрамына ауысып кетеді,» - деп, өзінің жан айқайын әрбір үш мақаласының бірінде қайталайды. Бұл пікірде үлкен мән бар. Егер ол пікірге құлақ аспасақ, қазақ тілін дамытамыз деп жүріп, оны жоғалтып алуымыз әбден мүмкін.

Халықтар арасындағы мәдени-экономикалық байланыстар тілдегі сөз алмасу үдерістеріне ықпал ететіні сөзсіз. Ол дыбыстық, морфологиялық, семантикалық деңгейде көрінуі мүмкін. Бірақ бұл ықпалдың шегі болуы керек. Әрбір тілдің өзіндік тарихи даму жолы және сол жолмен байланысты қалыптасқан нақты тілдік формалары бар. Оны бұзу, сақтамау тілдің жойылуына әкелері сөзсіз. Дүниежүзіндегі ең кең тараған тілдердің мақсаты да сол – аз ұлттар тілдерін жойып, ортақ тіл жасау.

Халықаралық тіл жасау деген мәселені көтеріп жүргендер де аз емес, бұл өз алдына бөлек сұрақ. Осы орайда белгілі ғалым Эдуард Сепир (Edward Sapir écrit: «Le langage est probablement le plus indépendant, le plus massivement résistant de tous les phénomènes sociaux» [7,146] (аудармасы: «Тіл – барлық әлеуметтік құбылыстардың ішіндегі ең тұрақтысы және ең тәуелсізі») деп атап көрсетеді.

Сондықтан біз үшін тіліміздің қазақи табиғатын сақтап қалу мәселесі – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл тұрғыдан жазуымызды латын қарпіне көшіру кезінде кірме сөздеріміз бен терминдеріміз қалай жазылады деген сұрақ туындауы сөзсіз. Жаңа қабылданған төл дыбыс таңбасымен халықаралық терминдерде де үндесімге бағынып жазылуы тиіс. Орыс тілі арқылы енген кірме терминдерді қайта електен өткізіп, оларды түпнұсқа тіл негізінде жазу басшылыққа алынуы қажет. Олай етпесек орыс орфографиясының нормасына жүгіну сол бойдан қала береді. Мәселен, химия араб. *ءایمیک* – himie, физика – греч. *φύσις* fizike, техника – греч. *τεχνικός* tehnikе, т.б. болып жазылуы тиіс.

Қазіргі терминдердегі жұрнақтардың көбі орыс тілі арқылы енген латын суффикстері екені белгілі. Мысалы, -ция – -sion/-tion деген латын жұрнағы, ол орыс тіліне presentation, construction, action деген сияқты сөздердің құрамында келген. -ist, -ism, -al жұрнақтары да pianist, physicist (физик), abstractionism (абстракционизм), central, formal сөздерімен енген. Ал жаңа қазақ жазуында түпнұсқа

тілдегі жазылуы бойынша таңбаланғаны жөн. Бұл түрік тіліндегі терминденуге де сәйкес келеді. Мысалы, түрік тілінде филологиялық терминдер я аударылды, я түпнұсқаға жақындатылып жазылады: morfoloji, fonetik, fonem, grafikler, transkripsiyon. Сонда қазақ тіліндегі жұрнақтар -ция, -изм емес, -sion, -ism болып жазылу және айтылу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хауген Э. Процесс заимствования // Новое в лингвистике. - М.; Прогресс, 1972, - Вып. 4. – С.344-383.
2. Крысин Л.П. Иноязычные слова в современном русском языке. - М.: Наука, 1968-208с.
5. 3.Матвеева Т.В. Полный словарь лингвистических терминов. -Ростов н/Д: Феникс, 2010. -562 с.
3. Қалиев Б. Халықаралық терминдерді неге аударуға болмайды?!//Жас Алаш республикалық газеті. 29 қаңтар, 2018 жыл.
4. Маковский М.М. Теория лексической аттракции. -М., 1971. 250 с.
5. Marion Casula. L'emprunt linguistique// Compte-rendu de lecture. Méthodologie (SCL A08). Licence 1. AMU. Faculté ALLSHS d'Aix-en-Provence.10.11.14
6. Sapir, E. (1921). Chapitre 9 : Comment les langues s'influencent réciproquement. In : Le langage (pp. 137-146). Paris : Payot.
7. Deroy, L., L'Emprunt Linguistique. Cahiers de l'Institut de Linguistique de Louvain, Société d'Édition « Belles Lettres »1980
8. Pergnier, M., 1989, Les anglicismes. 1re édition. Presses Universitaires de France, Paris.
9. Maurais Jacques, ÜProblĀmatique de l'emprunt lexicalá, in Travaux de terminologie et de linguistique I, QuĀbec, 1982, pp. 87-106.
7. 11.Touratier Christian, ÜLes problÑmes de l'empruntá, in L'emprunt, Aix-en-Provence, UniversitĀ de Provence (Coll. Travaux, 12, Cercle linguistique d'Aixen-Provence), 1994, pp. 11-22.

ШЕТТІЛДІК ТЕРМИНДЕРДІҢ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(қазақ, түрік, әзербайжан және өзбек тілдерінің материалдары негізінде)

Сәрсен Құлманов

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Әлемдегі кез келген тілдің шет тілдерінен сөз қабылдайтындығы және мұндай кірме сөздер қабылдаушы тілдің фонеморфологиялық бейімделуіне байланысты екі топқа бөлінетіндігі белгілі: 1) түпнұсқа тілде немесе аралық (делдал) тілде қалай жазылса, солай жазылатын (айтылатын) сөздер; 2) фонетика-морфологиялық бейнесін өзгертіп, қабылдаушы тілдің заңдылығына икемделген сөздер. Басқа тілден сөз қабылдау мәселесін қарастыра келе, А.А. Реформатский: «Кірме сөздердің ішінен, ең алдымен, «игерілген» (усвоенные), «меңгерілген» (освоенные) және «игерілген» (усвоенные), алайда «меңгерілмеген» (не освоенные) сөздерді ажырата білу керек» [1, 140] деген тұжырым жасайды.

Қазақ тілінің қазіргі қолданыстағы орфографиясында кірме сөздерге қатысты екі түрлі қағидат қолданылады: 1) қазақтың төл сөздері мен араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер қазақ тілінің заңдылығы бойынша жазылады (айтылады); 2) шет тілдерінен орыс тілі арқылы еніп жатқан сөздер осы тілдің орфографиясы негізінде жазылып (айтылып) келеді. Осыған байланысты осы уақытқа дейін а) кірме сөздердің барлығын (оның ішінде терминдерді де) қазақ тілінің заңдылығы бойынша жазу керек және ә) кірме сөздер орыс орфографиясымен жазылуы керек деген кереғар көзқарас бар. Өкініштісі сол, қазіргі түркі тілдерінің көбінде екінші қағидат басымдық алып келеді.

Бұрынғы Кеңес одағының құрамында болып, тәуелсіздік алған бірқатар түркітілдес мемлекеттер әліпбиін латын қарпіне ауыстырғаны белгілі. Алайда ол тілдердің терминологиясында шет тілдерінен енген терминдерді транслитерациялау және транскрипциялау мәселесі толық шешілді деп айта алмаймыз. Бұл мәселе қазіргі түркі тілдерінің барлығында бар десек қателеспейміз.

Түрік әдеби тіліне енген ғылым мен техникаға қатысты кірме терминдердің көпшілігі өзгеріссіз алынады. Өйткені олар, әдетте, «ұғымдардың бастапқы атауларын» білдіреді. Соңғы жылдары интеграциялану мен жаһандану процесіне байланысты кірме сөздер түрік тілінде еуропа тілдерінен көптеп енуде, дәлірек айтсақ, олардың негізін латын және итальян тілдерінің сөздері құрайды [2, 15].

Түрік тіліне шет тілдерінен енген терминдер негізінен төмендегіше жіктеледі: 1) ғылым мен техника саласының терминдері: а) медицина саласының терминдері: *stres (stress) – стресс; epikriz (epicrisis) – эпикриз; liposuction (liposuction) – липосакция*; ә) компьютер терминдері: *bit (bit) – бит; cobol (Cobol) – Кобол*;

çet (chat) – чат; hekir (haker, hacker) – хакер; internet (internet) – интернет; б) өсімдік және жануарлар әлеміне қатысты терминдер: *buldok (bulldog) – бульдог; flâmingo (flamingo) – фламинго; çarliston (charleston) – чарльстон; greypfrut (grape fruit) – грейпфрут; ғ) өнер: caz (jazz) – джаз; fokstrot (fox-trott) – фокстрот; folk (folk) – фолк; hit (hit) – хит және т.б.; 2) экономика саласының терминдері: bar (bar); akseptans (acceptance); banknot (bank-note) – банкнот; çek (check, cheque) – чек; fob (free on board) – фоб, kliring (clearing) – клиринг; aktüeryal (aktuarial); marketing (marketing); partner (partner) – партнер; brokir (broker) – брокер және т.б.; 3) қоғамдық-саяси лексика: aparthayd (apartheid) – апартеид; boykot (boycott) – бойкот, dominyon (dominion) – доминион, lider (leader) – лидер, lord, lort (lord) – лорд және т.б.; 4) спорт саласының терминдері: ralli (rally) – ралли; sprint (sprint-) – спринт; hokey (hockey) – хоккей; kriket (cricket) – крикет; kros (cross) – кросс және т.б.; 5) шоу-бизнес (сән, мәдениет, музыка, кино, телевидение) саласының терминдері: blazer (blazer) – блейзер; frak (frock) – фрак; kep (cap) – кепи; tabloid (tabloid) – таблоид; rating (rating) – рейтинг, soundtrack – саундтрек және т.б. [3, 137-142].*

Зерттеушілердің көрсетуінше, әзербайжан тіліне шет тілдерінен енген терминдер негізінен тілдік заңдылықтарға бейімделіп алынады. Мысалы, *infrastruktur (инфраструктура), magistral (магистральный), bakterial (бактериальный), industriya (индустрия), hidro-inşaat (гидро-строительство), deaktivləşdirmək (деактивизировать), etnografiya (этнография), makrobentos (макро-бентос), makrofauna (макро-фауна)* және т.б. [4].

Өзбек тіліне шет тілдерінен енген терминдер негізінен аралық (делдал) орыс тілі арқылы алынып, өзбек тілінде айтылуына жақындатуға тырысу байқалады. Алайда өзбек тіліндегі банк-қаржы саласы терминдерінің 30%-ы кірме сөздер болып табылады. Мысалы, *akkreditiv (аккредитив), aktiv (актив), aktsiya (акция), aliment (алимент), amortizatsiya (амортизация), arxiv (архив), auditor (аудитор), budjet (бюджет), integratsiya (интеграция), fyuchers (фьючерс), resurs (ресурс)* және т.б. Бұл терминдердің көпшілігі «игерілген» (усвоенные) және «меңгерілген» (освоенные) терминдер саналады. Өйткені олар қоғамдық өмірде кең қолданылатын сөздер болып табылады [5].

Қазіргі кезде «халықаралық» деп аталып жүрген шеттілдік терминдердің түркі тілдерінде қолданылуын қарастыра келе, біз оларды шартты түрде төмендегідей топтарға бөліп қарастырамыз.

1. Шеттілдік терминдердің түркі тілдерінде түпнұсқадағы немесе аралық (делдал) тілдегі формасын сақтап қолданылуы

Шеттілдік терминдердің кез келген тілге енуіне ең алдымен қазіргі кезде ғылым мен техниканың дамуы себеп болып отыр. Сонымен қатар мұндай кірме терминдердің қатарына қандай да бір «шетелдік өмірдегі» реалийді белгілейтін сөздерді де жатқызуға болады.

Қазак тіліндегі шеттілдік терминдер орыс тілі арқылы қабылданып, орыс

тілінің айтылу нормасына «бейімделіп» алынған. Мысалы: ағылшын – *agent*, орыс – *агент*, қазақ – *агент*; ағылшын – *bank*, орыс – *банк*, қазақ – *банк*; ағылшын – *grant*, орыс – *грант*, қазақ – *грант*; ағылшын – *deposit*, орыс – *депозит*, қазақ – *депозит*; ағылшын – *journal*, орыс – *журнал*, қазақ – *журнал*; ағылшын – *impeachment*, орыс – *импичмент*, қазақ – *импичмент*; ағылшын – *capital*, орыс – *капитал*, қазақ – *капитал*; ағылшын – *license*, орыс – *лицензия*, қазақ – *лицензия*; ағылшын – *memorandum*, орыс – *меморандум*, қазақ – *меморандум*; ағылшын – *oligarchy*, орыс – *олигархия*, қазақ – *олигархия*; ағылшын – *patent*, орыс – *патент*, қазақ – *патент*; ағылшын – *resident*, орыс – *резидент*, қазақ – *резидент*; ағылшын – *standard*, орыс – *стандарт*, қазақ – *стандарт*; ағылшын – *transit*, орыс – *транзит*, қазақ – *транзит*; ағылшын – *franchise*, орыс – *франшиза*, қазақ – *франшиза*; ағылшын – *hedge*, орыс – *хедж*, қазақ – *хедж*; ағылшын – *cedel*, орыс – *цедел*, қазақ – *цедел*; ағылшын – *cent*, орыс – *цент*, қазақ – *цент*; ағылшын – *charter*, орыс – *чартер*, қазақ – *чартер*; ағылшын – *cipher*, орыс – *шифр*, қазақ – *шифр*; ағылшын – *export*, орыс – *экспорт*, қазақ – *экспорт*; ағылшын – *usance*, орыс – *юзанс*, қазақ – *юзанс*; ағылшын – *yard*, орыс – *ярд*, қазақ – *ярд* және т.б.

Салыстырылып отырған түркі тілдеріне енген шеттілдік терминдердің басым көпшілігі ғылым мен техника саласына қатысты. Мысалы: ағылшын – *accessory*, түрік – *aksesuar*, әзербайжан – *aksesuar*, өзбек – *aksesuar*; ағылшын – *bank*, түрік – *bank*, әзербайжан – *bank*, өзбек – *bank*; ағылшын – *index*, түрік – *indeks*, әзербайжан – *indeks*, өзбек – *indeks*; ағылшын – *code*, түрік – *kod*, әзербайжан – *kod*, өзбек – *kod*; ағылшын – *credit*, түрік – *kredit*, әзербайжан – *kredit*, өзбек – *kredit*; ағылшын – *office*, түрік – *ofis*, әзербайжан – *ofis*, өзбек – *ofis*; ағылшын – *patent*, түрік – *patent*, әзербайжан – *patent*, өзбек – *patent*; ағылшын – *sertificate*, түрік – *sertifikat*, әзербайжан – *sertifikat*, өзбек – *sertifikat*; ағылшын – *trance*, түрік – *trans*, әзербайжан – *trans*, өзбек – *trans* және т.б.

Шеттілдік терминдердің түркі тілдерінде, соның ішінде, басымдығы бойынша келтірсек, қазақ, өзбек және әзербайжан тілдерінде түпнұсқадағы немесе аралық (делдал) тілдегі формасын сақтап қолданылуын бұл мемлекеттердің бұрынғы Кеңес одағының құрамында болуымен және орыс тілінің әсері күшті болғандығымен (әлі де болып отырғандығымен) түсіндіруге болады. Ал түрік елінің саяси жүйесі басқа болғандықтан, мұндай әсер айтарлықтай байқалмайды.

2. Шеттілдік терминдердің түркі тілдерінің төл сөздерімен аударылып қолданылуы

Қазақ тілінде терминжасам тәсілдерінің бірі ретіндегі шеттілдік терминдердің баламасы ретінде төл тілдің сөздерін қолдану ХХ ғасырдың басында Алаш зиялыларының еңбектерінен бастау алғанымен, Кеңес одағы тұсында саяси жағдайдың ықпалынан әлсіреп қалып, тәуелсіздік алған жылдары біршама қарқын алды. Мысалы; ағылшын – *authority*, орыс – *авторитет*, қазақ – *бедел*; ағылшын – *administration*, орыс – *администрация*, қазақ – *әкімшілік*; ағылшын – *blocking*, орыс – *блокировка*, қазақ – *бұғат*; ағылшын – *version*, орыс – *версия*,

қазақ – **нобай**; ағылшын – *diversification*, орыс – *диверсификация*, қазақ – **әртараптандыру**; ағылшын – *document*, орыс – *документ*, қазақ – **құжат**; ағылшын – *initiative*, орыс – *инициатива*, қазақ – **бастама**; ағылшын – *collective*, орыс – *коллектив*, қазақ – **ұжым**; ағылшын – *method*, орыс – *метод*, қазақ – **әдіс**; ағылшын – *modernization*, орыс – *модернизация*, қазақ – **жаңғырту**; ағылшын – *motivation*, орыс – *мотивация*, қазақ – **уәжділік**; ағылшын – *neutrality*, орыс – *нейтральность*, қазақ – **бейтараптық**; ағылшын – *optimization*, орыс – *оптимизация*, қазақ – **оңтайландыру**; ағылшын – *organizer*, орыс – *организатор*, қазақ – **ұйымдастырушы**; ағылшын – *plan*, орыс – *план*, қазақ – **жоспар**; ағылшын – *privatization*, орыс – *приватизация*, қазақ – **жекешелендіру**; ағылшын – *region*, орыс – *регион*, қазақ – **өңір**; ағылшын – *recommendation*, орыс – *рекомендация*, қазақ – **ұсыным**; ағылшын – *season*, орыс – *сезон*, қазақ – **маусым**; ағылшын – *situation*, орыс – *ситуация*, қазақ – **жағдаят**; ағылшын – *sponsor*, орыс – *спонсор*, қазақ – **демеуші**; ағылшын – *structure*, орыс – *структура*, қазақ – **құрылым**; ағылшын – *sovereignty*, орыс – *суверенитет*, қазақ – **егемендік**; ағылшын – *unification*, орыс – *унификация*, қазақ – **біріздендіру**; ағылшын – *financing*, орыс – *финансирование*, қазақ – **қаржыландыру**; ағылшын – *fund*, орыс – *фонд*, қазақ – **қор**; ағылшын – *form*, орыс – *форма*, қазақ – **нысан**; ағылшын – *expert*, орыс – *эксперт*, қазақ – **сарапшы** және т.б.

Салыстырылып отырған түрік, әзербайжан және өзбек тілдерінде шеттілдік терминдердің аударылып қолданылуы олардың қазақ тіліндегі мөлшеріне қарағанда басымырақ. Мысалы, ағылшын – *act*, түрік – **hareket**, өзбек – **harakat**; ағылшын – *audit*, түрік – **denetim**; ағылшын – *auditor*, түрік – **denetçi**; ағылшын – *auctioner*, түрік – **mezatçı**; ағылшын – *balance*, түрік – **denge**, әзербайжан – **balans**, өзбек – **muvozanat**; ағылшын – *businessman*, түрік – **işadamı**, әзербайжан – **biznesmen**, **iş adamı**, өзбек – **tadbirkor**; ағылшын – *debit*, түрік – **borç**, әзербайжан – **debet**, өзбек – **debet**; ағылшын – *deposit*, түрік – **mevduat**, әзербайжан – **depozit**, **əmanət**, өзбек – **depozit**; ағылшын – *dealer*, түрік – **satici, toptancı, borsa ajanı**, әзербайжан – **diler**, өзбек – **sotuvchi**; ағылшын – *dualism*, түрік – **ikilik**, әзербайжан – **dualizm**, өзбек – **dualizm**; ағылшын – *import*, түрік – **ithalat**, әзербайжан – **idخال**, өзбек – **import**; ағылшын – *indicator*, түрік – **gösterge**, әзербайжан – **indiqator**, өзбек – **belgisi**; ағылшын – *industry*, түрік – **endüstri**, әзербайжан – **sənaye, industri**, өзбек – **sanoat**; ағылшын – *innovation*, түрік – **yenilik**, әзербайжан – **innovasiya, yenilik**, өзбек – **yangilik**; ағылшын – *capital*, түрік – **sermaye**, әзербайжан – **kapital**, өзбек – **sarmoya**; ағылшын – *client*, түрік – **müşteri**, әзербайжан – **müşteri**, өзбек – **mijozlar**; ағылшын – *company*, түрік – **şirket**, әзербайжан – **şirkət**, өзбек – **kompaniya**; ағылшын – *coefficient*, түрік – **katsayi, koefisyan**, әзербайжан – **əmsal**, өзбек – **nisbati**; ағылшын – *lot*, түрік – **parça, tür, parti(mal)**, әзербайжан – **lot**; ағылшын – *memorandum*, түрік – **muhtıra**, әзербайжан – **memorandum**, өзбек – **memorandum**; ағылшын – *memorial*, түрік – **anıt**, әзербайжан – **memorial, xatirə**, өзбек – **yodgorlik**; ағылшын – *manager*, түрік – **yönetmen**, әзербайжан – **menecer**, өзбек

– *menejer*; ағылшын – *monopoly*, түрік – *tekel, tek satıcı*, әзербайжан – *inhisarçılıq*, өзбек – *monopoliya*; ағылшын – *order*, түрік – *sipariş, talimat*, әзербайжан – *order*, өзбек – *buyurtma*; ағылшын – *offset*, түрік – *dengeleme*, әзербайжан – *ofset*, өзбек – *ofset*; ағылшын – *resident*, түрік – *oturan*, әзербайжан – *rezident*, өзбек – *rezident*; ағылшын – *reforms*, түрік – *reform*, әзербайжан – *islahat*, өзбек – *islohotlar*; ағылшын – *summit*, түрік – *zirve*, әзербайжан – *sammit, zirvə*, өзбек – *sammit*; ағылшын – *sanction*, түрік – *yaptırım*, әзербайжан – *sanksiya*, өзбек – *sanksiya*; ағылшын – *swing*, түрік – *sallamak*, әзербайжан – *sving*, өзбек – *tebranish*; ағылшын – *switch*, түрік – *şalter, değiştirmek*, әзербайжан – *svitç*, өзбек – *switch*; ағылшын – *tender*, түрік – *ihale*, әзербайжан – *tender*, өзбек – *tender*; ағылшын – *urbanization*, түрік – *kentleşme*, әзербайжан – *urbanizasiya*, өзбек – *urbanizatsiya*; ағылшын – *factor*, түрік – *faktör*, әзербайжан – *faktor, amil*, өзбек – *omil*; ағылшын – *economist*, түрік – *ekonomist*, әзербайжан – *iqtisadçı*, өзбек – *iqtisodchi*; ағылшын – *jurisdiction*, түрік – *yargı*, әзербайжан – *yurisdiksiya*, өзбек – *yurisdiktsiya* және т.б.

Біздің байқағанымыз, шеттілдік терминдерге балама ретінде өз тілінің сөздік қорын қолдану түрік тілінде басымдау болса, одан кейінгі орында әзербайжан тілі тұрады, ал өзбек және қазақ тілдерінде бұл құбылыстың деңгейі төмен.

3. Шеттілдік терминдердің түркі тілдерінің фономорфологиялық ерекшелігіне бейімделіп қолданылуы

Қазақ тіліндегі терминдер негізінен орыс тілі арқылы (орыс тіліндегідей жазылып, айтылады) қабылданғанымен, кейінгі кездері тіліміздің айтылуына «сындырып алу» процесі байқалады. Мысалы, ағылшын – *euro*, орыс – *евро*, қазақ – *еуро*; ағылшын – *eurobank*, орыс – *евробанк*, қазақ – *еуробанк* және т.б.

Мұндай құбылыс салыстырылып отырған түрік, әзербайжан, өзбек тілдерінде қазақ тіліне қарағанда басымырақ. Мысалы, ағылшын – *agent*, түрік – *ajan*, әзербайжан – *agent*, өзбек – *agent*; ағылшын – *base*, түрік – *baz*, әзербайжан – *baza*, өзбек – *baza*; ағылшын – *devaluation*, түрік – *devalüasyon*, әзербайжан – *devalvasiya*, өзбек – *devalvatsiya*; ағылшын – *dynamics*, түрік – *dinamik*, әзербайжан – *dinamika*, өзбек – *dinamika*; ағылшын – *logistics*, түрік – *lojistik*, әзербайжан – *lojistik*, өзбек – *logistika*; ағылшын – *offshore*; түрік – *off-shore*, әзербайжан – *ofşor*; өзбек – *offshor*; ағылшын – *policy*; түрік – *poliçe*, әзербайжан – *polis*; өзбек – *siyosat*; ағылшын – *sector*; түрік – *sektör*, әзербайжан – *sektor*; өзбек – *sektor*; ағылшын – *strategy*; түрік – *strateji*, әзербайжан – *strategiya*; өзбек – *strategiya*; ағылшын – *cipher*; түрік – *şifre*, әзербайжан – *şifr*; өзбек – *shifr* және т.б.

Шеттілдік терминдерді өз тілдерінің фономорфологиялық ерекшелігіне бейімдеп қабылдау түрік тілінде басымдау болса, одан кейінгі орында әзербайжан тілі тұрады, ал қазақ және өзбек тілдерінде бұл құбылыстың деңгейі төмен.

4. Шеттілдік терминдердің түркі тілдерінің өзіндік формаларымен түрленуі

Бұл тәсіл әлемнің барлық тілдерінде кездеседі. Мысалы, ағылшын тіліндегі *-tion* жұрнағы орыс тіліне *-ция* жұрнағымен аударылса, қазақ тілінде орыс тіліндегі нұсқасы сол күйінде қабылданады (*-ция*) немесе орыс тіліндегі нұсқасына

-лау жұрнағы жалғанады; ағылшын тіліндегі **-ization** жұрнағы орыс тіліне **-изация** жұрнағымен аударылса, қазақ тілінде орыс тіліндегі нұсқасы сол күйінде қабылданады (**-изация**) және орыс тіліндегі нұсқасына **-деу/-дау/-леу, -ландыру, -тану, -мендіру** жұрнақтары жалғанады; ағылшын тіліндегі **-ing** жұрнағы орыс тіліне **-ние, -инг** жұрнақтарымен аударылса, қазақ тілінде орыс тіліндегі нұсқасы сол күйінде қабылданады (**-ние, -инг**) және **-тау//-дау // -деу//-леу//-лау** жұрнақтары жалғанады және т.б. Мысалы, а) зат есім: ағылшын – *importer*; орыс – *импортер*; қазақ – *импорттаушы*; ағылшын – *agency*; орыс – *агентство*; қазақ – *агенттік*; ағылшын – *bankruptcy*; орыс – *банкротство*; қазақ – *банкроттық*; ағылшын – *bootlegging*; орыс – *бутлегерство*; қазақ – *бутлегерлік*; ағылшын – *keynesianism*; орыс – *кейнсианство*; қазақ – *кейнсиилдік*; ә) етістік: ағылшын – *attestation*; орыс – *аттестация*; *аттестаттау*, ағылшын – *commercialization*; орыс – *коммерциализация*; қазақ – *коммерцияландыру*, ағылшын – *ratification*; орыс – *ратификация*; қазақ – *ратификация*, *ратификаттау*; ағылшын – *regulation*; орыс – *регламентация*; қазақ – *регламенттеу*; б) сын есім: ағылшын – *absolute*; орыс – *абсолютный*; қазақ – *абсолюттік*; ағылшын – *abstract*; орыс – *абстрактный*; қазақ – *абстрактілі*; ағылшын – *affiliated*; орыс – *аффилированный*; қазақ – *аффилирленген*; ағылшын – *audited*; орыс – *аудируемый*; қазақ – *аудиттелетін*; ағылшын – *proportional*; орыс – *пропорциональная*; қазақ – *пропорционал*; ағылшын – *autocratic*; орыс – *автократический*; қазақ – *автократиялық* және т.б. және т.б.

Бұл тәсіл салыстырылып отырған өзге түркі тілдерінде де қолданылады. Мысалы, ағылшын – *amortization*; түрік – *amortisman*, әзербайжан – *amortizasiya*; өзбек – *amortizatsiya*; ағылшын – *reformer*; орыс – *реформатор*; қазақ – *реформалаушы*; түрік – *reformcu*, әзербайжан – *islahatçı*; өзбек – *islohotchi* және т.б.

Қазіргі кезде «халықаралық» деп аталып жүрген шеттілдік терминдердің түркі тілдеріндегі қолданылуы шартты түрде төмендегідей топтарға бөлінді:

- шеттілдік терминдердің түпнұсқадағы немесе аралық (делдал) тілдегі формасын сақтап қолданылуы;
- шеттілдік терминдердің түркі тілдерінің төл сөздерімен аударылып қолданылуы;
- шеттілдік терминдердің түркі тілдерінің фонеморфологиялық ерекшелігіне бейімделіп қолданылуы;
- шеттілдік терминдердің түркі тілдерінің өзіндік формаларымен түрленуі.

Шеттілдік терминдердің түркі тілдерінде қолданылу ерекшеліктері төмендегіше тұжырымдалды:

- шеттілдік терминдердің қазақ, өзбек және әзербайжан тілдерінде түпнұсқадағы немесе аралық (делдал) тілдегі формасын сақтап қолданылуы бұл мемлекеттердің бұрынғы Кеңес одағының құрамында болуымен және орыс тілінің әсері күшті болғандығымен (әлі де болып отырғандығымен) түсіндіруге болады, ал түрік елінің саяси жүйесі басқа болғандықтан, мұндай әсер байқалмайды;

- қазақ тілінде терминжасам тәсілдерінің бірі ретіндегі шеттілдік терминдердің баламасы ретінде төл тілдің сөздерін қолдану ХХ ғасырдың басында Алаш зиялыларының еңбектерінен бастау алғанымен, Кеңес одағы тұсында саяси жағдайдың ықпалынан әлсіреп қалып, тәуелсіздік алған жылдары біршама қарқын алды, ал шеттілдік терминдерге балама ретінде өз тілінің сөздік қорын қолдану түрік тілінде басымдау болса, одан кейінгі орында әзербайжан тілі тұрады, ал өзбек және қазақ тілдерінде бұл құбылыстың деңгейі төмен;

- шеттілдік терминдерді өз тілдерінің фонеморфологиялық ерекшелігіне бейімдеп қабылдау түрік тілінде басымдау болса, одан кейінгі орында әзербайжан тілі тұрады, ал қазақ және өзбек тілдерінде бұл құбылыстың деңгейі төмен;

- шеттілдік терминдердің түркі тілдерінің өзіндік формаларымен (зат есім, етістік, сын есім) түрленуі бірдей деңгейде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Реформатский А.А. Введение в языкознание. –М.: Аспект пресс, 2006. –536 с.
2. Гасанли Ш. Заимствованные слова в турецком литературном языке. // Вопросы терминологии. –Баку: «Эльм», 2009. –С. 14-22.
3. Мамедова Н. Я. Обогащение словарного состава турецкого литературного языка английскими заимствованиями // Ученые записки Таврического национального университета им. В.И. Вернадского. Серия «Филология. Социальные коммуникации». Том 22 (61). № 3. 2009 г. –С. 137-142.
4. Пашаева Г.Б. Функциональные особенности терминов (на материале азербайджанского языка) // www.gramota.net.
5. Ширинова Е. Заимствование как способ обогащения банковско-финансовой терминологии узбекского языка // <http://gisap.eu/ru/node/29180>.

ТЕҢ МАҒЫНАЛЫ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бауыржан Жонкешов

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты*


Терминтаным метатілінде мәтін ішінде терминдердің бір мағынаны білдіретін, бірақ, әртүрлі формада бірізді берілмеуіне байланысты *синоним, вариант, дублет, баламалық* сияқты ұғымдар қолданылады. Олар әртүрлі болғандықтан, ғылыми әдебиеттерде әртүрлі атау берілген. Сонымен қатар қазіргі таңда терминтануда синонимияға берілген жалпыға ортақ анықтаманың жоқ екендігін де атап өткен жөн.

Ғалымдар көбіне жалпытілдік синонимия құбылысын терминологиядағы дублеттік құбылысына қарсы қояды. Ол жайында Л.А.Капанадзе: «... Лексикалық мағынасы бар жалпы әдеби сөздердің синонимі мен антонимі болады, ал терминологияда мұндай ештеңе жоқ. «Мағынасы жағынан жақын» терминдер жоқ, «терминологиялық дублеттер» бар» [1, 78 б.] деп пайымдайды. А.П.Коваль мен И.С.Квитко да осы пікірде: «Бір затты параллель атау дублет деп аталады. Дублеттілік – түп-тамыры жағынан жалпытілдік синонимиядан өзгеше құбылыс» [2. 261]. Л.Л.Кутинаның пікірінше, «ғылыми контекст шегінде синонимдердің бәрі (терминдер) – дублеттер» [3. 123]. «Дублеттер арасында, - дейді Е.Н. Толикина, синонимдік қатар қалыптастыратын қатынас жоқ, эмоционалды-экспрессивті, стилистикалық немесе реңкті оппозиция жоқ, олардың өзара қарым-қатынасы белгіленбеген, олардың әрқайсысы білдіретін затына тікелей қатысты және этимологиялық немесе құрылымдық жағынан өзгеше болуы мүмкін» [4. 61].

Кейбір ғалымдар терминологияда синонимия деген ұғымды қолданғанды жөн көреді [5; 6; 7; 8; 9]. «Ғылыми-техникалық терминологияда, - деп жазады Д.С. Лотте, - синонимияның көп таралғаны байқалады, яғни бір ұғымды білдіретін екі немесе одан да көп термин бар» [5.16]. Ғалым синонимдерді абсолют және салыстырмалы синонимдер деп екіге ажыратады. Абсолют синонимдер дегеніміз – мағынасы толық барабар терминологиялық бірліктер, ал мағынасы жартылай сәйкес келетін терминологиялық бірліктер – салыстырмалы синонимдер. Д.С. Лоттенің пікірінше, терминдердің біреуі екінші бір терминнің қысқаша формасы болатын бір ұғымның әртүрлі белгілерін білдіретін жағдайларда синоним терминдерді қолданған орынды.

В.П. Даниленко бірліктерді нақты терминжүйедегі бір ұғымның әртүрлі нұсқасы ретінде қарастыра келе, терминологиядағы синоним дегеніміз – «терминнің синонимдік нұсқасы» немесе «терминнің жай ғана нұсқасы» деген пікірін білдірді [9.176].

Авторлардың көпшілігі мағынасы жағынан толық немесе жартылай барабар, бірақ, дублет, синоним, вариант сияқты бірлік формасы бойынша барабар емес сөздерді бөліп көрсеткен. Бұл ұғымдардың барлығын бір жерге топтастырып тұратын ұғымды – тең мағыналы терминдер деп атайды. Бұл атауды терминологияға ең алғаш енгізген ғалым – С.В.Гринеv-Гринеvич. Біз мақаламызда осы ғалымның пікірін қолдаймыз және де осы топтағы сөздерді түсіндіру барысында ғалымның еңбектеріне сүйенеміз. С.В.Гринеv-Гринеvич «Мағынасында терминдердің абсолют және шартты синонимиясын (ол үшін *синонимия* термині қолданылады) ғана емес, сондай-ақ әртүрлі тілдегі терминдердің баламасын да қамтитын жаңа жинақтаушы термин ойлап табу қажеттілігі туындағандықтан, біз *тең мағыналылық* деген терминді ұсындық. Бұл терминнің және одан туған тең мағыналы терминдердің формасы семантикалық тұрғыдан таза, анық әрі уәжді, сондықтан да ыңғайлы» дей келе, Тең мағыналы терминдер деп – «бір ұғымды атау үшін қолданылатын бірдей немесе ұқсас мағынасы бар терминдерді» [10.105] атайды. Шындығында да ғалымның ұсынып отырған термині көңілге қонымды. Тең мағыналы терминдер өз ішінен бірнеше түрге бөлініп кетеді: 1) синоним терминдер және балама терминдер; 2) толық синоним терминдер және шартты синоним терминдер; 3) вариант терминдер және дублет терминдер. Сөзіміз түсініктірек болу үшін мынадай сызба ұсынамыз:



Синоним терминдер дегеніміз – бір тілдегі барабар немесе ұқсас мағынасы бар терминдер (бір тілдегі тең мағыналы терминдер). **Балама терминдер** дегеніміз – негізінен, қазақ тілінен тыс терминжүйелерде қолданылатын, аударма сөздіктерде берілетін төл тілдегі терминдерге қатынасы бар сөздер.

Толық синонимдер дегеніміз – мағынасы толық барабар терминологиялық бірліктер, ал мағынасы жартылай сәйкес келетін терминологиялық бірліктер – **шартты синоним терминдер**.

Вариант терминдер дегеніміз – терминнің формасын түрлендіру жолы арқылы пайда болған толық синоним терминдер. **Дублет терминдер** дегеніміз – әртүрлі формадағы абсолют синонимдер болып бөлінеді. Тілдік бірліктің варианттылығы дегеніміз – оның барабарлығын бұзбайтын түрлену қасиеті.

Лингвистикалық әдебиеттердегі синонимия лексикадағы парадигмалық қарым-қатынастардың көрінісі ретінде қарастырылады. Алайда «синонимдер» деген ұғым тәрізді «синонимия» деген ұғымға да әртүрлі түсінік беріледі [11; 12; 13]. Кейбір зерттеушілер мағынасы жағынан ұқсас сөздерді ғана синоним деп атауды ұсынады. Зерттеушілердің екінші тобының пікірінше, синоним дегеніміз – ұғымның әртүрлі қырларын көрсетуге арналған, ұқсас, шектес, белгілі бір сәйкес мағынасы бар, мағынаның белгілі бір реңктерін көрсететін лексикалық бірліктер, яғни мағынасы жағынан жақын, бірақ барабар емес лексикалық бірліктер [14; 15].

Тілшілердің бірқатар тобы синонимия ұғымына анықтама бере отырып, лексикалық бірліктер синонимиясының міндетті шарты – мағынаның жалпы семантикалық компоненті мен әртүрлі семалардың болуы деп санайды. Синонимиялықтың басты талабы – лексикалық бірліктерді бірінің орнына бірін қолдана беру, олардың әртүрлі семаларының ішінара семантикалық сәйкес келуі [16; 17] деп көрсетеді.

Терминологияда синонимия құбылысын бірқатар ғалымдар дұрыс деп таныса, енді бірқатар ғалымдар бұл құбылыс ғылыми дәлдікке кері әсерін береді деп санайды. Осымен байланысты ғалымдар тобын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Б.С.Кокорев былай деп жазады: «... Терминологиядағы синонимия атауларды қайталау арқылы тілді ластап жатыр, әртүрлі кикілжің мен жаңсақтықтың орын алуына себеп болуы мүмкін» [18.47]. Оның пікірін Е.Н.Толикина да қоспайды: «Қандай жағдай болмасын, терминологияда дублеттердің болуы таңбаны іріктеудің аяқталмағанын, терминологиялық жүйе мазмұнының ретсіздігін айғақтайды» [4. 61].

Кейбір ғалымдардың пікірінше, атаулардың варианттарының болуы терминжүйенің алғашқы қалыптасу кезеңіне ғана тән болған екен. Л.Л.Кутианың орыс ғылымының тілі қалыптасқан кезеңдегі процестерге жасаған талдауы оның «Бұл бастапқы кезең терминологиясының ерекшелігі – оның ерекше синонимділігі болып табылады. Бір ұғымның кейде онға жуық әртүрлі қолданысы болады» [7.124] деген пікіріне негіз болған. Ол синонимдік қатынастың «бір ұғым – бір таңба» деген кез келген бірізді терминология заңын бұзатынын атап өткен. Терминді синонимдік қатарға сәйкес түрлендіру, бірнеше таңбаның болуы терминжүйенің ретсіздігін және бірізділіктің сақталмауын көрсетеді. В.П.Даниленко бұл құбылысқа қатысты пікірін байыппен жеткізеді: «... Терминологияда (жеке терминжүйеде) бір ұғымның синонимдік атауларының пайда болуына және қолданылуына ықпал ететін себеп пен алғышарт көп. Әлбетте, синоним деген – ереже емес, бірақ олардан үзілді-кесілді бас тарта алмаймыз, олар тым жиі кезде-

сетін ерекше жағдай. Меніңше, бір стандартты терминге бір ұғымды белгілеу қажет» [9.176].

Әртүрлі іштілдің көптеген зерттеулері терминжүйедегі синонимдік бірліктерді ығыстыру бойынша реттеу жұмыстарының белсенді түрде жүріп жатқанына қарамастан, олардың азды-көпті таралғанын айғақтап отыр. Терминологиялық жүйелерде синонимияның болатыны заңды екенін негіздей келе, Б.Н.Головин [19], Н.З.Котелова [6], Н.П.Кузьмин [8] тілдік заңдардың әмбебап екенін, сондықтан терминология оған толықтай бағыну керектігін айтады, яғни синонимия – терминдер үшін заңды құбылыс. Н.З.Котелова терминдерге тән синонимия – функционалды тұрғыдан уәжді құбылыс деген пікірде. Мағынасы жағынан жақын немесе мағынасы барабар сөздердің қатарында терминдер ғана емес, сондай-ақ термин емес сөздер де тұрады дей келе, төмендегідей мысалдар қатарын береді: **генерировать** (*тех*) – **воссоздать** (*общеупотр.*); **фальцифировать** (*юрид.*) – **подделовать** (*общеупотр.*) – **искажать** (*общеупотр.*). Сондай-ақ Н.З.Котелованың пікірінше, «термин деген – синоним тұдыратын сөздердің негізгі разрядтарының бірі» [6.123].

Лексикалық варианттардың болуы қарым-қатынас жасауға еш кедергі болмайды деп пайымдаған Н.П.Кузьмин де осы пікірді жақтайды. Ол бір нысанға берілген бірнеше параллель атаулардың бәсекелестігі оны ауқымды етіп көрсетуге әсер етеді, синонимдер нысандарға жан-жақты сипаттама беруге ықпал етеді деген пікірде. «Синонимия адам санасының танымдық, жиынтық қызметін көрсетеді. Кез келген материалдық нысанның алуан түрлі, шексіз белгісі болады. Бір нысанды қабылдаудың бірнеше қыры оның бірнеше атауының пайда болуына себеп болады, сөйтіп пайда болған атауларда ол нысанға тән әртүрлі белгілер сипатталады, бұл атаулардың әрқайсысы бір нысанды әр қырынан қабылдаудың нәтижесі болмақ» [8.78]. Ол қандай да бір синоним қолданыстан шығып қалса, бұл оның синоним болу фактісіне емес, оның белгілі бір норма талаптарына сай келмеуіне байланысты орын алғаны деген пікірде.

Олай болса, қазіргі терминтанудағы синонимия мәселесі синонимия – тілдің, оның ішіндегі терминология саласындағы тілдің қалыптасу, даму және жетілуін айғақтайтын құбылыс деген пікірден шығып отыр. Терминология – үнемі дамып отыратын жүйе, оған табиғи тілдің даму тәсілдерінің бәрі тән. Сондықтан синонимияны ғылым тілі үшін зиянды немесе пайдалы деп айта алмаймыз, бұл тірі тілдің заңды құбылысы. Мағынасы жағынан жақын (немесе барабар) сөздердің болуы негізінен, кәсіптік тұрғыдан қарым-қатынас жасауға кедергі болмайды. Табиғи тілдің бірлігі болып табылатын терминге жаңа мағыналарды дамыту және семантикалық шекараларды жою үрдісі тән. Сондықтан да терминдердің арасындағы лексика-семантикалық қатынастар икемді, жылжымалы, пайда болуға, күшеюге, әлсіреуге және қайта жойылуға қабілетті.

Терминологиялық синонимия үш түрлі фактормен қалыптасатын құбылыс:

1) кірме сөздердің көп болуы, бұл байырғы терминдер мен кірме терминдердің қатар қолданылуына әсер етеді (тіл білімі – лингвистика);

-
-
- 2) синоним терминдердің біреуін метонимия түрінде қолдану (лексика – сөздік);
3) әртүрлі пән саласындағы ұстанымдардың әртүрлі болуы салдарынан әртүрлі атаулар болады (лавсан (сауда) – терепласт (техн.) – полиэтилентеререфталат (хим.).

Терминжасамда синонимділік құбылыстың болуы заңды. Себебі, қандай да бір жаңа ұғымға атау беруде алдымен бірнеше нұсқа ұсынылады. Ғылыми көпшілік терминологиялық талаптарға толықтай жауап беретін нұсқаны таңдайды. Қалған нұсқалары сұрыптаудан өтіп, біртіндеп қолданыстан шығып қала береді.

Қазіргі кезде тең мағыналы терминдердің ішінде ерекше көңіл аударарлығы – балама терминдер. Бүгінгі таңда біз балама деп танып жүрген терминдеріміздің барлығы варваризмдер. Себебі, біз оларды тілімізге икемдемей, орыс тілінде қалай айтылып, қалай қолданылса сол күйі алып отырмыз. Мына бір мысалдарға көңіл аударып көрейік, *жалғамалы – аглютинация, мұражай – музей, мұрағат – архив, заңгер – юрист, емхана – поликлиника* және т.б. Бұлардың синонимдік қатар құрап отырған екінші нұсқасы, тілімізге варваризм заңдылығымен еніп отыр. Негізінен варваризм құбылысы тілге үлкен қауіп туғызатындығы белгілі. Сол себептен де терминдерді біріздендіруде қазақ тілді төл тұтынушылардың басым бөлігі осы келтірілген мысалдардың алдыңғы сыңарларын таңдайтындығы дәлелдеуді қажет етпейтін мәселе. Қай елдің тілі болмасын ғаламдану үрдісіне өзіндік иммунитет қалыптастырып жатқандығы белгілі. Нақтырақ айтқанда, осы кезге дейін тілімізге орыс тілінен терминдер көптеп енсе, ендігі кезекте, тілге ағылшын сөздерінің жаппай, қарқынды түрде еніп жатуы, сондай-ақ Америка еліне еліктеу ұлт өкілдерінің алаңдатушылығын туғызуда. Соңғы он жылда ағылшын тіліне тән тілдік элементтердің орыс тілі қорынан жоғары жұмсалымдық дәреже алуы лингвист ғалымдардың назарын өзіне аударды.

Шет тілінен сөздерді қабылдауда, орыс ғалымдарының пікірі де, өзге тіл ғалымдарының пікірі сияқты екі түрлі жікке бөлінеді: бірінші, көзқарастағы ғалымдар, шет тілінен сөз қабылдау тілді байытады десе, екінші бағыттағы ғалымдар бұндай сөздер тілді бұзады деген көзқараста.

Шеттен енген сөздерді аударып қолдану тіл тазалығын сақтайды деген көзқарасты басты ұстаным ретінде ұстау кез келген тілге тән қасиет. Сол себептен де сонау А.Байтұрсынұлынан бастау алған терминжасам қағидаттарының ішіндегі негізгі қағидат «өз тіліне басымдық беру» бүгінгі терминжасам қағидаттарын түзуші ғалымдардың да назарынан тыс қалмай келе жатқандығы бекер емес.

Қорыта келгенде, терминологиядығы тең мағыналы терминдердің өміршеңдігін жоққа шығара алмаймыз. Ол белгілі бір деңгейде терминдердің сапасын арттыруға негіз бола алады және де терминдерді біріздендіруде тіл экологиясын сақтай отырып, ұлттық негізде жасалған терминдерге басымдық беру уақыт талабы демекпіз.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Капанадзе Л.А. О понятии «термин» и «терминология» // Развитие лексики современного русского языка. – М.: Наука, 1965. – С.75-85.
2. Коваль А.П. Синонимия в терминологии // Исследования в лексикологии и лексикографии. – К.: Наук. думка, 1965. – С.260-264.
3. Кутина Л.Л. Формирование языка русской науки (терминология математики, географии, астрономии в первой трети XVIII в.). – М.-Л.: Наука, 1964. – 219 с.
4. Толикина Е.Н. Некоторые лингвистические проблемы изучения термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М.: Наука, 1970. – С.55-65
5. Лотте Д.С. Некоторые принципиальные вопросы отбора и построения научно-технических терминов. – М.; Наука, 1941. 124 с.
6. Котелова Н.З. К вопросу о специфике термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М.: Наука, 1970. – С. 127-139
7. Кутина Л.Л. Языковые процессы, возникающие при становлении научных терминологических систем // Лингвистические проблемы научно-технической терминологий. – М.: Наука, 1970. – С. 82-85
8. Кузьмин Н.П. Нормативная и ненормативная специальная лексика. Проблемы и методы нормализации специальной лексики // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М.: Наука, 1970. – С.68-81
9. Даниленко В.П. Русская терминология. – М.: Наука, 1977. – 246 с.
10. Гринев-Гриневиц С.В. Терминоведение. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 304 с.
11. Александров П.С. О понятии синонима // лексическая синонимия / Под ред. С.Г.Бархударова. – М.: Наука, 1967. – С. 38-42
12. Каменская О.П. Некоторые вопросы лексической синонимии // Научные доклады высшей школы. – 1970. - №2. – С. 66-76
13. Бережан С.Г. Семантическая эквивалентность лексических единиц. – Кишинев: Штица, 1973. - 372 с.
14. Уфимцева А.А. Лексическое значение. Принцип семиологического описания лексики. – М.: Наука, 1986. – 240 с.
15. Евгенева А.П. Основные вопросы лексической синонимии современного русского литературного языка. – М.-Л.: Наука, 1986. –С.5-21.
16. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. Синонимические средства языка. – М.: Наука, 1974. – 367 с.
17. Вилюман В.Г. Английская синонимика: введение в теорию синонима и методику изучения синонимов. – М.: Высш. шк., 1980. – 128 с.
18. Кокорев Б.С. О терминах-англицизмах в кубинском варианте испанской научно-технической терминологии // I всесоюзная конференция по испанской филологии. – Л., 1970. С.55-65
19. Головин Б.Н. О некоторых проблемах изучения терминов // Семиотические проблемы языков науки, терминологии и информатики. – М.: Наука, 1971. – Ч.1. – С. 64-67

XX ҒАСЫР БАСЫНДА ҰСЫНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Гүлназ Кәріпжанова

*С.Торайыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

Бүгінгі таңда шешімін таппай жүрген мәселенің бірі қазіргі терминологиядағы халықаралық деп аталатын терминдерді қазақ тіліне аудару, жазу немесе бір сөзбен айтқанда, қабылдау тәртібінің белгіленуі болып табылады. Аталмыш мәселе жайлы ғалымдардың пікірлері де әртүрлі. Сондықтан терминологияға байланысты көтеріліп отырылған мәселелерді арнайы зерттеп, тиісті қорытынды шығарудың терминология үшін маңызы зор болмақ. Жалпы кез келген ұлт тілінің оның ғылыми терминологиясының дамуына тікелей әсер ететін ішкі және сыртқы, басқаша айтқанда, тілдік және тілден тыс (лингвистикалық және экстралингвистикалық) факторлардың болатыны белгілі. Олардың әрқайсысы маңызды және бір-бірімен тығыз байланысты. Қазақ терминологиясының даму тарихына үңілетін болсақ, оның жасалуы мен қалыптасуына тілден тыс факторлардың барына көзіміз жетеді. Ғылыми-техникалық терминологияның дамуына тікелей әсер ететін сыртқы факторлардың қатарына ғылым мен техниканың даму деңгейін, ұлт тілінің қоғамдағы алатын орны мен елдің тіл саясатын жатқызуға негіз бар. Кезінде С.Исаев «Қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орыс тілінің ролі» деген мақаласында қазақ тілінің, баюы, дамуы, негізінен тікелей орыс тілінің ықпалы арқылы болды, бұл процесс екі бағытта: біріншіден, тікелей орыс сөздерін алу және орыс тілі арқылы интернационалдық сөздер - терминдер алу, екіншіден, орыс тілінің әсері мен қазақ тілінің өзінің, ішкі мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жүруде» [1,24],- деп көрсеткен болатын. Ал ғалым Ә.Т. Қайдаров: «Біздің пайымдауымыз бойынша жетпіс мыңнан асып бара жатқан тіліміздегі терминологиялық лексиканың басым көпшілігі совет-интернационалдық терминдердің үлесіне тиеді екен» [2,15],-деп тұжырым жасаған болатын. Сырттан терминдеу жөнінде ғалым Ө.Айтбаев: «олар шет тілдері сөздері, интернационалдық терминдер, ғылыми терминдер, арабизмдер, русизмдер, техникалық атаулар, халықаралық терминдер т.т»,-дейді [3,367]. Г.Мамаева: «Тіл атаулыда басқа тілден сөз, термин алмаған тілді кездестіру өте қиын»,-дей келе, «Орыс тілі арқылы тілімізге кірген терминдер – тіліміздегі ең көп кірме сөздер. Оларды ғалымдар түрлі себептерге байланысты әр кезеңде көрсетіп келеді. Сондықтан қазақ тіліндегі кірме сөздердің көбі орыс тілінен келген сөздер және олар орыс тілінен қазақ тіліне тікелей қарым-қатыс арқылы ауысқан сөздер болып саналады»,-деп нақтылайды. [4,44]. «Термин қалыпты жағдайда кез-келген тілдің өз сөздері мен сөзжасамдық жүйесі негізінде табиғи түрде туып қалыптасады немесе арнайы жасалады. Сонымен бірге ол тарихта ғылыми атау ғана емес,

шетел сөздерін басқа тілдерге үстемелей өткізу құралы болып та келді» [5, 208]. Байқап отырғанымыздай, кеңестік дәуірде тіліміз «термин» деген атаумен орыс тілінен енген көптеген кірме сөздер арқылы шұбарланды.

Тарих беттеріне үңілсек, XX ғасыр басында А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылар қазақ тілінде термин түзуді кәсіби деңгейге қойып, оны ұлттық тіл мен мүдде тұрғысынан, ана тілінің табиғатына сай жасауға ұмтылды. Қазақ тілі мен әдебиеті терминдерінің жасалу жолдарын қарастыратын болсақ, олардың, негізінен, қазақтың төл сөздерінен жасалғанын көреміз. Бұдан қазақ тілінің сөздік қорының термин жасаудағы, әсіресе тіліміздегі байырғы сөздердің термин жасаудағы мүмкіндіктерінің шексіз екендігін байқаймыз. Қоғам өмірінде болып жатқан түрлі жаңалықтар мен құбылыстарды атауда, жаңа ұғымға лайықты жаңа сөз жасауда, негізінен, қазақ тілінің өз сөз байлығы пайдаланылған. Қазақ тілінің қоғамдық-саяси лексика құрамын, әр ғылым саласының, соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті терминдерін толықтыруда сөзжасамдық жұрнақтардың қызметі де ерекше болған. Әсіресе, орыс тілі арқылы келген атауларды қазақшалауда –ма, -ме, -тық, -тік, -лық, -лік, -ыс, -іс, -у, -ым, -ім т.б. көптеген жұрнақтар актив қызмет атқарып, бұл жұрнақтар арқылы жасалған сөздердің көпшілігі тілде тұрақты қолданылып жүр. Мысалы, қазір жиі қолданылатын мазмұндама, аударма, дәлелдеме, т.б. сөздер қоғам өміріне енген түрлі құбылыстар мен заттарды атау үшін жасалған жаңа сөздер болса, қазір де олар актив қолданыста.

А.Байтұрсынұлы термин жасауда сөзжасам тәсілдерін ұтымды қолданған. Мысалы, ғалымның *жұрнақ, жалғау, буын, тармақ, мүше* сияқты терминдері семантикалық тәсілмен *жақша, сызықша, көсемше есімше* т.б. сияқты терминдері морфологиялық тәсілмен, *дауыссыз дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс* сияқты терминдері аналитикалық тәсілмен жасалған. Тіл біліміне байланысты терминдердің мағынасы сол сөздердің түпкі мағынасымен ұштасып жатыр. Шылау терминіне назар аударсақ, *шылау, байлау* деген ұғымды білдіреді. *Шылау* сөздердің атқаратын қызметі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратыны белгілі. *Қаратпа сөз* термині назар аударту, қарату мәніне байланысты алынғаны анық. Сондықтан олар да күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді. Тіпті ұмыт болған кейбір терминдері қазіргі таңда өмірге қайта келіп отыр. Ғылымның тек осы екі саласы емес, жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі Байтұрсынов қаламынан туғанымен, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық сөздер болып кеткенін де айту керек. Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым оларға анықтама беріп отырған. Мысалы, «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлеңі дейтіні шумақ шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады»[6]. Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын; екіншіден, әр-

бір ұғымның өзіндік өзгешеліктерін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. А.Байтұрсынов *теңеу, ауыстыру, алмастыру, шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу* деген терминдерді ұсынған. Бұл ұғымдар халық танымындағы атаулар әдеби термин ретінде орнығып қалды. «Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады», - дейді академик З.Ахметов «Әдебиеттанушының» құндылығы жайлы [7]. «Әдебиет» сөзінің өзін ғалым: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература», - деп анықтама береді [8]. Қара сөз бен дарынды сөздің айырмашылығын А.Байтұрсынов нақтылап көрсетеді. Оның түрлерін пікір, сүлде деген терминдер арқылы береді. Қазақ прозасына байланысты ғалымның төмендегі терминдерді қолданғандығын «Әдебиеттанушы» еңбегінен көреміз: «Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінде ғана...». Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған. Олардың қатарына *әдіс, әдісқой, сауаттау, жалтылау әдісі* т.б. терминдерін жатқызуға болады. Енді бір айрықша атап өтуді қажет ететін мәселе - ғалымның терминжасам тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі. Бұл терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдерді калькалау арқылы жасалғандығы аңғарылып тұрады. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады. Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін *аңдау, ауыстыру, әсірелеу, байымдау, шендестіру* сияқты терминдерді кездестіруге болады. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдерінің түгелге жуық сәтті шығуының сыры - оның нағыз терминолог ретінде терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай білуінде жатса керек. Р.Нұрғалиев: «Сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін *суықтама, зауықтама, сарындама, салттама, гұрыптама, қалыптама* деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр», - дейді [8].

XX ғасыр басында Ж.Аймауытов психология ғылымына байланысты терминдерді жасап, оларды қолданысқа енгізе отырып, өз замандастарына ана тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете білді. Енді нақты сол терминдерге тоқталсақ. Автор психологияны «жан туралы білім» деп алып, сол жанға мынадай анықтама берген: «Дене негізін тексерушілердің сила вещества (қуатты дене) дегендегі қуат осы жан. Қазіргі қолданыстағы жан сөзі адам мен жануарлардың психикасына тарихи тұрғыда өзгеріп отырған көзқарасты бейнелейтін ұғымды білдіреді [9,87]. Ал психика тетіктерін Ж.Аймауытов «саңылау сезімдері» деп атаған. Сонымен қатар ол ұждан деп нысап, әділет, мейірім үшеуінің бірлігін айтса, сөздікте ұждан – адамның өз мінез-құлқын бақылау, қадағалау, оған белгілі бір шек қойып, мүлтіксіз орындау қабілетін бейнелейтін әдептану санаты делінген. Бұлардың барлығы дерлік қазақ сөзінің не байырғы мағынасын өзгерту, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген атаулар. Сонылығына, жасандылығына қара-

мастан, әрқайсысы сол өзі атап тұрған тілдік категорияны дәл білдіретін термин болып шыққан. Бұлардың өте сәтті жасалғандарын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді. «Сол кезеңдегі қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуына М.Әуезов, Ш.Құдайбердіұлының да елеулі еңбектері болды. М.Әуезовтің 1917 жылы «Сарыарқа» газетінде жарық көрген «Қайсысын қолданамыз?» және «Ғылым тілі» атты мақалалары терминология мәселелеріне арналған алғашқы мақалалардың бірі болды» [10,8]. М.Әуезов пен Ш.Құдайбердіұлының мақалалары сол кездегі ғылым тілінің өзекті мәселелерін қозғады. Бұл мақалалардағы ғұлама ғалымдардың пікірлері әлі күнге құндылығын жойған жоқ. Мұхтар Әуезов ұлт тілінің болашағы - ғылым тілін қай арнадан алу керек деген өзекті мәселені қозғап, сол кездегі қазақ ғалымдарының екі түрлі көзқарасты қолдайтынын айтады, бұл жайға байланысты өзінің көзқарасын білдіреді: «Қазіргі қазақ тілінде оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арапшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, европа негізіне тартады» [11,11],-дей келіп, ұлттық ғылым тілін арапшадан аламыз дегендердің пікіріне қарсы, ғылым тілін европадан алу керек, яғни европа мәдениетін үйреніп, қазақтың оқуын европа жолына салған дұрыс деген пікір білдіріп, дәлелдер келтіреді. Шәкәрім Құдайбердіұлы Мұхтардың қазақтың ғылым тіліне ерекше көңіл бөліп, өркендетуге барынша күш салу керек деген ойын қостай отырып, европа ілімін ұстану қажет деген пікіріне қарсы, басқа мұсылман халықтары сияқты арапша ғылым тілі, яғни шығыстық үлгіні ұстану қажеттігін атап көрсетеді. М.Әуезов пен Шәкәрімнің аталмыш мақалаларындағы көзқарастар жөнінде Қ.Шаяхметұлы: «Өзгенің пайдалы табысына ортақтаса отыруды, игіліктен бойды аулақ салмауды көздегенде, батыстық үлгі де, шығыстық үлгі де қажет және жарамды. Әрине, белгілі өлшем-мөлшерден аспағанда. Демек Мұханның да, Шәкәрімнің де пікірлері бірін-бірі жоққа шығармайтын, бірін-бірі толықтыратын үйлесімді де сыйымды құбылыстар туралы айтылған» деген пікір білдіреді [12,44-45].

Қазіргі кезеңде ұлт тілінде термин жасаудың жанданып отырғаны белгілі. Көптеген жаңа терминдер жасалып қолданысқа ене бастады. Бұл – ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметін атқара бастауының бір көрінісі. Рас, жасалып жатқан терминдердің бәрін бірдей мінсіз деп айта алмаймыз. Олардың ішінде терминологиялық жүйе мен терминдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындарының да бар екені даусыз. Ондай терминдердің қолданылуына жол бермеу дұрыс. Ал сәтсіз терминдердің жасалу себебіне келсек, ол – термин жасаушының терминге қойылатын талаптарды білмеуінен, тілді дұрыс пайдалана алмауынан, ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшелігін ескермеуден, тәжірибесіздіктен немесе жауапкершілікті сезінбеуден туындайтын әрекет. А.Байтұрсынов айтқандай, тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару екінің бірінің қолынан келе беретін жұмыс емес. Дегенмен де қазіргі қазақ тілінде қолданысқа еніп жатқан лингвистикалық терминдеріміздің көпшілігі тілдің ішкі заңдылығы бойынша қалыптасып, күнделікті қолданысымызда пайдаға асып жүр. Бұрыннан пайдаланып

жүрген кейбір терминдеріміз толыға түсуде. Қазіргі қазақ фонетикасы іргелі теориялық қисындардың ықпалымен және күнделікті практикалық мұқтаждықты өтеу барысында жаңа зерттеу әдістерін игеріп, ғылыми аппаратын байытып, әр түрлі қондырғыларды кеңінен пайдаланып жатыр. Сөйтіп мамандар осыған орай үздіксіз туындап отырған жаңа ұғымдарды тұрақтандырып, олардың атауларын орнықтырып отыр. Терминжасау ісі фонетика саласының зерттеушілері үшін де ғылыми ізденістерді талап етті. Қазіргі фонетика саласындағы қазіргі терминжасау үрдісін көрсететін терминдер қатарын ғалым Ә.Жүнісбек ұсынады.

Олар:

Жасалым фонетика – сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасауға қатысын зерттейтін фонетика саласы (артикуляционная фонетика)

Айтылым фонетика – дыбыстың ауа кеңістігіндегі табиғатын зерттейтін фонетика саласы (акустическая фонетика)

Естілім фонетика – дыбыстың түйсінім белгілерін зерттейтін фонетика саласы (перцептивная фонетика)

Үндесім фонетика – дыбыстың әуез құрылымы мен жүйесін зерттейтін фонетика саласы (сингармоническая фонетика)

Құрақ – қазақ тілінің физиологиялық айтылым бірлігі.

Дыбыс (буын, сөз) құрақ – құрақтың дыбыс құрамына байланысты түрлері

Сән құрақ - салтанатты сөйлеу дағдысына арналған тіл-құрал.

Әуен құрақ- ән сөзін қазақы айту дағдысына арналған тіл-құрал.

Ем құрақ- тіл-құлақ мүсін емдеуге арналған тіл құрал.

Бедер құрақ – қазақ зағиптарына арналған әліпби

Тіл (әріп, сөз)- сауат ашуға арналған ойын-құралдар

Тоғысым

Тоғысыңқы

Жуысым

Жуысыңқы [13].

Тоғысыңқы және жуысыңқы дыбыстар деген терминдерді тіл дыбыстарын жіктеуде алғаш Ахмет Байтұрсынұлы қолданған екен.

Ахмет Байтұрсынұлы ауыз шығысты және мұрын шығысты дыбыстар деп атаған терминдер қазіргі кезде сәл өзгертіліп ауыз жолды және мұрын жолды деп қолданылуда. А.Байтұрсынұлы тек тіл дыбыстарына қатысты 30-ға тарта термин жасаған екен. Олардың ішінде *қымқырулы дауысты, ымыралы, ымырасыз, аңғал қымқырулы, кең шығысты, тар шығысты босаң жолды, қысаң жолды, босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі*, т.б. атаулар бүгінде қолданылмайды. Бұл терминдердің барлығы қазақтың төл сөздеріне түрлі сөзжасамдық жұрнақтар жалғану арқылы жасалған. Ш.Жалмаханов деректеріне сүйенетін болсақ [14], Ахмет Байтұрсынұлы жасаған 310 тілтанымдық терминнің 118 қазіргі тіл білімінде қолданылады екен.

1924 жылы Х.Досмұхамедұлы қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттегенде, *сингармонизм* терминін пайдаланған [15, 81-99]; XX ғасырдың соңында осы ұғым-

ды атайтын үндестік, үндесім терминдері пайда болды. Бүгінде *сингармонизм* терминінің тағы да қазақша баламалары пайда болды:

а) *дыбыстар гармониясы*. Бұл пікірді (сингармонизм – сөз құрамындағы барлық дыбыстардың гармониясы) бірінші болып Х.Досмұхамедұлы айтқан еді [15, 81; 6, 70-71]; ә) үндесім [16, 266]; б) үндестік [17].

Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген *астарлы мәтін, ауыз жолды дыбыстар, ауызекі сөздер, ауыспалы мағына, бағыныңқы сөз* сияқты сөздер мен сөз тіркестері – қазақ тілінде бұрыннан қолданылып жүрген сөздерге қосымша қосу, біріктіру, тіркестіру арқылы жасалған сөздер. Х.Досмұхамедұлы терминдік атауларды қолданғанда, оқушыға ұғынықты болу жағын қарастырып отырған.

Х.Досмұхамедұлы түсініксіз сөздерді, шетел сөздерін кейде не орысша не қазақ сөздерімен түсіндіру: а) Шет тілдерден енген сөздерді орысша түсіндіру. Мысалы, *әфсана* (легенда), *әһлі сәлиб* (крестовые походы), *әһнәсүр* (элемент), *риадият* (математика), *дүниауи* (светский), *фрадис* (гипотеза), *фи алжұмлә* (вообще), *ләһже* (наречие), *кашфийат* (открытие), *истах* (термин), тағы басқа; ә) Шет тілдерден енген сөздерді қазақша түсіндіру. Мысалы, филолог (тіл ғылымына жетік адам), классик (үлгі), оригинал (түп), асты, үсті (харакат), фазилат (артықтық), ибаре (текст).

Қазақша жазып отырып, белгілі бір сөздің орысша баламасын жақшаның ішінде келтіріп отырады. Мысалы, *түзетушілер* (корректор), *түп* (оригинал), *рухани мағына* (духовное содержание), *дүниауи мемлекет* (светская власть), *бұқарашыл* (демократия), *төңкерісшіл* (революционер), *назар* (взгляд), деректі *істер* (практический). ә) Қазақша жазып отырып, белгілі бір сөздің түп нұсқадағы баламасын жақшаның ішінде келтіріп отырады: *шамның қалпағы* (абажуры), *ақ шыны* (форфор), *жар* (дуал), *шаман* (бақсы), *ұйқының уы* (токсині). Өзге тілден сөз қабылдағанда, оны ұлт тілінің фоно-морфологиялық заңдарына сәйкестендіріп алу қажеттігін қазақ зиялылары ХХ ғасырдың басында-ақ дұрыс атап көрсеткен болатын. Мәселен, 1923 жылы жазылған мақаласында Х.Досмұхамедұлының «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады» [15, 24]. Х.Досмұхамедұлы шет тілден енген сөздерді қазақ тілінің айтылу заңына сәйкестендіріп жазу қажеттігін бір емес, бірнеше еңбектерінде айтып кеткен. Мысалы, 1924 жылы қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде сөйлеген сөзінде шет тіл сөздерінің түбірін ғана айтып, оның өзінде сол түбірдің өзін де қазақ тілінің заңдарына бағындырып өзгертуді ұсынған. Х.Досмұхамедұлы Н.Төрәқұловтың «Жат сөздер туралы» деген еңбегіне жазған сын мақаласында автордың шет жұрттан алынған сөздердің бәрі де қазақтың айтылу заңына сәйкес өзгертіліп жазылуы керек деген қағидасын қолдайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті терминдері арасында бір компонентті және көп компонентті, яғни бірлескен сөздер тіркесінен тұратын терминдер жиі ұшырасады. Бұл тіліміздің жаңа терминдермен толыққандығын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, халықаралық терминдердің басқа тілдердегі баламаларын және айтылу ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тіліндегі баламалы терминін

жасау керек. Кейбір халықаралық терминдердің ана тілімізге аударылуы әбден мүмкін екенін мойындауымыз керек. Интернационалдық терминдердің орыс тіліне аударылғандарын қазақшалап, баламасын табу қажет. Бұдан шығатын қорытынды терминалмасу – заңды құбылыс. Өмірде, ғылымда, техникада әр елде болып жатқан жаңалықтарды әкелетін термин сөздерден қашуға болмайды. Терминалмасу қашан да болады, тек орынды болуы керек. Орынсыз терминалмасу тілді шұбарлау болатыны сөзсіз. Біз бұл жағдайды кеңес кезеңінде басымыздан өткіздік. Термин мазмұнын жақсы түсініп, тілден оған лайықты сөзді тауып, сөзжасам мүмкіндіктерін толық пайдалану керек. Қазіргі мақсат – орынсыз қолданылып жүрген шетел терминдерінен арылу. Осы уақытқа дейін қазақ тілінде термин жасау жүйесінің дағдарысқа ұшырағаны баршамызға мәлім. Осы мәселеге қатысты болып отырған жүйесіздікті болдырмау үшін терминология мәселесі ерекше күн тәртібінде тұруы шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исаев С.М. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. – Алматы: Қазақстан, 1983. -240 б.,
2. Қайдаров Ә Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: “Ана тілі”, 1998.-303б.
3. Айтбаев Ә. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. Алматы, 2013
4. Мамаева Г. Терминалмасу мәселесі // Терминологиялық хабаршы. 2004. №3 (9)
5. Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі: монография/ Е.Әбдірәсілов. -1 бас. - Астана: Ер-Дәулет, 2005. -258 б.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992, 445 б
7. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. Алматы, 2001
8. Нұрғалиев Р.Әуезов және алаш. Алматы, 1997, 429
9. Рухнама: Ж.Аймауытов, Павлодар «ЭКО» ҒӨФ, 2003.-126 б
10. Құрманбайұлы Ш. Ж.Аймауытұлы және қазақ терминологиясы // Қазақ әдебиеті -2008,18-24 шілде, Б. 20-21.
11. Әуезов М. Ғылым тілі // 12 томдық шығармалар жинағының 11 томы. Алматы, 1969.
12. Шаяхметұлы Қ. Кешегіміз – келешегіміздің кепілі // Шартарап. Семей-Новосибирск, 2006.
13. Жүнісбек Ә. Ұсынған терминдер // Терминологиялық хабаршы. Астана, 2003. №4 (6)
14. Жалмаханов Ш., Ысмағұлов Ж. А. Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды, 1997.
15. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тілінің сингармонизм заңы. Ташкент, 1924 // Досмұхамедұлы Х.Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.
16. Жүнісбек Ә. Фонетикалық атаулар жайында // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999. – 262-268 бб.
17. Жүсіпұлы М. (Джусупов М). Ахмет Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – С. 216.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР МӘСЕЛЕСІ

Мұхамбедия Ахметов

*Астана медицина университетінің профессоры,
медицина ғылымдарының кандидаты*

Қазіргі медициналық терминология дүниежүзілік медицина ғылымының ға-сырлар бойы дамуымен бірге қалыптасқан. Әлемнің түрлі елдеріндегі медик ғалымдар мен дәрігерлердің адам организмін зерттеу, оның функциялары мен құрылымын, аурулардың туындау себептерін анықтау, емдеу жолдарын іздестіру барысында медициналық терминдер пайда болған. Медициналық арнайы лексиканың дамуы мен құрылымына интернационалдық тәжірибе күшті әсер еткен. Онда ғажап жаңалықтар да, қате тұжырымдар да көрініс тапқан. Басқа саланың терминологиясымен салыстырғанда медициналық және биологиялық терминологияның басым бөлігі халықаралық терминдерден тұрады. Оған себеп ежелгі дүниенің классикалық тілдері (ежелгі грек тілі мен латын тілі) медициналық және биологиялық терминологияға түбегейлі ықпал етті.

Ежелгі дәуірдің 100-ден аса медициналық шығармасы «Гиппократ жинағы» деп аталатын еңбекке енген (б.э.д. 460-377 ж.ж.). Оған тек Гиппократтың ғана емес, оның шәкірттерінің және ежелгі грек медицинасының басқа бағытын ұстанған дәрігерлердің де еңбектері кірген. Еуропалық медицина және медициналық терминология тарихы осы «Гиппократ жинағынан» бастау алады.

Бұл еңбектегі барлық заттар мен құбылыстар грек сөздерімен берілген. Гиппократ пен оның ізбасарлары халық емшілері арасында ұрпақтан ұрпаққа тараған медициналық лексиканы қолданды.

Ал біз ғылым тілін мейлінше қазақша береміз деп халықаралық қолданыстағы терминдердің орнына жасанды баламаларды тықпалағандықтан, қазақшамызды өзге түгіл өзіміз түсіне алмай жүрміз. Ұғымдық айқындығы жоқ термин-сымақтардың бастарын күштеп қосып құрастырған қазақша мәтіндеріміздің, сұрықсыз сөйлемдеріміздің мазмұнын санамызға сіңіру үшін іштей орысшаға жобамен аударып алып барып, түсінетін күйге түстік. Сөзіміз дәлелсіз болмау үшін толып жатқан мақалалардың бірінен алынған төмендегі мына бір үзіндіні талқылап көрейік.

Гипертониясы бар кісілер түсініп көрсін. *«Егер гипотензивті ұтымдылық жеткіліксіз болса, бір жолғы мөлшерді әрбір 1–2 күн сайын күніне 3–4 дүркін қабылдау үшін 0,0375 мг-ға (құрамында 0,075 мг клофелині бар ½ таблеткалар) 0,15–0,3 мг-ға дейін көбейтеді».*

Осыны оқитын студент былай тұрсын, тәжірибелі әріптестеріміздің өзі, қостілді болмақ түгіл полиглот болса да, тісі батып түсінуі екіталай. Өйткені бұл сөйлемдер таза қазақша сөйлеп тұрған жоқ.

Орыс тілінде жазылған ғылыми мәтінді сауатты, ұғынықты етіп тәржімалау-

ға қазақшаның қабілетсіздік танытуының ең басты себебі – тіл орнықсыздығы, ұғымдық айқындықтың, стильдік жіктелімнің жоқтығы, терминдердің әркелкілігі.

Ауызекі сөйлесуде үйреншікті айтыла салатын сөздер мен сөз тіркестері көп жағдайда нақты ғылыми құбылыстардың реңкін ашып бере алмайды. Сондықтан белгілі бір саланың еншісіндегі терминдер мен сөз тіркестерді қазақ тілінің заңдылығына сауатты түрде бағындырып пайдалану қажет.

Қазақша жазылатын ғылыми еңбектеріміздегі тілдік селкеулікті жою үшін мүмкіндігінше тіл мамандарымен біріге отырып, тоғыз толғанып, он ойланып ізденуіміз керек. Бірақ тіл мамандары медицина тілін білмейді.

Латын, грек терминдеріне орыс жалғау-жұрнақтары қосылып пайда болған сөздерді қазақшаға бейімдегенде олардың этимологиялық түбіріне үңілу қажет. Өкінішке орай *функционалдық, индустриалдық, фолликулярлық, алвеолярлық, лейкоцитарлық, бактериалдық, бронхоэктатикалық, антиревматикалық, липолитикалық* деген сияқты қателерді байқамайтын болдық.

Тілімізді дамыту үшін Гиппократ пен оның ізбасарлары халық емшілері арасында ұрпақтан ұрпаққа тараған медициналық лексиканы қолданғаны сияқты, ұмыт болып кеткен төл сөздеріміздің арасынан термин функциясын атқара алатын, ұғымдық сипаты айқын сөздерімізді қайта тірілтіп, оларды қазіргі тәржімасы қиындық туғызып жүрген орыс сөздерінің эквиваленті ретінде тура тауып орнына қоюымыз керек. Тілді дамытудың жолы – жаңа сөз қосу екен деп, жөн-жосықсыз сөзжасам мен терминжасамның «құмар ойынына» жаппай кіріп кетуіміз – әперетін атағы мен әкелетін шатағы қатар тұрған құбылыс.

Еуропа елдерінде және Америка жерінде медицинаға жаңадан енгізілген терминдерді жасауда грек және латын тілдері негізгі дереккөз болды. Классикалық тілдердегі сөздіктерден алынған сөздермен қатар түрлі елдердің ғалымдары ойлап тапқан неоклассицизмдер пайда болды. Неоклассицизмдер латынша немесе түрлі ұлт тілдерінің формасында қолданылды. Грек, латын этимологиясының арқасында мұндай терминдер түрлі ұлттардың тілдеріне, олардың фонетикалық, морфологиялық жүйесіне сәйкес оңай кірікті. Осылайша терминдер халықаралық атауларға, интернационализмдерге айналды.

Қазақша эквиваленті табылмаған халықаралық терминдерді қазақшалау процесі біртіндеп жүрсе керек, өйткені ғасырлар бойы эволюциялық жолмен қалыптасып, халық санасына сіңіп, әлемдік коммуникация функциясын атқарып келген терминдерді бірден, жаппай қазақшалаудың миға тигізетін өзіндік зияны да бар. Олай дейтінім, лингвистика мен биология және физиология арасында тығыз байланыс бар. Тіл жүйесі мен мидың қарым-қатынасын зерттейтін нейролингвистиканың нәтижелері ғылымға белгілі. Дәл бүгінгідей науқаншылдықпен тілімізге осыншалықты ақпараттық жүктеме түсіріп, қиянат жасамау керек. Онысызда бұрынғы бодандықтан будандыққа шалдыққан ұлттық санамызда көзге көрінбейтін ақау бар деп есептеймін. Мидың функциясы ауытқығанда, сөйлеудің де бұзылатыны медицинаға мәлім. Мидың кибернетикалық жүйесіне түсетін

«бұзылған сөздер тасқыны» кері байланыс арқылы функцияға да әсер етпей қоймайды. Әрине, тілге байланысты психологиялық өзгерістер, бұрқ етіп, бір күнде біліне салмайды. Бүгінде біз сапырылысқа ұшырап мән-мағынасы шатысқан сөздерімізді санамызға күштеп енгізіп, психолінгвистиканың эксперименттік нысанына айналған ұлт сияқтымыз.

Біздің терминжасаммен, аудармамен айналысып жүрген мамандарымыз кей жағдайда өте ауқымды терминдердің бір ғана мағынасын бөліп алып аударатындықтан және сол терминнің басқа сөздермен тіркес келетін варианттарын түгелдей талқыламайтындықтан қателіктер туындатып жатады. Әсіресе, жеке ғылым салаларының терминдерін көзжұмбайлықпен аударуға болмайды. Медицинаға, биологияға, ветеринарияға қатысты кейбір терминдерді тіл мамандарының аударғанын көріп көңіліміз толмағандықтан, бір-екі жеке сөздерді талқылап көрейік.

Бір сөздіктерде адаптация – *жерсіну* деп берілген, ал сонда медицина мен биологиядағы *адаптация болевая (вкусовая, зрительная, слуховая, цветовая, тактильная), адаптация нервных центров* деп аталатын терминдеріміздің аудармасы қалай болады? Жерсіну – акклиматизация деген сөзге жақын емес пе? Дезодорация – *тазарту* деп берілген, ал бұл сөздің тура мәні – сасық иісті кетіру. Мәдениеттілеу етіп аудармақ ойымыз болса – *иіссіздендіру* дейік.

Врачебный долг – *дәрігерлік борыш* деп ұсынылғаны сәтсіз. Бұл жерде деонтология (deontos) – учение о долге – біреуден қарыз алып борышқа батып жүргендердің мәселесі емес, бұл – рухани әрекет пен рухани міндет деңгейіне көтерілген категория, сондықтан да *врачебный долг – дәрігерлік парыз*, бірақ деонтологияны «*парызтану*», «*парызтаным*» деп термин жасау қаншалықты сәтті, ойланайық.

Сөздеріміздің *санын* емес *сапасын* арттыру үшін жоғарыда қозғалған мәселеден кем дегенде екі ұсыныс шығаруға болады.

Бірінші. Орыс сөздерінің бәрін міндетті түрде һәм тек сауатты түрде, қазақшаға аударып алуымыз керек.

Екінші. Халықаралық терминдерді әзірше абайлап қазақшалау керек, оның өзінде терминологтар мен аудармашылар эквивалент сөздерді тек арнаулы ғылым саласының қазақшаға жетік мамандарымен біріге отырып іздеуі керек. Дәл осы шарт орындалмағандықтан, тілімізге шамалы «әттеген-айлар» түгіл нағыз «ұят-айлар» кіріп кетіп жатады.

Грек-латын терминэлементтерінің (*гипо-; гипер-; диз-; дис-; гастро-; нефро-, -емия; -тония; -генезия; -урия*) бірқатар артықшылықтары бар, сондықтан жаңа терминдерді құрғанда осыны ескеру керек:

Олар классикалық «өлі» тілдердің алтын қазынасынан бастау алғандықтан, мағыналары өзгермейді, ары қарай дамымайды. Этимологиялық аспект артта қалып, терминологиялық семантика алға шығады.

Терминэлементтер буын саны аз, қысқа сөз болғандықтан, кез келген ұлт

тілінде сөз тіркестерінің орнына көпкомпонентті, көпакпаратты сөзді жасауға ыңғайлы. Мысалы: «қуықтың қабынуы» деген тіркестің орнына –*цист/ит*; «ағзаны қатпарлап рентгенге түсіру» деген сөз тіркестің орнына *томо/графия* деп қолдану.

Бір мағыналы терминэлементтердің түрлі термин құрамында қайталана беруі – оларды тез түсінуге, есте сақтауға мүмкіндік береді. Кейбір ғалымдардың есептеуі бойынша, 500 терминэлемент – 15 000 терминді түсінуге мүмкіндік береді, екінші жағынан өзара байланысты терминдер кешенін құруға мүмкіндік береді. Мысал ретінде қабынбалы аурулардың микрожүйесін алуға болады. Ол грек тіліндегі сын есімнің «бір нәрсеге тиесілі, тәуелді» деген мағына беретін -itis жұрнағына «қабынба» деген мағына берді (nosos сөзімен тіркескенде), мысалы: nephritis – бүйрек ауруы, peritonitis – ішперденің қабынуы.

Грек-латын терминэлементтері түрлі тілдегі терминэлементтермен оңай қосылады. «Гибрид» сөздер түзіледі, ғылыми тілдің термин жасау потенциалы арта түседі. Гибрид сөздер, яғни шығу тегі аралас, жартылай латын және жартылай грек сөздері. Мысалы: ovario+tomia, hyper+secretio, lip+aciduria, funicul+itis.

Грек-латын терминэлементтері кез келген ұлттың тіліне оңай бейімделеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылғы Жолдауында: «Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін **еркін меңгеруінде**. Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны **жөнсіз терминологиямен** қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет.

Аудармаларды негіздеу тәсілдерін қайта қарастырып, терминология тұрғысынан **қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату** керек. **Латын әліпбиіне** көшу бұл мәселені реттеуге мүмкіндік береді» - деді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Энциклопедический словарь медицинских терминов, главный редактор академик Б.В. Петровский, 1984 ж
2. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, Егемен Қазақсан, №6 10 қаңтар 2018 жыл
3. Ахметов М. Санаға күшпен енгізілген сөз сөз болмайды немесе сөзжасамның жаңа формуласы, Жас алаш, № 2 (14886), 11 қаңтар 2005 ж.
4. Ахметов М. Медициналық терминдердің қазақшалануы, Медицина білімі – мемлекеттік тіл аясында (жинақ), Алматы 2000 ж.

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫ - ҚАЗАҚША МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ

Жауғашты Ахметов

*С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің
профессоры, медицина ғылымдарының кандидаты*

2017 жылы Алматыдағы «Арыс» баспасынан Алаш зиялысы, профессор Халел Досмұхамедұлының 3 томдық еңбектері басылып шықты. Олар – «Жан саулығы», «Тән саулығы» және «Табиғат тану» деп аталады. Осы оқулықтардың құрастырушысы профессор Ғ. Әнес: «Бұл еңбектер өзіне дейін туған топырақта еш үлгісі жоқ, терминологиясы мүлдем жасақталмаған қазақ ғылымы саласында тұңғыш оқулықтар еді», – деп көрсеткен.

Осы еңбектерін жазуда Халел Досмұхамедұлы бірнеше қағидаттарды негізге алған:

- 1) тілдің өз сөздерінен туған сөз, тілдің негізгі заңымен тууы керек, тілдің нағыз өз баласы болуы керек;
- 2) жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек, жат сөздерді өзгертіп алу тілімізге орасан зор зиян келтіреді;
- 3) арабша, парсыша сөздерді арабша, парсыша емес қазақша айту керек;
- 4) аурупа сөздерін орысша айтылуынша қолдану дұрыс емес, сол сөздердің асыл нұсқасын алып, өзгертіп қолдану керек.

Осы қағидаттар негізінде «Тән саулығы» еңбегінде медицина саласына тиесілі 467 термин – атау сөз келтірілген.

Осы сөздерді қазіргі таңда қолданыста жүрген медициналық сөздіктермен салыстырып қарағанда біздің таза қазақ тілінен қаншалықты алшақтап кеткеніміз көзге ұрады.

Халел Досмұхамедұлы келтірген медициналық терминдер ішінде қазақтың нағыз, қаймағы бұзылмаған сөздері тұнып тұр.

Енді сол байлықтың ұтымды пайдалану мәселесіне көшейік.

Медицина саласында жасалған терминдерге келетін болсақ, олардың көпшілігі орыс тілінде қалай жазылған болса солай жазылып келеді. Оған мысал 2017 жылы Республикалық терминология комиссиясы бекітті деген (Терминком кз.) медициналық терминдердің 95 пайызы орыс тілінде қалай жазылған болса, солай бекітілген, сонда біз қай елдің терминологиясын бекітіп отырмыз?

Тіпті, қазақ тілінде бар атаулардың өзін, алдына орыс тіліндегі терминдерді тықпалауды қашан қоямыз.

Мысалы:

аборт – аборт

кастрация – кастрация

колит – колит

мастит – мастит
 менингит – менингит
 бронхит – бронхит
 фагоцит – фагоцит
 фагоцитоз – фагоцитоз
 склероз – склероз
 эмбрион – эмбрион
 стимулятор – стимулятор

Осы атаулардың бәрінің толыққанды қазақша аты бар, неге сол атаулар бірінші аталып содан кейін орысша аты берілмейді. Мысалы:

аборт – түсік тастау (аборт)
 кастрация – піштіру (кастрация)
 кифоз – құныс, бүкір (кифоз)
 колит – тоқ ішек қабыну (колит)
 мастит – емшек қабыну (мастит)
 менингит – ми қабығының қабынуы (менингит)
 бронхит – бронх қабыну (бронхит)
 фагоцит – опқыр (фагоцит)
 фагоцитоз – опқырлық (фагоцитоз)
 склероз – беріштену (склероз)
 эмбрион – ұрық (эмбрион)
 стимулятор – ширатқы (стимулятор)
 компенсированный – орны толған, теңгерілген;

Қазақ сөздерін алға шығара отырып қана қазақтың ғылыми терминологиясын дамытамыз. Терминдерді бұлай қарастырудың не мәні бар? Біздің арамызда орысша терминдерді жоғалтсақ студенттер білімсіз қалады деген қате түсінік бар. Шынына келгенде медицинада өріп жүрген, орыс терминдері деп аталып жүрген, терминдер орыс сөздерді емес, олардың латын – грек тілдеріндегі түпнұсқасын алып, өз тілімізге ыңғайлап қазақшалауымыз керек, сонда ғана қазақша терминология қалыптасады.

Жоғарыда жазылған сөздердің асыл нұсқасына (Халел Досмұхамедұлынша) келетін болсақ, орыс тіліндегі аударма сөздерден басқаша екендігіне көзіміз жетеді.

Халел Досмұхамедұлының «Тән саулығы» кітабындағы 467 атауға келетін болсақ, олардың арасынан небір керемет терминдерді, сөз тіркестерін табамыз. Мысалы:

Орысша	Қазіргі аталуы	Халел Досмұхамедұлы бойынша
внутренность	–ішкі ағзалар	–ішкі сарай
фагоцит	–фагоцит, жемір жасуша	–опқыр

фагоцитоз	–фагоцитоз	–опқырлық
подязычная кость	–тіл асты сүйегі	–тиек сүйек
подчелюстная железа	–жақасты безі	–алқым без
локтевая кость	–шынтақ сүйек	–садақ
отросток локтевой кости	–шынтақ сүйек өсіндісі	–шынтақ

Көріп отырғандарыңыздай дәрігерлер осы күнге дейін шынтақтың не екенін білмейді екен!

Орыс тілінен тікелей аударылып жүрген сөз тіркестері Халел Досмұхамедұлы еңбектерінде басқаша, қысқа да нұсқа қазақшаланып жарқырап тұр.

Орысша	Қазіргі аталуы	Халел Досмұхамедұлы бойынша
гладкие мышцы	бірыңғай салалы бұлшықеттер	тегіс ет
поперечно-полосатые мышцы	көлденең жолақ бұлшықеттер	жолақ ет
полушария большого мозга	үлкен мидың жартышарлары	ми сыңары
малая кривизна желудка	асқазанның кіші иілімі	қарынның ойығы
большая кривизна желудка	асқазанның үлкен иілімі	қарынның тұйығы
большой круг кровообращения	үлкен шеңберлік қан айналым	қанның ұзын жолы
малый круг кровообращения	кіші шеңбер қан айналымы	қанның қысқа жолы

Бұлшық ет деп қаңқамен байланысып тұрған еттерді айту керек, асқазанда, ішекте қайдағы бұлшық ет оларды Халекең айтқандай, «ет» десек жеткілікті емес пе?

Шынында да үлкен шеңберлік қан айналым жүректің сол қарыншасынан басталып, қолқа – күретамырлар арқылы ұзақ жол жүріп жүректің оң бөлмесіне қайтады; кіші шеңбер қан айналымы оң қарыншадан өкпеге барып – қысқа жол жүріп кері қайтады, сондықтан Халел Досмұхамедұлы тауып отырған сөз тіркестері әрі қысқа, әрі қан айналымының түріне толық анықтама беріп тұр. Осы түсініктерді қабылдасаң студенттерге де жеңіл болар еді және қазақша түсінікке қол жеткізер едік.

Көріп отырғандарыңыздай, қазіргі медициналық терминдердің бәрі орыс тілінен калька әдісімен жасалған, термин іздеп ешкім бас қатырып жүрген жоқ.

Халел Досмұхамедұлының атау сөздері әрі қысқа, әрі түсінуге жеңіл, нағыз қазақ сөздері.

Халел Досмұхамедұлы медицина саласында термин қалыптастырудың тамаша үлгісін жасап кетті. Осыдан 90 жыл бұрын жазылған еңбектеріндегі терминдердің көпшілігі әлі де күшін жойған, ол сөздерді білмей немесе пайдаланбай жүрген біз. «Отросток позвонканы» омыртқа өсіндісі деп, «поперечный отросток позвонканы» – омыртқаның көлденеңнен өсіндісі деп жүрміз, ал Халел Досмұхамедұлы «Омыртқа қанаты», «жан қанат» деп қиялға қанат бітіріп нағыз қазақша атау ұсынып кетті.

Қорыта айтқанда, Халел Досмұхамедұлының медициналық терминология атасы деп атауға толық негіз бар, Халекең салып кеткен сара жолға түсіп қазақшалығымызды түзейік әріптестер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Досмұхамедұлы Халел. Тән саулығы. - Алматы «Арыс» баспасы, 2017. – 496 бет
2. Ахметов Мұхамбедия Ахмет-Төре. Медицина терминдерінің сөздігі. Орысша-қазақша. Алматы: ЖШС «Сөздік-Словарь», 2005. – 640 бет.
3. Қазақша – орысша, орысша – қазақша Терминологиялық сөздік. Т.14. Медицина. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясы, 2014. – 532 бет.

АНАТОМИЯЛЫҚ АТАУЛАРДЫ БІРІЗДЕНДІРУДІҢ ТҮПНҰСҚАСЫ-ЛАТЫН ТЕРМИНДЕРІ

Бауыржан Шәкенов

*С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің
доценті*

Еліміз егемендік алғаннан кейінгі медициналық терминологияның дамуын **екі кезеңге** бөліп қарауға болады: **бірінші кезеңдегі** басты және ең қиын мәселе – латын, грек, орыс тіліндегі терминдердің қазақша баламаларын тауып қолданысқа енгізу болды.


Сол кезде басталған медицинаның әр салаларының терминдерін іздестіру, зерттеу жұмыстары жалғастырылуда. Осы уақытта көптеген анатомиялық клиникалық терминдердің ұтымды баламалары қолданысқа енді. Сонымен қатар, шығып жатқан еңбектердегі біраз терминдер әрқалай беріліп жүр. Мысалы: тонкая кишка – аш ішек, жіңішке ішек, ащы ішек; желчный пузырь – өтқуық, өт қалта, өт қапшығы, өт қап, өтқабы және т.с.с. Терминологияның белгілі бір даму кезеңінде терминдердің осылай әртүрлі қолданылуының әлемнің бұрыннан жоғары деңгейде дамыған тілдеріне де (неміс, орыс т.б.) тән құбылыс екенін терминология мәселелерімен арнайы айналыспаған мамандар түсіне бермей, басқа бір ғалымның ұсынған терминін екіншісі сынға алып жатады. Бұл жөнінде Ресей медициналық Ғылымдар Академиясының академигі В.В.Куприяновтың: **«Орыстың анатомиялық терминологиясын құру, жасау өте қиын жұмыс екен. Оған 100 жылға созылған уақыт кеткеніне таңдануға болмайды»** - деген пікірінің (1981 ж.) біздерге де тікелей қатысы барын атап өткен жөн.

Қазақ анатомиялық терминологиясы дамуының қазіргі **екінші кезеңінде** – латын, грек, орыс тіліндегі терминдердің басым көпшілігі қазақшаланып, аз бөлігі сол күйінше қолданылып жүр (диафиз, метафиз, апоневроз, нейрон, аксон, дендрит, артерия, вена, гипофиз және т.с.с). **Осы кезеңнің мақсаты – сол қолданысқа енген терминдердің сапасын арттыру, жоғары деңгейге көтеру, яғни әртүрлі қолданылып жүрген атауларды бірегейлеу, біріздендіру.** Қазіргі кезеңдегі біріздендіру үдерісі үлкен екі мәселені шешу арқылы жүзеге асады:

Біріншісі: Синоним – атаулар саны азайтыла түсуі қажет.

Екіншісі: Қазақ тіліндегі атауларды грамматикалық жағынан біріздендіру мәселелері. Бұл мәселені шешуде филолог ғалымдар арасында да ортақ пікірдің қалыптаспағаны белгілі.

Осы екінші мәселені шешу қазақ тіліндегі терминдерді Халықаралық анатомиялық номенклатураға сәйкестендіруді қажет етеді.



Халықаралық анатомиялық номенклатурадан көретініміз 1990 жыл мен 1998 жылдар аралығында халықаралық анатомдар ұйымының 14 рет отырысы (Францияда, Канадада, Англияда және т.б. елдерде) өткізіліп, терминдер мәселелері қарастырылып отырған. Бұл жағдайдан көретініміз терминология мәселелеріне арналған отырыстар, конференциялар біздің елімізде де тұрақты түрде өткізіліп тұруы қажет.

Қазақ тіліндегі терминдерді Халықаралық анатомиялық номенклатура негізінде, яғни, латын терминдерінің орналасу ретіне сәйкес жасағанда олардың – ағзалардың топографиясын және құрылым ерекшеліктерін дәл білдіретіндігі анықталды.

Осы уақытқа дейін қазақ тіліндегі анатомиялық терминдердің орыс тіліндегі

нұсқасына сәйкес жасалып келгені белгілі. Бірақ орыс тіліне сәйкес жасалынған қазақ тіліндегі атаулардың көбінесе, анатомиялық құрылымдардың ерекшеліктерін дәл білдірмейді.


Мысалы:

Arteria cerebri anterior – передняя мозговая артерия – алдыңғы ми артериясы;

Arteria cerebri media – средняя мозговая артерия – ортаңғы ми артериясы;


Arteria cerebri posterior – задняя мозговая артерия – артқы ми артериясы.

Бұл мысалдардан көретініміз, қазақ тіліндегі бұл баламалар артериялардың анатомиялық орналасуын дәл білдіре алмайды.



Себебі алдыңғы мидың, ортаңғы мидың және артқы мидың артериялары болып шығады. Енді, жоғарғы суретте көрсетілген ортаңғы миды және артқы миды алып тастасақ, төменгі суретте көрсетілгендей - үлкен ми қалады.

Анатомиялық құрылымдардың қазақ тіліндегі атауын латын тіліне сәйкес жасағанда, ағзаның анатомиялық және топографиялық ерекшелігі дәл белгіленеді екен. Сонымен, үлкен мидың алдыңғы артериясы, үлкен мидың ортаңғы артериясы және үлкен мидың артқы артериясы болып шығады.



Үлкен мидың алдыңғы артериясы
(Алдыңғы ми артериясы – емес)

Үлкен мидың артқы артериясы
(Артқы ми артериясы – емес)

Үлкен мидың ортаңғы артериясы
(Ортаңғы ми артериясы – емес)

Келесі мысал:

1. **canalis palatinus major** – **большой небный** канал – **үлкен таңдайлық** өзек немесе **үлкен таңдай** өзегі;

2. **canales palatini minores** – **малые небные** каналы – **кіші таңдайлық** өзектер немесе кіші таңдай өзектері деп беріліп жүр.

Осы қазақша терминдер анатомиялық құрылымдарды дәл сипаттай ала ма, соны көрейік:

а) **үлкен немесе кіші таңдайлардың болмайтыны белгілі;**

б) таңдайдың үлкен және кіші өзектері деуге де болмайды, себебі олар таңдайға келіп ашылады, бірақ өздері түгелімен таңдайда орналаспайды.

Сондықтан **таңдайлық үлкен өзек, таңдайлық кіші өзектер** болып берілгені дұрыс екені көрініп тұр. Сонымен қазақ тіліндегі көптеген атауларды **латын тіліндегі** терминдерге сәйкес баламалағанда олардың анатомиялық құрылымдардың мағынасын дұрыс білдіретіні анықталды. Жоғарыда мысалға келтірілген терминдердің латыншасын қарастырсақ: **canalis palatinus** – алдында жазылады да бұл өзектің алдыменен **таңдайлық** екенін, тек содан кейін барып **major**, оның **үлкен** екенін білдіреді. Бұл терминді қазақшалағанда алдыменен оның **таңдайлық** екенін, одан кейін барып **үлкен өзек** екенін белгілеп, анатомиялық ерекшелігін дұрыс көрсетеміз – сонда **таңдайлық үлкен өзек** болып шығады. Осы терминдердің орысша нұсқасын қарастырайық: **большой небный канал**, бұл атауда – **большой небный** – алдында жазылады да, **канал** соңында жазылады, оларды қазақшаласақ – **үлкен таңдайлық өзек** (үлкен таңдай өзегі) болып шығады. Жоғарыда көрсеткеніміздей үлкен және кіші таңдайлар болмайды. Сондықтан дұрысы латын тіліндегі нұсқасына ұқсас алынған **таңдайлық үлкен өзек** атауы дұрыс болып табылады. Осыған байланысты тағы да мысалдар келтірейік:

Nervus petrosus major – **большой каменистый нерв** – **үлкен тасты** нерв деп орысша нұсқасына сәйкес беріліп жүр, дұрысы: **тастық үлкен** нерв.

A. mesenterica superior – **верхняя брыжеечная артерия** – **жоғарғы шажырқай** артериясы деп бұл да орысша нұсқасына сәйкес беріліп тұр, дұрысы: **шажырқайлық жоғарғы** артерия.

Келтірілген жайттар өміріміздің барлық салаларының терминологиясын қамтитындықтан, сала терминдерін қазақ тілінде жасау, біріздендіру жұмыстарының ғылыми ғана емес, саяси, өндірістік зор маңызы бар екенін ескере отырып, терминология мәселелері ғалымдар арасында тұрақты түрде талқыланып отыруы тиіс деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орысша-қазақша сөздік. Жалпы редакциясын басқарған F.F. Мұсабаев. 1,2 томдар. Алматы, 1981.

-
-
2. М.Исамбаев. Ш.Сәрсенова. Медицина терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1982.
 3. М.Мырзабеков. Орысша-қазақша медициналық сөздік. Алматы, 1995.
 4. Жандар Керімбектің Ермаханы. Тәнтану атауларының латынша-қазақша-орысша сөздігі. Алматы, 1996.
 5. Ахметов Мұхамбедия Ахмет-Төре. Медицина терминдерінің сөздігі. Астана, 2005, 2008.
 6. А.Рақышев. Международная анатомическая номенклатура. Алматы, 2003, 2011.
 7. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік, 14-ші томы, Медицина. Б.Шакенов, А.Құсайынов және т.б., 2014 (30 томдық терминологиялық сөздіктер сериалы), – 525 бет.

МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ

Алтынбек Абдулманов

*Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық
университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты*

Қазақ мұнай-газ терминологиясы өзге де маңызды халық шаруашылығы нысандары іспетті жалпы тілдегі терминология мәселесінен ешуақыт тыс қалып көрмеген. XX ғасыр басында тілімізде арнаулы сала тілі алғаш елеп-екшеліп, зерттеу нысаны бола бастаған сәттен, сол ғасырдың 30 жылдарынан бастап мұнай-газ саласына қатысты алғашқы қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдар жарық көре бастады. Бұл еңбектерде саланың ерекшелігін көрсететін алғашқы терминалды сөздер мен терминүміткер сөздер орын алды. Әрине, олардың көпшілігі арнаулы сала тіліне қойылатын талаптарға сай болмаса да бастама жалғасын тауып, сала тілінің белгілі бір деңгейде жетіле түсіп қалыптасуына негіз бола алды. Мұнай-газ терминдерінің бүгінгі таңда қалыптасқан өзіндік табиғаты мен ерекшеліктері бар. Саланың күрделілігі оның біртекті болмауында, бірнеше ғылым салаларының тоғыса отырып халық шаруашылығына қажетті өнім алуға бағытталуында болып отыр.

Мұнай-газ салалық терминологиясы бірнеше тарсалалық терминологиядан тұрады. Мұнай қатысты өндірістік шаруашылықтың әрқайсысы тарсаланы құрайды (барлау, бұрғылау, өндірім, жинақтау, пайдалану, өңдеу т.б.). Осыған орай, кенорындарын игеру және пайдалануға қатысты өндірістік ішараны жүргізуде тарсалалық терминологияның қолданылатындығы дау туғызбасы керек. Ғалым Қ.Қадырқұлов мұнайға қатысты терминдерді мұнай геологиясы саласына

қатысты, мұнай өндіру мен тасымалдау саласына қатысты, мұнай өнімдері саласына қатысты, мұнай саясатына қатысты, мұнай технологиясына қатысты және мұнай мен газ өндірісі саласына ортақ терминдер секілді етіп бірнеше топқа қарастыруды жөн санайды [1, 4].

Кенорындарын барлап анықтауда негізінен мұнай-газ геологиясы терминдері: *қат, қабат, жыныс, әктас, тақтатас, шоғыр, малтатас, тау жыныстары, ойпат, шөгінділер, лықсыма, қиық, қатпар, иірім, қыртыс, дөң* т.б. қолданылса, игерім кезінде, жаңа игеру ұңғымаларын бұрғылау кезінде бұл терминдермен қатар мұнай-газ техникасы терминдері *бұрғылау, дірілдеткіш, науаша, қашау, сорғы, ротор, қондырғы* т.б. пайдаланылады. Мұнай-газ геологиясы терминдеріне қатысты: *қабаттың өнім бергіштігі, өнімді қабат, горизонт, миграция*, т.б. сөздер қолданылса, барлау және бұрғылау сияқты өндірістік процестен соң *ұңғыма, кенжар, ернеу, оқпан, құбыр аралық кеңістік, өңдеу ұңғымаларының торы, мұнайлы алқап жиегі* деген бірқатар арнаулы сала терминдері сөз айналымына түседі.

Зерттеу жұмысының нысанын және терминологиялық жүйе мен арнаулы сала тілі шеңберін нақтылау мақсатында Қарашығанақ кенорнында әр жылдардағы, кен игеруге және пайдалануға арнап дайындалған технологиялық құжаттар назарға алынды. Бұл технологиялық сипаттамалар мен ережелер, негізінен, «Өндірім және оны пайдалануға жинақтау» жұмыстарына арналған. Алайда қолданылған арнаулы сала тілі жалпы сала тіліне барабар келеді де, Қарашығанақ кенорнындағы объектілерінде кеңінен қолданылып жүр. Сондықтан да бұл сипаттама құжаттардағы және нұсқаулықтардағы лексикалық қор арнаулы сала тілін қарастыруда біздің көпжылдық зерттеуіміздің басты нысаны болып келеді.

Өндірім және оны тасымалдауға жинақтап дайындау ісі аса күрделі өндірістік шараларды қамтиды. Сондықтан бірнеше ғылым саласымен ұштасып жатыр. Атап айтқанда, геология, физика, органикалық химия, техника ғылымдарымен байланыс түзіп салааралық термин сөздер жиі қолданылады. Арнаулы мәтіннен нағыз игеру мен пайдалану үдерісіне қатысты терминдерден салааралық терминдер тобын ажырата қарастырудың практикалық қажеттілігі жоқ. Осы бағытта кенорындарын игеру және пайдалануға қатысты терминдердің қатарының сөзжасамдық ерекшелігін кешенді қарау дұрыс саналады.

Қондырғы-жабдықтар мен құрал-сайман атауларының барлығы дерлік мұнай-газ техникасына қатысты. Кенорнынан табиғи газ бен мұнайды немесе конденсатты алу, одан соң тасымалдауға жинақтау ісі кезінде алуан түрлі құрал-саймандар мен қондырғы-құрылғылардың аттары мен өндірістік процестердің атаулары бұл саладағы терминдер қатарын көбейте түседі. Мысалы, кенді шоғырдан алу кезінде қолданылатын құрал-сайман атаулары: *сорғы құбыр бағанасы (СҚБ-НКТ), бұрқақ арматурасы, құбыр және баған тізбектері, құйрықша*, т.б. немесе жинақтау кезінде қолданылатын құрал-сайман мен қондырғы-жабдық атауы: *жылуалмастырғыш, қақпақша, сорғы, айырғыш (сепоратор)* т.б.

Шикізаттың құрамы және оның құрылысы мен құрамына қатысты зат атаулары химия ғылымына тиесілі болып келеді. Мұнай-газ саласында бұндай химиялық терминдер молынан кездеседі: *ингибитор, метанол, метан, көмірсутек, азот, сутегі, газ, мұнай, ДЭГ (диэтилен гликол), күкірт* т.б.

Кенді игеруде оның химиялық құрамы мен жер қойнауында орналасу жағдайы, қоршаған ортамен байланыстылығын дұрыс бағалау міндетті. Оның химиялық құрамы мен құрылысынан басқа физикалық жағдайы да маңызды болып келеді. Осыған байланысты физика ғылымының терминдері мейлінше кең қолданылады. Мысалы: *қысым, салмақ, кеуектілік, өткізгіштік, сығымдылық* т.б. кеннің физикалық жағдайын білдіретін сөздермен қатар бұл жағдайды анықтайтын *термометр, монометр, дифманометр, газажыратқыш, бақылау-өлішеу аспабы* сияқты аспап атауларын атауға болады.

Кенорындарын игеру және пайдалану саласындағы лексикалық бірліктердің көрсетілген ерекшелігіне орай олардың қатарынан тарсалалық терминдерді, салааралық терминдерді ажыратуымызға болады. Тарсалалық терминдерді кенорындарының игерілуіне қатысты терминдер және мұнай-газ тасымалына қатысты терминдер деп бөлсек, салааралық терминдерді қатыстылығына қарай мұнай-газ химиясы терминдері, мұнай-газ геологиясы терминдері, мұнай-газ физикасы терминдері, мұнай-газ техникасы терминдері деп топтауымызға болады.

Мұнай-газ химиясының терминдері жалпы химия ғылымына тән терминдермен ұштасып, терең байланысып жатыр. Бұлар, негізінен, құрам бөлшектерінің, ерітінділердің, табиғи немесе табиғи емес әрекеттердің атаулары болып келеді. Табиғаттағы бар химиялық бөлшектердің барлығы бірдей атау сөз болып табылып зат есімдер қатарына кіреді. Айталық, *азот, көмірсутек, сірне, оттек, күкірт, күміс, алтын* тағы басқа.

Химия ғылымында латын, грек тілдерінен енген атау сөздер жиі ұшырасады. Олар ешбір өзгеріссіз тілімізде орыс тілінің нормасына сай қолданыс тауып жүр. Бұл құбылыспен біз толық келісе алмаймыз. Әлемде «халықаралық» деп айдар таққан терминдердің барлығы қазақ ұлтының тіліне өзге тілдегі заңдылықпен, ешбір өзгеріске түспей қабылдансын деген қағида жоқ. Ешбір халық халықаралық терминді тұтастай, қалтқысыз қабылдамайды. Кез келген жат термин балама табылмаған жағдайда, дыбыстық өзгеріске түсіп, тіл заңдылықтарына икемделуі шарт. Айтылып кеткендей, шеттілдік терминдер орыс тілінен өзгеріссіз жазылып та, айтылып та жүр. Мұнай-газ химиясы терминдерінің басым бөлігі латын немесе грек тілдерінде қалыптасып таралған. Бұл терминдер қазақ тіліне орыс тілі арқылы қолданысқа еніп жүр. Терминнің орыс тіліндегі нұсқаларына зер салсақ, сөз ұлттық тілге енбес бұрын өңделіп, өзгертілген. Терминнің өзегін сақтай отырып, орыс тілінің грамматикасына лайықталған. Ал сол терминнің орыс тілінен қазақ тіліне өтуі кезінде ондай өзгерістер жасалынбайды. Орыс тіліндегі терминдерге тән қосымшалар сол қалпында қазақ тіліне көшіріледі.

Айталық, **+ат** қосымшасына біткен химиялық түзілім атаулары көптеп кездеседі. Мысалы, *сульф+ат, карбон+ат, гидр+ат* т.б. Байыптап қарасақ, **+ат**

қосымшасы қазақша «*түзілім*» сөзіне мағына жағынан тұтастай сәйкес келеді екен. **+ат-түзілім**. Мысалы, *сутүзілімі, көміртүзілімі, тұзтүзілімі* т.б.

Терминнің сәтті баламасын тауып, ұлт тілінде термин қалыптастыру – үздіксіз жүргізілетін үрдіс. Сондай үздіксіз ізденіс нәтижесінде туған термин бөлшектері де баршылық. Сала тілінде **+тек** қосындысы арқылы жасалған тамаша үйлесімді химиялық бөлшек атаулары ұшырасады: *сутек, оттек, көмірсутек* т.б.

Мұнай-газ химиясы саласында **+ид** қосымшасына біткен терминдер жеткілікті. Мысалы, *оксид, нитрид, гидрид, карбонид* т.б. +ид қосымшасы гректің *eidos* деген сөзінен алынған. Қазақша «*тұр*» деген мағынаны білдіреді. Мысалға алынған сөздердің барлығында дерлік ортақ қасиет байқалады. Бұл химиялық заттар келесі бір затпен қоспада болады. Мысалы, химиялық элементтердің оттекпен қоспасы бұл - *оксид* (СИС, 460 б.) деп аталса, содамен қоспасы - *нитрид* (СИС, 451 б.), сутекпен қоспасы - *гидрид* (СИС, 166 б.), көмірмен қоспасы - *карбонид* (СИС, 290 б.) деп аталады. Осындай ортақ қасиетті саралай отырып жат тілдік +ид қосымшасын «қоспа» сөзімен теңестіруімізге болады. **+ид – «қоспа»**. Нәтижесінде, *оттек қоспасы, тұз қоспасы, су қоспасы, көмір қоспасы* деп қазақша толық мағыналы сөзбен атауымызға болады.

Мұнай және газ саласында қолданылатын химия терминдері негізінен заттық атау сөздер болған соң басым көпшілігі зат есім тұлғасында болып келеді. Айталық, талдауға алынған 30 сөздің ішінде 25 дара сөзден тұратын термин кездеседі. Олардың барлығы бірдей зат есім сөздер. Соның ішінде: 6 біріккен сөз (суаңзат, жермай, оттек, қарамай, күкіртсутек, көмірсутек), 1 кіріккен сөз (балауыз), 5 түбір сөз (*азот, аргон, баббит, бензин, сұрып*), және 13 туынды сөз (жұтқыш, жұтылым, сіңіргіш, сіңірілім, тамызылым, қоймалжың, таттану, ыдыратылым, тотық, ертінді, тежеткі, тұнба).

Термин мәнде қолданылған біріккен сөздер қос сыңарлы және үш сыңарлы болып келеді. Қос сыңарлылар: суаңзат, жермай, оттек, қарамай; Үш сыңарлылар: күкіртсутек, көмірсутек. Қос сыңарларының екеуі де негізінен зат есім сөздерден жасалған. Су+зат, жер+май, от+тек. Ал біреуі сын есім және зат есім түбірлерінің бірігуі арқылы құралған: қара+май. Үш сыңарлы біріккен сөздің барлық түбір сөздері де зат есімнен болып келеді.

Түбір сөзді терминдердің барлығы дерлік өзге тілден енген сөздер болып шықты (азот, аргон, баббит, бензин, сұрып). Бұл ретте тек «сұрып» сөзі – сөзалмасым арқылы «сұрыптау» сөзінен шығып отырған қазақша терминдік атау. Көрсетілген терминдердің ішінде адам атымен байланыстысы (эпоним) «баббит» термині. Қалған сөздер қазақ тілінің дыбыстық және сөзжасамдық қағидаларына сәйкес деп саналып, тілімізге енгізіп алған кірме терминдер. Алайда, мұнай-газ химиясы саласында түгелдей тек қана кірме терминдер түбір термин екен деген көзқарас тумасын. Өйткені бұл талдауға алынған терминдер шартты алынып отыр. Бұл салада қазақ тілінің төл түбір сөздері жиі кездеседі. Мысалы, су, күміс, бор, тұз, темір, мыс, мырыш, алтын т.б.

Зерделеу кезінде туынды термин сөздер саны жағынан сала тілінде көбірек қолданылатынын аңғартты. Бұл терминдер негізінен үдеріс (жұтылым, сіңірілім, тамызылым, ыдыратылым) және зат (жұтқыш, сіңіргіш, ертінді, тежеткі, қой-малжың, тұнба) атауы болып келеді екен. Туынды терминдердің басым көпшілігі етістік тұлғалы сөзден қосымша арқылы заттық мәнге ие болып зат есімдер қатарына өткен сөздер. Мысалы, жұт(ет)+қыш, тамыз(ет)+ ыл+ым, ерт(ет)+ін+ді, сіңір (ет)+іл+ім т.б. Үдеріс атауын білдіруде мынадай екі үлгі қолданылады:

- **түбір етістік + ырықсыз етіс жұрнағы + -ым, -ім өнімді жұрнақтары;**
- **түбір етістік + ырықсыз етіс жұрнағы + -ыс, -іс өнімді жұрнақтары;**

Ал үдеріс нәтижесінде алынған зат атауын білдіруде:

- **түбір етістік + өздік етіс жұрнағы + -ды, -ді, -қы, -кі өнімді жұрнақтары;**

Сол процесті жүргізуде қызмет ететін құрал атауын танытуда:

- **түбір етістік + -қыш, -кіш, -ғыш, -гіш өнімді жұрнақтары.**

Сала тілінде мұнай-газ химиясына қатысты тіркесті термин сөздер де орын алған. Айталық, *төменқызудағы айырылым, мұнай буы, сусыз күкірт, инертті газ*. Тіркесті терминдер біртұтас ұғым атауы болғанға дейін жалпыхалық тілінде бағыныңқы және басыңқы сынарлы сөз тіркестері екендігі жеке-дара тұрғанда айқын көрінеді. Негізінен, бірінші сыңары бағыныңқылық қызмет атқарып, анықтаушы сөз ретінде қолданылады. Айталық, төменқызудағы *айырылым, мұнай буы, сусыз күкірт, инертті газ*. Көпшілік тіркесті терминдер қатаң орын тәртібі арқылы қабыса байланысса, «мұнай буы» термині жасырын ілік септігінің формасындағы сөз бен тәуелдік жалғаудың үшінші жағындағы сөздің тіркесуі арқылы матаса байланысады.

Орташа есеппен мұнай-газ химиясы терминдерінің арнаулы саладағы қолданылуы:

Жалпы талдауға алынған 30 сөздің 25 біртұтас дара сөз болып келсе, 5-еуі ғана тіркесті термин болып табылады. Пайызға шаққанда төмендегіше болып шығады:

	Бір сөзді термин	Тіркесті термин
Жалпы термин	83,30%	16,70%
Түбір сөз	16,60%	
Туынды сөз	43,30%	
Біріккен сөз	23,30%	

Кенорындарын игеру және пайдалану ісінде мұнай-газ физикасы терминдері де молынан қолданылады. Жабдық, құрылғы, өлшем аспаптары, заттардың физикалық қасиетінің атаулары арнаулы сала тілін құрайды. Физика терминдері салааралық қолданыстағы терминдер болып саналады. Бұл терминдер өзгеде сан алуан өндірістік-шаруашылық, тіпті, тұрмыстық ортада қолданыла береді. Бірқатар физика терминдері өз дефиницияларын барлық салада бірдей сақтайды.

Физика терминдері салааралық қолданыста кең таралған. Өйткені негізінен аспап атаулар және электр үдеріс атаулары болғандықтан жиі қолданылады. Бұл сала бойынша мұнай және газ саласына қатысты 64 сөз шартты түрде талдауға алынып, оның 13-і ғана орыс тілінің нұсқасын сақтап қолданысқа енген. Термин құраушы «электр» бөлшегі ең кең қолданылатын сема болып саналады.

Осыған сәйкес, *электрон, электрод* сияқты сөздер туып, жазылу және айтылу нұсқасы қазақ тілінде сақталынып қолданылып жүр.

Сөзалмасым тәсілмен жасалған термин сөздердің ішінде сөзқуалаушылықтар да байқалады. Айталық, «*Щит отключения*» дегенді «*бөлініп қалу қалқаны*» деп аудара салған. Осы жерде бөлініп қалу ұғымымен, орыстың «отключение» ұғымының арасында алшақтық байқалады.

Жалпы физика терминдерінің қазақша баламасын тауып, ұлт тілінде өрбіту де сәтті қадамдар жасалып жүр. Дыбыстық өзгеріске түсіп қазақша тұрмыстық тілде кең қолданылған сөздердің терминденуі де байқалады. Мысалы, *электр қорабы*. «*Коробка*» деген сөздің баламасы ретінде «*қорап*» деген дыбыстық өңдеуден өткен сөз қолданылған.

Орыс тілінің жазылу және айтылу нормасын сақтап қазақ тілінде қолданылып жүрген бірқатар термин сөздердің шыққан тіліндегі сөз мағынасын анықтап, қазақша балама іздеу әрекетін жүргіздік. Аспап немесе қондырғы атауы ретінде қолданылатын термин сөздердің көпшілігі *-қыш, -кіш, -ғыш, -гіш* жұрнақтарының көмегімен және түбір сөздердің бірігуі арқылы жасалынған. Айталық, *жинақтағыш, электрөткізгіш, оқшаулатқыш, жылужеткізгіш, ажыратқыш, газанықтағыш, барометр, амперметр* т.б. Мұнай-газ, физика терминдерінің ішінде үдеріс атауын білдіруде **+ыл+ым, +іл+ім, +ім** жұрнақтары арқылы бірнеше ұғым атауы туындаған. Мысалы: *газтүз+іл+ім, шарп+ыл+ым, бер+іл+ім, суиір+ім* т.б. Өлшем бірлік мағынасында қолданылған физика терминдерін қалыптастыруда етістіктен **+м, +ім, +ым** қосымшалары пайдаланылған: *шығ+ым, өлше+м*. Грамматикалық тұлғасы жағынан түбір зат есімнен болған терминдер қатары да кездеседі: *газ, мөлшер, жарық, шама* т.б. Терминнің қазақша баламасын анықтауда терминжасамның бағыты ретінде шетел сөзін қазақша сөйлеу дағдысына лайықтап дыбыстауына орай жазу мәнерін ұсынамыз. Мысалы, (*пратон*), (*диапырағыма*), (*газ*), (*электір*) т.с.с. Пайызға шаққанда төмендегіше болып шығады:

	Бір сөзді термин	Тіркесті термин
Жалпы термин	59,9%	40,1%
Түбір сөз	15,8%	
Туынды сөз	84,2%	
Біріккен сөз	36.8%	

Талдауға алынған мұнай және газ, физикасы саласында қолданылатын

64 терминді «бір сөзді» және «тіркесті терминдер» деп қарастыруымызға болады. Олардың басым бөлігі туынды сөздер екені анықталды. Барлық терминдер ұғым атауы болуға лайықталуына орай грамматикалық тұрғыдан зат есім тұлғасына енуі жиі байқалады. Алайда, бұл салада негізінен, әрекеттің басым болуына байланысты сөздер етістік категориясынан зат есім қатарына туынды жұрнақтар арқылы (-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш) ауысып отырады. Сөздердің морфологиялық құрылымын шартты түрде бейнелер болсақ, мынадай кестелер түзіледі: Бір сөзді терминдер, з. е. + ет. =з. е., ет. + \wedge = з. е., з.е.+з.е. =з.е., сын е.+ \wedge = з. е., үст.+ет.= з.е. Тіркесті терминдер, з.е. + (ет.+ \wedge =з.е.), үст.+з.е., з.е.+ (ет.+ \wedge =з.е.), (з.е.+ \wedge)+ ет., (з.е.+ \wedge)+ з.е., з.е.+(з.е. \wedge =з.е.)+ет.

Мұнай-газ өндірісінің негізін құраған, барлау, анықтау жұмыстарын жүргізуде жетекші болып табылатын – геология саласы. Жалпы геологияның даму қарқыны бұл сала тілінің жан-жақты қолданысына алып келді.

Кенорындарын игеру ісінде арнайы геологиялық білімнің маңызы зор. Осыған орай, бұл істі жүргізуде мұнай-газ геологиясының терминдері жиі қолданылады. Олардың өзіндік лексикалық ерекшеліктері бар. Мұнай-газ геологиясы терминдері мұнай мен газ саласынан өзге көмір өнеркәсібі, алтын өндірісі секілді шахта немесе ұңғыма тәсілімен өнім алатын шаруашылықтарда жиі ұшырасады. Бұл терминдер салааралық тіл қатарына жататыны сөзсіз. Бұл терминдердің орнына қазіргі таңдағы салалық қолданыста негізінен латын тілінің семасы сақталынған орыс тілінің нұсқасындағы терминдермен алмастырылып беріледі. Алайда соңғы жылдары жалпыхалық қолданысындағы лексика терминденіп, қазақша балама сөздер қолданылып жүр. Мысалы, *ұңғыма, күкірт, саға, дің, бағана, қабат* т.б. Негізінен, бұл сөздер – халық шаруашылығында бағзы замандардан бері қолданылып келген атау сөздер. Геология саласы бойынша атау мағыналы балама терминдер туғызуда «**тас**» сөзі өнімді қызмет атқарып жүр. Мысалы, *қиыршық+тас (гравий), жұмыр+тас (галька, булыжник), қой+тас (валун), зер+тас (глазурь), шой+тас (глыба), малта+тас (галька), анар+тас (гранаты), әк+тас (известняк), шақта+тас (кремень)* т.б.

Барлық өндірістік жұмыстарды жүргізуде жетекші қызмет атқаратын жұмыс құралы мен аспаптарының атаулары, күрделі өндірістік әрекеттер мен әдістердің атаулары болып келеді. Мұнай-газ саласында жиі қолданылатын терминдердің ішінде қолданбалы техника терминдері кездеседі.

Ізденіс барысында тарсалада жиі қолданыс тауып жүрген бірқатар терминдерді арнайы қарастыруды дұрыс көріп, оларды талдауға алдық.

Кенорындарын игеру ісінде арнайы геологиялық білімнің маңызы зор. Осыған орай, бұл істі жүргізуде мұнай-газ геологиясының терминдері жиі қолданылады. Олардың өзіндік лексикалық ерекшеліктері бар. Мұнай-газ геологиясы терминдері мұнай мен газ саласынан өзге көмір өнеркәсібі, алтын өндірісі секілді шахта немесе ұңғыма тәсілімен өнім алатын шаруашылықтарда жиі ұшырасады. Бұл терминдер салааралық тіл қатарына жататыны сөзсіз. Бұл терминдердің орнына

қазіргі таңдағы салалық қолданыста негізінен латын тілінің семасы сақталынған орыс тілінің нұсқасындағы терминдермен алмастырылып беріледі. Алайда соңғы жылдары жалпыхалық қолданысындағы лексика терминденіп, қазақша балама сөздер қолданылып жүр. Мысалы, *ұңғыма, күкірт, саға, дің, бағана, қабат* т.б. Негізінен, бұл сөздер халық шаруашылығында бағзы замандардан бері қолданылып келген атау сөздер. Геология саласы бойынша атау мағыналы балама терминдер туғызуда «**тас**» сөзі өнімді қызмет атқарып жүр. Мысалы, *қиыршық+тас (гравий), жұмыр+тас (галька, булыжник), қой+тас (валун), зер+тас (глазурь), шой+тас (глыба), малта+тас (галька), анар+тас (гранаты), әк+тас (известняк), шақта+тас (кремень)* т.б.

Талдауға алынған мұнай-газ геологиясы сөздерінің жалпы саны 30 сөз болды. Олардың бір сөзден құралғаны 24 болса, екі сөзден тұратыны 4-еу ғана. Бір сөзді терминдердің ішінде 10 түбір сөз, 8 туынды сөз, ал 6 біріккен сөз болып келеді. Тіркесті терминдердің өзара байланысуында матасу (мұнай ұңғымасы, сұйыққойма арыны, мұнай таушайыры), қиысу (өнімді қабат, мұнайлы қабат), меңгеру (газ табу) секілді тәсілдері пайдаланылған. Басыңқы және бағыныңқы сыңарларының ішінде біріккен сөздер, түбір сөздер және туынды сөздер де кездеседі. Сол секілді бір сөзді терминдердің басым бөлігі (21) зат есімнен тұрады, тек қана 2 сөз сын есім тұлғасында және 1 сөз етістік түрінде қолданылған. Алайда етістік тұлғасындағы «жылжу» сөзі де атау мағынасында заттық мәнге ие болып тұр. Пайызға шаққанда 5-суреттегідей болып шығады:

	Бір сөзді термин	Екі сөзді термин
Жалпы термин	86,6%	14%
Түбір сөз	38,4%	
Туынды сөз	30,7%	
Біріккен сөз	30,7%	

Қандай болмасын өндірістік ішара техникасыз жүзеге асуы мүмкін емес. Осыған орай, кенорындарын игеру кезінде де, өнімді пайдалану кезінде де техниканың қатысы міндетті. Тарсалада көптеген техника терминдері қолданыста табады. Олардың көпшілігі салааралық сипатта. Біз зерттеу нысанымыз болған салада жиі қолданылатын терминдерді талдауға алуға тырыстық.

Талдауға алынған 30 сөздің 17-сі қазіргі таңдағы негізгі қолданыстағы сөздіктерде орыс тілінің дыбыстау және жазу нормасына сәйкес берілген. Тек қана 13 сөзге калька жолымен қазақша балама беріліп, қазақ тіліндегі нұсқасы жазылған. Қазақша баламасы беріліп жазылған сөздер – орыс тілінің жалпыхалық тілінен алынып терминденген атаулар. Сондықтан ол сөздерге қазақша балама табу жеңіл. Ал өзгеріссіз алынған сөздер ғылыми-техникалық жетістік кезінде пайда болған жаңа ұғым не зат атаулары көбінесе латын не грек сөздері болып келеді. Айталық, *фракция, адсорбер, аргон, азот, парофин, мазут* т.б. Бұл сөздерге

жалпыхалық тілінен балама табу өте қиын. Әйтсе де түпкі тілде берер мағынасын қазақ тіліндегі сөздер мағынасымен сәйкестендіріп сөз мағынасын ұғымға ұластыру арқылы да жаңа термин түзуімізге болады деген ойдамыз. Термин міндетті түрде белгілі бір ұлттың жалпыхалықтық тілі аясында туғаны дұрыс. Сол халықтың тіліне терең үңіліп, ұғымның мән-мағынасын ашуға, болмаса кеңейтуге тырысу қажет. Егер мағыналық жақыншылық табылмаған болса, барлық терминнің түп мағынасы семасын тіл заңдылықтарына бағынатындай етіп қабылдап пайдалануымызға болады. Айталық, *бензін, енгебитір* т.б. Бұл жерде өзгерткеннің өзінде сақталынып қалып отырған бөлшектер айқын көрінеді. Олар: «бенз», «нг+бит». Бұл сема код тәрізді. Ал код терминқұраушы болып табылады. Бөлшектің көмегімен жаңа термин жасау мүмкіндігі мол. Айталық, апатит сөзі ангидрит, сульфит т.б. сөздерді байланыстырып тұрған –ит бөлігі болса, жеке-жеке қарасақ 1-сөз: *an+am* семаларынан, 2-сөз: *an+гид* бөлшектерінен, 3-сөз: *сульф* сөзінің кодталуынан тұрады.

Сөз бөлшектерінің кодқа айналуы – белгілі бір ұғымды вербалды бөлшекке байланыстырып белгілеу деген сөз. Айталық, латын тілінен алынған: *гидро, аэро, тон, ит, сульф* т.б.

Қолданбалы техника саласы терминдерінің басым бөлігі жоғарыда келтірілгендей, құрал-жабдық атауы болып келеді. Сөзжасамда **-қыш, -кіш, -ғыш, -гіш** жұрнақтары өнімді пайдаланылғаны аңғарылды. 46 туынды түбірдің 22-сі осы жұрнақ түрлерінің көмегімен жасалынған. Сол секілді **-ма, -ме, -па, -пе** қосымшаларының көмегімен 10 сөз, **-қы, -кі, -ғы, -гі** көмегімен 6 сөз, **-ша, -ше** көмегімен 1 сөз, **-к, -р, -лық, -шық және –ық** қосымшаларының көмегімен бір-бірден термин сөз жасалса, **-л+ым** жұрнақтары арқылы 2 термин сөз қалыптасқан.

Қорыта айтқанда, өндірістік процестің жалпы сипаттамасы мен №23858-3OL-500-2200-00001 Қарашығанақ кенорнын дамытудың жобалық құжаттарында қолданылған арнаулы сала тілін негізінен мұнай-газ химиясы, мұнай-газ физикасы, мұнай-газ геологиясы және мұнай-газ техникасы терминдері бағытында топтауға алдық. Көрсетілген салалардың ішінде тарсалада басым қоланылатыны мұнай-газ техникасы терминдері болып шықты. Сөзжасамы түрліше талдауға алынған екі жүзден астам сөздің 102-сі мұнай-газ техникасы терминдері, 63 мұнай-газ физикасы терминдері, 30-ы мұнай-газ химиясы терминдері және 30-ы мұнай-газ геологиясы терминдері болды. Терминдер мен термин мәндес сөздердің қолданысын бір сөзді терминдер және тіркесті терминдер деп алып, дара немесе бір сөзді терминдердің сөзжасамдық құрылымын талдауға алдық. Нәтижесінде, талданған сөздердің басым бөлігі дара терминдер екендігі анықталды. Мұнай-газ химиясы бойынша дара сөз 83,3 %, мұнай-газ физикасы терминдері 59,9 %, мұнай-газ геологиясы терминдері 86,6 % және техника терминдері 81,6 % құрады. Салыстыра талдау барысында барлық сала бойынша дара терминдердің негізгі бөлігі туынды түбір болып келеді екен. Алайда арнаулы сала тіліндегі дара терминдердің әрқайсысы бірнеше тіркесті терминнің

құрамында болуын ескерсек, жалпы алғанда тіркесті термин дара терминге қарағанда басым екендігін де айтқымыз келеді. Бұл турасында мұнай-газ терминологиясының құрылымын арнайы зерттеген А.Смагулова сала тіліндегі тіркесті терминдердің ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де басым екендігін айта отырып, үш, төрт тіпті, бес сөзден тұратын тіркесті терминдердің бар екендігін айтады [2, 125 б.].

Біз талдауға алған ғылыми мәтінде негізінен, терминжасамның морфологиялық тәсілі жиі қолданылатыны аңғарылды. Мұнай-газ химиясы бойынша жалпы дара терминдердің 43,3 %, мұнай-газ физикасында 84,2 %, мұнай-газ техникасында 36,8 %, ал геологияда 30,7 % морфологиялық тәсіл арқылы жасалынған. Жалпы мұнай-газ саласындағы арнаулы сала тіл құрамында бір түбірлі терминдер мұнай-газ геологиясында басым қолданылатындығы зерттеу кезінде анықталды, туынды сөздерге қарағанда 8 % жоғары болды. Ал терминжасамның аналитикалық тәсілімен жасалған терминдер негізінен мұнай-газ физикасында (40,1 %) жиі ұшырасты. Терминжасамның бұл тәсіліне жататын түбірлердің бірігуі арқылы термин қалыптастыру іріктелген терминдердің ішінен техника саласында ең аз болып шықты (6,4 %).

Салааралық терминдердің басым бөлігі орыс сөзі арқылы өзге тілдерден сөзалмасым тәсілі арқылы қабылданған. Олардың грамматикалық тұлғалары кейбір кезде қазақша баламасында өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы, орыс тілінде зат есім болып саналған «*перегонка газа*» термині қазақша баламада қимылдық сипаты басым болып «*газ айдау*» болып алынған.

Талдауға алынған термин сөздердің басым бөлігі атау мәнінде жұмсалғандықтан зат есім категориясында қолданылған. Бұл сөздер зат есімнен, етістіктен, сын есімнен өзге де сөз таптарынан жасалынған туынды зат есімдер болып келеді.

Салааралық терминдер бір терминологиялық өрістен екінші терминологиялық өріске еркін өтетін аралық сипатта болғандықтан, олардың лексика-грамматикалық тұлғасын біріздендіру маңызды. Бұл тұста үдеріс атауын білдіретін терминдердің етістік тұлғалы болып келуі, құрал атауы ретінде орын алған терминдердің етістіктен зат есім қалпына түскен тұлғасын өзге терминдерді қалыптастыруда ескерілуі тиіс деген ойдамыз.

Мұнай және газ кенорындарын игеру мен пайдалануға қатысты арнаулы сала тілін дамытуда және оны біріздендіруде ескерілетін басты жағдай – оның бірнеше саламен ұштасып жататындығында. Осыған орай, кешенді түрде бірнеше сала тіліндегі терминдердің бірізділігі мен біртектілігін сақтау маңызды. Тек мұнай-газ саласындағы бірізділігі ғана емес салааралық бірізділікті ұстану қажет.

Мақала көлемінде қойылған мәселені ширату мақсатында арнаулы сала тілінің оның ішінде сала терминологиясының қалыптасуының негізі саналатын басты жағдайларды елеп-екшеп шолып көрелік. Кез келген терминологиялық жүйе жұмыс жасау үшін ең қажеттісі – саладағы зор сұраныстың болуы, сол тілге деген кіріптарлық, қажеттілік. Салалық тіл терминологиясы өз ішінде терминдік та-

лаптардың болуын (принциптер), жетілген базалық терминдерді, олардың жасалу үлгілерін, қалыпты терминжасам тәсілдерінің болуын қажет етеді. Үшіншіден, барлық салаға қатысты статикалық (жазбаша) материалдардың бірізденіп, стандартталуы, нормалық тәртіпке түсуі маңызды.

Сұраныс сыртқы тілдік факторларға тікелей бағынышты. Сыртқы фактордың бағыты да жағдайға орай құбылатынын ескерсек, арнаулы сала тілінің жүйелі қалыптасуында бұл үлкен қиындықтар туғызады. Сондықтан өндіріс орнында күрделі сала тіліне қатысты өзгерістерді енгізу күрделі мәселе. Тәуелсіздік алған таңнан бастап бүгінгі күнге дейін осы үлгіде өзге салалардағы секілді мұнай-газ саласы тілін қалыптастыруға бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Нәтиже жоқ емес, бар, десек те қазақ арнаулы сала тілінің өндіріске енуі өте баяу. Негізінен, аударма сипатында, қағаз жүзінде. Бұндағы қазақ арнаулы сала тілі орыс нұсқасымен теңесе алмай тұр. Сондықтан тіліміз мешеу сипат танытып, көлеңке тіл ретінде қалып отыр. Бұл жағдайды түзеу үлкен ғылыми негіздегі жүйелі жұмыстарды қажет етіп тұрғаны сөзсіз. Жасанды ұйымдастырылған сұраныс ары қарай тереңдеп жұмыс жасау үшін сауатты түрде ұйымдастырылған ғылыми-практикалық негіз қажет, келесі мамандар буынының қазақ арнаулы сала тілінде жұмыс жасауына икемделуі, үйренуі керектігі анық.

Мәселенің шешімі ретінде қарастырылатын алғашқы саты бұл – маман даярлау кезінде сала тілін меңгерту. Сол арқылы жаңа буынға білімді қалыптасушы арнаулы сала тілінде беру мәселесі туындайды.

Қазақ арнаулы сала тілінің жетіліп дамуы жолында жүргізілетін жұмыстардың бастамасы бүгінгі таңда бар. Бұл – статикалық материалдардың жарық көруі. Алайда бүгінгі таңда бұл материалдардың сапасы мен қолданысы нашар болуы себепті мәселенің созыла беруіне алып келіп отырады. Егер шығарылған материалдардың сапасы мен бірізділігін қадағалар болсақ, олай болмас еді. Сондықтан бұл мәселеде де орталықтандырылған жүйелі жұмыстар жүргізілуі тиіс. Әсіресе оқытуда құрал болатын сапалы оқулықтар мен оқу құралдары, сөздіктер мен техникалық анықтағыштар бір арнаулы сала тілінде, бір текті терминдерді қолданып шығып отырса, көп мәселені шешер еді. Мәселен, салаға қатысты терминдердің, ғылыми-техникалық анықтамалардың, тіпті арнаулы сала ғылыми тілінің бірізділігіне қол жеткізер едік. Бұл жұмыс мемлекеттік терминологиялық комиссия басшылығымен, сала мамандарын, тіл мамандарын қатыстыра отырып ұйымдастырылып, бақылауға алынса ғана жедел әрі сапалы нәтижелер болады. Бұл орайда қазіргі кәсіби білім беру жүйесінде өзекті болып жүрген дуалды білім беру жүйесін де оң пайдалану қажет. Яғни өндіріс пен оқу орнының арасындағы байланыс олардың кәсіби білігі турасындағы жетілуін ғана қамтамасыз етпей, арнаулы сала тілінің бірізденуіне, ақпарат пен білімнің ортақ бір тілдік база негізінде беріле отырып дамуына жағдай жасайды деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қадырқұлов Қ. Мұнай өндірісі терминдерінің салалық қалыптасуы // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – Алматы, 2002. -№6. –Б.3-7.
2. Смагулова А.С. Анализ Формально-структурной организации слов, входящих в терминосистему «нефть-газ» в английском и казахском языках // Вестник Казахского национального университета им. Аль-Фараби. – Алматы, 2009. -№5-6 (121-122). -Б. 125.
3. СИС - Словарь Иностранных слов. –М.: Русский язык медиа, 2003.

ТЕХНИКА САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНЖАСАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Гүлфайруз Иса

«KAZGOR» жобалау академиясының бас аудармашы-редакторы

Бүгінгі күні еліміздің техника саласындағы, соның ішінде сәулет және құрылыс саласындағы терминдерді түсіндіруде, жасауда және қолдануда туындап отырған өзекті мәселелер айтарлықтай көп. Қазіргі терминдерді, оның ішінде терминжасамның негізгі тәсілдерімен жасалған терминдерді талдау – осы мақаланың негізгі міндеті болып табылады.

Ғалымдар ұсынған жіктелім бойынша терминдердің жасалу жолдары бірнешеу:

- Семантикалық тәсіл.
- Морфологиялық тәсіл.
- Синтаксистік тәсіл.
- Морфологиялық-синтаксистік тәсіл. [1, 123]

Мақаланың зерттеу материалы ретінде терминологиялық сөздіктерден, анықтамалықтар мен энциклопедиялардан іріктеу негізінде алынған термин сөздер мен терминдік тіркестер талданады.

Кез келген білім саласында ғылыми сөздік қалыптастыруда пайдаланатын тәсілдің бірі – кәсіби түрде анықтамасы берілген жалпы қолданыстағы сөздерді қолдану. Осыған байланысты терминжасамның семантикалық тәсілі өнімді тәсіл ретінде үлкен қызығушылық тудырады. **Семантикалық тәсіл** сөздің жалпы қолданыстағы мағынасының терминденуін, кеңеюін, метафоралануын, метонимиялық тұрғыдан ауысуын, лексемалардың жүйелер арасында бір-біріне енуін, шет тілдік лексемелер мен терминдік элементтердің тілге енуін қамтиды. Жаңа терминді жасауда негізгі тәсілдің бірі сөзді семантикалық жағынан дамыту болып табылатыны туралы біраз ғалымдар айтып жүр [2, 528]. Екінші аталым процесінің нәтижесі болып табылатын бұл тәсілдің басты қағидасы – жалпы қолданыстағы сөздің арнаулы білім саласында жаңа ұғымда жұмсалуды. Бұны терминдену процесі деп те атайды.

Жалпы қолданыстағы сөздің семантикасы жаңа термин түзуде қолданған кезде метафора және метонимия қатысады. Тілімізде, соның ішінде техника саласы тілінде метафоралану жолымен жасалған терминдер көптеп кездеседі. Жалпы қолданыстағы сөздің ғылыми салаға өтуі сөздің бастапқы мағынасының өзгеруімен тікелей байланысты. Сөз заттар мен құбылыстарды тілдік тұрғыдан белгілеу құралы бола отырып ұғымдар арасындағы логикалық-заттық байланыстардың немесе қарым-қатынастардың негізінде көне және жаңа ұғымдар арасында бір-біріне ауыса алу қабілетіне ие екендігін В.Н. Телия атап өткен. Автор жаңа ұғымды белгілеу үшін бұрыннан фонетикалық пішіні қалыптасқан аталымның қолданылуына назар аудартады: «номинативный инвентарь пополняется в основном за счет заимствований или вторичной номинации, т.е. использования в акте номинации фонетического облика уже существующей единицы в качестве имени для нового обозначения» [3, 336].

Жалпы қолданыстағы сөздің терминденуі оның мағынасын қайта қарау, басқаша қолдану барысында жүзеге асырылады. Бұл процесс заттардың немесе құбылыстардың ұқсастығының, кеңістіктегі не уақыттағы шектестігінің, жақындығының немесе олардың қызметтерінің ұқсастығының негізінде жасалады. Ғалымдардың еңбектерінде түрліше аталатын терминжасамның бұл тәсілі соңғы жылдары қарқынды қолданыс тауып жүр. Орыс терминологиясының негізін қалаушылардың бірі, ғалым Д.С. Лоттенің сөзімен айтсақ: «В качестве нового научно-технического термина часто используется существующее уже обычное слово с сохранением его звукового состава. Например, такие слова как «твердость», «хрупкость», «усталость», «прочность», «выносливость», входили в словарь общелитературного языка задолго до их использования в терминологии» [4, 38].

Бұл процестің өзі бірнеше жолдармен жүзеге асады. Сөздердің мағыналық жағынан ұқсастығына қарай, заттың сыртқы түрінің ұқсастығына немесе атқаратын қызметінің ұқсастығына қарай жалпылама қолданылып жүрген сөздер терминденеді. Қазіргі күні техника саласындағы, соның ішінде сәулет және құрылыс терминологиясындағы қазақ терминдерінің терминдену әдісі терминжасамда өнімді тәсілдердің бірі болып табылады, мұнда жалпы пайдаланылатын сөздер қандай да бір ғылыми ұғымды білдіру үшін аса биік талғаммен пайдаланып, термин қатарына ауысады.

Қазақ халқының сөз талғамының биіктігін түрлі шаруашылық саласында қолданылатын атаулардан көруге болады. Тілге жеңіл, ұғынуға оңай сөздердің мағына дәлдігі қазіргі терминге қойылатын талаптарға толығымен жауап береді. «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Лебіз ашық, мағыналы болуы үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болуы керек. Адам анық танитын нәрсесін анық айтады да, көмескі танитын нәрсесін көмескі күңгірт айтады», - дейді Ахмет Байтұрсынов [5]. Бүгінгі терминдегі күңгірттіктің түп негізі – шет тілдерден енген ұғымдардың ішкі мазмұнына бойламаудан. Бұл қазақтың

белгілі тілтанушы ғалымы М. Балақаевтың: «Үй салушы құрылыс материалдарын тандап алмай, болашақ сарайдың пішінін біліп алмай, қалайша іске кіріседі? Сөзді білу, әрі көп білу – сан жағынан, сөзге талғаммен қарау, таразылау, сұрыптау – сапа жағынан – осының бәрі өнер иесінің тіршілігі, қамы» [6] , -деген сөздері термин жасаудағы сөз талғамына деген жоғарғы талапты білдіреді.

Алайда сала мен сөздің табиғаты толық зерттелмей жасалған салалық терминдердің, соның ішінде лексикалық мағынасының өзгеруінен, яғни көнерген сөздің немесе қолданыстағы сөздің терминденуінен пайда болып жатқан жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің қате қолданысы жиі кездесіп жатады. Бұлардың көпшілігі сөз семантикасын, этимологиясын терең зерттемеу себебінен болады. Мысалы, қазақ тілінің реалий сөздерін жаңа ұғымдарға беру жаңа сөздердің, әсіресе, терминологиядағы неологизмдердің мағынасын ауытқытады. Бұндай жағдайлар көбіне қазақтың киіз үйінің бөлшектеріне тән атауларды жаңа сөздер жасауда қолдану кезінде кездеседі. Атап айтқанда, «гипеоральное отверстие – шаңырақтесік», «ротонда – дөңгелекотау» сияқты сөздерді біріктіру арқылы жасалған жаңа сөздердегі «шаңырақ», «отау» атаулары – қазақтың этноұлттық ерекшеліктерін танытатын, белгілі бір затқа, соған қатысты дәстүрге телінген, басқа тілде баламасы жоқ сөздер. Ротонда латын тілінде *rotundus* дөңгелек деген мағынаны білдіреді. Отау да киіз ұғымымен тікелей байланыстырылса, сол пішінді өзіне сипаттама ретінде ала алады. Алайда қазақ ұғымында *отау* сөзі метонимдену тәсілімен үй, үй болу мағынасына ие болған. Мысалы, *жас отау, отау тікті, отау құрды* деген ұғымдар тұрақты сипатқа ие болып, қазақтың сөздік қорынан орын алған.

Сонымен қатар *канализация – кәріз, сооружение – құрылыс* деген сөз қолданыстары да осындай қателердің қатарын толықтырып отыр. Кейбір мәтіндерде, әсіресе жарнамаларда, «гипс» терминінің баламасы ретінде «ғаныш» сөзі алынады. Алайда ғаныш гипс пен саздан тұрады, яғни гипс – оның құрамындағы зат, сондықтан ғанышты гипс терминінің баламасы ретінде қолдануға болмайды.

Сөздің семантикасы толығымен жаңадан жасалған терминге ауысатын болса, бұл терминдену деп аталады. Ал жалпы қолданыстағы сөздің семантикасы ішінара пайдаланылатын болса, онда метафора немесе метонимия құбылысы орын алады. Екеуінде де негізінен адамның өз ортасында белгілі құбылыстар мен заттарды білдіретін лексикалық бірліктер пайдаланылады, сол себепті антропоморфтық, зооморфтық терминдер жиі кездеседі.

Сәулет және құрылыс терминологиясындағы метафоралану тәсілі заттар мен құбылыстардың сыртқы ұқсастықтарға және функциясының ұқсастықтарына негізделеді. Жоғарыда атап өткендей, метафоралау жолымен жасалған терминдердің баламасы адамның айналасынан, оның өзінен және отбасынан, мал-мүлкінен ұқсатып алынады. Мысалы, *пештің мойны, өңеші, белдің құмырасы, бесік пеш, буаз ара, ошақтың езуі, жапсырма құлақ, көріктің көмейі, күйеу қазық* деген атауларда адамның дене мүшелеріне ұқсату әдістері қолданса, *қасқырауыз*

(*әлді қысқаш, үлкен қысқаш*), *құстұмсық (қайла, жер қазатын құрал)*, *итарқа (итжон)*, *қабанқұлақ (қайрақ, көк сұр түсті тұтқыр тас қайрақ)* деген халық терминдері адамға өте жақсы таныс жан-жануарлардың болмысына, түрлері мен дене мүшелеріне баланып тұр. Сол сияқты зат есімдер ғана емес, етістіктер де осындай тәсілмен жасалып, бүгінге дейін сол мағыналарында пайдаланылып келеді: *білезіктеу, көбелеу* (судың айналасын көтеріп, биіктете топырақ үю), *сақиналау*, т.б.

Қазіргі кезде терминжасамда жиі қолданып жүрген тәсіл – аударманы да семантикалық тәсілге жатқызуға болады. Олардың ішінде сәтті шыққандары да біршама. Мысалы, «Гусёк» – жүк кранының көтергіш бөлігі, бұл атаудың орыс тілінде «клюв», «хобот» нұсқалары да бар, бірақ қазақ тіліне термин ретінде бірінші сөздің баламасы алынған.

Метафоралық аударманың сәттісі ретінде қолданылатын *айқұлақ* терминін алуға болады. @ лигатурасы әр тілде әртүрлі аталады: ұлу (француз, беларус, украин, итальян), ит (орыс), маймылдың құйрығы (голланд), маймыл (поляк, хорват, румын), су ұйығы (жапон), тышқан (қытай) және т.б. Осылардың ішінде қазақ тіліне ұлудың бір түрі айқұлақ алынғаны тілге де жағымды, ұқсату жағынан да сәтті шыққан.

Аударма тәсілі арқылы жасалған метафора терминдердің бәрі бірдей бұндай сәтті деп айтуға болмайды, себебі аударма барысында көп ескеріле бермейтін мағынаның тарылуы немесе кеңеюі сияқты қателіктер сәулет және құрылыс терминдерінде де жиі кездеседі. Мысалы, Атлант немесе атлас атауы ежелгі грек аңыздарына негізделген. Гректердің мифтік кейіпкері Атлант құдайлардың қаһарына ұшырап, оған иығымен аспанды тіреп тұру жазасы кесіледі де, сол күйінде тасқа айналады. Сәулет өнерінде осы образ сақталып, ғимараттардың аражабынын, балкондарын тіркеп тұратын ұстын ретінде жасалады. Қазақ тілінде термин ретінде кейіпкердің есімі емес, оның күш, қайрат иесі – ер екендігі атауға негіз болып, ердіңгек деген атау қалыптасқан.

Діңгектердің тағы бір түрі «Кариатида – статуя женщины, поддерживающая балочное перекрытие и выполняющая функцию опоры (столба, колонны)» [7, 254]. Арудіңгек – бұл да жалпылама атау, себебі бұл атаудың қазақша баламасында тек әйел бейнесі берілген. Діңгектің «Кариатида» атауының шығу тегі туралы аңыз гректердің Пелопонестің Карий қаласына соғыс ашу оқиғасымен байланыстырылады.

Аңыз бойынша жаулаушылар қаланы алғаннан кейін, ондағы ерлерді қырып, әйелдерін күндікке алып кетеді. Бірақ үстеріндегі ұзын киімдерін де шешкізбей, әйелдерді тізіп алып кеткендегі басты мақсат оларды ерлерінің қылмыстары үшін жазалап, көпшілік алдында масқаралау болды. Кейінгі ұрпақ карийлықтардың осындай жазасын естеріне сақтау үшін сол кездің сәулетшілері қоғамдық ғимараттардың ауыр арқалықтарды көтеріп тұрған ұзын киім киінген әйелдер мүсіндерін жасаған. Тағы бір аңыз бойынша кариатидалар – адамгершілікке жат

қылықтары үшін ғимараттың ауырлығын көтеруге мәжбүр болған жеңіл жүрісті әйелдер. Оларды басқа әйелдерге үлгі қылу үшін жасаған. Осы мағыналарына қарағанда, «таза, пәк» мағынасын беретін «ару» сөзімен жасалған қазакша баламасы дұрыс емес.

«Пальметта (фр. palmette) – архитектурное украшение в виде стилизованного веерообразного листа пальмы» [7, 417]. Мысыр және эллиндер сәулет өнерінде кеңінен қолданыс тапқан бұл өрнек бастапқы кезде лотос гүлінің түрінде болған, кейіннен пальма жапырағының пішіні қолданылатын болған. Сондай-ақ акант, үшқат өсімдіктерінің жапырақтары да бейнеленетін жағдайлар кездеседі. Алайда атаудың өзі айтып тұрғандай, бұл өрнектегі басты элемент – пальма жапырағы. Ал «өсімдік» – сол пальма немесе басқа өсімдік біткеннің жалпылама атауы. Сол себепті бұл терминнің қазакша жаңа баламасы ретінде алынған «өсімдікайшық» сөзі терминдік қызметін толық атқара алмайды.

Қазак қолөнерінде ұлттық ою нақыштарының түрі көп, солардың ішінде өсімдіктермен айнала әлемді бейнелейтін ою-өрнектер бар: шыныгүл, үшқұлақ, жапырақ, бадам, қызғалдақ. Бұлардың атауларынан қандай өсімдіктер бейнеленетіні анық көрінеді. Немесе «араби өрнек» деп берілген, әлемге «арабески» (фр. arabesque, ит. arabesco – арабша) атауымен танымал оюдың өзіндік ерекшелігі сол атауынан-ақ көрініп тұр – араб мәдениетіне тән өрнектер мен кейде жазу элементтерінен тұратын ерекше стильдегі ою. Ал «өсімдік» жалпы атау болғандықтан, «пальметта» терминінің қазакша баламасы оның негізгі түйінін бере алмайды.

Бұл терминдер белгілі бір сәулет стилі, ұлттық, тарихи ескерткіш элементі ретінде реалий сөз болып қалдырылса, терминдік мағынасы сақталар еді. «В первую очередь бросается в глаза сходство реалии с термином. ...От термина нельзя требовать «национальной принадлежности»: независимо от своего происхождения он – достояние всего человечества, которое и пользуется им, как своей законной «собственностью» [8, 8-9]. Осы пікір терминнің баламасы ретінде ұлттық реалий сөздерді қолдануға болмайтынын тағы бір дәлелдейді. Мысалы, «Герма (гр. herma) – четырёхгранный столб, завершающийся скульптурной головой или бюстом» [7, 145]. Бастапқыда Гермес құдайдың басы бейнеленгендіктен, бұл діңгектің атауы осылайша аталған, кейіннен басқа да құдайлардың бастары салынғанымен, атау сол күйінде қалған. Грек тіліндегі атауынан ерекшелігі – қазак тілінде Гермес діңгек деп аталып, Гермес сөзі негізгі субъекті – діңгектің анықтаушы ретінде беріліп тұр, яғни бұл терминнің мағынасы толығымен сақталған деп айтуға болады.

Қазак тілінде семантикалық тәсілдің бүгінгі қолданысы аударма жасаудан аса алмай отыр, яғни қазактың өз көзқарасымен, тұрмыс ерекшеліктермен затқа, құбылысқа бірегей ат беру қазір өте төмен дәрежеде қолданылады. Тіпті бұрын өте өнімді тәсіл ретінде қолданыста болған өзге тілден енген сөзді бейімдеу тәсілі де қазір қолданысқа қайта алмай отыр.

Орыс тілінен қазак тіліне еніп, тігісі жатқызылып кеткен құрылыс термин-

дерінің салыстырмалы кестесінен олардың қазақ тіліне сіңісу дәрежесінің үлкендігі сондай, шығу тегін ажырата алмайтындай өзгергенін көруге болады.

3-кесте – Орыс тілінен енген құрылыс терминдері

№	Қазақша атауы	Анықтамасы	Этимологиясы
1	бейкүт	мұз сақтайтын орын	выход
2	белетен	талдан тоқылған қора	плетень
3	бөдке	күрке	будка
4	кәмөлөк пеш	пеш	камелек
5	кілет	1. қойма, қамба. 2. ас сақтайтын үй, шошала	клеть
6	кірлес	үстін шатырлап жауып, үйдің есігі алдына жапсыра салынған кіре берісі	крыльцо
7	көкенеу, көкене	үй алдынан істелген ас үй	кухня
8	көсік	есік-терезе жақтауы	косяк

Бұндай сөздерді көптеп келтіруге болады, өкініштісі, соңғы кездері бұл тәсіл мүлдем қолданылмайды десе де болады.

Терминдену тәсілі ретінде кейбір терминдердің диалектілік баламаларын қолдануды ұсынамыз. Жалпы, қазақ тілінің бай қойнауын зерттеп-ізвестірсе, терминдердің баламаларын көптеп табуға болады. Бірақ сол диалектілердің ішінен әдеби тіл, термин нормасы ретінде таңдау жасағанда, салмақты зерттеулер жасау керек. Мысалы, орыс тіліндегі «балка» деген сөздің ұғымын беретін қазақ тілінде бірнеше сөз бар. Арқалық, белағаш, мәтке, матша, арыс, ірей ағаш, өрлік, салдау, сілеген, тосын – бұл сөздердің барлығы Қазақстанның әр өңіріндегі бір ұғымның атаулары. Осындай бірнеше нұсқалары бар сөздер біраз уақытқа дейін жарыса қолданылып келді және олар термин жасауда үлкен қиыншылық тудырды. Бұлардың ішінен біреуін таңдауда олардың қолданылу аясының кеңдігінде, ғылыми-техникалық еңбектерде қолданылу жиілігіне қарау үрдісі шешуші рөл атқарып жүр. Аталмыш ұғымды беретін тоғыз сөздің ішінде «арқалық» сөзі қазақтардың ішінен тұңғыш кәсіби сәулетшілер болып танылатын Төлеу Бәсенов пен Малбағар Мендікұловтардың, көрнекті ғалым, елтанушы, этнограф Әлкей Марғұланның ғылыми еңбектерінде «балка» ұғымының қазақ тіліндегі баламасы ретінде «арқалық» сөзі пайдаланылған. Ал матша, мәтке сөздері орыстың матица сөзінің қазақ тіліндегі фонетикалық өзгеріске түсіп, ана тілімізге бейімделген нұсқасы. Сол сияқты есіктің тақтайларын ұстап тұратын көлденең шебіктелген ағаштың бірнеше жергілікті нұсқалары бар – жіпсе, қарғаша, бел ағаш, бақалақ, белдік, беріктік. Осылардың ішінен көбіне қолданылып жүргені – қарғаша, бұл осы сөздің сөздікке еніп, термин мәртебесін алуына мүмкіндік жасайды.

Семантикалық тәсілмен салыстырғанда өнімді қолданылып жүрген тәсіл – **морфологиялық тәсіл**. Түбірге қосымшалар жалғану арқылы жасалатын бұл тәсіл арқылы жасалған жаңа терминдер сан жағынан өте көп. Олардың ішінде қате қолданылып жүрген бірнешеуіне тоқталып өтсек.

Өнімді жұрнақ болып табылатын -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік – қосымша көне түркі тілінен келе жатқан көне жұрнақ, мысалы, тарғлғ, күденлік және т.б. сөздерді жасауда өнімділік танытқан бұл жұрнақ бүгінде де көптеген жаңа сөздердің жасалуына қатысып келеді. Бұрыннан тілімізде бар номинатив зат есімдер арқалық (балка), биіктік (высота) деген сөздердің үлгісінде көптеген неонимдер жасалды: акротерий – шоқтық, аморфность – аморфтық, водонасыщенность – сумен қаныққандық, водонепроницаемость – сүеткізбеушілік, сусіңірмеушілік, влажность – ылғалдылық, вязкость – тұтқырлық, блеклость (дефект окраски) – күңгірттік (майлау ақауы), оголовок – баулық, оголовок стальной колонны – болат ұстынның баулығы, поддон – табандық, т.б.

Бұл жұрнаққа қатысты шешілмей жүрген мәселе – кейбір сөздерге артық жалғануы. Мысалы, минималдық, максималдық, номиналдық, вертикалдық, горизонталдық деген сөздерде анықтауыштық мағына үстеу үшін осы жұрнақтар жалғанған. Бұл – орыс тілінің формасын көзсіз көшіріп аударудан туындаған қателіктер, себебі қазақ тілінде кеңінен қолданылатын изафет тіркесті зат есімдердің анықтауыш-анықталушы қатыстағы байланысы бар. Мысалы, ағаш үй, бетон қабырға, тас еден және т.б. «Минимальный» - ағылшын тілінде minimal, minimum, «максимальный» - maximal, maximum, «номинальный» - nominal формаларында сын есім қызметін атқаратын сөздер, сол себепті оларға сын есім тудырушы жұрнақты тағы жалғау дұрыс емес. Қазақ тілінде минимал шығын, максимал мүмкіндік, номинал шама, вертикал сызық, горизонтал арматура деген тіркестер қолданылса, тілге орамды әрі қысқа және қазақ тілінің заңдылықтары орындалған болып есептелер еді.

-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті: нанос – салынды, үйінді, осып – ысырынды, отсыпка – төгінді және т.б. сөздердің жасалуында зат есім тудырушы жұрнақ ретінде қолданылады. Сонымен қатар қатыстық сын есім тудырушы жұрнақ ретінде де көп қолданылады. Бұл қолданыста да -лық/-лік қосымшаларында кездескен артық үстеу қателері кездеседі, мысалы, активті, пассивті – сөз тіркестерінің сыңары ретінде анықтауыш қызметін атқаратын сөздер. «Active», «passive» - ағылшын тілінде изафет байланыста сын есімдік қызметте жұмсалады, сондықтан қазақ тілінде де ғылыми-техникалық терминологияда актив металл, пассив құрылым түрінде қолданған дұрыс.

Бұл кірме сөздерге ғана емес, төл сөздерді тіркестіруде де кететін қателерге қатысты. -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті қосымшалары өзі жалғанатын сөзге анықтауыштық мағына үстеп, анықталатын затта сол нәрсенің барлығын білдіреді, мысалы, бұрымды қыз – бұрымы бар қыз, балалы үй – балалары бар үй. Осы жұрнақтарды техника тілінде пайдаланғанда тіліміздің бұл қолданыстары ұмы-

тылып, тағы да орыс тілінің формасы «эталон» қызметін атқарады. Техникалық құжат мәтіндерінде жиі кездесетін бұндай қателер «бетонды іргетас» (дұрысы – бетон іргетас), «бетонды жол» (бетон жол), «пластикті терезе» (пластик терезе) деген тіркестерден көрінеді.

Бұл жұрнақты қолданғанда жиі жіберілетін қате – оны -лық/-лік қосымшаларының орнына қолдану, мысалы, бетонды, бетондық, металды, металдық. Екі жұрнақтың арасындағы мағыналық айырмашылық ескерілмей, бұларды синонимдес жұрнақтар ретінде пайдалану жиі кездеседі. Синонимдік мағына таңылып жүрген тағы да жұрнақтар бар, олар – -ша/-ше және -шық/-шік қосымшалары.

-ша/-ше: арбаша, площадка – алаңша, полочка – сөреше, приемок – шұңқырша, прослойка – қабатша, пруток – шыбықша деген жаңа сөздердің бәрінде -ша/-ше кішірейту мағынасында қолданылған. Бұл қолданыс дұрыс емес. Аталмыш қосымша өзі жалғанған сөзге ұқсату мағынасын беріп, «сияқты» жалғаулығын алмастырады. Мысалы, Әнді сүйсең, менше сүй. Ұқсату мағынасындағы терминдер орыс тілінде күрделі сын есім жасаушы -образный, -видный сыңарлары мен под предлогының көмегімен жасалады. Осы сөз тіркестерінен аударма жолымен жаңа тіркес жасауда аталмыш қосымшаларды пайдалану, біріншіден, мағына дәлдігін қамтамасыз етсе, екіншіден, термин сөздерінің қысқалық талабын қанағаттандырады, мысалы, отделка под мрамор – мәрмәрша әрлеу, соединение вилкообразное – айырша немесе айыр қосылыс, отделка под орех - жаңғақша әрлеу, линолеум мраморовидный – мәрмәрша немесе мәрмәр линолеум. Ал кішірейту мағынасын беретін -шық/-шік жұрнақтары қалашық, қарашық, үйшік, көлшік және т.б. сөздерде бұрыннан қолданыста болғанмен, жаңа сөз жасауда өте сирек қолданылады, мысалы, қарастырылып отырған терминологиялық сөздікте бұрыннан қолданылып келе жатқан түйіршік (гранула), ершік (седелка) сияқты сөздерден бөлек тек арбашық (вагонетка) деген жаңа сөз келтірілген.

Синтаксистік тәсіл бүгінгі терминжасамда өте көп қолданылады. Әсіресе басқа тілден енген терминдерді аударуда кеңінен пайдаланылып жүр. Бұл тәсілде калька әдісі басымдылық танытып отыр. Бүгінгі термин жасаушылардың көпшілігі қазақтың бұрынғы сөз қолданысының үлгісіне жете алмай отыр. Тіркестерді аударған кезде басқа мағыналарымен қатар қарапайым, қарабайыр ұғымын беретін *қара* сөзінің тіркестің сыңары ретіндегі қолданысын келесі мысалдардан көруге болады: *қара алқа* (құлып), *қара болат* (өңделмеген болат), *қара сылақ* (үйдің қабырғасына, төбесіне және сыртына жүргізілетін бірінші сылақ), т.б. Сол сияқты орыс тіліндегі полу сыңар суффиксінің қазақ тілінде жартылай деп қана аударылып тіркес құрауы да бай тіліміздің аясын тарылтып отыр. Мысалы, тамақ өнеркәсібінде *полукопченный* деген орыс тіліндегі дәнекер у әрпінің көмегімен жасалып, қазақ тіліне сөз тіркесімен аударылатын терминнің атауы жартылай ысталған деп беріледі. Мағыналық жағынан бұл *шала ысталған* болуы керек. Қазақ тілінде жарты деген көлемдік мағынаны, тұтас заттың бір бөлігі

ұғымын береді, яғни жартылай ысталған деген бір кесек еттің немесе балықтың жартысы ысталып, жартысы ысталмады деген мағына береді.

Сөздердің тіркесуінен жасалған жаңа сөздер сәулет және құрылыс терминологиясының үлкен бір тобын құрайды: *выселки – оқшау қоныс, горячая гибка – ыстықтай ию, бетон водонепроницаемый – су өтпес бетон, глаголь – кертпе баспана, грунт непрочный – осал топырақ, витраж – әшекей әйнек, отопление паровое – бумен жылыту, отопление центральное – орталықтан жылыту, патрубок – келтек құбыр.*

Келтірілген сөз тіркестері мысалдарының көпшілігі терминдік сипатта жасалған деп айтуға болмайды, өйткені төл тілінде бір сөзбен берілетін ұғымдар қазақ тілінде сөз тіркестерімен берілген, бұл-біріншіден, екіншіден, терминдер экспликациялық аударма тәсілімен жасалған, мысалы, «*витраж*» ұғымының баламасы ретінде берілген қазақша атауы оның сипаттамасын береді – *әшекей әйнек*. «Витраж» француз тіліндегі *vitre* – терезе әйнегі деген мағынаны берсе, бастапқы мағынасы латын тіліндегі *vitrum* – әйнек дегенді білдіреді. Бұл әйнек түрлі-түсті етіп жасалған, бейнелеу өнерінің туындысы болып табылады, негізінен, терезеге салынады. Терминде әйнектің әшекейлігі көрсетілгенмен, бұл терминдік сипаттан гөрі анықтамалық мағына беріп тұр. Сол сияқты *арк – ишбекініс, палисад – ықшамбақ*. Бұндай қарабайыр үлгімен жасалған сөздердің терминдік сипаты жоқ. Бұл тұрғыдан Р.Сыздықованың пікіріне құлақ түрген дұрыс, ғалым «қазақы» терминдерді пайдалану мүмкіндігіне күмән келтіреді: «...ғылыми терминдерді түгелге жуық қазақша жасасақ, тілімізді ғылым тіліне айналдырамыз деген жаңсақ пікірде жүрген сияқтымыз. Ғылым тілі болу үшін ең алдымен ғылымның сан-саласына сол тілде баяндауды іске асыру керек, ал баяндау үстінде кірме терминдерді қолданамыз ба, өз қорымыздан жасалған «қазақыларын» пайдаланамыз ба – бірақ қайткенде де айтпақ ойымыз, талдауларымыз бен тұжырымдарымыз қазақша болуы шарт. Ғылым сөзін айтуда, әсіресе, оның физика, геология, химия сияқты сан алуан салаларында көптеген халықтар ықылым заманнан бері қолданып келе жатқан көне грек, латын сөздері болып келетін дүние жүзілік ортақ қордан бас тарту тіліміздің терминология қорын тұйықтап қана қоймай, ғалымдарды ортақ ұғымдарды танудан алшақтата түсері хақ. Қазақша ғылым тілі ғылыми стилі қарабайырлықтан аман болуы керек» [9].

Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің жасалуындағы бір әдіс – түбірлі интернационал компоненттердің орыс тілінің о, е, и, у дәнекер дауыстылары (соединительные гласные) арқылы жасалған терминдерді аудару жолы. Мысалы, *газоэлектросварка, металлокерамика, электродрель* және т.б. Бұл тәсілмен жасалған сөздердің қазақ тіліне аударылу ерекшелігі – бірінші бөлігіндегі жалғаушы суффикстер өзінің атқарып тұрған қызметіне қарай аударылады. Мысалы, металл қыш (сыны), электр бәрбі (сыны), газбен-электрмен дәнекерлеу (жасалу құралы).

Жиі кездесетін қате де осы орыс тіліндегі дәнекер дауыстылармен жасалатын сөздерді аударғанда, олардың жазылуынан кетеді. Орыс тілінде бірге немесе

сызықша арқылы (25-летие) жазылатын бұл сөздер қазақ тіліне аударылғанда ешқандай тыныс белгісіз және сөз тіркесі ретінде көбіне бөлек жазылады. *Берегоукрепляющие работы – жаға бекіту жұмыстары, морозостойкий – аязға төзімді, пятиэтажный – бес қабатты*, т.б. Бірақ терминологиядағы сөз үнемдеу қағидасы бойынша термин болып қалыптасып қалған, бірінші сыңары жалғаусыз сөздерді бірге жазу үрдісі бар, мысалы, громоотвод – жайтартқы, маслоуловитель – майтұтқы, железобетон – темірбетон және т.б.

Морфологиялық-синтаксистік тәсіл эллипсис, аббревиация әдістерімен жасалады. Осы мақаланың мақсатына сәйкес аббревиация, яғни сөздерді қысқарту әдісін сөз етпекшіміз. Қысқарған сөздерді екі топқа жіктеуге болады: еліміздің әлемдік ауқымда шетелдермен саяси-экономикалық қарым-қатынасының орнауына байланысты тілімізге енген шет тілдерінің қысқарған сөздері: TUV Nord, ISO, DIN және өз тілімізде жасалып жүрген қысқарған сөздер: ҚНЖЕ, ҚЕ, МҚН, ЖА және т.б. Қазіргі терминжасамдағы сөз қысқарту мәселесі ғылыми түрде қаралып жатқан жоқ, соның салдарынан қазақ тіліндегі сөздерді, соның ішінде түрлі ұйымдардың, технологиялардың күрделі атауларын қысқарту кезінде өрескел қателер кетіп жатады. Бұл - «...тілдегі дыбыстардың бір-бірімен қатар тұру мүмкіндігі, олардың тарихи қалыптасқан орны болатындығын» [10, 123] ескермегендіктен болатын қателер. Мысалы, ҚР ҚЖТКШК (ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті) – орыс тілінде жақсы жымдасып, жазуға да, айтуға да қолайлы ҚДСиЖКХ – қысқарған атаудың қазақ тіліндегі баламасы. Қазақ тіліндегі сөз қысқартудың қиындығы тіліміздегі дыбыстар үндестігінде. Сонымен бірге қысқарған сөздерге жалғаулар жалғау ережесі де сақталмайды.

Сөздердің бірігуі арқылы жасалған сөздердің ішінде -хана қосымшасымен мағыналас, бірақ қазіргі қазақ тілінде өзіндік толық мағынаға ие «жай» сөзіне тоқталмақшымыз. Бұл сөз термин жасауда кең қолданылып келеді, мысалы, горница – алқажай, альков – оймажай, альков, будуар – ханымжай, кальдарий – ыстықжай, мезонин – үстіңгі қоспажай, музей – мұражай, дача – саяжай, опис-тодом, описфодом – қарсыжай, опистодом, рекреация – тынысжай, рекреация, таблинум – түкпіржай, көрерменжай – театрон, тепидарий – жылыжай, термы (моншажай) және тағы басқалары. Сонымен бірге бұл сөз *үй-жай* ретінде орыс тіліндегі *помещение* терминінің баламасы болып қолданылып жүр. Атап айтатын жағдай дәл осы формада бұл термин кез келген контекстінде өзгеріссіз қолданылмайды. Мысалы, животноводческие помещение деген тіркесте *қоражай*, вспомогательное помещение дегенде *қосалқы жай*, офисные помещения – *офистік жайлар* түрінде қолданылғаны жөн. Сондай-ақ толық мағыналық сөз сипатынан айырылған -хана жұрнағы мен *жай* қосымша сөзінің кейде бір түбірге жалғанып, жарыспалы түрде қолданылатын кездері де ұшырасып қалады, мысалы, көшетхана – көшетжай, жылыхана – жылыжай.

Осы мақалада талданған терминдердің жасалу жолдары қазақ терминология-

сының бүгінгі ахуалына сәйкестендіріп қарастырылды. Мәтінде айтылып кеткендей, терминжасамның барлық тәсілдері бірдей қазіргі таңда өнімді болып отырған жоқ. Жаңадан сөз түзу, термин жасау барысында бұл жағдайды ескерген жөн. Сонымен бірге қазақтың бұрыннан қалыптасқан халық терминдері мен атауларының жасалу жолдарынан, әдіс-тәсілдерінен үлгі алып, терминді мейлінше табиғи түрде қалыптастыруға назар аудару керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гринеv-Гринеvич С.В. Терминоведение. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2008.
2. Татаринoв В.А. Общее терминоведение: Энциклопедический словарь/Российское терминологическое общество Росстерм. – М.: Московский Лицей, 2006.
3. Телия В.Н. Номинация // Лингвистический энциклопедический словарь / гл. ред. В.Н. Ярцева. 2-е изд., доп. М. : Большая Российская энциклопедия, 2002.
4. Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. Вопросы теории и методики. – М.: Издательство АН СССР, 1961.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Мұралық, 1999.
6. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту әдістемесі. – А., 1989.
7. Булыко А.Н. Большой словарь иностранных слов. – М.: «Мартин», 2006.
8. Влахoв С., Флорин С. Непереводимое в переводе. - М.: Международные отношения, 1980.
9. Р.Сыздықова «Тілдегі жаңалықтарсыры неде?»//«Ана тілі», 1991 жылғы 19 желтоқсан.
10. Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер, Астана, «1-С-Сервис», 2009.

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ БАРЫСЫНДАҒЫ ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕРДІҢ ТАҢБАЛАНУЫ

Орынай Жұбаева

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика
бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымының докторы*

Әділет Ахмет

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
ғылыми қызметкері*

Дүйсенәлі Әлімақын

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
ғылыми қызметкері*

Бүгінде латын графикасына көшуге байланысты терминдерді таңбалау, халықаралық атауларды дұрыс жазу мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған байланысты өткен ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ зиялыларының еңбектерінің маңызы артып отыр. Күннен-күнге көбейіп, тасқындап еніп жатқан термин сөздерді жүйелеп, оларға қазақ тілінен балама табу, саралап, сұрыптау ісінің жеңіл еместігі түсінікті. Ол туралы 1931 жылы оқу комиссариатының білім кеңесі былай деген еді: «... Жұрттың көбіне мәлім, ой еңбегіндегі ең қиын істің бірі – сөздік түзу, оның ішінде әсіресе кітап жазушыларға дайын сөз тауып беру – өте қиын іс. Бұл айтқан ғылым тарауын көңілдегідей шығару үшін оның соңында бірнеше жыл отырып, бір пән сөзінің өзін бірнеше сүзгіден өткізу керек» [1, 3]. Осындай күрделі еңбектің нәтижесінде жарық көрген сөздіктердің бірі – «Қазақша-орысша тілмаш». Кітап 1925 жылы Мәскеуде 10000 дана болып басылып шығады. Сөздік жұмысын басқарған – Кеменгерұлы Қошке, түзгендер – Кеменгерұлы Қошке, Байтасұлы Абдолла, Бұралқыұлы Мұстапа, Байғаскин Есім, Дәулетбекұлы Ғаббас, Баймақанұлы Шәкір, Темірбекұлы Сұлтан, Сәрсенбайұлы Төлеутай болды. Құрастырушылардың ешқайсысы да тіл маманы емес. Қ.Кеменгерұлы бұл кезде тарихшы, әдебиетші ретінде танылған.

Ғасыр басында қазақ білімпаздары аударма ісіне белсене араласқаны белгілі. Мұрағат деректеріне зер салсақ, Ә.Бөкейханұлы география, Е.Омаров алгебра, М.Жұмабаев педагогика, Ж.Аймауытов дидактика, Ф.Ғалымжанов физика, Б.Сәрсенов геометрия, И.Тұрғанбаев арифметика, Қ.Кеменгерұлы жаратылыстану пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударғанынан [2] хабардар боламыз. Сонымен қатар мұрағат қорында Қ.Кеменгерұлының 1925 жылдың 16 қарашасында «Ауыл шаруашылық ғылымы» атты кітапты аударуға келісім беретіні жайында хаты сақталған [3, 20].

Ғалым Пушкиннен «Пайғамбар», Никитиннен «Сәскелік көлдің жағасында» сияқты өлеңдерді тәржімалаған. Сонымен қатар Қ.Кеменгерұлы «Химия» атты оқулықты да аударған. Сол сияқты «Құлақ шаруаларындағы батырақ пен баты-

рақ әйелдерді заң қалай қорғайды», «Ақы, кәсіп, дау айыратын комиссия» деген Қ.Кемеңгерұлының аудармалары Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтаулы. Мұрағат деректері Бектасов пен Кемеңгерұлының «Орысша-қазақша сөздігінің» («Русско-казахский словарь») орыс топтарына қазақ тілін үйретуде жетекші құралдардың бірі болғанын көрсетеді [4]. Алайда бұл кітапты кітапхана қорларынан кездестіре алмадық. Бұл деректер Қ.Кемеңгерұлының сөздік түзу жұмысына тегіннен-тегін араласпағанын, оған үлкен дайындықпен келгенін танытады.

Сонымен қатар А.Байтасұлы да «Қазақша-орысша тілмаш» жұмысына араласқанға дейін-ақ аудармашылық шеберлігі ұшталған қайраткер ретінде танылған. Ол Уагнерден «Жануарлар туралы әңгімелер» (Ташкент, 1924, 126 бет), профессор Гейкіден «Физикалық география» (Ташкент, 1924, 204 бет) т.б. аударған. Осы кітаптарға жазған сынында «Қыр баласы» (Ә.Бөкейханов) аударма тілін сөз ете келіп: «Абдолла жолдас орыс кітабын қазақшылауға шебер. Кітаптың сөзі хат білетін қазаққа түсінікті», – деп жоғары бағалайды [5]. Сөздік жұмысына аудармамен ертеден айналысып жүрген Қ.Кемеңгерұлы, А.Байтасұлының араласуы «Тілмаштың» дұрыс та сәтті болып шығуына әсер екені даусыз.

«Қазақша-орысша тілмашты» түзушілер екі түрлі қызмет атқарған. Яғни, бір жағынан, қазақ сөздерін саралап, сұрыптап, олардың баламасын дәл тауып, дұрыс түсіндіруді, сол арқылы қазақ халқының болмысын, тұрмысын, рухын басқа халыққа таныстыруды мақсат етсе (бұл этнографизмдер мен фразеологизмдердің т.б. мәнін түсіндіруде ерекше байқалады), екінші жағынан, ғылым мен техника, мәдениет т.б. саладағы жаңалықтар мен өзгерістерге байланысты жаңа сөздер орыс тілінің әсерімен еніп жатқандықтан әрі ондай ұғымдар мен түсініктерге балама ретінде қазақтың төл сөздері қалыптаса қоймағандықтан, құрастырушылар орысша-қазақша сөздіктің міндетін де атқарған. Сол себепті «Қазақша-орысша тілмашты» түзушілер жеке реестрге қазақ тілінің дайын сөздерін ғана беріп қоймай, орыс сөздерінің (немесе орыс тілі арқылы басқа тілден енген сөздердің) қазақ тіліндегі баламасын ұсынып, шығармашылық та қызмет атқарған (бұл, негізінен, термин сөздерге байланысты). Мәселен, ғасыр басында *аэроплан, акционерное общество, кинематограф, резолюция, инструкция, прогресс* т.б. сөздердің қазақ тілінде дайын баламасы болмады. Әрине, бұл орайда баспасөз бетінде бұл атаулардың түрліше қолданылып жүргенін ескеру керек. Өйтсе де ол атаулар әдеби тілде қалыптасып үлгермеген еді. «Қазақша-орысша тілмашта» осындай сөздердің қазақ тіліндегі баламасы беріледі де оның орысша аудармасы көрсетіліп отырады. Мәселен, *сатсиалдық – социальный, социалистический; сома – сумма (капитал); қорытынды – 1) резолюция, 2) вывод; қосымша құн – прибавочная стоимость; нұсқа – 1) инструкция, 2) экземпляр, 3) копия; үдеу – прогресс; ұшқыш машина – аэроплан; жарналы серіктік – акционерное общество т.с.с.* Яғни сөздік құрастырушылар қазақ тілінің сөздік құрамын молынан қамтуға тырысқанын байқаймыз.

Сөздердің берілуі, сөз мағынасын түсіндіру, еуропа сөздерінің дәл баламасын

табу, сөздердің жинақталуы, сұрыпталуы тұрғысынан алғанда, «Қазақша-орысша тілмаш» өзіне дейін шыққан сөздіктерден әлдеқайда озық. Еңбектің құндылығы туралы «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдеби тілі мәселелері» деген кітабында Ш.Мәжітаева былай дейді: «Әрбір әдеби тілдің сөздік қорының дамуы мен нормалануына сөздіктің тигізетін әсері үлкен. Қазақстанда бұл жұмыс 20-жылдардың ортасынан басталады. Қ.Кемеңгеровтың «Қазақша-орысша тілмашы» бұл саладағы алғашқы тәжірибе еді. Мұнда орыс сөздерін аударып алу принципі негізінен сақталған» [6, 57].

«Қазақша-орысша тілмаштың» алғысөзінде құрастырушылар сөздік түзу – өте күрделі де қиын міндет екенін, тіл білімі саласында еңбек ететін бірнеше автордың көп жылғы еңбегінің нәтижесі болуы керектігін айта келіп: «К сожалению, такой точки зрения мы не придерживались по следующим причинам: во-первых, с целью удовлетворить сильную потребность в казахско-русском словаре слушателей-европейцев, изучающих казахский язык на Высших Военных Курсах Востоковедения, мы приложили все усилия к его ускоренному выпуску; во-вторых, мы не имели на руках соответствующих полных руководств для исчерпания из них необходимых материалов. Однако, выражаем надежду, что данный словарь может послужить пособием не только слушателей Военных школ, но и для европейцев, служащих в Казреспублике, а также для лиц, изучающих непосредственно казахский быт», – дейді [7, 5].

XX ғасырдың басында емле, термин мәселелері қызу талас тудырып, басылым беттерінде көптеген мақалалар жарық көрді. Олардың қатарына А.Байтұрсынұлы «Емле туралы», Т.Шонанов «Шет сөздерінің імләсі жайында», А.Мамытұлы «Емле, пән атаулары туралы», Е.Омаров «Емле мәселесі», Ж.Аймауытұлы «Емле, әріп жайында» т.с.с. мақалаларды жатқызуға болады.

Бұл мәселе 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде де сөз болады. Онда Елдес Омаров баяндама жасап, шеттен еніп жатқан терминдер (жат сөз) қазақтың өз сөзіндей тілімізге сіңіп кетуі үшін қазақ тілінің өзіндік заңдылықтарына сәйкестендірілуі керектігін ескертіп, 9 заңдылықты көрсетеді:

1. Қазақ тілінде үндестік заңы бар.

Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтін сөздер де жоқ емес. Соны айтып үндестік заңына қарсы болып жүрген азаматтарымыз да бар. Үндестік заңына келмейтін сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтін қазақша сөз түрі жалғыз-ақ «нікі» («дікі», «тікі»)-мен жалғанып айтылатын сөздер.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екеніне осы «нікі»-ден басқа қарсы дәлел жоқ. Дұрысында, ешбір тілде де тастай қатқан тұрлаулы заң болмайды: бір заңның күшімен екінші заңға бағынбай кететін сөз түрлері болмай қалмайды. Ондай заңға келмейтін бірен-саран сөз түрлерінен ол заңды жоққа шығару я ол заң жоғалуға бет алған деп жору – қата.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені рас болса: қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірыңғай жіңішкертіп я бәрін де жуандатып алу керек.

2. Қазақ тілінде жұмсақ «ә» сөздің бас буынынан басқа буындарда болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ «ә» болмайды.

Бұл: үндестік заңының салдарымен болған, қазақ тілінің айрықша бір қасиеті. Қазақ тілінде «Мәриә», «Кәмйілә» сықылды соңғы буындарында жұмсақ «ә» келетін сөздер де жоқ емес. Бірақ ол сөздер арабша оқыған молдалардың зорлап кіргізген сөздері, мұндай сөздің ерсі жері – бұларға жалғау қосып өзгерткенде, бұлар қазақ тілінің сөз жүйесінше өзгере алмайды. «Кәмйілә»-ның өзі жұмсақ болғанмен, мәселен, барыс жалғауы, қазақша сөз жүйесінше «Кәмиләге» болмайды «Кәмйілаға» болады. Қазақ тілінің мұндай сөздің бас буынынан басқа жеріне жұмсақ «ә»-ні сыйдырмайтын қасиеті болған соң: бас буыннан басқа буындарында жұмсақ «ә»-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, «ә»-ні өзгертіп я «е», я жуан «а» қылып алу керек («адабият» – «әдебиет»).

3. Қазақша сөздерде «о», «ұ» дыбыстары бас буындарда ғана болады. Басқа буындарында «о», «ұ» дыбысы бар, «бейнетқор», «қамқор» сықылды сөздер оның аяғында «қор» деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып тұр. Тіліміздің ымырасынша «о», «ұ» дыбыстары бас буыннан басқа жерде тұра алмайтын болған соң: бас буыннан басқа буындарда «о», «ұ»-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «о», «ұ»-ларды басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек (*покр^ов* – *боқырау*).

4. Қазақша сөздің аяғы «ғ», «г», «д» болып тынбайды, «қ», «к», «т» болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақ жалғаулар (жіктеулер) қосылып «қ», «к»-лер («т» емес) екі дауысты дыбыстың арасына түссе (олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса, «ғ», «г» болып) өзгереді. «ғ», «г», «д» дыбыстарымен тынған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларын «қ», «к», «т» қылып алу керек. Бұл дыбыстардың алдындағы дыбыстары дауысты дыбыс болғанда, артынан жаңа дауысты дыбыс жалғанса: «қ», «к»-лер «ғ», «г» болып өзгертін болып, «т» өзгермей, сол күйінде қалатын болуы керек. Ондай сөздің аяғындағы «қ», «к»-лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, ол сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақтар жалғанғанда да «қ», «к»-лер өзгермейтін болуы керек. Я болмаса сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (*Оренбург* – *Орынбор*).

5. Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар. Қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбыстан айырылып (онан кейінгі буынға) шыға алмайды («қарағай», «қар-ағай» болып үзіліп буындала алмайды); «мәселе» сықылды үзіліп буындалатын сөздер қазақ тілінде болмайды. Және: бір сөздің ішінде арасына дауыссыз я жарты дауысты дыбыс салмай, екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтін жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп, үздіксіз қылып алу керек («мәсле» – «мәселе», «мүмін» – «момын»).

6. Қазақша сөздің екпіні соңғы буынында болады. Сондықтан екпіні соңғы буыннан басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшаландыруында тілін соңғы буынға келтіріп алу керек («Самара» – «Самар», «пуховый» – «бөкебай»).

7. Қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қатарынан екі қама айтылатын дыбыстың біреуін я мүлде жоғалтып жіберу керек те я болмаса орнына басқа бір дыбыс кіргізіп алу керек («Мақка» – Мекке», «Алла» – «Алда»).

8. Қазақ тілінде өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмаса керек. Тілінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап, орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек. Жат дыбыстардың әрқайсысына алдын ала қазақ дыбысын арнап көрсетуге болмайды; ретіне қарай, мәселен, ерсі «у», «п», «б» болып өзгеруі мүмкін; «х» дыбысы қазақша кейде «к», кейде «қ» болып өзгеріп, кейде мүлде жоғалып кетуі мүмкін.

9. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертін болуға тиіс.

Жат сөздерді жат жұрнағымен алуға болмайды; жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек [8, 91-94-б.].

Қазақ оқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі ұстаным болған. Осы съезде сөйлеген сөзінде де, «Жат сөздер туралы» деген кітапшасында да Н.Төреқұлов түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ «делдалсыз тура Аурыпадан алуды» ұсынады да *бибауырмал* дегеннің орнына *интернационал*, *тарих* сөзінің орнына *история*, *тарихшы* сөзінің орнына историк деп қолдану керектігін айтады. Жат сөздерді «өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?», – деушілерге Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатақандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – деп жауап берсе, А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – деген еді.

XX ғасырдың басындағы басылым беттерінде *коммунист* сөзін *ортақшыл*, *интернационал* – *бейбауырмал* т.с.с. етіп алу сияқты көптеген ұсыныстар болғанмен, мұндай сөздер негізінен аударылмай, орыс тіліндегі күйінде берілген. Онда да екі түрлі бағыт байқалады: бірде *коммунист*, *социализм*, *комиссариат*, *пролетариат*, *конференция* т.с.с. сөздерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне үйлестіріп, сингармонизмді сақтауға тырысушылық байқалса, енді бір жерлерде сингармонизм заңдылықтары ескерілмей, сөз негізгі қалпына мүмкіндігінше жақын етіп берілген.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 16 қазанындағы N662 санында «Оқу-

шы» деген псевдоним иесінің «Қазақша-орысша тілмашты» өте жоғары бағалап, алайда кейбір сөздердің түсініксіз екенін айтқан сын-ескертпесіне жауап ретінде Қ.Кемеңгерұлы осы басылымның 24 қарашасында жарияланған «Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсініс» деген мақаласында: «Тілмашқа кірген сөздердің бірсыпырасы Радловтан, Будаговтан алынған. Қазақ тіліндегі ескі-жаңалы кітаптардан алынған», – дейді. Бірақ «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылар Радлов, Будагов сөздіктерін сол күйінше қайталамай, өз мақсатына қарай сұрыптағаны, ықшамдағаны, мағынасын кеңейткені т.б. байқалады.

«Қазақша-орысша тілмашта» 10 мыңдай қазақ сөзінің мағынасы түсіндірілген. «Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсініс» деген мақаласында Қ.Кемеңгерұлы Мәскеудегі «Кіндік баспасөз» Мағжанға қаратып, біреуге көшіруге бергенде, сол көшірушінің біраз шатастырғанын, оның үстіне 400-дей сөз баспадан қате кеткенін, яғни кейбір сөздердің мағынасын жойып не ауыстырып жібергенін қынжыла айтады. «Оқушы»: «кей сөздерге берген мағаналары қазақша да емес, жатық та емес, түсінікті де емес, керексіз сөздер кездеседі», – деп *тауқымет, гадауат, саранжам, шапағатшы, соламай, тоңғармақ, тазданбақ, ақыланбақ* сияқты сөздерді көрсетеді. Оған жауап ретінде Қ.Кемеңгерұлы: «Қазақша дегенде қазақтың төл сөзін іздейсіз ғой. Олай болғанда, қазақтың сөйлеп жүрген сөздерінің жартысы араб пен парсынікі деушілер бар. Оларға не дейсіз? *Орамалды* сіз қазақтың төл сөзі деп ойлайсыз ба? Қазақша емес деп дауласқаннан кейін, әрине, сізге түсінікті де, жатық та болмайды. Қазақ арасында айтылатын сөз бе? Сөз емес пе? Қазақ кітаптарында кездесе ме? – әңгіме сонда болу керек», – дей келіп, *тауқымет* сөзінің Жүсіпбек пен Мұхтардың жазғандарында, *гадауат* сөзі Абайда, *саранжам* сөзі Наурызбай батырдың қызбен айтысатын қиссасында кездесетінін, жас бала қайтыс болса, қазақ *шапағатшы болсын* деп көңіл айтатынын т.с.с. деректерді келтіре отырып, жеке адамның білмеген сөзінің бәрін керексіз қылуға, қазақша емес, түсінікті емес деуге болмайтынын ескертеді. Ендеше, «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылар кез келген сөздің мәнін түсіндіруді мақсат етпей, оның қазақ арасында немесе ақын-жазушылар тілінде кездесуіне қарай сұрыптап, екшегені байқалады.

Оның үстіне басқарушы «Тілмаштың» еуропалықтарға арналуына байланысты, қазақ сөздерінің бас-басына мағына беріп, түсіндіруге тырысқанын айтады. Қ.Кемеңгерұлы егер сөздік қазақтарға арналса, *утонуть* сөзін – *батпақ, кетпек, гарық болмақ* деп аударуға, яғни синонимдес сөздерді қолдануға болатынын, ал қазақша-орысша сөздікте әр сөздің жеке нысанға алынуы қажеттігін ескертеді. Бұдан Қ.Кемеңгерұлының сөздік түзу ісінің қыр-сырын толық меңгергені әрі оған үлкен жауапкершілікпен қарағаны байқалады.

Латын графикасын қабылдауға байланысты «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 18 ақпанындағы санында Қазақстан Орталық жаңа әліпби комитетінің емле мәселесі туралы тіл білімпаздарына, оқушыларға, барлық жазушыларға ашық хаты жарияланады [9]. Онда 1929 жылдың 20 наурызында Қазақстан оқу

комиссиариаты шақыратын білімпаздар съезіне дейін емле мәселелері талқылануы керектігін ескерте келіп, жан-жақты емлеге енген өзгерістерге оқушылардың пікірлерін сұрайды. Осыған байланысты газетке түрлі мақалалар жарияланып, түрлі ұсыныстар түседі.

Орталық Атқару Комитетінің президиумы мен Халық Ағарту Комитетінің шешімі бойынша 1929 жылы Қызылордада емлені реформалауға байланысты конференция шақырылды. Конференцияда осы уақытқа дейін емлеге байланысты ұсыныстар, айтыс-таластар қорытындыланып, жаңа алфавитке сай жаңа емле қабылданады. Конференцияға Е.Д.Поливанов, К.Юдахин, Э.Шмидт, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонановтармен бірге Е.Омаров та қатысып, комиссияның құрамында болады. Осы конференцияда К.К.Юдахин бастаған бір топ баяндамашылар қазақ тілінің заңдылықтарын белшеден басып, өрескел бұзады. Қазақ тілінің заңдылықтары бұрмаланып, емле, терминология мәселелеріне байланысты қайта-қайта таласып қалып, оған ешкім құлақ аспай қойған соң Е.Омаров пен Қ.Кемеңгерұлы қарсылық білдіріп, шығып кетуге мәжбүр болады [10].

XX ғасырдың 20-30-жылдарда («Қазақша-орысша тілмашта» да) орыс тілінен енген сөздерді (жат сөздерді) қабылдап, тұрақтандыруда төмендегі ұстанымдар негізге алынған:

а) бұл кезеңде орыс тілінен енген сөздерді жазуда осы уақытқа дейін тілімізде араб-парсы және бұрынырақта орыс тілінен енген сөздерді үлгіге алған.

ә) сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталған. Сол себепті *комиссариат – кемесерет, тема – теме, курсант – күрсент, губерния – гүбірне, конференция – кәнперенсе, лекция – лексіе* түріне ауысқан.

б) бастапқы буындары езулік, соңғы буыны езулік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндік бастапқы буындарға ауысқан не мүлде жойылып, езулікке айналдырылған: *автор – аптыр, срок – сұрык* т.б.

в) орыс тіліндегі **ф** орнына – **п**; **г** орнына – **ж**; **h, x** орнына жуан сөздерде – **к**; жіңішке сөздерде **к, ц** орнына – **с, в** орнына – **у**; **щ** орнына – **ш** қолданылған. Мыс: *физика – пійзіке, география – жағырапа, химия – кійміе, техник – текнійк, станция – станса, Москва – Мәскеу* т.б.

г) сөздің соңы **а** дыбысына бітсе, ол түсіп қалған: *аптека – аптек, фабрика – набірік, награда – награт*. Жер атауларындағы соңғы **а** дыбысы үндесіміне қарай **ы, і** болып өзгерген: *Европа – Жаурыты, Африка – Әпірікі, Азия – Әзііе* т.б.

д) орысшада **тр**-ға біткен сөздерде **т** мен **р** арасына **ы, і** дыбыстары кіргізілген: *тыйатыр, метір* т.б.

е) орыс тіліндегі **-тор**-ға біткен сөздерде ол **-тыр/-тір, -тұр/-түр** болып өзгерген: *тырақтыр, доқтұр, карректір* т.б.

ж) **ка**-ға біткен орыс сөздерінің соңы көбінесе **-ке** түріне ауысқан: *справка – ысрырабке, музыка – мүузійке, техника – теқнійке* т.с.с.

з) орыс тіліндегі **-ок** қосымшасы қазақ тілінде **ке**-ге өзгерген: *участок – ұушаске, список – іспеске* т.б.

и) орысшада аяғы **-ция**-мен тынған сөздерде оның орнына **-са/-се** жазылған: *милиция – мелетсе, станция – станса* т.б.

XX ғасыр басында тіл тазалығын ту етіп көтеріп, тіл заңын бұзбауға шақырған А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, А.Байтасұлы, Қ.Кемеңгерұлы т.б. білімпаздар жат тілден жұрнақ қабылдауға қарсы болды. Мәселен, «Қазақша жазу жайы» деген «Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше санында жарық көрген көлемді мақаласында Е.Омаров тіл заңын бұзбау қажеттігін айта келіп: «Орыстың «сатсыйализм», «сатсыйалист» деген сөздері – жалпы жұртқа ортақ сөз. Оны қазақ тіліне кіргізуге де болады. Бірақ оны алғанда, түбірін гәнә алыб, «изм», «ист», «ни»; сықылды жұрнақтарын шығарып тастау керек. Олардың орнына қазақ тілінің жұрнақтарын қосыу керек: жұрнаққа қазақ тілінен бай тіл кем-ақ болар. Өзінде үйір-үйір жұрнақ бола тұрып, жат жұрнаққа жармасыудың тіл бұзыудан басқа түк пайдасы болмайды», – дейді [11].

Орыс сөздерінің қазақ тілінің жұрнақтарын қабылдауы да көп кездеседі. Орыс тіліндегі сын есім мен зат есім тіркесуінде **-ный, (-ная, -ное)** қосымшасының орнына қазақ тілінде **-лық / лік; -дық / дік, -тық /-тік** қосымшалары жұмсалған: *райондық мектеб, үйездік текнйікүм, үйездік жер, гүбірнелік, үйездік оқыу бөлімі, өкіріктік мекеме, гүбірнелік газет, пійзійкелік бөлім лабораторыйасы, өкіріктік жастар кәмійтеті, үйездік партыйа кәмійтеті* т.б. Бұл, бір жағынан, орыс сөздерінің тілімізге сіңісті бола бастағанын танытса, екінші жағынан, **-лық /-лік, -дық/-дік, -тық/-тік** аффиксінің сол кезде өте актив қолданысқа ие болғанын көрсетеді. Осы кезде жаңа әліббійшілер, *ескі әліббійшілер, жаңа әлібшілер кәнперенсесі, жаңа әліббешілер кәнперенсесі, жаңа әліб кәмійтеті, жаңа әліббе кәмійтеті, Қазағыстан жаңа әліббе кәмійтеті, Одақтық кіндік жаңа әліббе кәмійтеті, жаңа әліббешіл* т.с.с. тіркестердің, атаулардың да жарыса қолданылған.

Бүгінгі таңда, өткенімізді сараптап, ұлттық дүниетанымға қайта үңіліп жатқан кезеңде XX ғасырдың басында ұлт зиялыларының термин, емлеге қатысты ұстанымдарын ескеріп, тарихтан тағылым алғанымыз абзал. Елбасымыз Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – дей келіп, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту қажеттігін баса айтқан еді. Бұл орайда, XX ғасырдың басындағы латын әліпбиіне көшу барысындағы ұлт зияларының терминдердің жазылуы, емле мәселелеріне қатысты еңбектерін әрдайым назарда ұстауымыз керек. Сол арқылы латын графикасына көшкен кезде шеттілдік терминдер қалай жазылғаны, оларды таңбалауда қандай ұстанымдар басшылыққа алынғаны, шеттілдік сөздер қалай игерілгені, қосар дыбыстар қалай таңбаланғаны жөнінде көп мағлұмат алуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Атаулар сөздігі. – Алматы: Қазақстан, 1931. – 116 б.
2. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 285-іс, 18-байлам. -11-12 б.
3. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1028-іс, – 20 б.
4. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 285-іс, 18-байлам. -73б.
5. Кітап сыны. Қыр баласы // Еңбекші қазақ. №320. 22.04.1925.; №325. 7.05.1925.
6. Мәжітаева Ш. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдеби тілі мәселелері. – Қарағанды, 1997. -130 б.
7. Қазақша-орысша тілмаш. – М., 1926. – 5-б.
8. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. – Алматы, 2005. – 144 б.
9. Қазақстан Орталық жаңа әліпби комитетінің емле мәселесі туралы тіл білімпаздарына, оқушыларға, барлық жазушыларға ашық хаты// «Еңбекші қазақ», 1929, 18 ақпан.
10. Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. – Алматы, 1930. - 58с.
11. Омаров Е. Қазақша жазу жайы // «Еңбекші қазақ», 1924, № 159, 161, 162.

ҚАЗАҚ ТЕРМИНЖАСАМ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІГІ

Қарлығаш Айдарбек

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

*Терминология бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы,
доцент*

XX ғасырдың алғашқы кезеңі ғылым мен техниканың, экономиканың, жалпы мәдениет пен әлеуметтік өмірдің мейлінше дамуымен, сол кезде болған алуан түрлі әлеуметтік, саяси өзгерістер қоғамдық өмірге де көптеген жаңалық әкелуімен ерекшеленді. Қазақ тілі сөздік құрамында ғылым, өнеркәсіп, техникаға байланысты ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері байқала бастайды. Қазақ тілінде терминжасамның ғылыми негізде жүргізілуін XX ғасырдың бастапқы кезеңінен бастаған жөн деп санаймыз. Мұның өзіндік негізі бар. «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде» алғаш рет қазақ терминологиясының ғылыми ұстанымдары жасалып, бекітілгені белгілі. Олардың қысқаша мазмұны төмендегідей:

1 – Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатұн болсын.

2 – Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік қалықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, - онда сөздер жатырқамай алынсын.

3 – Иаурыпа қалықтарының бәрінің де сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын.

4 – Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің байандамада байналаб көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын.

5 – Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатұн орын, – қазақша білім кеңесі, – жалпы қазақ қалқы үшін жалғыз болсын.

6 – Қазақша сөздер әлібби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын.

«Терминология мәселелері» жинағында орын алған профессор Ш.Құрманбайұлының «1920-1930 жылдары жарық көрген терминологиялық жинақтар мен сөздіктер туралы» мақаласында бұл съездің қазақ терминологиясы үшін маңызы былайша келтірілген: «Айрықша атап өтуді қажет ететін мәселенің бірі – тұңғыш рет қазақ терминологиясын дамытудың қағидаттары осы съезде белгіленді. Кезінде Алаш зиялыларының аттарын атауға, олардың еңбектері туралы сөз қозғауға болмайтындықтан болса, олар ақталғаннан бергі кезеңде де түрлі себептермен, бірқатар тіл мамандары алғашқы терминология қағидаттары 30-жылдардың орта тұсында жасалды деп жазып жүр. Бұл пікірдің шындыққа жанаса қоймайтындығына осы съезд материалдары нақты дәлел бола алады. Терминология дамуының тұңғыш қағидаттары қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің қаулысымен бекітілген. Бұл қағидаттар съезд қаулысымен бекітіліп қана қойған жоқ, Алаш

зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратып, істен шеттеткен отызыншы жылдардың басына дейін олар терминологиялық жұмыстарды жүргізуде басшылыққа алынды» (1,251-252).

Бұл мәселе жөнінде А.Байтұрсынұлы: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер, әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса, көркем болады дегендіктен, екінші, дайын пән сөздерін ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет бөліктеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежесіне жеткен. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың хат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздейді. Тіл арасына жік түсіп айрылмас үшін жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды», – деп жазған [2, 413].

Қазақ тіл білімінде неологияның теориялық негіздері мен тұжырымдары І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, Р.Сыздық, С.Исаев, К.Аханов, Ө.Айтбаев, Н.Уәлиев, А.Алдашева, Ш.Құрманбайұлы, Қ.Қадырқұлов т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Қазіргі таңдағы ТА негізгі принциптерін анықтау үшін ғалымдардың ұсынған терминжасам қағидаттарын білуді қажет етеді. Сондықтан академик Ө.Қайдар ұсынған принциптерге көңіл бөлген жөн сияқты. Олардың қысқаша мазмұны мынадай [3, 1-4]:

1. Мемлекеттік тіл тірегі – терминологияға мемлекеттік қамқорлық жасау;
2. Терминжасам ісінде көрініс беріп жатқан бұқаралық үрдістің жақсы үлгілерін орнықтыру;
3. Байырғы лексикалық байлығымызды сарқа пайдалану;
4. Туысқан түркі тілдері тәжірибесін іске қосу;
5. Интернационалдық терминдерді қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу;
6. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау;
7. Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру;
8. Көп жылғы тәжірибе арқылы қалыптасқан дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау;
9. Лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану;
10. Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин атаулардың сандық сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаудың жолдарын іздестіру;
11. Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу.

Академик Ө.Қайдардың терминжасам принциптерін талдай келе, ғалым Ө.Айтбайұлы былай деп жазады: «Біздің ойымызша, ең негізгілері деп үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, он бірінші принциптерді ай-

туға болатын сияқты. Басқалары күнделікті қажеттілікке орай қатар жүргізіліп отыруға тиісті шаралар. Солардың ішінде үнемі күнделікті назарда тұратыны – өз байлығымызды сарқа пайдалану, түркі тілдері тәжірибесін ескеру, интерминдерді тіл заңдылығына сәйкестендіріп қабылдау, дәстүр мен шарттылықты мойындау, атауларды қысқартып алу жайы жазу дәстүрімізді сақтау тәрізділері. Терминжасам процесінде болып жататын ала-құлалықтардың көбі осы шарттардың ескерілмеуіне, тіл заңдылығының аяқасты етілуінен деп білеміз. Заман талабына ескерілген бұл принциптер, сөз жоқ, қазақ тілінде термин реттеуге себебі тиер игі үлгі» [4, 64].

Профессор Ш. Құрманбайұлы қазақ терминологиясын дамыту мен жетілдірудің төмендегідей негізгі ғылыми қағидаттарын ұсынады [5,10-19]:

1. Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану;

2. Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі болып табылатын өзге тілдерден термин қабылдау:

1) туыстас түркі тілдерінен термин қабылдау;

2) туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау.

Алайда, бұл ретте, айта кететін аса маңызды мәселе, ғалымдардың (А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Ш.Құрманбайұлы) ұсынған принциптерінің барлығында қазақ терминжасамының ортақ ғылыми қағидаттары төмендегідей:

1. Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану;

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған терминдерді басқа түркі халықтарынан іздеу;

3. Еуропа халықтарының бәріне де сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу;

4. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі жағдайда ескеретін жайттардың бірі – әлем тілдерінің барлығында терминжасам элементтеріне айналған төл қосымшалары болады. Мысалы:

Қазақ тілінде: тұйық етістік –у – *үдеріс* мағынасын білдіреді; *-ым, -ім, -м – ғылыми, абстракттылы ұғым* атауын білдіреді; *-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш – құрал-сайман, құрылғы, аспап* атауын білдіреді; *-уыш/-уіш – құрылғы, тетік, қондырғы* атауын білдіреді; *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік – сапа, қалып-күй, көрсеткіш* т.б. мағыналарды білдіреді; *-ғы, -гі, -қы, -кі – құрал-сайман, құрылғы, аспап* атауын білдіреді; *-ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі – материал, үдеріс, қасиет* т.б. мағыналарын білдіреді; *-шы, -ші – адамның кәсібіне, қызметіне, мамандығына, айналысатын шаруасына* байланысты мағыналарды білдіреді; *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе – тетік, бөлшек, зат, жиынтық* т.б. мағыналарын білдіреді; *-ыс, -іс, -с – үдеріс* мағынасын білдіреді; *-ын, -ін, -н – үдеріс, құрылыс* мағыналарын білдіреді және т.б.

Ағылшын тілінде: *-er* – адамның қызметін білдіреді; *-мент (-ment)*: *іс-әрекет, үдеріс* немесе *қалып, жағдай*; *іс-әрекет нәтижесі* немесе *қызмет өнімі* мағыналарын білдіреді; *-инг (-ing)*: *үдеріс, әсер ету, қалып-күй, жағдай, нәтиже, іс-әрекет, материал, өнім, (verb +) –ing үдеріс барысындағы іс-әрекет* мағыналарын білдіреді; *-tion* – *абстракттілі* ұғымдарды білдіреді; *(verb +) -er/or (verb +) -ent/ant*: *іс-әрекетті жүзеге асырушы немесе сол іс-әрекетті жүзеге асыратын құрал* мағынасын білдіреді; *(verb +) –age*: *іс-әрекет акті* немесе *дерегі* мағынасын білдіреді; *(verb/adj/noun +) -ance/ence*: *қалып, жағдай, үдеріс, қасиет* мағынасын білдіреді; *(verb +) -ancy/ency*: *жағдай, күй, ахуал* мағыналарын білдіреді; *(verb +) –ee*: *іс-әрекет бағытталған тұлғаны/нысанды* білдіреді; *(noun +) –ian*: *ұлты, атағы, мамандығы* мағыналарын білдіреді; *(noun +) –ism*: *ілім, теория, сапа, жалпылама құбылыстар* мағыналарын білдіреді; *(noun +) –ate*: *қышқылдар, лауазым атауларын, дерексіз зат есімдер* мағыналарын білдіреді және т.б.

Осыған сәйкес, барлық әлем тілдерінде өзіндік негізгі терминжасамдық үлгілер қалыптасқан, сондай-ақ олардың басым көпшілігінде қабылданған терминжасам қағидаттары мынадай:

1. Өз тілі негізіндегі терминжасам.
2. Өзге тілдерден термин қабылдау.

Сол себепті де, өзге тілден термин қабылдау барысында әлем тілдері негізгі екі принциптің бірін басшылыққа алады (мәселен, түрік тілі орфографиялық принципке сүйенсе, орыс тіл орфоэпиялық принципке жүгінетіні белгілі):

1. Орфографиялық принцип;
2. Орфоэпиялық принцип.

Осымен байланысты, қазақ терминжасамында терминдерді латын графикасы негізінде қабылдауда орфоэпиялық принципті ұстанғанымыз жөн болады деген ойдамыз. Дегенмен басты мәселе, қандай қағидаттар болмасын, ең алдымен, олар терминдерге қойылатын талаптарға жауап беруі қажет. Мысалы: бірмағыналық, жүйелік, тілдік бағдар, уәжділік, қысқалық, дәлдік, эмоционалды-эксперссивтік бейтараптық және т.б. Сонымен бірге, терминдер мынадай нормативтік белгілерге сәйкес жасалуы керек: атаудың ұғым мазмұнына сай келуі/келмеуі, терминнің көпмағыналылығына мүмкіндігінше жол бермеу, термин-синонимдердің санын шектеу, термин вербалдануының ұтымды формасын беру, терминнің қысқалық белгісін, жеңіл айтылуын қамтамасыз ету, жаңа терминдерді өздерінің терминологиялық өріс үлгілеріне сәйкес жасап енгізу.

Терминологиялық жұмыстар, әсіресе, оның реттелуі норма және сөйлеу мәдениеті ұғымдарының қарастырылуын талап етеді. Себебі терминдерге ең басты қойылатын шарттардың бірі олардың лингвистикалық тұрғыдан дұрыстығы болып табылады. Сондықтан да терминологияны реттеуде алға нормативтік талаптар қойылады. Біздің ойымызша, терминдер мен терминологияларға қойылатын нормативтік шарттарды алты пунктке топтастыруға болады:

1. Жүйелілік;
2. Бірізділік;
3. Термин мен ұғымның бірмағыналылық сәйкес келуі;

4. Семантикалық дәлдік;

5. Қысқалық;

6. Терминдер жарыспалылығы мен варианттылығын айқындап, қажеттілерін енгізу.

Түйіндей келгенде, терминологиялық жүйені қалыптастыру үшін төмендегідей талаптар қойылады:

Жаңадан жасалған арнаулы атаулардың ішінен қажетті, ұтымды терминдерді іріктеп алу;

Оларға дәл белгіленген анықтама беріп тіркеу;

Терминнің бірмағыналылық ерекшелігі ескеріліп, қажетсіз синонимдерден шектеу.

Осындай талаптар ескеріліп жасалған терминдер арқылы салалық терминология жүйелері нығайып, бұл саладағы бүкіл өзгерістерге үнемі бейімделуге мүмкіндік береді.

Жалпы, терминдерді латын графикасы негізінде қабылдауда біздің ұсынып отырған ережелеріміз төмендегідей:

1) қазақ тіліне орыс тілі арқылы еніп, әбден қалыптасқан терминдер өзгеріссіз латын графикасы негізінде берілсін;

2) өзге тілдерден терминдерді қабылдауда делдал тілдің (орыс тілі) көмегінің тікелей түпнұсқа тілден алынсын;

3) қазақ тілінің терминжасам элементтері мағынасына қарай барынша тиімді пайдаланылсын;

4) қазақ тілінің терминжасам элементтерінің мүмкіндігі болмаған жағдайда терминдер түпнұсқа тілдің транскрипциясына (орфоэпиясына) орай латын графикасында таңбалансын;

5) түпнұсқа тілдің транскрипциясы (орфоэпиясы) негізінде латын графикасында таңбалау барысында өзге тілдерден енген терминдер қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшеліктері мен үндестік заңына сәйкес алынсын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. 1920-1930 жылдары жарық көрген терминологиялық жинақтар мен сөздіктер туралы // Терминология мәселелері. 1-кітап. – Астана: «ІС-Сервис» ЖШС, 2006. – Б. 246-282.

2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.

3. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.

4. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.

5. Құрманбайұлы Ш. Мемлекеттік тіл саясаты және терминологияны қалыптастырудың қағидаттары // Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана, 2004. – Б. 10-19.

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ
ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ
(МАШИНАЖАСАУ САЛАСЫ БОЙЫНША)**

Сабира Сапина

*ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының аға сарапшысы,
филология ғылымдарының кандидаты*

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясының ұлғаюы, жазуымыздың латын графикасына көшуі, ұлт тілінің ғылым мен техника саласына дендеп енуіне байланысты қазақ тілінде жасалған терминдерге қажеттілік артып отыр. Осы ретте тілшілер мен сала мамандары түрлі саланың терминологиялық жүйесін зерттеуге баса ден қойып келеді. Бұл жұмыстар терминологияны жүйелендірудің нақты лингвистикалық әдіс-тәсілдерін ұсынып, терминдік бірліктерді біріздендіруге бағытталған.

Бұл мақалада біз техниканың машинажасау саласы терминдерін лексикографиялық тұрғыдан сипаттаудың мүмкіндіктері мен қажеттілігі туралы сөз қозғауды мақсат етіп отырмыз. Зерттеудің материалы ретінде мақала авторы орыс тілінен қазақ тіліне аудару жұмысына қатысқан кәсіптік орта білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің оқу үдерісінде оқулық ретінде пайдалану үшін дайындалған «Жол және құрылыс машиналарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жүргізу» оқулығы және оны аудару барысында қолданылған екітілді терминологиялық сөздіктер алынды.

Терминологияны лексикографиялық тұрғыдан сипаттау бірнеше кезеңді қамтитын арнаулы сөздік құрастыру үдерісінде анық көрінеді. Сөздік құрастыру үдерісін бірегейлендіру мен алгоритмдеу мәселелері туралы пікірлер А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Н.Қаратышқанұлы еңбектерінен бастау алып, Ш.Сарыбаев, Ө.Айтбаев, Ш.Құрманбайұлы, Е.Әбдірәсілов, М.Малбақов т.б. зерттеулерінде жалғасын тапты. Жалпы тіл біліміндегі С.В. Гриневтің, К.Я. Авербухтың, А.С. Гердтің, В.М. Лейчиктің, В.В. Дубичинскийдің жұмыстары да осы тақырыпты жан-жақты сөз етеді. Осы ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, сөздік жасаудың бастапқы теориялық сараптау кезеңін қамтитын бөлікке а) осы мәселе бойынша жазылған монография, оқу құралдарын, нормативтік құжаттарды, ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалаларды; ә) сөздік қолданушылардың сұранысын зерттеуді; б) лексикографиялық дереккөздердің, яғни қолданыстағы екітілді, көптілді арнаулы сөздіктерді талдауды жатқызамыз. Басқаша айтқанда, білім саласындағы эволюция, оның дамуы осы білімнің берілу тәсілдерінің эволюциясы мен өзгеруі арқылы анықталады, яғни арнаулы мәтіндер деңгейіндегі өзгерістер өлшемге алынады.

Жалпы терминография ұғымы тек терминологиялық сөздіктерді ғана қамтымайды, сөздіктер терминографияның басты бөлігі, бұған қоса терминдерді жүйелеп, біріздендіріп, қолданысқа енгізу жұмыстары да кіреді. «Жаңа тер-

миндердің берілуінде оқулықтар мен оқу құралдарының да терминографиядағы орнын ұмытпаған дұрыс. Оқулықтар – терминдерді салалық ғылыми жүйеге сәйкес реттеп көрсететін әрі оларды нақты ғылыми мәтін ішінде қолдана отырып сұрыптайтын терминографиялық еңбек» [1]. Е.Әбдірәсілов қазақ тіліне енген терминдер мен атаулардың қалыптасуы, сұрыпталуы, реттелуі тұрғысынан қазіргі сөздіктердің рөлін атқарған ұлт тіліндегі алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарының маңызын ерекше атап өтеді. «Мұндай оқулықтардың қатарына М.Дулатовтың «Есеп құралын» (Орынбор, 1918), К.Жәленовтың «Есеп тану» (Ташкент, 1923), Ж.Күдериннің «Өсімдіктану» (Қызылорда, 1927), С.Қожановтың «Есептану құралы» (Ташкент, 1924) т.б. еңбектерді атап, оларды алғашқы кезеңдегі терминографияның бірқатар қызметтерін атқарған жұмыстар ретінде тануға толық негіз бар» [1].

Ұлт тіліндегі терминдер ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ тілді баспасөз беттері мен ана тілімізде басылып шыққан алғашқы оқулықтардан бастау алады. Осындай кітаптар қатарында «Афат яки холера әңгімесі» (1905), «Қышыманың турасында» (1906), «Адамның чумасы турасында» (1911), «Чечек екендегі бірнеше ақыл» (1914) т.б. еңбектерді танимыз [2; 168,169]. Ғалым Ө.Айтбайұлы жиырмамыншы ғасырдың басын түрлі ғылым саласына қатысты еңбектердің қазақ тіліне аударылу жұмыстарының жандануы кезеңі ретінде көрсетеді [2, 169].

Осы кезеңде ұлт тілінде терминжасау ісіне өлшеусіз үлес қосқан еңбектер қатарында А.Байтұрсыновтың 1912–1928 жылдардағы жарық көрген тіл білімі саласындағы еңбектерін, М.Жұмабаевтың «Педагогикасын (баланы тәрбия қылу жолдары)» (1922), Х.Досмұхамедовтің «Жануарларын» (1922), «Табиғаттануын» (1922), Е. Омаровтың «Пішіндемесін» (1924), Ж. Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісін» (1924), «Психологиясын» (1926), Қ.Кемеңгерұлының «Химиясын» т.б. атауға болады.

Ал енді мақаламыздың басты мәселесі – техникалық терминдердің, оның ішінде машинажасау терминдерінің қалыптасуына келетін болсақ, бұл ретте 1958 жылы шыққан «Машинатану жөнінен жетекші құрал» оқулығы мен 1966 жылы жарық көрген «Машинатану» кітабы туралы айтуға болады. Бірінші аталған еңбекте *күш, дөңгелек, жүріс бөлігі, жетектеуіш, серіппе, оталдыру, қоспа, қуат, үйкеліс, майлау, жұдырықша, өзекше, сырға* сияқты кейбір терминдер ғана аударылған, ал *үрлегіш, айдағыш (компрессор), бобышки (күшейтілген ойықтар), қалқандар (перегородки), төсем (прокладка), шплинт (мұрындық), жақтар (щетки), ілініс қабы (кожух), жағар май (смазка), қалыптар (колодкилар)* т.б. атауларының екі тілдегі нұсқасы қатар берілген. «Машинатану» оқулығында да кей терминдер қазақ тіліндегі нұсқасымен бірге берілген, мысалы, *топса (шарнир), төлке (втулка), тірек (подшипник)* және т.б. Сөз боп отырған екі еңбекте де *сүргілеу, бұрғылау, сору, оталдыру* тәрізді төл сөздерден жасалған етістік тұлғалы терминдер де кездеседі.

Ғылыми ортада алғашқы терминологиялық сөздіктер қатарында танылатын Н.Қаратышқанұлының «Пән сөздері» сөздігі және «Атаулар сөздігі» кітабы терминография тарихында маңызды орын алады. Бұл сөздіктерде машинажасау саласына қатысты *құрал*, *кемер (борт)*, *жетек (буксир)*, *бұранда (винт)*, *серіппе (пружина)*, *тығырық (гайка)*, *бөгет (дамба)*, *тартар*, *қозғаушы (двигатель)*, *ұршық (катушка)*, *қорландырғыш (конденсатор)*, *шүлдік (ось)*, *бұранда кілт*, *бетін ашқыш (отвертка)*, *іскек (поршень)*, *бұрау*, *бастырық (рычаг)*, *ілініс (сцепление)*, *тасу құралы*, *көлік (транспорт)* сияқты көптеген төл сөздерден жасалған техникалық терминдермен қатар *аптамабл*, *арматыр*, *эспалт*, *бэк*, *бөренке*, *бемпел*, *енженер*, *мәшине*, *тірес* сияқты фонетикалық өзгеріске ұшырау арқылы қалыптасқан терминдер тіркелген. Осындай екі сөздікте де ұшырасатын терминдермен қатар «Атаулар сөздігінде» *қозғаушы (двигатель)*, *тәптіш (деталь)*, *табақша (диск)*, *сайман (инструмент)*, *шапқыш (косилка)*, *көпсіткіш (луцильник)*, *піспек (поршень)*, *бұрау (рычаг)*, *сепкіш (сеялка)*, *сүзгі (фильтр)*, *шынжыр (цепь)* секілді жаңа атаулар бар [3, 4]. Екі сөздікте де кездесетін терминдер ішінен *сайман*, *бөгет*, *серіппе*, *көлік*, *сүзгі* сияқты көптеген атаулар қазіргі тілімізде термин ретінде тұрақтанып қалған.

Осыларға қоса ХХ ғасырдың 30-жылдары жарық көрген «Политехникелік мектепте електір жұмысы» (1931), «Отсыз жарық» (1932), «Техникалық насихат және оны ұйымдастыру» (1933), «Электрді шала білетіндерге көмекші» (1934), «Орта Азия Республикелерінің энергетике және ауыр өнерлі кәсібі» (1934), «Қимиа шабуылы» (1934), «Ғажайып сай» (1935), «Ауыл шаруашылық мәшинелері мен құралдары» (1936) сияқты кітаптарда да машинажасау саласына қатысты терминдік сөздер мен атаулар кездеседі.

Мақаламыздың зерттеу материалы ретінде алынып отырған «Жол және құрылыс машиналарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жүргізу» оқулығын аудару барысында «Техникалық терминдер сөздігі» (2009 ж.), «Машинажасау саласына қатысты қазақша-орысша орысша-қазақша терминологиялық сөздік» (2001 ж.) және «Машинажасау саласына қатысты қазақша-орысша орысша-қазақша терминологиялық сөздік» (2014 ж.) қолданылды.

Аударма жасау барысында машинажасау саласы терминдерінің қазақ тіліндегі нұсқалары аталған сөздіктерде айтарлықтай бірдей екендігін атап өту керек, яғни техникалық терминологияның осы саласының ұлт тіліндегі терминдері барынша бір ізге түсіп, қалыптасқанын байқаймыз. Мысалы, «*Қозғалтқыштың иінді білігінен піспектің қашықтығы ең үлкен болатын піспектің цилиндрдегі орны жоғары өлі нүкте деп аталады (Положение поршня в цилиндре, при котором расстояние его от оси коленчатого вала двигателя является наибольшим, называется верхней мертвой точкой)*», «*Беріліс қорабы – жетекші дөңгелектердегі тарту күші мен көлік қозғалысы жылдамдығын өзгертуге арналған құрастырушы бірліктер құрылғысы (Коробка передач — устройство сборочной единицы для изменения тяговых усилий на ведущих колесах и скорости дви-*

жения машины)», «Қайырма бульдозердің жұмыс жабдығы болып табылады, ол қатты, топсалы итергіш білеулерден жасалады. Екінші типті гидроқиғаш тіреудің топсалы итергіш білеулері болады (Рабочим оборудованием бульдозера является отвал который бывает с жесткими и шарнирными толкающими брусьями. Гидрораскос второго типа имеет толкающие брусья с шарнирами)», «Өздігінен жүретін тығыздағыштардың жұмыс органдарының (қозғалтқыш) қызметін жүріс бөлігінің біліктері (жүріс құрылғысы) орындайды (Функции рабочих органов самоходных катков (двигателей) выполняют валыцы ходовой части (ходового устройства)» сөйлемдеріндегі иінді білік, піспек, беріліс қорабы, қайырма, топса, білеу сияқты терминдер пайдаланылған үш сөздікте бірдей берілген, ал соңғы мысалдағы *самоходный каток* сөзі 31-томдық сөздікте *өздігінен жүретін аунақ*, *каток* сөзінің өзі 2014 жылғы сөздікте *аунақ*, ал 2009 жылғы сөздікте *тығыздағыш*, *тығыздауыш*, *аунақ* нұсқаларымен берілген. Осы мысалдардағы *гидрораскос* терминін үш сөздіктен де кездестіргендіктен, *раскос* сөзінің *қиғаш тірек/тіреу* аудармасын және *гидро-* сөзімен жасалған терминдердің бірінші бөлігі аталған сөздіктерде аударылмай берілгенін негізге ала отырып, гидроқиғаш тіреу деп аудардық. Дегенмен сөздіктерде көпнұсқалық жиі кездеседі, мысалы, *муфта атауының муфта*, *белдірен*, *жалғастырғыш*, *рама сөзінің рама*, *жақтау*, *қаңқа* нұсқалары қатар берілген. Бір терминнің әр сөздікте әртүрлі берілуі, жарыспалылық – қазіргі қазақ терминжасамындағы өзекті мәселелердің бірі. Осы ретте Ә.Насыритдинованың техникалық терминдерді қазақ тілінде жасау кезінде кездесетін қателіктерді жіктеуін келтірейік. Ғалымның көрсетуінше, бұл кемшіліктерге мыналар жатады: «1. Бір терминнің екі сөздікте екі түрлі берілуі; 2. Бір-бірімен тығыз байланысты ұғым атауларын терминологиядағы жүйелілікті сақтамай аудару: - жеке термин ретіндегі аудармасы бір басқа, ал күрделі термин құрамындағы аудармасы бір басқа терминдер; - бірде аударылып, бірде аударылмай берілген терминдер; 2.1 жұрнақтардың дұрыс аударылмауы, мұның өзін екіге бөліп қарастыруға болады: - орыс тіліндегі әр түрлі жұрнақтардың қазақ тілінде бір ғана жұрнақпен берілуі; - керісінше, орыс тіліндегі бір жұрнақтың қазақ тілінде әртүрлі нұсқада берілуі; 1. Аудармасы күмән туғызатын терминдер; 2. Сөздіктерде аталым ретінде берілмеген терминдер; 3. Аударуды қажет етпейтін терминдерді қазақшалаудан туған қателіктер» [5]. Осы ретте профессор Ш.Құрманбайұлы көрсеткен жалпы қазақ терминжасамында орын алып жүрген тіліміздегі сөз тудырушы жұрнақтар терминжасам барысында орнымен жұмсалмауы, тіліміздің әртүрлі лексикалық қабаттарына жататын сөздер термин шығармашылығында ұтымды пайдаланылмауы, бір ғылыми ұғымның оқулықтар мен оқу құралдарында, терминологиялық сөздіктерде сол еңбектердің авторларының қалауынша түрліше аталып, жарыспалылыққа шектен тыс көп жол берілуі, бір-бірімен тығыз байланысты ұғым атауларын терминологиядағы жүйелілікті сақтамай аудару сияқты кемшіліктер [6, 99-104] машинажасау терминологиясына да тән екендігін айта кету керек.

Аударма жасау барысында машинажасау терминдері көбінесе аналитикалық тәсілмен жасалғаны байқалды, мысалы, а) зат есім+ туынды зат есім: жоңқа-опырғыш, деңгейөлшегіш, ылғалбөлгіш т.б.; ә) сан есім+зат есім: алтыбұрыш, біртектілік, үшөлшемділік, үштармақ т.б.; б) сын есім+зат есім: бұрамашеге, бірікпеұстатқыш, иректүтік т.б.; в) зат есім+етістік: тіссүргілеу, білдекжасау, машинажасау т.б. Келесі топқа сөздің бірігуі арқылы жасалған терминдерді жатқызамыз, мысалы, а) түбір сөз+түбір сөз: мойынтірек, иінтірек, сымкөз т.б.; ә) түбір сөз+туынды сөз: буоқшаулағыш, дірілөлшеуіш, жүккөтергіш, біршөмішті т.б.; б) төл сөз+халықаралық атау: автотиегіш, автоаударғыш, пневможетек, термоқыздырғыш, турбосығымдағыш т.б.

Терминологиялық жұмыстар кезінде терминдерді реттеу маңызды рөл атқарады. Э.Карапетьянның пікірінше, бұл жұмыс терминді іріктеуден басталып, келесі кезеңдерді қамтиды: осы саладағы ұғымдарды жіктеу; терминологияны талдау, бұл терминжасамның барынша тиімді тәсілдері мен үлгілерін анықтауға мүмкіндік береді; терминдерді қалыптастыру, оның екі жағы бар: біріншісі – терминдерді реттеуге бағытталған бірегейлендіру жұмыстары, екіншісі – терминнің тиімді формасын таңдауға мүмкіндік беретін оңтайландыру жұмыстары; жасалған терминдерді кодтау, яғни оларды нормативтік сөздік түрінде ресімдеу [7].

Терминдер арнаулы ғылыми және техникалық ұғымдарды білдіретін, мағыналық тұрғыдан дәл (сөздікте анықтамасы берілген), жүйелілік тән (ғылым дамуы үдерісінде пайда болатын ұғымдарды бейнелейді), терминжасамға жарамды (туынды терминдер жасалады, терминологиялық тіркестерде қолданылады), ықшам, қолданысқа ыңғайлы тілдік бірліктер, сондықтан терминдер затты атап қана қоймай, ол туралы хабар беруі, яғни коммуникативтік қызметті де атқаруы тиіс. Ғылым мен техниканың белгілі саласы үшін оқулықтар мен оқу құралдарын құрастыру барысында терминнің осы қызметінің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының тарихындағы «Алаш» кезеңі // http://www.zox.kz/load/aza_tili/aza_terminografijasyny_tarikhynda_y_alash_keze_i/15-1-0-568
2. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (қазақ терминологиясының негіздері). — Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
3. Қаратышқанов Н. Пән сөздері (1927). Алматы: Ер-Дәулет, 2004. – 128 б.
4. Атаулар сөздігі. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004. – 184 б.
5. Насыритдинова Ә. Техникалық терминдер сөздіктеріндегі бірізділік қағидасының сақталу мәселесі // <http://library.wksu.kz/dmdocuments/Насыритдинова%20А.Н..pdf>
6. Құрманбайұлы Ш. Терминтану (оқу құралы). – Астана, 2009. – 159 б.
7. Карапетьян А.Э. Терминсистема танца в английском и русском языках // <http://cheloveknauka.com/terminosistema-tantsa-v-angliyskom-i-russkom-yazykah>.

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ДЕФИНИЦИЯНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ- КОГНИТИВТІК СИПАТЫ

Айгүл Досмаилова

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты*

Қанағат Алтайбекова

*Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Халқымыздың өзімен бірге туып, бірге жасап келе жатқан тіліміздің сөз байлығын есепке алып, оларды сұрыптап, жүйелеп отырған лексикография саласы зерттеушілерінің ғылыми еңбектерінде термин жасаудың жолдары, терминдік бірліктер табиғаты кеңінен қарастырылған. Сөздіктерде тілдік бірліктердің мағынасын беруде ғалымдар әртүрлі терминдер қолданады. Олар: *сөздің түсіндірмесі, сипаттамасы, интерпретациясы, терминнің анықтамасы, дефинициясы*. Соның ішінде *дефиниция* ұғымына қысқаша түсінік беріп, дефиницияның логикалық-когнитивтік сипатын қарастырсақ.

Дефиниция термині латынның «definiō – анықтау» деген сөзінен шыққан. Алғашқы дефинициялар алғашқы ғылыми мәтіндермен бірге қолданылды, ол «терминологиялық жүйе» және «ұғымның» пайда болуымен тығыз байланысты. Ғылыми ойлау абстракті ұғымдарды анықтап, оларды қорытуды мақсат ететіндіктен, ғылыми ұғымның алғашқы дефиницияларын ғылыми мәтіннің прототипі деп айтуға болады. Философияда дефиниция логикалық тәсіл ретінде мына мәнде қолданылады: «1. зерттелетін нысанның басқа нысандардан ерекшелік критерийін қалыптастыру (нысанның ерекшелігі), оны іздеу, құру, қолдану сияқты өзіне тән ерекшеліктерінің әдісі; 2. жаңа енгізілген тілдік бірлікті қалыптастыру немесе белгілі бір тілдегі бар құрылымның мағынасын анықтау (жаратылыс немесе идеографиялық символизм, формула тілінде).

Дефиниция мәтінде ғылымның белгілі бір саласында жинақталған терминдердің мағынасын ашады. Дефиниция құрылымында логикалық ойлау әрекеті бар, тіл мен ойлаудың байланыстылығы осы процесте өтеді және белгілі бір түсініктің мағынасын ашу үшін жасалады. Яғни нақтылықтың бөлігі болып табылады. Ой нақтылықтың белгілі бір бөлігін көрсетеді, тіл ойға форма беріп, оны бейнелейді. Д.П.Горский дефиницияның логикалық формуласын былай көрсетеді: Dfd (дефиниция немесе анықтама) = Dfn (дефиниенс бір нәрсе арқылы анықталған) [2, 18]. Дефиниция ғылым тілі үшін маңызды екені анық, онда анықталатын нысан туралы адам білімі көрініс табады. Дефиницияның мағыналық бөлігінің негізінде адамның қоршаған ортаны тану процесі бар. Де-

финицияның нысандары ғылыми білім құрылымында ұғым, термин, болжам түрінде қызмет атқарады. Осыған сәйкес дефиниция когнитивтік қызмет атқарады, ол нысан туралы білімді бекітеді және коммуникативтік қызметі арқылы табиғи тіл терминологиялық бірліктерінің мағынасын анықтап, адамдардың өзара түсінісуіне мүмкіндік жасайды. Ал дефиницияның кумулятивтік қызметі белгілі нысанды ұзақ уақыт аралығында зерттеп, оның қолданылуына ғылыми процесс барысында жағдай жасайды. Ұғым терминісіз, оларға сәйкес дефинициясыз ғылыми тұжырым, болжам, ғылымның заңдылықтарын қалыптастыру мүмкін емес. Ғылым ұғымдардың базалық негізіндегі соңғы анықтамаларына жүгінеді. Ұғымды дефинициядан басқа сипаттама, түсіндіру құрылымдары да бере алады. Бұлардың ішінде ұғымды беруде дефиницияның орны ерекше, себебі онда зерттелетін ғылыми нысанның толық мағынасы ашылады.

Қарастырылып отырған ғылым саласының ерекшеліктеріне, зерттеу әдістеріне байланысты дефиницияға әртүрлі талаптар қойылады. Формуламен берілетін нақты ғылымдарда дефиниция нысандарды теңестіру және бірегейлендіру қызметін атқарады. Нақты ғылымдар үшін біркелкі жасалған дефиницияның маңызы зор, себебі дефиниция негізінде әртүрлі заңдар, формулалар, жаратылыстану теориясының негізгі заңдылықтары жасалады. Ұғымды анықтаудың әдіс-тәсілдерін іздестіру көне грек философ-материалисі Демократтың «Логика туралы» және «Конондар» атты трактаттарынан бастау алған. Анықтама ұғымы философ-идеалист Сократ еңбегінде индукция әдісіне сүйеніп жасалды, Платон бірінші болып анықтаманы түр ерекшелігі арқылы түсіндірген. Көне Грек философы Аристотель ұғымды анықтаудың әдіс-тәсілдеріне ғылыми тұжырымдама жасап қоймай, анықтаманың ережесін де жасаған. Аристотель дефиницияның алғашқы «тек және түр ерекшелігі» формуласын анықтады. Дефиницияға: «анықталушы анықтаушыға тең болу керек» деген жалпы талап антикалық дәуірде қойылды. Анықталушының анықтаушыға теңестірілуін мына мысалдардан көруге болады:

1. *«Парадигма арқылы енген ұғымдар «жекеленген теориялардың емес, барша ғылым атаулының жетістігіне айналады», яғни тілдің танымдық қызметін айқындайтын көзқарастардың эволюциялық болмысы бүгінгі когнитивті ұстанымдардың негізін қалаумен қатар адамзат санасының тілмен сабақтаса сұрыпталатын әрекетін жаңа қырынан түсінуге, оны коммуникативтік немесе функционалдық лингвистика мәселелерімен ұштастыра талдауға жол ашды»* [3, 11].

2. *«Қабылдау – философияда да, физиологияда да кеңінен қарастырылатын, психология мен когнитивті ғылымдардың басты ұғымдарын құрайтын, барша информацияларды (мәліметтерді), әртүрлі объектілерді, процестерді адамдардың сезім мүшелерінен өткізетін не шынайы белгілерін, сапаларын айқындайтын мүмкіндіктері»* [3, 42].

Дефиниция, ұғым және термин арасында семиотикалық байланыс орнатылады, термин → белгі → белгілеуші; ұғым → белгіленуші; дефиниция ұғымның сөй-

леммен берілуі. Осыдан дефиницияның ерекше қасиеті шығады: логика-ұғымдық қатынаста ол аяқталған пікірді көрсетеді; тілдік құрылымда – ерекше коммуникативтік бірлікті, коммуникативті қызметті атқарады, сондай-ақ белгіленуші (ұғым) және белгілеуші (термин) арасындағы байланысты орнатады.

М.Малбақов бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымына қатысты мәселелерге арналған монографиясында дефиниция, түсіндірме, анықтама ұғымдарын зерттей келе: «... бірқатар лексикографиялық еңбектерде синоним ретінде қарастырылған түсіндірме, дефиниция, анықтама терминдері шын мәнінде бір-біріне синоним емес. Дефиниция – сөздік бірлікке берілген қысқаша анықтама. Ол түсіндірменің құрамына кіреді. Түсіндірме ұғымына дефинициядан да басқа лексика-стистикалық, грамматикалық- функционалдық сипаттамалар кіреді. Анықтама – терминімен анықтама процесінің атауын – сөздіктегі сөздік бірлікке берілетін түсіндірмелі анықтамалардың бәрін атаған жөн тәрізді. Сөздік мақалада дефинициядан басқа да анықтамалар болған жағдайда оларды дефинициялық анықтама және қосалқы семантикалық функционалдық анықтама түрінде айқын ажырату керек», – деп жазады [4, 62]. Профессор Ш. Құрманбайұлы: «Термин ұғым атауы болса, терминнің дефинициясы деген – сол ұғым атауына берілген дәл ғылыми анықтама. Термин сөздің мағынасы оның дефинициясы арқылы анықталады», - деп терминге міндетті түрде дефиниция берілу керектігін айтады. [5,9]. Сөздіктерде берілген анықтамаларды, ғылыми еңбектерді саралай келгенде, ғалымдардың дефиницияны анықтама немесе түсіндірменің құрамында қарастырғанын көреміз. Ғалым Р.Сыздық былай дейді: «Терминдер негізінен атау сөздер болып келеді. Терминдердің атауыштық қасиеті (белгісі) үшін оның «дефинициялық» түсіндірмесі болу керек, яғни бір нәрсенің, не құбылыстың тек қана өзіне тән ұғымдық анықтамасы ол сөзді термин етіп танытады. Терминдерді керек ететін әр алуан ғылым салалары болғандықтан, сөздің дефинициясы сол ғылымның танымы үшін ұсынылады» [6, 129]. Бұл ретте терминге берілген дефиниция арқылы сол ғылым саласын тануға болатынына көз жеткіземіз. Ғалым Ш.Құрманбайұлы терминнің міндетті түрде дефинициясы болатыны туралы былай дейді: «Сөз арқылы ұғым туралы жалпы мағлұмат берілсе, терминнің дефинициясы арқылы сол ұғымды өзге ұғымдардан айыратын оның ең басты белгілері аталып көрсетіледі. Ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес терминнің дефинициясы да толығып, өзгеріске ұшырап отырады. Ғылым неғұрлым дамыған сайын сөз бен терминнің арасы алшақтай түседі. Бұл тәсілмен жасалған терминдер жалпы қолданыстағы сөзден өзі қатысты болатын терминнің өріс пен терминге тән дефинициясы арқылы ажыратылуға тиіс» [5, 55]. Яғни, дефиниция ұғымға сай келеді және оның негізгі мазмұнын береді. Дефиниция ұғымға да, терминге де қатысты, сондықтан терминнің дефинициясы және ұғымы деп айтуға да болады. Термин дефиниция көмегімен ұғымды анықтайды, яғни термин сөздер терминологиялық сөздіктерде дефиниция арқылы беріледі. Арнайы ұғымның ара-жігі, терминнің мағынасы дефиниция арқылы анықталады.

Сөйтіп дефиниция – ерекше логикалық тілдік құрылым, мұнда тіл мен ой бірге қызмет етеді, бірін-бірі толықтырады. Дефиниция ескі білімді жаңа біліммен байланыстырады, білімнің барлық саласында ғалымдардың сөйлесуіне көмектеседі, адамның танымдық әрекетінің пайдалы, сапалы болуына әсер етеді. Басқа тілдік құрылымдар тәрізді дефиницияның да белгілі құрылымы мен мазмұны болады. Қазіргі таңда дефиниция логикалық және лингвистикалық тұрғыдан әлем тілдерінде кеңінен зерттеліп жатыр. Сондай-ақ дефиниция логикалық және лингвистикалық құбылыс ретінде әрі ақыл-ой әрекетінің ерекше формасы ретінде де қарастырылып келеді. Дефиницияның жан-жақты қарастырылуы оның күрделі құбылыс екенін дәлелдейді. Метатілдік дефиниция ұғым дәрежесі мен құрылымының белгілі дәрежеде терминделуімен анықталады. Атап айтсақ, логикада және терминологияда дефиницияға төмендегі талаптар қойылып, логика келесі ережелерді сақтауды талап етеді:

- дефиниция нақты болуы керек, екіұшты мағынаны бермеуі тиіс, түсіндірілетін біртекті ұғымды нақты ажыратуы қажет, осыған сәйкес дефиниция тек ұғымның ерекшелігін ғана сақтауы шарт.

- дефиниция ұғыммен сәйкес келуі қажет, яғни тым кең не тар болмауы керек. Бұл жағдайда анықталатын ұғым анықтаушы ұғым көлемімен бірдей, ұқсас, сәйкес болуы заңды;

- дефиниция логикалық шеңберден тыс болуы қажет, яғни ұғым қосымша ұғымдармен анықталмағаны дұрыс;

- логикалық қарама-қарсылықтың болмауы, болған жағдайда дефиницияда берілгендер бірін-бірі жояды;

- дефиниция теріске шығарушы мәліметтерден тұрмайды, яғни ұғым мазмұнын ашпайтын белгілердің болмауы тиіс. Бұл ереже анықтаманың негізгі талабынан туындайды.

Қорыта келгенде, жалпы терминтаным ілімінде термин дефинициясына да біршама талаптар қою дәстүрі қалыптасқан. Ғалымдардың еңбектерін саралай келіп, олардың негізгі мазмұнын былайша жинақтап көрсетуге болады:

- қатар бағыныңқы ұғымдардың анықтамасын беруде олардың түрлік белгісі ретінде дефиницияда екеуіне де ортақ бір белгіні көрсеткен жөн;

- біртекті ұғымдарға бірыңғай дефинициялар беру қажет. Яғни, дефинициялары біркелкі лексика мен синтаксистік құрылымдармен рәсімделуі тиіс;

- дефиниция түзу барысында ақиқат болмыстың бір нысаны бірнеше ғылым салаларында қарастырылып, түрлі ұғымдар жүйесіне қатысуының нәтижесінде түрлі дефинициялар талап ету ерекшелігі ескерілуі қажет;

- ғылымның дамуы ғылымның өзгеруіне де алып келетіні сөзсіз. Сол себепті дефиниция ғылым-білімнің қазіргі даму деңгейіне сәйкес жасалуға тиіс;

- дефиниция мазмұны түсінікті әрі нақты болуы үшін, сол дефинициялар жүйесінде анықталған, белгілі және бір мағынада қалыптасқан терминдерді қолдану қажет;

- дефиниция құрылымы қысқа әрі логикалық тұрғыдан тек аяқталған сөйлемдерден құрылуы тиіс және артық ақпаратқа жол берілмеуі қажет;

- дефиницияда тавтологиялық элементтер болмағаны дұрыс.

Осы талаптар негізінде дефиниция мәтінде ғылымның белгілі бір саласында жинақталған терминдердің мағынасын ашады, яғни мәліметтерде жинақталған терминді белгілейді. Дефиниция белгілі бір түсініктің мағынасын ашу үшін жасалады, яғни нақтылықтың бөлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Философский энциклопедический словарь/Под ред. Л.Ф. Ильичева. – М.: Советская энциклопедия, 1989. – 815 с.
2. Горский Д.П. Определение. Логико-методические проблемы. - М., 1974. – 291 с.
3. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы: Ғылыми монография. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – 312 б.
4. Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктердің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: Филол. ғыл. д-ры дис. – Алматы, 1998. – 250 б.
6. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001 – 230 б.

ГЕОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ЖАҢА ТЕРМИНДЕР МЕН ТЕРМИНДІК ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ СИПАТЫ

Алмас Үдербаев

*Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу
университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты*

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдардан бастап экономика, саясат, демография т.б. салалардағы қарқынды дамуы, қоғамдағы мәдени, әлеуметтік, экономикалық өзгерістер қазақ тілінің дамуына әсер етіп, сөздік қорынан көрініс табуда. Соңғы жиырма жыл ішінде салғырт қорда жатқан тарихи, ескі сөздердің, этнографизмдердің қайта жаңғыруы, жаңа сөздердің пайда болуы, кірме сөздердің, әлеуеті жоғары аймақтық лексиканың қолданысқа енуі сияқты түрлі үдерістер арқылы тіліміздің лексикалық қоры байып, молая түсті. Тілдің сөздік құрамындағы мұндай құбылыстар кейінгі шығып жатқан сөздіктерден орын алып келеді.

Кейінгі жиырма жылдың ар жақ бер жағында пайда болған жаңа лексикалық бірліктерді сөз еткенде, ғалым Рабиға Сыздықтың «Өткен ХХ ғ. соңғы онжылдығынан бермен қарай қазақ тілі айрықша мәнді *тарихи кезеңді* басынан кешіріп отыр. .. қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси құрылысының өзгеріп, өз алдына тәуелсіз мемлекет болғанына және соның нәтижесінде мәдени-рухани дүниесінде үлкен өзгеріс-жаңалықтардың пайда болғанына байланысты қоғам өміріндегі өзгерістер тілдің сөздік қазынасына жаңалықтар әкелді» [Рабиға Сыздық, 2009] деген сөзін келтіре кеткіміз келеді.

Лексикографиялық еңбектердегі жаңалықтарды тіркеп, реттеп, мән-мағынасын ашып жұртшылықтың қажетіне жарайтындай етіп жүйелеп беру – қоғамның саяси-әлеуметтік, ғылыми-ақпараттық, мәдени-танымдық дамуына ерекше ықпал ететін игілікті іс. Бұрынырақ шыққан сөздіктерді айтпағанның өзінде соңғы жылдары Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер топтамасы, Бекітілген терминдер сөздігі, Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздіктері, Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде (он бес томдық, бір томдық) көптеген жаңа сөздер мен қолданыстар, лексикографиялық жаңа бірліктер қамтылып, ғылыми көпшіліктің игілігіне айналды, сөздік қорымыздан лайықты орынға ие болды.

Отандық тіл білімінде тілдегі жаңалықтарды жинақтау бағытындағы зерттеулер жарық көріп келеді. Атап айтсақ, ұжымдық «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» [1], Р.Сыздықтың «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» [2], Б.Момынованың «Газет тіліндегі қоғамдық-саяси лексика» [3], Ш.Құрманбайұлының «Қазіргі қоғамдық лексика» [4] атты зерттеу еңбектерін, олардағы шағын сөздіктерді жатқызуға болады. Бұл басылымдарда көбінесе мерзімді басылымдардағы соңғы жиырма жылдай көлемінде пайда болып, қолданысқа еніп үлгерген жаңа сөздердің сипаты, қолданылу өрісі, ерекшелігі, мазмұндық топтары қарастырылып, сараланады.

Мақаламызда жоғарыда аталып өткен лексикографиялық еңбектердің бірі – геология, геодезия, география салалары бойынша жарық көрген екі тілді терминологиялық сөздіктегі кейбір геологиялық жаңа терминдер мен терминдік қолданыстарды сөз етпекшіміз. Бұл сөздік «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес, тіліміздің терминдер саласын қазіргі талапқа сай қайта жүйелеп, кемелдендіру мақсатында ғылым, мәдениет, халық шаруашылығы салаларының барлығын қамтитын көптомдық қазақша-орысша, орысша-қазақша салааралық 31 томдық сөздіктің бір томын құрайды [5]. Бұл еңбекті дайындауға өз кезінде еліміздегі ғалымдар мен жоғары оқу орындары оқытушыларының, сала мамандарының үлкен тобы құрылып жұмылдырылған болатын.

2000 ж. жарық көрген бұл сөздік кейін құрамындағы салалық терминдер мен терминдік қолданыстары екі есеге толықтырылып, 2014 жылы қайта жарық көрді [6]. Оның 2000 жылғы нұсқасының көлемі шамамен 5000-нан астам термин мен терминдік қолданыстарды қамтып, 347 беттен тұрса, 2014 жылы шыққан нұсқада шамамен 10000-ға жуық термин мен терминдік қолданыстар қамтылып, 455 беттен тұрады, яғни, сөздік көлемінің екі есеге ұлғайып, толыққанын көреміз.

Сөздіктің екі нұсқасында біршама жаңа терминдер мен терминдік қолданыстар енгені байқалады. Бүгінде ондай лексикалық бірліктер геология саласындағы көпшілік ғылыми әдебиеттерде, зерттеу мақалаларда кеңінен қолданысқа еніп, терминқорымызды байытты. Ендігі кезекте, тілдегі мұндай тілдік бірліктерді жинақтап, жұртшылыққа таныстырып, оларға тілдік талдау жасап отыру өте маңызды. Осы жұмыс тиісті кәсіби деңгейде атқарылмаса, соның салдарынан жалпы қолданыстағы сөздер мен терминдердің жұмсалуындағы бірізділікке жету қиындап, жарыспалылыққа жол берілуі мүмкін» [7, 754]. Тіл маманы ретінде 2014 жылы жарық көрген сөздіктің кейінгі нұсқасын құрастыру жұмысына қатысқандықтан, орыс және шет тілдеріндегі терминдердің қазақша жаңа баламалары енгізіліп, кейде олардың жарыспалы әрі жүйесіз қолданылып жүргендігіне көз жеткіздік. Сөздіктегі геологиялық жаңа терминдерді арнайы қарастырудағы мақсатымыз – алдымен геология саласындағы, кейіннен геодезия, география салаларындағы жаңа терминдер мен терминдік қолданыстарды анықтап, жүйелеу, тілдік талдау жасау арқылы біріздендірудің жолын ұсыну.

Бұл турасында сөздіктің белді авторларының бірі, геология саласының білгір маманы Н.Сейітов: «..ғылым мен техниканың қарыштап дамуы дәйім жаңа ұғымдар мен түсініктерді туындатып отыратыны түсінікті, сондықтан да қазақ тілінің туындау және қалыптасу барысында ондай ұғымдар мен түсініктердің мүлдем болмағаны аян. Ендеше мұндай тың түсініктерге байырғы қазақ сөздерін күштеп телу ісі де үлкен көрегенділік емес... Алайда бұдан тың түсініктердің бәрін шетелдік сөз күйінде қалдыру міндеттілігі туындамаса керек, оларды қазақ тілінің байырғы қаражаттары көмегімен жасақталған мүлде жаңа сөздермен алмастырудың еш сөкеттігі жоқ» – деп түсіндіреді [8, 213].

Сөздік материалымен жұмыс істеу барысында геология саласында шет тілдік бірқатар терминдер аударылып, олардың қазақша баламасы ұсынылған көреміз. Мысалы, *ас, шельф, александрит* т.б. терминдерін атауға болады (кестеге қараңыз).

Орыс тіліндегі баламасы	Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Геология, геодезия, география. 2000	Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Геология, геодезия, география сөздігі. 2014
александрит	александрит (құбылтас)	александрит, құбылматас
аномалия	-	қалыпсыздық
вулканология	жанартаутану	вулканология
выбросы	атынды	атынды
газобразование		газжаралу
глыбник	жақпартас	жақпартас
залежь		
залежи нефти	шоғыр	
мұнай шоғыры	жатын	
мұнай жатыны		
карьер	-	карьер, ашықкеніш
компас	компас, тұсбағдар	компас, тұсбағдар, құбылнама
космология	ғарыштану	ғарышнама
обнажение	ашылым	
океанология	мұхиттану	мұхиттану
пласт	қойнауқат	қойнауқат
порода	таужыныс	таужыныс
реликт	-	сұлдер
рельеф	бедер	бедер
риф	кедертас, риф	кедертас, риф
скважина	ұңғыма	ұңғыма
форфор	-	кәрлен
шельф	қайраң	қайраң

Көрсетілген терминдердің қазақша баламалары бүгінде ғылыми мақалаларда, еңбектерде қолданысқа енді. Кейбір қазақы терминдер әбден қалыптасып, көпшілікке танылып, жаңалық сипаты бәсеңдеп келеді. Бұл терминдердің қол-

даньлу уәжі, беретін ұғым-түсінігі туралы 2000 жылғы сөздікті түзу тәжірибесі туралы жазған Н.Сейітовтің мақаласында егжей-тегжейлі сөз етіледі [8,236]. Әсіресе, автор сөздікке енгізілген *қалыпсыздық, қойнауқат, белдем* (зона) терминдерін алудағы уәжін тәптіштеп түсіндіреді.

Қарастырылып отырған тілдік бірліктердің көпшілігі түбір сөздердің бірігуі арқылы жасалған авторлық қолданыстар, яғни бұрыннан белгілі екі ұғымды немесе екі түсінікті бір-бірімен біріктіру әдісімен жаңа терминдер туындату іс-тәжірибесі енгізілген. Бірқатар терминдер түбірге сөз тудырушы қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған. Термин жасауда бұл тәсілдер өнімді болып табылғанымен, тіліміздің терминжасам дереккөздерін (кәсіби, көне, аймақтық сөздерді пайдалану), одан қалса өзге түркі тілдерінің деректерін де пайдалану жағын еске салғымыз келеді. Өйткені шеттілдік терминдерді қазақыландыруда, жаңа атау беріп, термин жасауда бірізділіктің сақталуына мән беру қажет. Сөздікте көне сөздерді қайта жаңғыртып қолданған бірен-саран деректер 2014 ж. нұсқада кездесіп қалады. Мәселен, ғылым саласында қалыптасқан компас термині кестеде көрсетілгендей алғашқыда *компас, тұсбағдар* деп берілсе, кейінгі сөздікте *құбылнама* неологизмі қосылып берілген. Бұл сөзді XIX ғ. басындағы Алаш зиялыларының еңбектерінен ұшыратуға болады.

Тілдегі жаңа бірліктер дегенде тіліміздегі тек жаңа пайда болған қазақтың төл сөздері деп түсінбеуіміз керек. Ғалым Р.Сыздықтың «Қазақ тіліндегі жаңалықтар мен ескіліктер» атты еңбегінде «Тілдегі жаңалық дегеніміз белгілі бір тілдің даму барысындағы белгілі кезеңдерде пайда болған (қолданысқа түскен) жаңа зат, жаңа ұғым атаулары, жаңа сөз тіркестері, мағынасы жаңарған, яғни мағынасы ауысқан немесе қосымша мағыналық реңкке ие болған бұрынғы сөздер, сондай-ақ тілде жиі еркін қолданыла бастаған бөгде тілдік сөздер болып танылады. Бұларды лингвистикалық жаңа бірліктер деп те атайды» [2, 168] делінген. Мақалада сөздіктегі геологиялық жаңа терминдердің басым бөлігін төл терминдік қолданыстар құрайтын болғандықтан, соларға ғана назар аударылды.

Сонымен қатар, сөздіктің кейінгі нұсқасында толықтырулар мен өзгерістер, қате қолданыстар кездеседі. 2000 жылғы сөздіктің реестріне алынған кейбір терминдік бірліктер (*шоғыр, жанартаутану, құбылтас*) қолданыс ретінде қалып, 2014 жылғы сөздікте (*жатын, вулканология, құбылматас*) түзетілген не өзге баламасына ауыстырылған.

Океанология термині сөздіктің екі нұсқасында да *мұхиттану* деп берілсе, кейбір геология сөздіктерінде мұхит сөзіне *-нама* қосымшасын қосу арқылы жасалған *мұхитнама* баламасы кездесіп қалады. Бұл қосымша арқылы сөз жасау бүгінде баспасөз бетінде жиі кездеседі (*әдепнама, әдіснама, элеуметнама, дерекнама, сырқатнама*), әрі қалыптасқан, жұртшылық жаппай қолданатын сөздер де жеткілікті. Мысалы: *жарнама, жұлдызнама, заңнама, қазанама, сауалнама, тұғырнама* т.б. [7, 762]. Алайда бұл сөздердегі *-нама* формасы *-логия* тұлғасының орнына қолдануға келмейтінін көреміз. Сондай-ақ, *логос* (logos –

ілім) тұлғасымен келетін терминдерді орыс тіліндегі *-ведение* тұлғасының аудармасы *-тану* қосымшасымен аударып қалыптастыру да қисынға келе бермейді деп санаймыз. Кестеде берілгендей, *вулканология* терминін де *жанартаутану* деп аудару сәтсіз деп танылып, сөздіктің кейінгі нұсқасында вулканология термині қайта қалдырылды.

Жалпы кез келген сөздік түзу жұмысында түзету, толықтыру жұмыстары болуы заңды әрекет. Себебі тіл дамыған сайын ондағы жаңа тілдік бірліктер тілдік қолданысқа ену арқылы атауы болып отырған ұғымды дәл беру-бермеуі, сәтті-сәтсіздігі анықтала түседі. Ұғымды бере алатын сәтті қолданыстар тілдік айналымға еніп, өз орнын тауып жатса, сәтсіз алынғандары қолданысы шектеліп, сырт қалып жатады.

Сондықтан тілде қалыптасқан өзге тілдік терминдерді аударуда, жаңа атауын ойластыруда бір ғана ғылым саласындағы нақты бір мағынасымен шектелмей, өзге ғылым салаларындағы мағыналарын ескере отырып сөздікке енгізген жөн. Ұсынылған жаңа атау басқа салалардағы мағынаны дәл қамти алмайтын жағдайда сөздікке енгізу ісін қоя тұру керек деп есептейміз. Өйткені бекітілген, сөздіктерге енген реестр бірліктерді өзгерте беру жарыспалылыққа жол беріп, қолдануда шатасу орын алады. Әрі сөздіктің мазмұнына, материалына сүйенуге қолданушылар тарапынан сенімсіздік туғызады.

Жалпы алғанда, барлық салада қалыптасқан шеттілдік терминнің әр салада әрқилы қазақша атауларының болуынан ұтарымыз көп емес. Кейде әр ғылым саласын айтпағанда бір терминнің бір ғылым саласында әр маманның еңбегінде, сөздіктерде екі түрлі жұмсалып жүруі кездесіп жатады. Мұндай жүйесіздікке жол бермеген абзал.

Сондықтан қазіргі қазақ тіл білімінің терминология, терминография саласы алдында бұл салада жинақталған тәжірибені теориялық, әрі практикалық тұрғыдан тиянақтап қорытындылау, тиісті ғылыми талдау жүргізіп, соның негізінде сөздіктерді жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды анықтап белгілеу міндеттері қойылып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. – Алматы, 1992.
2. Р.Сыздық. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: «Арыс», 2009.
3. Б.Момынова. Газет тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы, 2006.
4. Ш.Құрманбайұлы. Қазіргі қоғамдық лексика. – Астана, 2011.
5. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Геология, геодезия, география. – Алматы: «Рауан», 2000. 347 б.
6. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Геология, геодезия, география. – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2014. 455 б.
7. Ш.Құрманбайұлы. Қазақ терминологиясы. – Алматы: «Сардар», 2014. 928 б.
8. Н.Сейітов. Тағылымды терминдер базасын жасақтаудың тауқыметі мен түйткілдері (Көгілдір белдер кітабында). – Ақтөбе: «А-полиграфия», 2003. 202-237 бб.

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айсұлу Мұханбетжанова

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Термин (лат. terminus - шек, шеті, шекарасы деген мағынада) -ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Әдетте тілдегі қандай сөз болсын көп мағыналы болып келеді де, оның мағыналық шегі айқын болмай, жылжымалы болады. Ал ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздің мағынасы тұрақты, айқын болу қажет. Сондықтан сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады [1].

«Терминология – ғылым мен техника тілін дамытатын лексиканың бірден-бір күрделі қабаты. Қазақ тілі терминологиясы жазу сауаттылығын арттыратын емле ережелеріне тікелей тәуелді. Ендеше, емле ережеміндегі термин сөздерді жасау, қабылдау жөнінде жіберілген қатені түзеу қажет. Терминжасамның жаңа үлгілерін баспасөзде жариялай отырып, соның негізінде жыл сайын пікір сайысын өткізіп отыру керек. Терминтанушы кадр дайындау жолдары қарастырылып, мамандарды шетелге тәжірибе алмасуға жіберу қажет. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері жөнінде радиохабарларды үздіксіз жүргізіп, екі жылда бір рет ғылыми-практикалық конференция өткізіп отыруымыз керек. Бүкіл түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау ісімен шұғылдану да заман талабы».

Академик Ө.Айтбайұлының пайымдауынша, терминология әдеби тілдің бір бөлігі ретінде лексикологияның нағыз өзегін құрайды. Ғалым терминжасам үдерісінде ең алдымен, қазақ тілінің әлеуетін мүмкіндігінше толық пайдаланудың қажеттігін айтады. Ғалымның пікірі бойынша, қазақ терминологиясы екі түрлі жолмен қалыптасады: ұлттық тілдің байлығы арқылы және кірме сөздер арқылы. Халықаралық ғылыми байланыстардың маңыздылығы, ғылым тіліндегі бірізділікті сақтау туралы жаза отырып, «тілімізде қалыптанған интертерминдердің бәрін аудару қажет емес, себебі бір ғылым саласында қолданылатын халықаралық терминдердің қазақша баламаларын табу, қалыптастыру барлық уақытта сәтті бола бермейді. Термин жасаудың жауапкершілігі мол, себебі рухани, мәдени, әлеуметтік және басқа да байлықтар тіл арқылы танылады» – дейді ғалым. Термин жасаудың негізгі жолдары, әдіс-тәсілдері ретіндегі семантикалық, морфологиялық, синтаксистік және калька жасау тәсілдерін атай отырып, олардың қолданылуында қазақ тілінің жалғамалы тіл ретіндегі ерекшеліктерін ескерудің қажеттілігін айтады [2].

Әдеби тіл көркем әдебиеттің ғана тілі еместігі баршаға аян. Бүгінгі таңда «әдеби тіл» деген ұғымның ауқымы өте кең. Оның қоғамдағы қарым – қатынас құралы ретінде атқаратын коммуникативтік, жалпы көпшілікке бағытталған ха-

бар тілі ретіндегі информативтік, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұрамызды сөз байлығы ретінде сақтаушы аккумулятивтік, сондай-ақ оқушыға, тыңдаушыға рухани нәр беретін эстетикалық сан алуан қызметтеріне сәйкес бірнеше стильдік сала, яғни ғылыми тіл деп аталады. Қазақ әдеби тілі сөздік қорының жаңадан жасалып, немесе қабылданып жатқан терминдік атаулар есебінен күн санап баюы, толассыз толыға түсуі, әрине, тікелей ғылыми – техникалық прогреске байланысты жаңа құбылыс. Жалпы сөз байлығымыздың бүгінде үштен екісі терминологиялық лексикадан тұратындығын ескерсек, терминология деп аталатын проблеманың ғылыми – практикалық зор мәніне ешкім шек келтірмесе керек [3, 309].

Қазақ тілінде термин жасаудың, оны іс жүзінде қалыптастырудың және жүйелі қолданудың нақтылы ғылыми – практикалық шаралары 20-шы жылдардан басталады. Терминология мәселесі ресми түрде бірінші рет 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақстандық мәдениет және ғылым қайраткерлерінің I сиезінің күн тәртібінде қаралған екен. Тарихи деректерге жүгінсек, қазақ тілі бойынша бірінші терминологиялық сөздік 1931 жылы «Атаулар сөздігі» деген атпен басылып шыққан. Мемлекеттік терминология комиссиясының алғашқы еңбегі ретінде Қ.Жұбанов, К.Басымов сияқты ғалымдардың мақалалары мен математика, физика, ботаника т.б. ғылым салалары бойынша бекітілген терминдер тізімі жарияланған «Бюллетеньнің» 4 санын атауға болады [3,310].

Терминология мәселесін көтергенде аударма мәселесі алғашқы орынға шығатыны даусыз. Қазақ тілтанушыларының алдында сол кезден-ақ өзге тілден енген сөздерді солай қабылдау керек пе немесе аудару қажет пе деген мәселе тұрды.

Аталмыш мәселені қарастыру барысында тілдің тазалығын желеу еткен зиянды пуристік ағым бел алып, барлық совет – интернационалдық терминдер қазақ тіліне қарабайыр аударылатын болды. Мәселен: революция – төңкеріс, совет – кеңес, лидер – серке, паравоз – кара айғыр, поезд – отарба, идеалист – мұратшыл, интернационалист – бибауырмашыл, лектор – дәрісші, капитал – дәулет, капиталист – дәулетшіл, реалист – нағызшыл, институт – орда, коммунист – ортақшыл т.б [3, 311].

Термин сөздерді аудару немесе терминдік қорды құру барысында пуристік ағымдағыдай мәселелер туындамас үшін терминдердерді, ұғымдар жүйесінің ерекшелігін, әр ұғымның айрықша белгісін жақсы білетін салалық мамандар дайындау керектігі Шерубай Құрманбайұлының «Қазақ терминологиясы» еңбегінде айтылған. Бірақ әр маман өзінше термин жасап, өз терминін қолдануға тиісті емес екендігі баршаға түсінікті. Солай бола тұрса да термин жасауда осындай әрекетке жол беріліп отырғандығын жоққа шығаруға болмайды. Соңғы жылдары ғылымы мен техниканың белгілі бір салалары бойынша жарық көрген терминологиялық сөздіктерді, оқулықтарды салыстыру арқылы оған анық көз жеткізуге болады. Бір ғана термин әртүрлі сөздікте әртүрлі аударылып, әртүрлі деңгейдегі оқулықтар мен ғылыми еңбектерде түрліше қолданылып жүр. Мәсе-

лен, мына төмендегі терминдер сондай бірізділіктің жоқтығын дәлелдейді: консенсус – бәтуа, мәміле, келісім, жалпы пікір; баланс – дәрегей, теңгерім; скидка – шегерім, шегерме, кеміту, жеңілдік; спонсор – демеуші, мияткер, қолдаушы; вклад – салым, аманат, ақша; вкладчик – салымшы, аманатшы, аманат ақша иесі; доход – кіріс, табыс; ценная бумага – құнды қағаз, бағалы қағаз; приоритет – артықшылық, басымдылық, басым бағыт; компетенция – құзыр, құзырет; амнистия – рақым, рақымшылдық, кешірім; юридическое лицо – заңды тұлға, заңды ұйым; клетка – жасуша, торша; бутон – гүлшанақ, бітеугүл; ткань – ұлпа, тін; семья – отбасы, жанұя т.б. [4, 116].

Сондай-ақ көптеген терминдердің терминология комиссиясы бекіткен қазақша баламалары бола тұра тұрақты қолданылмайды немесе бұрынғысынша шет тілдеріндегі нұсқалары жарыса қолданылып жатады. Мысалы, әлеует (потенциал), мәртебе (статус), көлік (транспорт), мәтін (текст), мұрат (идеал), өтем (компенсация), түйін (резюме) сынды сөздерді жатқызуға болады.

Қазақ терминологиясындағы мәселе мұндай бей-берекет аудармамен шектеліп қана қоймай, кеңес кезінде тіліміздің шұбарлануына да алып келді. Орыс немесе өзге шет тілдерден енген сөздердің статистикасы Әбдуали Қайдардың «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты еңбегінде келтірілген. Ғалымның пайымдауы бойынша, 70 мыңнан асып бара жатқан тіліміздегі терминологиялық лексиканың басым көпшілігі совет – интернационалдық терминдердің үлесіне тиеді екен. Ғалым өз зерттеуінде мәдени өмірімізде басқаларға қарағанда көбірек қолданылатын әлеуметтік – экономикалық орысша – қазақша сөздігіне [13] талдау жасаған екен. Осы сөздікте қамтылған 1150 терминнің тікелей орыс тілінен қабылданғандары 531-і единица (олар мына тәрізді: коммюнике, компаньон, комплекс, локаут, ломбард сияқты жеке сөздер мен компрадор буржуазия – компрадорская буржуазия, монополиялық рента – монополия рента, гектарлық принцип – гектарный принцип сияқты калька сөз тіркестері) болса, 232-сі (сыртқы заемдер – внешние заемы, ішкі рынок – внутренний рынок, қорытынды баланс – заключительный баланс тәрізді) жартылай калька да, қалған 387-сі единица (алым – подать, пайда – прибыль, өсімқор – ростовщик, қайта құру – перестройка, реорганизация, қосымша еңбек – прибавочный труд) тәрізді таза қазақ тілінде жасалған терминдер екен. Сонда орыс тілінен толық, жартылай калька түрінде қабылданған жеке терминдер мен терминдік тіркестер (жалпы саны 763 единица) таза қазақша алынған терминдерден (ол 387 единица) екі еседей артық болып тұр. Осы келтірілген деректер дәл болмаса да, жалпы тіліміздегі терминологиялық лексиканың тілдік құрамын, қазақша терминдер мен шеттен қабылданып жатқан совет – интернационалдық және құрамы аралас терминдердің ара салмағын біршама дұрыс айыққандайтыны сөзсіз. Сонда қазақ тілінде жасалған терминдердің үлесіне 34 – 35 процент тисе, қалған 64 – 65 процент орыс тілінен алынған таза және аралас терминдердің үлесіне тиіп тұр [5, 184]. Бұл зерттеуден кейін тілімізде біршама өзгерістер болғанымен, кеңес кезіндегі осы құбылыстар тілімізден әлі күнге дейін

жойылмағаны белгілі. Өртүрлі тілдердің термин жасауда ұстанған бағыттары, терминжасам тәжірибелері оларда біздегідей халықаралық терминдер деп аталатын аударуға, ұлт тілінің ерекшелігіне сәйкес өзгертіп жазуға болмайтын айрықша мәртебесі бар «киелі» сөздер тобының қалыптасқанын көрсетпейді.

Ал көпұлтты кеңес одағында терминдерді халықаралықтандыру (интернационализация) үшін көп күш жұмсалғаны белгілі. Бір тілде сөйлеуге ұмтылған елге орыс тілінің үстемдігін орнату үшін солай ету қажет болған да шығар. Ендігі жерде бұл мәселеге біз де ұлт тілінің мүддесі тұрғысынан қарауға тиіспіз. Жалпы халықаралық терминдер мәселесін арнайы зерттеп, оларды қабылдау, аудару және жазу тәртібін белгілеу қазақ терминологиясының даму бағытын белгілеу үшін өте қажет [6].

Қазақ терминологиясы дамуының қай кезеңін алсақ та термин жасау, терминологияны қалыптастыру, жетілдіру, біріздендіру, реттеу сияқты барлық терминологиялық жұмыстардың мемлекеттің тіл саясатына сәйкес жүргізіліп отырғанын көруге болады. Басқаша болуы мүмкін емес еді. Өйткені тілдің қоғам өмірінде алатын орны, оның сол қоғамдағы атқаратын қызметтерінің ауқымы мен шегі, алдағы уақыттағы даму бағыттары, басқа ұлт тілдерімен қарым – қатынасы сияқты маңызды мәселелердің барлығы тіл саясатына сәйкес белгіленеді [4].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. <https://qazaquni.kz/2016/04/19/50284.html>
3. Қайдар Ә., Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 520 – бет. 2014ж.
4. Құрманбайұлы Ш., Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «Сардар», 2014. – 928+16бет жапсырма бет.
5. Қайдар Ә., Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
6. <http://kazorta.org/aza-terminologiyasyny-azirgi-zhajy>.

«Терминжасам қағидаттары және ұлттық терминология мәселелері»

атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның

ҚАРАРЫ

Конференцияға тілші ғалымдар, Парламент депутаттары, Республикалық терминология комиссиясының мүшелері, ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері, жоғары оқу орындарының оқытушы-професорлары, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметшілері, Ұлттық компаниялардың өкілдері қатысты.

Конференция жұмысына арқау болып отырған басты мәселе – терминжасам қағидаттарын жүйелеп, салалық терминдерді біріздендіру. Ұлттық терминологияның бағдарын белгілеуде бұл мәселелерді талқылаудың маңызы зор деп білеміз. Сондықтан конференцияда әр кезеңдегі жетекші ғалымдардың, атап айтқанда, Алаш зиялыларынан бастап қазіргі терминолог ғалымдардың көзқарастары, пікірлері талқыланып, зерделенді. Ғылыми жиында сөз алушылар терминжасам қағидаттарының халықаралық тәжірибесіне де назар аударып, пікір білдірісті. Салалық терминдердің қалыптасуы мен жасалу барысына атсалысып жүрген белгілі тілші-ғалымдар мен сала мамандары секциялық отырыста ой бөлісті.

Латын графикасына негізделген қазақ тілінің әліпбиі қолданысқа енген сәтте түпнұсқа немесе өз кезіндегі доминант тілдің заңдылықтары негізінде енген кірме терминдерді қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қалыптастыру керектігіне баса назар аударылды.

Конференцияның басты тақырыбы ретінде көтеріліп отырған терминжасам қағидаттарын белгілеуге байланысты төмендегідей ұсыныстар беріледі және осы ұсыныстар негізінде қағидаттар заңдастырылса (мүмкін кейбір толықтырулармен), мемлекеттік тілдің ғылымға қызмет етер түйінді саласы – терминология бойынша көп мәселе шешімін табар еді:

- Қазіргі терминжасам процесінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу:
 - а) тіліміздің лексикалық қоры мен сөзжасам тәсілдерін ұтымды, орынды жұмсау арқылы ана тіліміздің ішкі мүмкіндігін барынша тиімді қолдану;
 - ә) өзге тілдегі терминдердің дәл баламасын табудың мүмкіндігі болмағанда, туыстас түркі тілдеріндегі баламаларды қолдану;
 - б) өзге тілдерден терминдерді қабылдауда делдал тілдің (орыс тілі) көмегінсіз тікелей түпнұсқа тілден алу және оны тіліміздің фономорфологиялық ерекшелігіне сәйкес реттеу;
- Тұрақты және жалпыға бірдей танылған терминдер мен ұғымдарды қазақ тіліне аударуды реттестіру;
- Бұрын қазақ тіліне аударылған жалпыға бірдей танылған терминдер мен ұғымдарды қайта қарап, сәтсіз баламаларын түпнұсқамен сәйкестендіру;
- Көп жылғы тәжірибе негізінде қалыптаса бастаған термин шығармашылығындағы шарттылықты ескеру;

-
-
- Ғылымы мен технологиясы жақсы дамыған, терминжүйелері жетілдірілген әлем тілдерінің терминқор қалыптастыру, терминжасам тәжірибелерін ескеру;
 - Туыстас түркі тілдеріне ортақ терминжасам тәжірибесін ескеру және өзара терминалмасу;
 - Терминнің бірмағыналылық ерекшелігі ескеріліп, қажетсіз синонимдерден шектеу, салалық терминологияны біріздендіруге айрықша көңіл бөлу;
 - Сала терминдерін қалыптастыруда тілші-ғалымдар мен жетекші сала мамандарының зерттеулеріндегі нәтижелерді және терминжасам тәжірибелерін, ғылыми негізделген тұжырымдарды ескеру;
 - Бірнеше саладағы қолданыстарын, мысалдарын, түрлену ерекшеліктерін тұтастай қамтып көрсете алатын, екінші терминмен байланысын т.с.с. барынша толық қамтитын күрделі бағдарламамен жабдықталған дерекқор құру;
 - Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өзіндік тілдік бірліктері негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру;
 - Терминологиялық жұмыстардың жоғары кәсіби деңгейде жүргізілуін қамтамасыз ете отырып, термин шығармашылығының стихиялық сипат алуына жол бермеу;
 - Терминологиялық сөздік түзуге арналған әдістемелік нұсқаулық жасау;
 - Ғылыми басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында терминді дұрыс қолдану мәдениетінің болуын, жүйелілік, нормаға сәйкестік, эстетикалық ұстанымдардың басшылыққа алынуын қадағалау;
 - Мемтерминком жұмысының тәртібін, мәртебесін, қаржыландырылуын, терминдерді талқылау қағидаттарын қайта қарастыру;
 - Мемтерминкомға ұсынылған терминдерге мониторинг жасау, мониторинг жасаудың барлық мүмкін болған тәсілдерін қолдану;
 - Қазақ терминологиясының тарихын оқу процесіне енгізу;
 - Оқытушы-профессорлар құрамының және журналистердің терминологиялық біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;
 - Лингвистикалық талдаудан өткен және бекітілген терминдерді стандарттау;

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	3
<i>Қ.Бораи</i> . Құттықтау сөз.....	5
<i>Ш.Құрманбайұлы</i> . Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамыту қағидаттары.....	6
<i>С.Әлісжан</i> . Терминжасам қағидаттарын қалыптастырудағы кейбір жаңа міндеттер.....	16
<i>Ю.Шамилоглы</i> . Әлем тілдеріндегі терминжасау мәселелері.....	22
<i>Е.Әбдірәсілов</i> . Арнайы функциясы бар тілді үйлестіруде ескерілетін кейбір мәселелер.....	27
<i>Қ.Күдерінова</i> . Қазақ жазуы және орфографиясындағы мәселелер.....	31
<i>С.Исакова</i> . Кірме терминдерді қабылдаудың шетелдік тәжірибесі.....	40
<i>С.Құлманов</i> . Шеттілдік терминдердің түркі тілдерінде қолданылу ерекшеліктері (<i>қазақ, түрік, азербайжан және өзбек тілдерінің материалдары негізінде</i>).....	47
<i>Б.Жонкешов</i> . Тең мағыналы терминдер және біріздендіру мәселелері.....	54
<i>Г.Кәріпжанова</i> . XX ғасыр басында ұсынылған терминдердің ғылыми-танымдық мәні.....	60
<i>М.Ахметов</i> . Медициналық терминдер мәселесі.....	67
<i>Ж:Ахметов</i> . Халел Досмұхамедұлы - қазақша медициналық терминологияны қалыптастырушы.....	71
<i>Б.Шәкенов</i> . Анатомиялық атауларды біріздендірудің түпнұсқасы-латын терминдері.....	75
<i>А.Абдулманов</i> . Мұнай-газ саласы терминдерінің өзіндік табиғаты және оларды біріздендіру мәселесі.....	80
<i>И.Гүлфайруз</i> . Техника саласындағы терминжасам мәселелері.....	91
<i>О.Жұбаева, Ә.Ахмет, Д.Әлімақын</i> . XX ғасырдың басында латын графикасына көшу барысындағы шеттілдік сөздердің таңбалануы.....	102
<i>Қ.Айдарбек</i> . Қазақ терминжасам қағидаттарының терминдерге қойылатын талаптарға сәйкестігі.....	111
<i>С.Сапина</i> . Қазақ тіліндегі техникалық терминдердің лексикографиялық сипаты (<i>машинажасау саласы бойынша</i>).....	116
<i>А.Досмаилова, Қ.Алтайбекова</i> . Терминологиялық дефиницияның логикалық-когнитивтік сипаты.....	121
<i>А.Үдербаев</i> . Геология саласындағы кейбір жаңа терминдер мен терминдік қолданыстардың сипаты.....	126
<i>А.Мұханбетжанова</i> . Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері.....	131
«ТЕРМИНЖАСАМ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияның қарары.....	135

«ТЕРМИНЖАСАМ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
Республикалық ғылыми – теориялық конференция материалдары

Кей авторлардың өзіндік стильдік қолданыстары сақталады

Корректор: **А.Қадырхан**
Тех.редакторы: **С.Баубекова**

Қазақстан Республикасы
Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7а.
Тел. / факс: 8 (7172) 40-83-97
tilortalyk@mail.ru

Терілуге берілген күні 30.05.2018 ж.
Басуға қол қойылған күні 04.06.2018 ж.
Пішімі 70x100 ¼. Шартты баспа табағы 11.
Таралымы 100 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Бүркіт ПРИНТ» ЖШС-нде басылды.
010000, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 12/1.